ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ

«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МНИСТРЛІГІ

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ 800 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӘЛЕМІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«САРАЙШЫК И СРЕДНЕВЕКОВЫЙ МИР ЕВРАЗИИ»
ПОСВЯЩЕННОЙ 800-ЛЕТИЮ УЛУСА ДЖУЧИ

Сарайшық, 2024 ж.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
С 22

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ж.Ж. Мұстафин – т.ғ.к., профессор

Ж.К. Диярова – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры орынбасары

А. Тұраруұлы - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК бас инспекторы

А.Ж. Жумабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалым хатшысы

Сарайшық және Еуразияның ортағасырлық әлемі: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағы (04 қазан, 2024 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2024. – 252 б.

ISBN 978-9965-23-640-2

Жинақ 2024 жылғы 4 қазанда республикалық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы білімді зерделеу және жүйелеу, қаланың Еуразияның ортағасырлық тарихындағы және қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы рөлін айқындау мақсатында ұйымдастырылған «Сарайшық және Еуразияның ортағасырлық әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Жинақта ортағасырлық Сарайшық Тәуелсіз Қазақстан және шетел тарихнамасы призмасында: жетістіктері мен зерттеу, Жошы Ұлысының тарихы және оның тарихи ізбасарлары туралы ғылыми зерттеулердің жаңа нәтижелері, Қазақстандағы ортағасырлық тарихи-мәдени кешендер, оларды сақтау, қорғау және насихаттау және танымал ету мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, өлкетанушыларға, мектеп мұғалімдеріне, студенттерге және ғылыми көпшілікке арналған.

Конференция Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы шеңберінде өткізілді.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.



© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2024
© «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ, 2024

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒА: МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Ханкелді Әбжанов- ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Алғашқы адамдар мекендеген өркениет ошақтары көп емес. Солардың қатарында қазіргі қазақ жерінің тұрғындары бар екенін археологиялық зерттеулер өткен ғасырдын орта шамасында дәйектеген. Нақтысына көшсек, адам баласының табаны Қазақстан аумағына алғаш рет 1 миллионға жуық жыл бұрын, яғни тас дәуірінде тиген екен. Интеллектуалды әлеуеті мен қабілет–қарымы әлжуаз, қолындағы құрал-жабдығы қарадүрсін бұлар қоршаған ортаға толық тәуелді болғандықтан адами, әлеуметтік, өркениеттік ілгерілеудің мейлінше баяу тағдыр-тәлейін бастан кешті.

Ежелгі адамдардың тарихын дәуірлеудің әлденеше ғылыми нұсқасы бар. Оларды кезінде формациялық, өркениеттік, циклдық, т.б. ұғым–түсінікпен айдарлаған тұжырымдар түзілгені белгілі. Бүгінде көп айтыла беретін өркениет, мәдениет, соғыс, бейбітшілік – бәрі адам баласы пайда болғаннан кейін, адам әрекетімен түзілген құбылыстар. Әрқайсына тоқталып жатпастан Қазақстан тарихына қатысты өз пікірімізді білдіру ниетімен мынадай дәуірлеуді ұсынғанды жөн көрдік.

Бірінші дәуір - Қазақстан аумағында адам баласы пайда болғаннан «неолиттік революцияға» дейінгі аралық. Бұл дәуірдің басты нәтижелері: табиғат тұрақтанды, адамға тән қасиеттер мен ерекшеліктер (биологиялық , физиологиялық) толық қалыптасты. Ішпек-жемегін аңшылық, терімгершілік, балық аулау арқылы, яғни табиғаттың бергенімен күн кешкен адамдар енді материалдық-заттай қажетін өзі өндіретін деңгейге көтерілді, тілі шықты. Тарихты түзуші адам болғандықтан бұл дәуірді ежелгі адамдар дәуірі деп айдарлаған жөн шығар.

Екінші дәуір - тікелей өндірушіге айналған неолиттік адамдар қауымының түрлі сілкіністер мен оқиғаларды артта қалдырумен арғықазақтарға айналған аралық. Арғықазақтар дегеніміз мекендеген географиялық аумағы, шаруашылық-мәдени типі және өмір салты, әлеуметтік даму формасы бойынша XIV-XV ғасырларда орын алған этникалық өркениеттің нәтижесі болып табылады. Бұл мәселемен өмір бойы айналысып жүрген ғалым, академик О.Ысмағұловтың пайымдауы бойынша, біріншіден, қазақтардың ең жақын биологиялық ата-бабалары түркі дәуірінен бастама алады, екіншіден, қазақтардың антропологиялық көне бабалары қола дәуірінің тұрғындарымен байланыста болған. Бұдан шығатын қорытынды - бүгінгі қазақ ұлтының тұрақты мекен-жайындағы антропологиялық күре тамырының ұзындығы төрт мыңжылдық тереңдікте жатыр.

«Неолиттік революциядан» берідегі, әсіресе қола ғасырындағы Қазақстан тұрғындары Отан тарихын өзіндік өрнекпен айшықтағаны, әлемдік өркениетке баға жетпес олжа салғаны Беғазы-Дәндібай, Ботай мәдениеттерінен, тастағы көне суреттерден, сақ өнері - аңшылық стильден күмән-күдіксіз көрініп тұр. Әйткенмен жазба деректердің тапшылығынан арғықазақтардың шығу тегі парсылық па, әлде түркілік пе деген сұраққа түпкілікті жауап табылған жоқ. Менің ойымша, қазақ этногенезін зерделегенде түркілік факторға басымдық берген жөн. Өйткені ежелгі және ерте орта ғасырлардағы парсылармен шаруашылық-мәдени кешенімізде ортақ белгілер көп емес, бабаларымыздың олармен бейбіт қатар өмір сүрген ғұмырлары қысқа ғана, тіпті бүгін де іштарта бермейміз.

Келесі іргелі мәселе тарихи үдерістің қозғаушы күшін, мәні мен мазмұнын теориялық-методологиялық тұрғыдан ашуға келіп тіреледі. Осы бағыттағы талпыныс жазу пайда болғаннан бері үзілген емес. Оны құдайдың құдіретімен, меншік түрімен, табиғи-географиялық фактормен байланыстырған теориялардың бірсыдырғы нәтижелер әкелгеніне

куәміз. Алайда тап осы мәселеде, біздің ойымызша, құпияның сырын, сұрақтың жауабын адамның өзінен, бірінші кезекте адамның интеллектуалды есеюінен, сын-қатер мен бәсекеге төтеп бергенінен, жасампаз қабілеті мен ізденісі табиғатынан тапқан жөн. Бастапқыда табиғат катаклизмдеріне, жыртқыш айуандарға қарсы тұруға қауқарсыз адам өзінен басқа ешкімде жоқ диалектикалық және қисынды ақыл-ойымен өткір ағашты, қатты тасты, ұзынды-қысқалы арқан-жіпті кәдеге жаратудың арқасында ғұмырын ұзартып, ұрпақ өсіру мүмкіндігін арттырса, келе-келе тіршілік тәжірибесін тірнектеп жинаған интеллектуалды әлеуетімен қарапайым еңбекті күрделілендірді, өзі де есейді, игергенін ұрпағына аманаттады, ұжым мен қоғамның әлеуметтенуіне, ұйымдасуына, ортақ белгілерінің молаюына серпін берді.

«Неолиттік революция» адам баласы дамуының асқаралы белесі, сапалы жаңа межесі болуымен қатар әрбір индивидтің иығына түсетін жүктеменің ауқымы мен салмағын өзгертті. Егер табиғаттың бергенін дайын күйінде тұтыну дәуірінде әлеуметтік субъектіге алдымен күш–қайрат қажет болса, енді тіршіліктің өрісін дене еңбегінен гөрі ой еңбегі кеңейтетін дәуір басталды. Ол адамның, адамзат баласының мәнді ерекшілігі - интеллектуалды жасампаз қарымның табиғат тағдырындағы, қоғам алдындағы, өркениет болашағындағы аса биік жауапкершілігін айғақтаушы өлшемге айналды.

Интеллектуалды фактор басымдығы һәм үстемдігі келумен тарихи үдеріс барысы жеделдеді. Өйткені ұрпақтар арасындағы ақпараттық сабақтастық пен бірін бірі тәжірибемен, біліммен байытуы бұрын-соңды болмаған биіктікке көтерілді. Ал бұған жазудың пайда болуы шешуші ықпал еткенін теориялық-методологиялық қағидат ретінде қаперден шығармау керек. Әрине, ақпараттық сабақтастықты сақтаушы тетіктер жазуға дейін де түзілгені рас. Мәселен, әдет-ғұрып, фольклор, халықтық медицина мен астрономия, тағы басқалар бір сәттік қазына емес, бірнеше ұрпақ игілігі. Дегенмен ақпаратты дәлме-дәл сақтауда, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде, жаңалықтармен байытуда, осылайша жедел ілгерілеуде жазудың орны мен маңызы алабөтен.

Әр өңір тұрғындарының өзара ақпарат алмасуы үдеген соң адами интеллектуалды ізденіс ауқымдалды әрі ол еңбек өнімділігін арттыруға, шаруашылық-мәдени кешенді жаңашылдықпен толықтыруға, қоғамның әлеуметтік-кәсіби мамандануына оң ықпал етті. Тарих тығыршығы айналуының жылдамдағанын қола дәуіріндегі Қазақстанда орын алған еңбек бөлінісінен - мал шаруашылығынан, жер шаруашылығынан, қолөнерден, әсіресе қалалардың өскенінен байқауға болады. Бұлар интеллектуалды фактор екінші қатарда тұрған дәуірде бой көтермей, тұншығып жатқан еді. Тұтастай алғанда, «неолиттік революцияға» дейінгі дәуір Қазақстан тарихының хронологиясында шамамен оннан тоғыз бөлігін құраса, одан берідегі барша дәуір оннан бір бөлігін де құрай бермейді. Есесіне арғықазақтар мен қазақтар тарихының ең сүбелі де айтулы беттері соңғы төрт мыңжылдық бедерінде жазылғаны баршаға мәлім.

Тарихи үдерісті жеделдеткен интеллектуалды фактор адамның, адамдар қауымдастығының ізденісімен, еңбегімен, әрекетімен ажырағысыз, медальдың екі бетіндей құбылыс. Бұл орайда табиғи–географиялық орта рөлін бекерлеуге негіз жоқ. Қазақ: «Жері байдың - елі бай», дегенде материалдық–тұрмыстық бақуатты меңзеп отыр, оның астарында ақыл–ойды ұлықтау мүлде жоқ. Қай халықтың болмасын салт–дәстүрі, шаруашылық–мәдени типі, рухани әлемі қоршаған ортамен тығыз байланыста қалыптасатыны ақиқат. Бірақ соңғының бай немесе жұтаңдығы адамдардың ақыл–ой дәрежесін, тарихи үдерістегі орнын анықтамайды. Аз халықтың көп болуы, аш халықтың тоқ болуы нақты уақыт пен кеңістіктегі ахуалда, ахуал алға тартқан міндет пен бәсеке үдесінен шыға білуде.

Тарихи үдерістің жеделдеуі этностар мен мемлекеттер арасындағы кірігуге немесе жіктелуге әсер етпей тұрмады. Қола дәуірінің соңына қарай ол Қазақстан аумағындағы адамдар қауымдастығының тілдік, нәсілдік, антропологиялық, дүниетанымдық, экономикалық тұрғыдан жақындасуы мен тұтасуына ұласып, арғықазақтарды тарих сахнасына шығарды. Арғықазақтарды қалыптастырған әлеуметтік тұтасудың, қоғамдық-саяси кемелденудің ең биік сатысы - мемлекеттің пайда болуы. Мемлекет әлеуметтік субъектілер арасындағы саяси–құқықтық қатынас кемелденген аумақта адамдар үшін және адамдардың

жасампаздық әрекетімен құрылады. Мемлекеттің материалдық негізі - жер, әлеуметтік жасақтаушысы - адамдар, есеп пен бақылауына қажет тетік - жазу, үйлестірушісі әрі қорғаушысы - заң мен дәстүр, тағдырын анықтаушы - билік пен билеушілер ұстанған саясат. Қазақ даласында тұңғыш мемлекет құрған, жазба деректерінің мәліметі бойынша, сақтарда осының бәрі жұмыс істеп тұрды.

Ортақ тағдыры мен мәнді белгілері бойынша тұтасқан адамдардың үлкен тобын этнос, халық, ұлт ұғым–терминдерімен айдарлау өмірде де, ғылымда да орныққан тәртіп. Бүгінде қоғамтанушылар төл мемлекетін құра алғандар ғана ұлт мәртебесіне лайық деген байлам - тұжырымды қолданып жүр. Қалай болғанда да, зор интеллектуалды парасатпен өзін өзі таныған, «біз және олар» айырым биігіне көтерілген халық табиғи–ырғақты, өркениетті даму барысында немесе жат қолынан азаттыққа шығумен төл мемлекетін құра алады. Демек, төл мемлекетіміз – Қазақ хандығы құрылған сәттен ұлттық тарихымыздың жылнамасы басталды.

Тарихтың қай дәуірінде болмасын тағдыранықтағыш тұғырлы меже адамға, адамдар қауымдастығына, солардың интеллектуалды қарымы мен әрекетіне тиесілі екен. Тарихты жасайтын - халық дейтініміз осыдан. Дегенмен халықты құрайтын адамдардың бәрі бірдей шетінен әрекетшіл, қисынын тапқыш, кемел, ізгі ниетті, дос, жолдас, бауыр емес. Тарихи үдерістің жеделдеуімен қоғамдағы әлеуметтік-кәсіби айырмашылық пен жіктелудің тереңдей түсетіні және бар. Мұның сыртында әркімнің кешегіден бүгін, бүгінгіден ертең жақсы өмір сүруді қалайтыны заңды құбылыс. Ол үшін материалдық және рухани игіліктерді өндіруді ұлғайтқан үстіне ұлғайта түсу керек. Алыс-жақын халықтар мен мемлекеттер тарапынан туатын қауіп-қатерден сақтанбаса, жиған-тергеннен оп-оңай айырылу ғажап емес.

Қысқасы, тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Бұлар қарапайым малшы мен диханның да, зергер мен ұстаның да, жас пен кәрінің де, ерлер мен әйелдердің де алдынан әркез шыққан әрі шыға да береді. Қазақи ұғыммен айтқанда - екінің бірі. Мәселе шешілмесе, қоғам күйрейді, не осынау қайшылықтар мен қиыншылықтардан алып шығатын адам табылады. Күрмеуі күрделі құбылыстың шешіміне қол жеткізген ой мен әрекет иесін, басшыны, ізденімпаз жанды, біздің пікірімізше, Тұлға деген жөн.

Көктей шолып қарайтын болсақ, Ұлы далада, Отан тарихында Тұлғалар жалғастығы үзілмегенін көреміз. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ та, күй атасы Қорқыт та, ғылым қуып қиырға кеткен әл-Фараби да, азаттық жолында құрбан болған Махамбет, Кенесары, Қайрат Рысқұлбеков те шынайы Тұлғалар. Тұлға дегеніміз - өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.б.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект. Тұлға дәйектеген ізашарлық нәтижені замандастары, кейінгі ұрпақ та кәдеге жаратады. Дегенмен кейбіреуінің ғұмыры ұзақ болса, екіншілерінікі өтпелі сипатта қалатыны рас. Басқаша айтқанда, қолданымдық, танымдық маңызын жоймайтын мәңгі құндылық - нәтиже бар да, шектеулі уақыт пен кеңістік сұранысына ғана сай келетіндері бар. Өкінішке орай, жазу пайда болғанға дейін ғұмыр кешкен, аты-жөні сақталмаған Тұлғалардың лайықты бағаланбай қалатынын мойындауымыз керек. Мәселен, арғықазақтар - жер бетінде жылқы малын алғаш қолға үйреткендер, балдай сары қымыз жасау технологиясын ойлап тапқандар. Атқа қону әлемдік тарих тағдырына бетбұрысты өзгеріс әкелгенін, салтатты өркениеттің XV ғасыр соңына дейінгі үстемдігін қамтамасыз еткенін қаперге алсақ, үзеңгіні, шалбарды, дөңгелекті ойлап тапқан, тіпті ойлап таппаса да, сол бағытта тұңғыш қадам жасаған Тұлға есімі Отан тарихында алтын әріптермен жазылуға әбден лайық екенін бекерлей алмаймыз. Ұлы Абай айтқан есте жоқ ескі замандарды былай қойғанда, арғықазақтар дәуірінде, қазақ елінде дүниеге келген жүздеген тамаша сәулет ескерткіштерінің, күні бүгінге дейін оқырманы мен тыңдаушысын ләззатқа бөлейтін әдеби-музыкалық шығармалардың авторларын дөп басып айту мүмкіндігі келмеске кетті. Қоғамдағы объективті де шынайы сұранысқа жауап берген Тұлға ретінде ресми ұлықталмаған солардың артында қалған мұрасымен танысқан сан ұрпақ санасын байытты, қиялына қанат бітірді, тіпті бүгінгі таңда да қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ісіне қызмет етіп тұр.

Тұлғаны тұлға еткен іргелі нәтиже, танымдық және қолданымдық бәсі жоғары теориялық-практикалық шешім алғашқыда ниет, арман, қиял түрінде көрініс береді. Айталық, арғықазақтар, байырғы түркілер аспанда самұрық құстай қалқуды армандады. Құстай ұшса, уақыттан озатынын, бәсекеде басым түсетінін, ең бастысы - материалдық-рухани игіліктерді тұтынуда жаңа межеге жететінін ұғынды. Осының бәрі ертегілерінде, аңыз-әңгімелерінде молынан орын тепкен. Бұл - утопиялық идея. Келесі саты - ықтималды идея. Академик М.Өтелбаев пен профессор Д.Әубәкірдің математикалық есептеулері және тарихи-философиялық пайымдаулары бойынша, байырғы түркілер алғашқы қарапайым ұшу құралын жасай алған, яғни ықтималды идея сатысына жеткен. Олар өзі мықты, өзі жеңіл түйе терісінен сырылған кең жайылған батпырауыққа байланған қыларқандарға ілініп, қатты желдің айдауымен іргелес ел Қытайдың Ұлы қорғанынан асып түсе алыпты. Батпырауықтарын қорғанның ішінде қалдырмауға тырысып, ұзын арқанға байлап, ұшып кетуге жол бермей, ұстап тұрып, қайтарып алып отырған. Ұстай алмайтын үлкен батпырауықтарды қазыққа байлап қойған. Ғалымдардың есебіне ден қойсақ, әбден өңделіп, шытырлақ күйге дейін созылып кептірілген екі атан түйенің терісінің аумағы 12 ш.м.-дан кем болмайды, сондықтан бой-тұрпаты жинақы (60 кг.) жас сарбаз үшін әрі кеткенде екі-үш түйенің терісі жеткілікті. Бұған қоса жасанды қанат түзуге ең оңтайлысы кереге екен. «Тегінде біздің бабалар ұшудың бірер түрін басқалардан бұрынырақ игере алды дегенге таңданыспен емес, түсіне де, түйсіге де қарағанымыз абзал шығар!» - деген ой-түйінге тоқтапты отандастарымыз.

Алайда, арғықазақтар қарапайым ұшу құралын ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген нағыз ұшу аппаратына айналдыра алмады. Теориялық-практикалық жаңашылдық үшінші сатыға - шынайы идея сатысына көтерілмеді. Оған, біріншіден, қоғамның даярлығы мен мүмкіндігі жетіспеді, екіншіден, утопиялық идеяның ықтималды идеяға, ықтималды идеяның шынайы идеяға айналуы үшін уақыт керек, үшіншіден, өміршең идеяны туындатушы, оны бір сатыдан келесі сатысына жеткізуші Тұлғалар сабақтастығы үзілмеуі қажет. Жалпы, адам баласының санасы мен жүрегін мазалаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан утопиялық идеялардың басым бөлігі түбінде жүзеге асады. Өйткені олардың бастау бұлағында өмірлік қажеттілігін тереңінен ұғынған, замандастарын иландыра білген, қоғамдық санаға нық орнықтырған, орасан жауапкершілікті мойынына алған Тұлға тұр. Көптің үйреншікті өмір салты мен тіршілігіне қозғау салатын, өзгеріс әкелетін Тұлғалардың ақыл-ойы мен әрекетінсіз тарих қарыс-сүйем алға баспас еді.

Тұлғаның тұлғаға лайық миссияны орындауы объективті және субъективті заңдылыққа қалай байлаулы болса, кездейсоқ және стихиялы факторларға да соншалықты қатысы бар. Мәселен, XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысы жүздеген мың қыршын жастың өмірін қиды. Араларында қанша болашақ дарынды саясаткер, ғалым, қолбасшы, күйші, сәулетші кеткенін ешкім айта алмайды. 1937 жылғы сталиндік «үлкен террордан» алашшыл М.Әуезовтың аман-сау қалғаны нағыз кездейсоқтықтың өзі. Сидней олимпиадасының чемпионы боксшы Б.Саттархановтың 20 жасар шағында, жезтаңдай әншілер Ж.Кәрменов пен М.Ералиеваның кәсіби-шығармашылық кемелінде көлік апатынан қаза табуы әрі кездейсоқ, әрі стихиялы себептер жиынтығының әкелген қасіреті. Ойшыл Абайдың, данышпан Шәкәрім қажының, саяси қайраткерлер Әлихан Бөкейханов пен Ж.Тәшеновтың, атақты панфиловшы Б.Момышұлының мемлекет тарапынан қолдау көрмек түгелі әділетсіздікпен күйеленгені, жапа шеккені Тұлғалар кездейсоқтық пен стихияға сыртқы күштердің арнайы ұйымдастыруымен де ұшырайтынын әшкерелейді. Ендеше, Тұлғаның пайда болуы тарихтың ұлтқа, аракідік адамзат өркениетіне тартқан сыйы, оны дер кезінде дұрыс тани және лайықты бағалай білу ортасының, әсіресе мемлекеттік құрылымдардың тарих алдындағы борышы.

Қазақ даналығы: «Алып та анадан туады» дейді. Тұлға да адам баласы. Демек, ол нақты этностың, халықтың, ұлттың өкілі. Тағдырдың жазуымен, тарихи ахуалдың қысымымен қазақ (орыс, неміс, кәріс) болып туып, басқа ұлттың өкіліне айналып кеткен Тұлғалар да бар. Дей тұрғанмен, Тұлға тұғырының биік әрі көрнекі өлшемі халқының санымен, оның халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттағы бәсекеге қабілеттілігімен, азат немесе отар күй кешуімен анықталатынын тарих әлденеше дәлелдеді. Айғақ-дәлел келтірер болсақ, XIX ғасырда он жыл

бойы Еуразияның сайын даласын азаттық ұранымен дүбірлеткен, Ресей империясының патшасын мазаландырып, жандаралдарын үрейге бөлеген Кенесары ханды Қазақстаннан тыс жерде ғалым-мамандар ғана біледі, ал Кенесары көтерілісінен мыңдаған жылдар бұрын бар болғаны құлдардың көсемі, саяси бағыт-бағдары мүлде айқындалмаған, гладиатор Спартак әлем тарихынан ойып орын алған Тұлғалар қатарында тұр. Егер әл-Фараби өз заманындағы ғылыми ойдың әлем мойындаған ошағы - араб жеріне кетпей, Отырарда қалып, трактаттарын осында жазса, әлемнің екінші ұстазы атанар ма еді, атанбас па еді, қайтер еді.

Мәселенің мәнісі мынада: саны көп халықтан ғана емес, аз халықтан да адамзат өркениетіне олжа салатын, практикалық-қолданбалық және теориялық-шығармашылық жаңа нәтижені туындататын Тұлға шығады. Ал оның мойындалуы әлемдік тарихта және үдерістерде халқының бағындырған биігіне де қатысты екен. Мұндайда халқымыздың: «Көп қорқытады, терең батырады», «Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ» деген қағидат-нақылдары еске түседі.

Тұлғасыз - халық жетім, туған халқынан тамырын үзген Тұлға - тұл. Халықтың ғұмырын ұзартатын, тіпті жер бетінде сақталып қалуын қамтамасыз ететін алғышарт: материалдық және рухани қазынаны - азық-түлік, тұрғын үй, киім-кешек, тіл, әдебиет, өнер, т.б.с.с. - мызғымаған, қасаң әу бастағы әдіс-тәсілмен, құрал-жабдықпен өндіре беру, туындату мүмкін емес. Оны үздіксіз жетілдіру, интеллектуалдық өресін байыту, еңбектің өнімділігін арттырған үстіне арттыра түсу қажет. Әйтпесе ашаршылық, кедейлік, рухани жұтаңдық этностың түбіне жетеді. Мұны айтпаса да түсінгендіктен халық саналы немесе автоматты түрде еңбектенеді, ізденеді. Шаруаға қыры барлары, мәдени-имандық істерге икемділері айналасындағыларға үлгі-өнеге көрсетеді. Бірақ бұлар эмпирикалық-нақты міндетті жергілікті ауқымға сай шешкен пысық белсенділер ғана. Артық қыламын деп тыртық қылғандарға кешегі күшпен ұжымдастыру тұсында халықтың берген анықтамасы «шолақ белсенді» ғой. Көп жайдан хабар беретін, танымдық әлеуеті әзірге толық анықтама қоймаған ұғым-түсінік бұл. Нағыз Тұлға ізденісі мен әрекетінің нәтижесі жалпыұлттық мақсатты үздік үлгіде атқарумен көмкеріледі. Айталық, саясатта бұлар Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандар, мемлекеттің тарихи-этникалық аумағын қалпына келтірген Хақназар, Тәуекел хандар, уақыт үдесіне лайық реформаларды жүзеге асырған Қасым, Есім, Тәуке хандар, ұлттық идеология мен теорияда пәрменді ұстанымдарды және қағидаттарды дәйектеген Асан Қайғы, Бұқар Жырау, алаш зиялылары, әскери-соғыс өнерінде - Әбілқайыр хан, Қабанбай мен Бөгембай батырлар, ұлттық «Менге» негізделген тәуелсіздік үшін күресте даңқы артқан Абылай, Кенесары хандар, жазба әдебиетте - Абай, Еуропалық өмір салты мен рационализмді орнықтыруда - Жәңгір хан, әлемдік ғылымды игеруде - Шоқан, қазақ ғылымын өрге сүйреуде - Қ.Сәтбаев, кеңестік тоталитаризм қылмысын әшкерелеуде - М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов. Осындай Тұлғаларсыз қазақтың қазақ болып қалуы екіталай еді, халқына адалдықпен ақыл-ойын, әрекетін нәрлендірмегенде бұлар Тұлға биігіне көтерілмес еді.

Тұлғалар жаңсақ баспай тұрмайды. Келіспегендіктен шекісіп те қалулары өмірде болатын құбылыс. Бірақ ұлты үшін ұлы идея мен ерен істің басы-қасында тұрған оларға қоғам әрқашан кешіріммен қараған. Ә.Кекілбайұлының «Абылай хан» драмалық дастанында әйгілі билеушінің қазақ сұлтандары Ботақанмен, Жақаймен ойрат тайшысы Әмір Санаға қатысты мәселеде орын алған дау-жанжалы суреттеледі. Жүзі қатулы Ботақанның аузынан:

Алдияр хан!
Аспа-таспа, айтқанға көн.
Көнбесең - көппін. Бәрібір көндірем.
Су толқыса жар сүйейді,
Жарды құлатса - оны кім сүйейді.
Су - сен. Жар - ел.
Ел: «Көп сөзді қойсын.
Қашқан Әмір Сананы
Өз қолымызға берсін.
Ойраттың қаһарын өзіміз қайтарамыз»,-

деген ызбарлы сөздер шығады. Оны Жақай қоштайды. Халықаралық саясаттың қисынын қапысыз игерген Абылай хан Әмір Сананы қазақ елінің мүддесіне пайдалануды көздеп, екі кеудемсоқтың талабына көнбейді, сол үшін намысына тиген ауыр-ауыр сөз естиді. Ақырында қатал шешімге келіп, біреуін кісендеуге, екіншісін ат көтіне өңгеріп, ауылына апарып тастауға бұйрық береді. Осы сәтте Ботақан:

Кісенді сағынып қалыпсың,
Қалың ойрат қайта салар қолыңа,
Қыл арқанды аңсасаң -
Қалың елім қарап жатпас,
Асар ертең мойныңа, - деп зілденсе,
Жақай:
Кісен түгіл жіп жолатпас ұлына
Жасаған бұл зорлықты
Кешіре қоймас ел қазақ, -
деп сәуегейлік болжамын айтады.

Автор тарихи шындықты әдеби-көркем түрде суреттеп отыр. Ботақанның ажалына байланысты рулы елдің Абылайға қарсы шыққаны рас. Белгілі билер мен батырлар араласқан дау-жанжалдың ақыры екіжақты түсіністік табумен аяқталды. Халық Тұлғаның асыра сілтеуіне кешірім берді. Жақсы мен жайсаңның алдында Абылай хан:

Түнде көрер түсімде,
Күндізгі ойлар ойымда
Елім менен жеріме,
Азың менен көбіңе
Қылаудай жоқ қиянат.
Сенсеңіздер - жан пида,
Сенбесеңіздер - міне, бас.
Сенсеңдер - тап осы тұс
Тәуекелге бел буам,
Заман қилы, жол ирек,
Ойласарға орын тар,
Ойланбай бірақ іс қылман.
Жүгіңді артсаң, мықтап арт,
Орта жолда қалдырман,-
деген уәдесін жариялады. Айтқанындай болып шықты да. Тұлғалардың жаңсақ басуы қоғамға қасірет әкелмей, тағылымын дарытқанда тарихтың өзі-ақ оларды ақтап алады.

Коммунистердің әміршіл-әкімшіл билігі тұсында Тұлғаның тарихтағы рөлі таптық, идеологиялық келте нұсқада түсіндіріліп келді. Құдайдың да, патшаның да, батырдың да қолынан ештеңе келе бермейтінін уағыздаған олар әлемнің әміршісі миссиясын жұмысшы табы атқаратынын, локомотиві - революциялар екенін дәлелдеумен болды. Тұлғатануға қатысты ой-тұжырымдарымыз енді ғана сауыға бастады. Бұған қозғау салған екі үдерісті ерекше атап өткеніміз жөн. Бірі - Алаш зиялыларының ақталуы, олардың теориялық-шығармашылық мұрасының қайта оралуы, екіншісі - азаттық тұғырын бекемдеуде, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бұрынғы мұраға сүйену аздық ететінін, жаңа әлемде жаңаша әрекеттену, іздену керек екенін ұғына бастағанымыз. Алаш тағылымы таптық, партиялық идеология салмағына жаншылған ұлттық «Менді» оятуға септессе, елдің, жердің иесі, мың өліп, мың тірілген қазақ халқының өркениет биігінен көріне алғаны, ішінара тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың алғашқы 10 жылдағы практикалық және теориялық жаңашылдығы Қазақстанның әрбір азаматының тағдырын жаңаша анықтап берді. Ұлттық қауіпсіздік әркімнің және баршаның ісіне айналды.

Тұлғатану - Отан тарихы тереңіне бойлаудың кілті. Онда халықтың даналығы, тарихтың сабағы, қоғамның болмыс-бітімі, уақыт пен кеңістіктегі мәңгі қозғалыстың ізі, идея

мен нәтижедегі ілгерілеу тәжірибесі жатыр. Қазақстанның интеллектуалды тарихын жазуға кірісетін уақыт келді.

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ: ЕГИПЕТПЕН САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев- ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Тарих ғылымы жеке ғылым болып қалыптасып, қоғамдық ғылымдардың маңызды бір бөлігі болып саналғаннан бері өзіне тән ерекшеліктерімен осы ғылымдар арасында аса маңызды рөлдерге ие болып, алдыңғы қатарлардан орын алып отырады. Ол, әрине тарих ғылымының қоғамда атқарып отырған мақсаты мен міндеттерінен туындайтынын баршаға мәлім. Қазіргі таңда тарих ғылымы тек қана ғылым, білім, тәлім, тәрбие секілді міндеттермен қатар өз елі үшін саясат пен идеологиялық міндеттерді де қатар атқарып отыр. Адамзат баласы үшінші мыңжылдыққа аяқ басып, алғашқы қадамдарын жасағаннан бері тарихқа деген, тарих ғылымына деген қызығушылықтардың барлық жерде, барлық елде, оның ішінде біздің елімізде де артқанын, өскенін байқап келеміз.

Бүгінгі күндері Еуразия құрлығының кешегі кеңестік билік үстемдік құрған аумағындағы елдердің бірталайында XIII-XV ғасырларда өмір сүрген және осы ғасырларда қуатты еуразиялық мемлекет болған Алтын Орда тарихына деген қызығушылық күн өткен сайын арта түсуде. Мәселенің ғылыми маңыздылығы зерттеуші - мамандар арасында бұрыннан-ақ өте жоғары болса да, соңғы жылдары оның тарихи юбилейлік даталарына байланысты және де мәселенің саяси жағынан маңызды болуы жалпы мәселенің өзектілігін одан әрі арттырып отыр. Сондай-ақ Жошы Ұлысы мен Алтын Орда тарихына деген қалың көпшіліктің қызығушылығы еселеніп отыр. Соған орай, біз де осы ғылыми басқосуда өзекті тақырып ретінде Алтын Орда тарихының сыртқы саяси қарым-қатынастары мәселелеріне, дәлірек айтсақ, XIII ғасырдың 60-шы жылдарындағы Алтын Орда мен Египет арасындағы саяси қарым-қатынастар мен елшілік байланыстардың басталуы мен оның себептеріне тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Қай дәуірде, қай ғасырларда болмасын Евразия құрлығы, Солтүстік Африка және Таяу Шығыс аумақтарының түйіскен жерлерінде, сондай-ақ оларға іргелес аумақтарда өмір сүрген мемлекеттер мен империялардың бірі-бірімен жүргізген саяси, экономикалық, мәдени, діни байланыстары мен қарым-қатынастары бүкіл адамзат баласының тарихи дамуының ішкі ағымдарын, оның басты бағыттарын, сипаттарын анықтап отырды. Осындай аса маңызды жағдай XIII ғасырдың екінші жартысынан XVI ғасыр басына дейінгі аралықта да жалғасын табады. Осы бір тарихи кезеңде аталған аумақтарда Египет пен Таяу Шығыстың батыс бөлігінде – Мәмлүктер сұлтандығы (1250-1517), Таяу Шығыстың бір бөлігі мен Орта Шығыста – Хұлағу әулетінің немесе Елхандар әулетінің мемлекеті (1256-1353) және Евразия құрлығының қақ ортасында алдыменен Жошы Ұлысы (1224-1242) және оның жалғасы болып Алтын Орда империясы(1242-1502) өмір сүрді. Олардың бір-бірімен жүргізген әр түрлі бағыттардағы қарым-қатынастары сол тұстағы халықаралық жағдайдың көрсеткіші болды деуге болады. Оның ішінде кейбір жекелеген бағыттар бүгінгі күндерге дейін өзінің тікелей салдарлары мен ықпалдарын сақтап отыр. Солардың қатарына 1260-1277 жылдары Египет пен Таяу Шығыстың батыс бөлігіндегі Мәмлүктер сұлтандығын билеген Сұлтан Бейбарыс пен дәл осы жылдары Алтын Ордада билік құрған Берке хан мен Меңгу Темір хандар тұсындағы

қарым-қатынастар жатады. Екі жақ тарапынан да бұл қатынастар өзара тиімді, өзара пайдалы және екі жақ үшін де маңызы жоғары болды. Сол екі елдің қазіргі кезеңдегі мұрагеріміз деп санайтын елдер өздерінің сыртқы саясатында үнемі осы тарихи кезеңдегі қарым-қатынастарға қайта-қайта оралып отырады. Осыған байланысты Египет пен Алтын Орда арасындағы саяси қарым-қатынастарға негіз болған факторларды анықтаудың маңызы зор. Сол маңызды факторлар екі жақты қарым-қатынастардың басталуына негіз қалайды.

Жалпы алғанда, XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орда мен Египет арасындағы, сол сияқты осы ғасырлардағы Алтын Орда мен Иран, Иран мен Египет арасындағы қарым-қатынастардың барысы сол заманның өзінде қағаз бетіне түсіріліп, тарихқа енген. Күні бүгінге дейін олардың бірталайы орыс тіліне аударылып, арнайы түрде «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» (СМИЗО) екі томына енгізілген[1; 2.]. Бұл жинақта XIII-XV ғасырлардағы Египет пен Алтын Орда арасындағы сауда, елшілік байланыстар мен саяси қарым-қатынастарды көрсететін араб тіліндегі 26 шығарманың үзінділері кездеседі де, олардың кейбірі тікелей Сұлтан Бейбарыстың билігі (1260-1277) тұсындағы Египет пен Алтын Орда арасындағы қатынастар туралы өте құнды мәліметтерді баяндайды.

Алтын Орда мен Египет арасындағы саяси, экономикалық қарым - қатынастар мәселелері Ресей тарих ғылымының патшалық, кеңестік кезеңдерінде қарастырылған деуге болады[3;4;5;6;7.]. Ал өзіміздің Отандық тарих ғылымында бұл мәселе тек тәуелсіздік кезеңінен бастап қолға алына бастайды да, тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде алғашқы ғылыми жұмыстар жазылса, сонымен бірге алғашқы диссертациялық жұмыс та қорғалады[8; 9;10.]. Біз қарастырып отырған мәселелер, яғни Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастарға негіз болған мәселелер аталған еңбектерде жаңаша тұрғыда қарастырылып, тың тұжырымдар айтылады.

Біз де өз кезегінде ғылыми айналымдағы материалдар мен жаңа, соңғы жылдардағы тың тарихнамалық материалдарға сүйене отыра, екі жақты қатынастардың бәрін толықтай қамтымай, тек Египетте 1260-1277 жылдары билікте болған Сұлтан Бейбарыс тұсындағы қарым-қатынастардың қалыптасуының негізгі себептеріне тоқталамыз.

XIII ғасыр ортасындағы аталған аумақтардың саяси картасына көз жүгіртер болсақ, олардың басқа түске ие болғанын байқаймыз. Теңеусіз, нақтырақ айтар болсақ, үш аумақта да саяси түбегейлі өзгерістер болып, жаңа саяси жүйелер пайда болады. Алдыменен, Евразияның қақ ортасындағы Алтын Ордаға тоқталалық.

1235 жылғы Қарақорымда өткен моңғол ақсүйектерінің Құрылтайында батысқа қарай «моңғол жылқысының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі жерлердің» жаулап алынылуы қарастырылып, оң шешімін тапқаны бәрімізге белгілі. Ол шешімді Шыңғыс ханның Жошыдан туған немересі Батый хан «Батысқа қарай жеті жылдық жорық» деп аталатын 1236-1242 жылдары жүргізілген жорығында жүзеге асырады. Сөйтіп, Жошы Ұлысының аумағы Жайық өзені бойынан батыста Венгрия мен Польшаға дейін кеңейеді. Ал Ұлыстың саяси орталығы Ертістің жоғары ағысы бойы мен Алакөл көлі жағынан Еділдің төменгі ағысы бойына ауысады. 1242/1243 жылдар - шартты түрде Жошы Ұлысының негізінде жаңа империяның Алтын Орданың пайда болған жылы деп есептеледі. Бұрын бұл аумақтарда бірнеше ондаған үлкенді-кішілі тіні мен діні, тілі мен тегі, мәдениеті мен руханяты жағынан әтүрлі халықтар өмір сүріп, әрқайсысының жеке мемлекеттік құрылымдары болып, олар саяси жағынан бытыраңқылық жағдайда өмір сүріп жатқан еді. Ал жеті жылға созылған жаулап алудан соң «моңғол жылқысының тұяғы жеткен жердің бәрінде» бір ғана түс пайда болады және ол орасан зор аумақ бір ғана атаумен атала бастайды.

Алғашында орталығы Қарақорым болып саналған Моңғол империясы сырттай біртұтас болып көрінгенімен, Батый ханның (1227-1255) тұсында-ақ өзінің Қарақорымнан дербестігін байқата бастаған еді. Бұл дербестік Берке хан (1257-1266) кезінде одан әрі тереңдейді. Берке

хан сыртқы саясатты Қарақорыммен санаспай дербес жүргізеді. Ол жөнінде біз төменде тоқталамыз. 1267-1280 жылдары билікте болған Батый ханның немересі Меңгу Темір хан тұсында Сарай қаласы Қарақорымнан біржолата ат құйрығын кесіседі.

Осы кездерден бастап Батый негізін қалаған жаңа мемлекеттің атауы әртүрлі деректерде түрлі нұсқаларда айтылады. Тіпті оларды ешкім де санаған емес. Соған қарамастан мынадай атаулар кездеседі: Жошы Ұлысы, Дешті Қыпшақ, Қыпшақ, Батый Үйі, Берке Елі, Ұлы Ұлыс, Солтүстік патшалық, Тоқмақ, Тоқмақ Ұлысы, Моңғол мемлекеті, Өзбек мемлекеті, Өзбек Ұлысы. Қазіргі күндері ғылыми зерттеулерде жиі қолданылып жүрген тағы бір атау бар, ол – Алтын Орда атауы. Біз де осы атауды қолданатын боламыз.

Зерттеушілердің пікірінше, Алтын Орданың мемлекеттік құрылымының негіздері Батый мен Берке хандар тұсында қаланады[11, 211]. Бұған дейін айтып өткеніміздей, дамуы жағынан әртүрлі деңгейдегі, тілі мен тіні, діні мен тегі жағынан әртүрлі, шаруашылық түрлері де әртүрлі халықтар мен ұлыстар жаулап алу нәтижесінде ортақ саяси кеңістікке біріктіріледі.Саяси кеңістік уақыт өте келе экономикалық, мәдени, діни, тіл кеңістігіне жол ашады. Орталық хандық билік пен әкімшілік басқару жүйесі тұрақталып, бірте –бірте орталық атқару билігін қалыптастырады. Ал сыртқы саясатта жағдай басқаша болды.

Алтын Орданың 1240-1250 жылдары қалыптасуы кезеңінде оның оңтүстігіндегі Бағдат халифаты өзінің бес ғасырлық тарихының соңғы жылдарын басынан өткеріп жатты. Иранды толық жаулап алу мәселесі Қарақорымда шешіліп, оны жүзеге асыру Мөңке қағанның інісі Хұлағуға тапсырылады. 1253 жылы Моңғолиядан аттанған Хұлағу 1256 жылға дейін Амудариянның арғы жағына өтпейді. Өйткені, Алтын Ордадағы жошылық сұлтандар Иран мен Иракты өздерінің ықпалындағы аудандар деп санады, ол аумақты басқалардың жаулауына наразы болды. Бұл жөнінде араб тарихшысы әл-Омари (1301-1349) мынадай мәліметтер береді: «... Жошының белгілі ұлдары Бату мен Берке. Олардың әкесі қайтыс болмай тұрып әкесі Шыңғыс хан оған Дешті Қыпшақты берді және оған Арранды,Тебризды, Хамаданды, сондай-ақ Мераруды қосып алуға рұхсат етті»[1,244]. Негізінен Батый хан осы мәселе бойынша Шыңғыс ханның өсиетіне сай Иран жері болашақта Жошы Ұлысының құрамында болуы керек деген ойда болып, Хұлағудың Иранға жорығына қарсы болды. Ал Берке хан болса, Хұағудың Иранды бағындыруына мүлде қарсы екендігін білдіреді. Ол жөнінде тағы да әл-Омари былай деп жазады: «Хұлағу ағасы Мөңкені алдаусыратып халиф иеліктерін бағындыру керектігін айтып, сол мақсатпен аттанды. Бұл хабар Беркеге жетті, оны ол жақтырмады, өйткені халиф пен Берке арасында достық қалыптасқан еді. Ол ағасы Батыйға: «Біз Мөңкені хан көтердік, сол үшін ол бізге не қайтарды»,- дей келе, «Біздің жасаған жақсылығымызды біздің достарымызға қарсы зұлымдықпен қайтармақ па, біздің келісімдерді бұзып отыр, халиф иеліктеріне яғни менің одақтасыма көз салып отыр, ал мен болсам халифпен хат алысы тұрамын және достық байланысымыз бар»[1,246]. Бұл жерде Берке мен халиф арасындағы достықты алғашқының мұсылман болуымен байланыстырамыз. Осылайша, әлі Хұлағу Иранды бағындырмай және Иранда оның әулетінің мемлекеті құрылмай тұрып, Алтынордалықтар билеушілермен болашақтағы қарым-қатынастарының негізі айқын көріне бастайды.

Осыдан кейін шұғыл түрде Батый хан Хұлағуға хат жолдап, орнынан жылжымау жөнінде айтады. Соған сай Хұлағу әскері екі жыл Әмударияда тұрақтайды[1,246]. Тек 1255 жылы Батый ханның өлімінен кейін ғана Хұлағу әскері Иранды бағындыру үшін Амудариянның арғы жағына өтеді. 1256 жылы исмаилиттер тізе бүкті, ал 1258 жылы Бағдат алынып, Халиф Мұстасим сол жылы 20 ақпанда өлтіріледі. Осылайша, 750-1258 жылдар аралығында 500 жылдан артық өмір сүрген Бағдат Халифаты өзінен мықты қарсыластың алдында жеңіліп, тарихтың қөшінде қалдырылады. Одан әрі моңғол әскерлерінің Иран мен Иракты толық бағындыруы жеңіспен жалғасады. Одан әрі Сирия мен Палестина жерлерін

бағындырудың жоспары жасала бастайды. Хұлағу болса Халифаттың бар байлығына өзі жеке дара иелік етіп, Иранда 1265 жылға дейін, ал ұрпақтары Елхандар әулеті деген атаумен 1353 жылға дейін Иранда билік құрады.

Алтын Орданың алғашқы ханы Батый Хұлағудың Иранды жаулап алуына қалай қарсы болса, ал Берке хан жаулап алынғаннан кейін наразылық бірден ашық соғыстарға ұласып кетеді. Осылайша, Алтын Ордадағы жошылық әулет пен Ирандағы Елхандар әулеті арасындағы қарым-қатынастардың негізін құраған факторлар осы кезде бірден анық көрініс берді деуге болады. Осы факторлар Иранның Египетпен жасаған қарым-қатынастарына да әсерін тигізеді.

Ал дәл осы кездері, яғни XIII ғасырдың 50-ші жылдары Египет пен Таяу Шығыстағы саяси жағдайға келсек, өте күрделі болатын. Бір жағынан ішкі саяси қайшылықтармен байланысты туындаған дағдарыстар, кресшілердің жорықтары Египеттегі Айюбилер әулетінің билігін әлсіретеді. 1250 жылы Айюбилер әулетінің соңғы билеушісі Туран шах өлтіріліп, 10 жыл бойы саяси өрт толастамайды. Осындай жағдайды пайдаланған Иранның жаңа билеушісі Хұлағу 1259 жылы Сирияның ең ірі екі қаласы - Алеппо мен Дамаск қалаларын басып алады. Одан әрі алға жылжыған моңғол әскерін Палестинадағы Айн-Жалут деген жерде мамлюк әскерлерінің басшылары Құтыз бен Бейбарыс жеңіліске ұшыратады. Бахрит мамлюктерінің басшысы, тегі қыпшақ, Дешті Қыпшақ аумағында дүниеге келген Бейбарыс 1260 жылы Құтызды жеңіп билікке келеді. Сөйтіп оның 1260-1277 жылдар аралығындағы 17 жылға созылған билігі басталады.

Тарихта Египеттегі Мәмлүктер мемлекетінің төртінші сұлтаны болған - Рукн ад-дин Бейбарыс әл-Мансури әл-Мысридың билігі тұсында Египеттің қуаты артып, халықаралық беделі артады. Оның беделінің артуына Алтын Ордамен жүргізілген қарым-қатынастар көп жәрдемін тигізеді.

Сұлтан Бейбарыстың хатшысы Ибнабдеззахыр (72 жасында 1293 жылы Египетте қайтыс болған) сол кездегі саяси оқиғалардан, әсіресе, Египет пен Алтын Орда арасындағы саяси байланыстар тарихын жақсы біле отыра, өз еңбегінде екі жақты қарым-қатынастардың қалыптасуын тарихын да айтып өтеді. Ол былай деп жазады: « 660 жылы (26 қараша 1261- 14 қараша 1262 жыл) ол (Эльмелик - Эззахыр) (Сұлтан Бейбарыстың ресми есімдерінің бірі-автор) Ұлы Татар патшасы Беркеге хат жазды, оның айтқандарын мен жазып отырдым»[1,55]. Автор одан әрі Сұлтан Бейбарыстың Берке ханға жазған хатының мазмұнын былай деп баяндайды: «Ол Хұлағуға қарсы оны (Берке ханды) айдап салды, олардың ортасында жаулық пен жеккөрушілікті туғызды және Беркенің Татарларға қарсы міндетті түрде қасиетті соғысқа шығуының себептерін талдап түсіндірді, оның исламды қабылдағаны жөнінде хабарлар оған келіп жатыр, татарлар оның туысы болғанымен кәпірлермен соғысу оның парызына жатады. Пайғамбар да (оған Алланың рахымы түссін) өзінің туыстарымен, Құрайыштармен соғысты, оған берілген (Алланың) бұйрығына сәйкес, адамдар «Алладан басқа құдай жоқ» деп айтқанша соғысу жүктелді. Ислам тек жай сөздерден тұрмайды. Қасиетті соғыс оның бір тірегі. Келіп жатқан хабарларға қарағанда Хұлағу христиан дініндегі әйелі үшін крест дінін өз еліне орнатыпты және сенің дініңнен әйелінің дінін жоғары қойыпты, дінсіздердің басшысын Халифтың үйіне орналастырыпты»[1, 55]. Одан әрі «соғыс кезінде сұлтан қандай іс-әрекеттер жасау керектігін түсіндіреді[1,55]. Ибнабдеззахыр «хатты Аландық саудагерлер ішіндегі сенімді адамы арқылы Берке ханға жіберілгенін айтады[1,55].

Сұлтан Бейбарыстың Алтын Орда ханына алғашқы хатынан-ақ оның қандай мақсатты ұстанғанын көруге болады. 1260 жылдың соңында билікке келісімен ол Египетке қауіп төндіріп тұрған ең басты сыртқы қарсылас – Ирандағы Хұлағу ханның билігі екенін білді. Хұлағу хан мен оған қатысты мәселелерді әмірлері мен кеңесшілері арқылы терең зерттей келе, Сұлтан Бейбарыс оған қарсы мықты әскери одақ құруды жоспарлайды.

Хұлағудың одақтастары мен қарсыластарын дәл анықтап, «менің жауымның жауы маған жау емес» деген принципке сай, Хұлағудың сол тұстағы ең басты қарсыласы Алтын Орда ханы Берке екенін дәл аңғарады. Алғашқы хаттан -ақ Сұлтан Бейбарыс Египет пен Алтын Орда ислам факторы арқылы одақтаса алады деп ойластырады. Осылайша, Сұлтан Бейбарыс 1261 жылдың басында-ақ ислам факторын алға тарта отыра, алғашқы қадамды өзі жасайды.

Сұлтан Бейбарыстың алғашқы қадамына Алтын Орда тарапынан тез жауап беріледі. Бұл жолы Алтын Ордаға арнайы елшілік жасақталады. Ол туралы тағы да Ибнабдеззахыр «Эльмелик Эззахырдың өмірбаяны» атты еңбегінде айтады. Сұлтан Бейбарыс «хатында бүкіл мұсылмандардың жағдайын назар аударады. Білімді адамдардың қатысуымен хат жазылады. Онда Исламның жалпы жағдайы мен Халифты сайлау туралы ақпаратты баяндайды. Халиф Әл-Хакимнің пайғамбарға дейінгі шежіресін жазуды бұйырады. Халиф шежіресі жазылып, ол алтынмен апталады. Өзінің де шежіресін жазғызып, оны Таджеддин қазыға куәландырады. Бұл құжаттар даяр болғанда барлық әмірлер, бөлім басшылары және тағы басқалар шақырылып, оларға хат таныстырылады, олардан хатқа қатысты пікірлері сұралады. Олар хатты мақұлдады»[1,56].

Хаттағы «Исламның жалпы жағдайы мен Халифты сайлау туралы» хабарламадан Сұлтан Бейбарыстың 1258 жылы Бағдат Халифы өлтірілгеннен кейін бүкіл әлемде Исламды дамыту үшін жаңа Халифты тағайындағанын, сөйтіп, Исламның орталығы Каирге ауса бастағанын көрсетеді. Халифке қолдау көрсету арқылы Сұлтан Бейбарыс өзіне де мұсылмандар арасынан қолдаулар табады.

Автор еңбегінің «Берке ханға елшілік жіберілуі туралы» деген тарауында былай делінеді: «Татарлардан (Алтын Ордадан) алғаш рет Сұлтанға елшілік келген кезде ол олардан олардың жағдайы туралы, Берке ханның жағдайын сұрады, тұратын жерлері мен оған баратын жолды сұрады. Осы елшілікке екі адамын қосып, Беркеге жіберді, тағы да Берке ханға хат жазды. Онда қасиетті соғыстың пайда болуын, мұсылман әскерінің сипатын, көптігін және әр тайпалардан құралғандығын, оның ішінде қанша атты әскер барын, қандай халықтардың оған бағынатынын, салық төлейтінін айтады...»[1,56-57]. Одан әрі хат екі рет оқылады, алғаш рет барлық әмірлердің алдында, екінші рет халифтың алдында оқылып елшілер оның алдында ант береді. Одан кейін Сұлтан Бейбарыс елшілермен ауызша сөйлесіп, өзінің Берке ханды жақсы көретінін, оның кәпірлермен соғысында оған жеңіс тілейтінін және оған қай кезде де көмек беретінін айтады[1,57]. Бұл елшілік 1262 жылы мұхарам айында (1262 жылдың 15 қараша мен 1 желтоқсан) аттанып кетеді.

Ибнабдеззахыр бұдан кейін де 1262-1264 жылдары тағы да Берке ханның елшілері Египетке келгендігі және Египет елшілерінің Алтын Ордаға барғандығы жөнінде мәліметтер беріп, баян етеді[1, 62-64].

Осылайша, Сұлтан Бейбарыс билігінің алғашқы жылдары қалыптасқан Египет пен Алтын Орда арасындағы елшілік байланыстар бірден екі ел арасындағы негізгі қатынастарға айналады. Египеттің өзінің орналасқан аумағының маңыздылығы сондай, оның айналасындағы көршілердің бәрімен жүргізген қарым-қатынастарды ең басты, негізгі қарым-қатынастар деуге болады. Дегенменде, XIII ғасырдың 50-60 жылдары қалыптасқан саяси жағдайлар, әсіресе, Иран жақтан Хұлағу бастаған моңғолдардың жаулап алу соғыстары Египет үшін басты қарым-қатынасқа Алтын Ордамен қарым-қатынасты шығарады.

Ең алдымен, бұл қатынастар Египет үшін өте тиімді және пайдасы зор болды. 1260 жылғы Айн-Жалуттағы жеңілістен соң, моңғол әскерлері Дамаск мен Алепподан айырылды. Ал олардың Сирия жеріне қайта шабуылы бола қоймады. Керісінше, олар солтүстіктегі көршісі Алтын Орда тарапынан 1262-1265 жылдар аралығында бірнеше рет жойқын жорықтарға тап болды. Және олардың бәрінде де Ирандағы моңғолдар жеңіліске ұшырап отырды. 1262 жылдың тамызында 30 мыңдық әскермен атақты Ноғай Дербент жақтан Иранға

кіріп, жергілікті әскерді тас-талқан етіп жеңеді. Осы жылдың қараша айында Хұлағудың өзі жаңадан мол әскер жиып, Ноғаймен ұрысқа түседі де, оны жеңіліске ұшыратады. Ұрыстардың бірінде Ноғай бір көзінен жараланады. Олар Дербентті алып, Терек өзенінен өтіп, Ноғай әскерінің тылын талқандайды. 1263 жылы қаңтарда Берке ханның өзі мол әскермен жетіп, ашық ұрыста Хұлағу армиясын жеңеді. Хұлағу әскерінің көбі өзенге ағып кетеді.

Міне, осы 1262-1263 жылғы алғашқы соғыстан соң, Алтын Орда мен Хулағулық Иран жаңа соғыстарға дайындала бастайды. Бұл екі ел арасындағы соғыстар Египет үшін шығыстан төнген қауіпті болдырмады. Сұлтан Бейбарыстың билік басына келе сала алғашқы сыртқы саясаттағы үлкен жеңісі, осы - Алтын Ордамен елшілік байланыстарды орнату болды. 1265 жылы Хұлағу қайтыс болғаннан кейін, орнына отырған ұлы Абаға ханмен Ноғай Кура өзені бойында соғысып, тағы да жеңіліске ұшыратады. Бұл соғыстан кейін Абаға хан мен Ноғай тағы майдан даласында кездесіп, Берке ханның көмегімен алтынордалықтар жеңіске жетеді.

Дәл осы жылдары Египетке екінші қауіп кресшілерден төнген болатын. Сұлтан Бейбарыстың Алтын Ордамен қатынас орнатуы және Алтын Орда мен Хулағу әулетінің арасында соғыстардың басталуы оған бар күшін кресшілерге аударуға мүмкіндік береді және ол бұл мүмкіндікті шебер пайдаланады.

Ибнабдеззахырдың мәліметтерінен жалпы алғанда, Сұлтан Бейбарыс Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына ең негізгі фактор ретінде – ислам факторын қолданады және ол фактор бірден оң нәтиже береді. Сондай-ақ өзінің шежіресін Египет кадиына куәландырып, Берке ханға жіберуіне қарағанда, өзін Алтын Ордалықтарға жерлес екендігін, яғни туысқандық факторды да қолданып отырғанын байқаймыз. Сондай-ақ осы туысқандық факторға Сұлтан Бейбарыстың Берке ханның қызына үйленуін айтуға болады[9, 20].

Келесі бір араб авторы Ибнвасыл (1297/98 жылы 93 жасында қайтыс болған) Алтын Орда ханы Берке мен Хұлағу арасындағы соғыстардың себептерін жазады. Оның мәліметі бойынша Шыңғыс хан ұрпақтарына мынадай өсиет қалдырған. Жаңадан бағындырылған елдерден түсетін пайданың үштен бірі Беркеге, яғни Жошы әулетіне, үштен бірі Шыңғыс хан жұртына, яғни Қарақорымға, ал қалған үштен бірі – жаулап алушыға тиесілі болуы керек. Хұлағу Иранды жаулап алғаннан кейін бұл шартты орындамады, сол себепті де Берке Хұлағу ға қарсы соғыс ашты деп баяндайды[1, 73]. Автор « Ол (Берке ханды айтып отыр. Египет билеушісі Эльмелик-Эззахырға елші жіберіп, «мен шығыс жақтан, ал сен батыс жақтан келіп, оның әскерін тұтқындайық, олардың бірде-бір адамын қалдырмайық», - деп хабар айтады[1,73]. Бұл дерек мәліметі Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастардың негізінде геосаяси және экономикалық фактор жатқанын көрсетеді.

Осылайша, осы жұмыста айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, Евразияның қақ ортасында XIII ғасырдың ортасында дүниеге келген Алтын Орда мемлекеті өз тарихының алғашқы кезеңінде(1240-1260 жж.) алғашқы билеушілер – Батый, Берке, Менгутемір хандар Египет пен Таяу Шығыстың бір бөлігінде 1260 жылы билікке келген жаңа саяси тұлға – Сұлтан Бейбарыспен саяси қарым-қатынастар орнатуға мәжбүр болады. Оған

Орта Шығыста, яғни Иран мен Ирак аумағында бес ғасыр өмір сүрген Бағдат Халифатының орнында жаңа мемлекет – Хұлағу әулетінің мемлекетінің келуі мен оның сыртқы Египетке қатысты саясаты әсер етеді.

Екіншіден, Алтын Орда мен Египет елшілік, сауда, одақтастық қарым – қатынастарды тез орнату үшін қалыптасқан жағдайды өте тез және өте тиімді пайдаланады. Алтын Орда мен Хұлағулық Иран арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастарды пайдалана отыра, Египет пен

Алтын Орда билеушілері арасындағы қарым-қатынастардың негізін қалыптастыру үшін Ислам факторын қолданады.

Үшіншіден, Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастарды дамыту үшін, нығайту үшін жерлестік факторы алға тартылады. Жерлестік факторынан соң Берке ханның қызына үйлену арқылы екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастарды туысқандық фактормен одан әрі нығайтады.

Төртіншіден, XIII ғасырдың 60-шы жылдары негізі қаланған Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастар өміршең болып, бірнеше ондаған жылдарға емес, ғасырларға жалғасады. Тек Алтын Ордадағы Тоқтамыс ханнан кейін қалыптасқан саяси бытыраңқылық екі ел арасындағы қарым-қатынастарды тарихтың еншісіне қалдырады. Қазіргі таңда Алтын Орданың заңды мұрагерлерінің бірі саналатын Қазақстан Республикасы Египет Араб Республикасымен сыртқы қарым –қатынастарын орнатуда, дамытуда осы кезеңдегі қарым-қатынастарды міндетті түрде еске алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.
Кадыр Али-бек. Джами ат-таварих. Факсимиле рукописи / авт. издания текста, исследования, критического текста, перевода с тюрки, словаря Р. Алимов; под науч. ред. И.М. Миргалеева. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2022. – 544 с.

Кадыр-Али-бек. Джамиʻ ат-таварих (Сборник летописей). Рукопись. Эл. ресурс: Архив открытого доступа Санкт-Петербургского государственного университета. Режим доступа: http://hdl.handle.net/11701/15394. Дата последнего посещения: 16.10.2019.

Карамзин Н.М. История государства Российского. Санкт-Петербург: СЗКЭО, 2023. 1232 с.

Курат А.Н. Собрание сочинений. Книга 1. Ярлыки и битики ханов Золотой Орды, Крыма и Туркестана в архиве музея дворца Топкапы. Казань: Ин-и истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2014. 256 с.

Қадырғали Жалаир. Шежірелер жинағы. [Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзің жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. Жалпы редакциясын қараған М.Мағауин]. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

Левшин А.И. Историческое и статистическое обозрение Уральских казаков. Санкт-Петербург: Военная типография Главного штаба, 1823. 84 с.

Мустафина Д.А., Трепавлов В.В. (сост.). Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой. 1551–1561 гг. Публикация текста. Казань: Татар. кн. изд-во, 2006. 391 с.

Мухамадиев А.Г. Булгаро-татарская монетная система XII–XV вв. М.: Наука, 1983. 164 с.

Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Рашидова история): Введение. перевод с персидского языка А.Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Примечания и указатели Р.П. Джалиловой и Л.М. Епифановой, 2-е изд. дополненное. Алматы: Санат, 1999. 656 с.

Парунин А.В. Политическая биография Барак-хана // Ұлы Даланың тарихы: түріктер мен моңғолдар. Астана. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. С. 93–101.

Полное собрание русских летописей. Т. 25. Московский летописный свод конца XV века. М.; Л.: Изд-во АН СССР. 1949. 464 с.

Почекаев Р.Ю. Цари ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды. Изд. 2-е, испр. и доп. СПб.: Евразия, 2010. 464 с.

Рева Р.Ю. Мухаммад-Барак и его время. Обзор нумизматичсеких и письменных источников // Научный ежегодник «Нумизматика Золотой Орды». 2015. №. 5. С. 80–104.

Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды / Уч. зап. Мордов. гос. ун-та. Вып. IX. Саранск: Мордов. кн. изд-во, 1960. 276 с.

Султанов Т.И. Казахи. Судьба народа и судьба страны в Средние века. Алматы: Дайк-пресс, 2020. 344 с.

Султанов Т.И. Письмо золотоордынского хана Улуг-Мухаммада турецкому султану Мураду II // Тюркологический сборник 1973. М.: Наука. ГРВЛ, 1675. С. 53–61.

Сыздыкова Р.Г. Язык «Жами ат-таварих» Жалаири. Алма-Ата: Наука, 1989. 243 с.

Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қыдырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.

Тизенгаузен В.Г. (сост.). Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлеч. из перс. соч. собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1941.

Тизенгаузен В.Г. (сост.). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном. Переработанное и дополненное издание. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 711 с.

Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. 3-е изд., испр. и доп. М.: Квадрига, 2020. – 1040 с.

Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2013. – 289 с.

Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII–XVIII вв. – Казань: Изд-во Казанск. ун-та, 1972. – 224 с.
Утемиш-хаджи. Кара таварих / Транскрипция И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой, З.Т. Хафизова; перевод на русский язык И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой; общая и научная редакция И.М. Миргалеева. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2017. 312 с.
Шпулер Б. Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Перевод с немец. яз. и коммент. М.С. Гатина. Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. 500 с.
Allsen Th. T. The princes of the Left Hand: an introduction to the history of the Ulus of Orda in the thirteenth and the early fourteenth centuries // Archivum Eurasiae medii aevi. T. V: 1985. Wiesbaden: Harrasowitz Verlag, 1987. P. 5–40.
Taleev D.A. Sacred space of the Jochid Ulus: Saraychik and Barchikent // Qazaq Historical Review, 2024. 2 (1), 48–59. DOI: htt ps://doi.org/10.69567/3007-0236.2024.1.48.59

ХАҚНАЗАР ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ БАТЫСТАҒЫ САЯСАТЫ

Атығаев Нұрлан Әділбекұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Атақты Қасым ханның баласы, Қазақ хандығын 30 жылдай уақыт басқарған Хақназар хан – қазақ тарихында өшпес із қалдырған дара тұлғалардың бірі. Қиын-қыстау кезеңде қазақ мемлекетінің билеуші тағына отырып, құлдыраған хандықты нығайтып, саяси аренаға қайта шығарып, тоз-тозы шыққан халықтың басын біріктіріп, рухын көтеріп, тарих толқынында сақтап қалған ұлы билеуші.

Хақназар даңқы шыққан билеуші болғанымен тарихи жазбаларда ол туралы ақпарат көп сақталған деп айтуға келмейді. Орыс мұрағаты деректерінде (бұл деректерде ол Ақназар хан деп аталған), шығыс тарихи шығармаларында оған, оның саяси қызметіне қатысты бірнеше қысқаша мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар Хақназарға қатысты зерттеушілер жинаған екі-үш фольклорлық деректер сақталған. Осыған байланысты ғылыми және ғылыми-танымдық әдебиетте Хақназардың өмірі мен саяси қызметіне қатысты қате пікірлер де баршылық. Сол себепті біз ұлы билеушінің өмірбаянына қатысты тарихнамадағы кейбір қателіктерді көрсетіп, оның батыста жүргізген саясаты туралы айтпақпыз.

Ең алдымен айта кететін жайт – Хақназардың нақты қай жылы дүниеге келгені әлі белгісіз. Тек оның әкесі Қасым ханның 1521 жылдың басында қайтыс болғанын ескерсек [Исин, 2004: 62], ол 1522 жылдан ертерек дүниеге келген болады. Және де ортағасырлық тарихшы Хафиз-и Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» еңбегінен Хақназар ханның 1580 жылдары, қайтыс болар алдында, саяси белсенділігін жоғалтпай Шибан әулетінің өзара күресіне араласқаны белгілі [МИКХ, 1969: 253-254]. Осыдан оның осы кезеңде әлі қайратының қайтпағанын, қатты қартаймағанын байқауға болады. Сондықтан Хақназарды Қасым ханның XVI ғасырдың басында дүниеге келген кенже балаларының бірі болған деп болжауға болады. Оның Әбілқайыр және Мамаш атты үлкен ағалары туралы тарихи деректерде мәліметтер сақталған. Сефевидтік шығармаларда (Алам-ара-йи Сефеви», «Алам-ара-йи шах Исмаил», «Тарих-и шах Исмаил») Әбілқайырханның 1513-1514 жылдары қайтыс болғаны айтылады [Атыгаев, Джандосова, 2013; Атыгаев, 2023]. Ал Мырза Мұхаммед Хайдар дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасы мен Хайдар ибн Али Хусейни Разидің «Тарих-и Хайдари» еңбегінен Мамаш-ханның хиджраның 928 жылы/1521-1522 жылы соғыстардың бірінде қаза тапқаны белгілі [Дулати, 1999: 324; СМИЗО, 1941: 215, 274 (л. 115 а)].

Ортағасырлық тарихшы Қадырғали-бек Қосымұлы Жалайырдың «Джам-и ат-таварих»

(Жылнамалар жинағы) шығармасында Хақназардың анасының есімі Ханық-Сұлтан-ханым болғаны айтылған [Кадыр-Али-бек, 2022: 110, 169].

Бүгінгі ғылыми әдебиетте Хақназар 1538 жылдан бастап Қазақ хандығының билеушісі болды деген пікір басым. Алайды мұны дәлелдейтін ешқандай нақты тарихи дерек жоқ.

М.Қ. Әбусейітованың пікірінше, жазбаша деректерде Хақназар туралы ең алғашқы мәлімет 1549 жылдағы оқиғалармен байланысты кездеседі. Сефевидтік тарихшы Хасан-бек Румлудың «Ахсан ат-таварих» шығармасында Хақназар-оғланның хижраның 955 жылы /1548-1549 жылы Әмудариядан өтіп, Пул-и Хатун маңында Қазақ атты адамның әскерімен шайқасқаны айтылады. Бұл шайқас Хақназар-оғланның жеңілуімен аяқталды [Абусеитова, 1985: 49; Абусеитова, 1998: 90-91]. М.Қ. Әбусейітованың бұл пікірін басқа тарихшылар да қолдады. Т.И. Сұлтанов ортағасырлық тарихшы Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» шығармасында да Хақназар-оғланның Пул-и Хатун маңында Мұхаммед ханның ұлдары, Қазақ сұлтан және Увайс сұлтанмен шайқасқаны туралы баяндалады деп жазады [Султанов, 1993: 63]. А.И. Исиннің пікірінше, Пул-и Хатун маңындағы Хақназар-оғлан шайқасын 1548 жылы ноғай билеушісі Исмайыл мырза мен Мерв билеушісі Дин-Мұхаммед ханның арасындағы туыстық қатынастардың орнатылуымен, сондай-ақ Осман империясының Сефевидтер мемлекетіне солтүстіктен қысым жасау әрекеттерімен байланысты деп болжайды. «Өйткені, – деп жазады зерттеуші, – жас қазақ сұлтаны, аңыз бойынша, ноғай мырзаларында баспана тапқан, оны ноғайлар Дін-Мұхаммед ханға көмекке жіберуі мүмкін» [Исин, 2004: 73].

Демек, жоғарыда аталған зерттеушілер Пул-и Хатун шайқасын қазақтың болашақ ханы Хақназардың атымен байланыстыратыны анық.

Алайда дереккөздерде аты аталған Хақназар-оғланды болашақ қазақ ханы Хақназармен сәйкестендіру үлкен күмән тудырады. Махмуд ибн Эмир Уәли де, Хасан-бек Румлу да Хақназар-оғланның қазақтың сұлтаны болғанын айтпайды. Керісінше, Хасан-бек Румлу екі Хақназарды екі түрлі жазады. Қазақ билеушісін Хақназар-хан-қазақ десе [Румлу, 1389. Т. 3: 1396-1397], екіншісін өзбектер тобын (jam'i az Uzbekon) басқарған Хақназар-оғлан деп жазады [Румлу, 1389. Т. 3: 1327].

Сондай-ақ «Ахсан ат-таварихтің» авторы Хасан-бек Румлу өз еңбегінде өзбектерден бөлек қазақтар қауымының болғаны туралы мәліметтер келтіреді. Мысалы, «Ахсан ат-таварих» шығармасында Қасым ханның иелігінде «Дәшті Қыпшақ пен қазақ» болғаны, одан кейін ұлы Хақназардың қазірге уақытқа дейін билеп отырғаны айтылған [Румлу, 1389. Т. 2: 1135]. Және де бұл шығармада 935/1528 жылы өзбек билеушісі Убайдаллах ханның Сефевид Тахмасп шахпен болған шайқасына қазақтардың қатысқаны туралы да мәлімет келтірілген [Румлу, 1389. Т. 2: 1174]. Сондықтан Хасан-бек Румлудың өзбек пен қазақты шатастырып жіберуі күмәнді.

Сонымен қатар, Хасан-бек Румлудың өз еңбегінде Ахмад Ғаффари Казвинидің «Тарих-и Джахан-ара» шығармасын пайдаланғанын Ш.Ф. Фарзалиев анықтаған [Фарзалиев, 1974: 15]. Бұл да Хасан-бек Румлу қазақтар туралы білген деген пікірімізді растайды, себебі «Тарих-и Джахан-арада» қазақ хандары, оның ішінде Хақназар туралы мәліметтер бар [СМИЗО, 1941: 212, 271 (л. 158 а)].

Атақты өзбек ғалымы Б.А. Ахмедов Балх мемлекеті туралы зерттеуінде Пул-и Хатун шайқасын туралы жазған. Сонда ғалым Хакназар-оғланның Балх хандығына бағынышты аудандардың бірі, қазіргі Ауғанстанның Гармак қаласының маңында орналасқан Чечектудің билеушісі болғанын көрсетеді [Ахмедов, 1982: 42-43,195]. Махмұд ибн Әмір Уәли «Бахр ал-асрар» еңбегінде Чечекту аумағында мекрит, хушбай, джемшид және қыпшақ сияқты көшпелі тайпалар мекен еткенін жазады [Махмуд ибн Вали, 1977: 37].

Хасан-бек Румлу Хакназар-оғлан өзбектерді басқарғаны туралы жазғанда, шын мәнінде оның қол астында өзбек тайпалары болғанын меңзеген деп ойлаймыз. Деректерде айтылатын 92 өзбек тайпаларының тізімінде Чечектуді қоныс еткен мекрит (меркіт түрінде) және қыпшақтар аталады [Султанов, 1982: 48-49; МИКК, 1973: 210-214; Ахмедов, 1985: 130-131].

Осы фактілерді ескерсек, 1548-1549 жж. қазақ сұлтаны Хақназар Балх хандығының оңтүстік-батыс бөлігінде, қазіргі Ауғанстан аумағында, орналасқан Чечектудың билеушісі

болуы өте күмәнді.

Сонымен қатар Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінде XVI ғ. ғасырдың 60-шы жылдары Хақназар-оғланның Гарчистанды басқаруға жіберілгені айтылған [Ахмедов, 1982: 82, 87]. Ал Мухамад-Йар ибн Араб қатағанның «Мусахир әл-билад» шығармасында XVI ғ. Бұхара билеушісі Бұрхан сұлтанның бұйрығымен өлтірген өзбек ханзадалары мен әмірлері арасында Хақназар-оғланның да аты аталады [Ахмедов, 1985: 60]. XVI ғасырдың соңында Хақназар оғланның Мұхаммед Әли оғлан атты ұлы Шибанид Абдолла ханның сенімді қолбасшыларының бірі болғанын «Шараф-наме-йи шахи» еңбегінде Хафиз-и Таныш жазады [Хафиз-и Таныш, 1989: 187].

Сол себепті Балх мемлекетінде өмір сүрген Хақназар-оғланды Қасымның ұлы Хақназармен сәйкестендіруге болмайды деп санаймыз.

Хақназарға қатысты бірнеше фольклорлық мәліметтер сақталған. Оларды кезінде А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, П.И. Рычков өз еңбектерінде келтірген. Кейінгі уақытта А.Н. Усманов, Р.Г. Кузеев, В.В. Трепавлов және т.б. ғалымдар бұл мәліметтерді тарихи деректермен сәйкестендіруге әрекет жасаған. Олардың кейбірі аса сәтті болмағанын да айту керек. Мысалы, В.В. Трепавловтың кейбір болжамдары біз тарапынан сынға алынып, кейін зерттеушінің өзі де сынның орынды екенін мойындаған [Трепавлов, 2020: 247].

Хақназармен байланысты фольклорлық материалдарды тарихи жазба деректермен салыстыра саралап, келесідей болжам жасауға болады. 1521 жылы Қасым хан қайтыс болғаннан кейін қазақ билеушілері арасында тақ үшін күрес басталды Осы кезде әлі жас Хақназар өз ұлысындағы билікті сақтап қала алмаса керек. Ал Қазақ хандығында билікке Әдік сұлтанның ұрпақтары келгеннен кейін ол тіпті ноғай мырзаларын, сірә, Шейх Мамайды, паналауға мәжбүр болған. XVIII ғасыр ортасында П.И. Рычков башқұрт старшинасы К. Мұлақаевтан жазып алған аңыз бойынша, Хақназар сұлтанның (деректе – Акиазар сұлтан) қарындасы Ноғай Ордасының белгілі билеушілерінің бірі Шейх Мамайға тұрмысқа шыққан [Рычков, 1896: 69]. В.В. Трепавловың пікірінше, деректерде Булдур-ханым (Мөлдір?) деп аталып жүрген Шейх Мамайдың әйелі Қасым ханның қызы, Хаққназардың апайы болуы мүмкін [Трепавлов, 2020: 256]. Зерттеушінің бұл пікіріне қосылуға болады.

Хақназар ноғай билеушісінің қолдауымен Қазақ хандығы тағына отыруға үміттенген деп жорамал жасауға болады. Алайда ол қазақ арасында өз билігін орната алмады, сондықтан өз қол астындағы ұлыстарымен Ноғай Ордасының билеушілеріне уақытша тәуелді болды. Бұл жағдай XVI ғасырдың ортасына дейін сақталса керек.

В.В. Трепавловтың пікірінше, қазақтардың билеушісі Хақназарға қатысты алғашқы мәлімет 1552 жылға жатады [Трепавлов, 1997: 20]. Оның мұндай пікірге келуіне ноғай билеушісі Исмайыл мырзаның хатындағы қызын «Барақ патша әулетіне» («Бараков царев род»), «Барақ патшаға» («за Барака царя») бергені туралы мәлімет негіз болды. «Имелся в виду, конечно, правнук хана Барака Хакк-Назар, правитель Казахского ханства, «Баракова царева юрта», –деп жазады зерттеуші [Трепавлов, 1997: 34]. Алайда белгілі зерттеушінің бұл пікірімен келісе алмаймыз. Исмайыл мырзаның хатында, біздің пікірімізше, Барақ хан деген атпен белгілі өзбек ханы, Ташкенттің билеушісі Шибанид Наурыз-Ахмад туралы айтылған деп санаймыз [Атыгаев, 2015: 227-228]. 1551 жылы Барақ хан Абдоллатиф хан қайтыс болғаннан кейін Орта Азияның іс жүзіндегі билеушісі болған [История Узбекистана. Т. III, 1993: 50]. Біз В.В. Трепавловтың ноғай мырзасының хатындағы Барақ хан ұрпақтары дегенді Хақназармен сәйкестіруге қарсы болсақ та, зерттеушінің Хақназардың Қазақ хандығына билікке келу уақыты жайындағы жорамалын қабылдаймыз.

Хаққназардың Қазақ хандығының билеуші тағына 1551 жылдың жазғы айларынан кейін отырғанын орыс елшісі П. Тургеневтің келтірген мәліметі көрсетеді. Москва мемлекетінің Ноғай Ордасындағы елшісі түрік сұлтанының ноғай билеушілеріне жазған хатындағы келесі мәліметті келтіреді. Мұсылман елдерінің басын біріктіріп, Москва мемлекетіне қарсы күресуді мақсат еткен түрік сұлтаны Исмайыл мырзаға былай жазады: «А Казань дей как ныне воюет. А ведь дей наша ж вера бусурманская. И мы дей смолились все бусурмане, и станем от нево боронитца за один. Ведь дей ведаете, что ныне на Крыме мой

посажен царь, как ему велю, так делает. Из Астрахани присылали жо ко мне Царя просит. И яз часа того посылаю Царя на Астрахан… Да и козаки ко мне присылали же Царя просит. И яз ись Крыма однолично Царя посылаю» [ПДРВ. Ч. VII, 1793: 266-267]. Бұл мәліметтен 1551 жылдың жазында Қазақ хандығында бас билеуші әлі сайланбағанын байқаймыз.

XVIII ғасырда белгісіз автор жазған «Тарих-и Қашғар» шығармасында қазақтарда бір уақытта екі хан, Хақназар хан мен Наурыз-Ахмад хан, болғаны айтылады [МИКХ, 1969: 413]. Шибан ұрпағы Наурыз-Ахмад ханның (Барақ ханның) қайтыс болған уақыты жазба дереккөздерден нақты анықталған – 1556 жылдың 23 қыркүйегі [Хафиз-и Таныш, 1983: 189; Вяткин, 1927: 11–13; Grabinschriften, 1997: 172–173].

Сонымен қатар, Хасан-бек Румлудың шығармасында Хақназар хан қазақтың хиджраның 963 жылы /1555-1556 жылы Ташкентке жорық жасағаны туралы мәлімет келтірілген [Румлу, 1389. Т. 3: 1396-1397]. Сондықтан оның 1556 жылға дейін қазақтардың билеушісі болғаны анық.

Осы тарихи деректердің негізінде Хақназардың Қазақ хандығының билеушісі болған уақытты 1551-1552 жылдар деп санаймыз.

Хақназар билікке келгеннен соң әкесі Қасым ханның ноғай ұлыстарын бағындыру саясатын жалғастырды. Бұл саясаттың негізінде, біздің пікірімізше, «шыңғысизм» идеологиясы жатқан. Ол Шыңғыс хан құрған империяның («Йеке монгол улус») аумағында тек Шыңғыс хан ұрпақтарының билік ету құқығы. Ал қазақ хандары Ноғай Ордасында билік құрып отырған Едіге би ұрпақтары Шыңғыс хан әулетіне жатпағандықтан билікке заңсыз келген деп қабылдаған тәрізді. Осыған орай тура солай Орта Азияда билік құрып жатқан Әмір Темір ұрпақтарына қатысты Мұхаммед Шейбани ханның ойын Ибн Рузбихан Исфахани келтіргенін еске алуға болады [Рузбихан, 1976: 96].

Хақназар ханның Қазақ хандығында билік құрған жылдары қазақ мемлекетінің қайта нығаюы кезеңі болды. Ол таққа отырған соң алғашқы уақытта мемлекеттің оңтүстік пен оңтүстік-шығысын нығайтуға күш салып, батыс бағытта белсенді әрекеттер жасаған жоқ. Тек XVI ғасыр 60-жылдардың аяғында Хақназар хан мемлекеттің солтүстігі мен солтүстік-батысындағы аумағын кеңейте отырып, Ноғай Ордасы және оның одақтасы Сібір хандығымен қақтығысқа түсті. Бұл кезде ноғайлар Москва мемлекетіне бағынышты болғанын айта кеткен жөн.

1568 жылдың күзінде Хақназар хан шығыс ноғай ұлыстарына ірі жорық жасады. Бұл жорық туралы 1569 жылы қарашада орыс елшісі С. Мальцев былай деп хабарлады: «А Казатцкие Орды Акназара царя и Шигая-царевич и Челыма царевича, а с ними дватцать царевичей приход их был на Нагаи и бой…» [История Казахстана, 2005: 151]. Қазақ әскері кейбір ноғай ұлыстарын ығыстырып, Астраханға жетті. Бірақ осы кезеңде ноғай билеріне Москва мемлекетінен көмекке әскер келіп, қазақ әскеріне тойтарыс берілді. Орыс мұрағат құжаттарының бірінде осы туралы келесі мәлімет келтірілген: «... и царя великого, и князя воеводы астороханские нагайским людеми давали царя и великого книязя стрелков, и нагайские люди и стрелцы казатцких людей побили наголову ир царевича у них убили...» [История Казахстана, 2005: 151]. А.И. Исиннің пікірінше, қазақ әскері Астрахань маңында қыстап, жорыққа бірге шығуға келісілген түрік-осман әскерлерінің келмеуіне байланысты 1569 жылдың көктемінде өз аумағына шегініп кеткен [Исин, 2004: 84, 92].

Бұл сәтсіздікке қарамастан Хақназар хан ноғай ұлыстарын өзіне бағындырып, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты қол астында біріктіру мақсатынан бас тартпады. Ол тағы да ноғай билеріне қарсы жорық ұйымдастырды. 1570 жылы тамызда Қырымдағы орыс елшісінің алған мәліметіне қарағанда, қазақтарЕмбі маңын мекен еткен «Алты ұл» ноғайларын талқандаған. Қырымға келген Девей атты ноғай Қазақ ханы Ақназардың Шейх Мамай ұрпақтарын жеңгенін хабарлайды («Казатцкие Орды Акназар царь нагайских мурз Шихмамаевых детей побил») [История Казахстана, 2005: 153].

Хақаназар ханның ноғайларға қарсы тағы бір жорығы 1577 жылы орын алды. Москваға жазған хатында орыс елшісі Б. Доможиров Қазақ хандығының адамдарының ноғайдың Ақ мырза мен Бек мырзаға жорық жасап, олардың көп малын айдап кеткені туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, ол Ақназардың орыс патшасымен, Ташкент пен Үргеніш билеушілерімен бейбіт қатынаста екенін жеткізеді. Бұл хабарламада Ақназар ханның ноғайлармен соғысып, оларға Жайық пен Еділ бойында қоныс бермеу ойы бар екені де айтылған («...приходили сее весны Казачьи Орды люди на Ак мирзу да на Бек мирзу, а у них отогнали многие стада, да у них е взяли пять человек. И они, государь, отпустили пятого человека к Тинехмату князю и к Урус мирзе, и велели им говорити, что де царь наш Акакназар с царем и великим князем в миру и с та(с)кенцы и юргенцы в миру же. А нашему де царю Акакназару вас воевати, по Яике и по Волге не дать кочевати») [История Казахстана, 2005: 156].

Орыс елшісінің Қырым ханына жазған тағы бір хатында Қазақ хандығының билеушісі Хақназар («Окназар) ноғай жерлерін басып алмақшы екені, ол Сарайшықты өзінің иелігі деп санайтыны жазылған («Казацкие де Орды Окназар царь хочет юрт наш взять нагайской. А сказывает юрт наш Сарачик своим...») [История Казахстана, 2005: 166]. Ал Қазы мырзаның хатында оған Дін-Ахмет мырзадан Сарайшықты Хақназар хан (Ақназар хан) басып алғаны туралы жазылған хат келгенін хабарлайды [История Казахстана, 2005: 167]. А.И. Исин егер де Хақназар хан Сарайшықты шынымен де жаулап алса да, ол онда көп уақыт билік құрмады деп есептейді [История Казахстана, 2005: 488].

Б. Доможиров мәліметінен Ноғай Ордасымен, Көшім хан билеген Сібір хандығымен саяси-әскери қақтығысқа түскен Хақназар хан өзіне батыстан одақтас іздеп, осы кезде күшейіп келе жатқан Москва мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас ұстауға әрекет жасағанын да байқаймыз.

Қазақ хандығы мен Москва мемлекеті арасындағы байланыстар Дін-Ахмед мырза бастаған ноғай билеушілерін әбден алаңдатты. Ол орыс патшасына жазған хаттарының бірінде «Менің дұшпаным, қазақ патшасына елші жіберме», – деп жазған («А ты б недругу к моему х казатцкому царю посла не посылал» ...») [История Казахстана, 2005: 161]. Оның орнына ноғай билеушісі болған Орыс мырза да Москваға, Иван IV Грозный патшаға оның Хақназар ханмен достық қарым-қатынаста болғанына ренішін білдіреді («А ты, с таким с Акназаром царем в дружбе будучи, на всякой год послы деи посылаешь з бухарским с царевым послом и с Азимовым царевым послом. Вместе с ними прикошевав, послов посылаешь. И такое делом государем пригоже ль дела. Только другом будучи и так быти непригоже» ...») [История Казахстана, 2005: 167].

Ноғай билеушілерінің бұл жазғандарына орыс патшасы Иван IV Грозный өзінің Хақназар ханға елші жібермейтінін, тек ертеректе бір рет қызметтегі татарларды оған жолдағанын айтады [История Казахстана, 2005: 171]. Бұл мәліметтің қаншалықты шындыққа жанасатынын айту қиын. Орыс патшасы өзінің Қазақ хандығымен байланысы сирек екенін ноғай мырзалармен қарып-қатынасты бқзбау мақсатында айтуы да мүмкін.

Алайда, XVI ғасыр 70-жылдардың аяғында Хақназар басқарған Қазақ хандығының батыстағы саяси белсенділігі тоқтайды. Мұның себебі қазақ билеушілері арасында ішкі тартыстар күшейіп, мемлекетте тұрақсыздық орын алуы болды. Осыған орай Хақназар хан батыста, Еділ мен Жайық аймағында ноғайлармен күрес жүргізе алмады. Көп ұзамай ол қайтыс болады. Хақназар ханның қаза болғаны туралы 1581 жылы сәуірде Москваға жазылған Орыс мырзаның хатында айтылады («Казатцкой Акназар царь и Чалым царевич померли») [История Казахстана, 2005: 174]. Қадырғали Қосымұлының мәліметі бойынша, Хақназар хан ішкі бұлғақтың салдарынан қайтыс болған [Кадыр-Али-бек, 2022, 110, 169]. Қазақ хандығындағы ішкі қақтығыстар туралы орыс мұрағат құжаттарында да жазылған. 1581 жылы тамызда ноғай елшілері Москвада Қазақ хандығындағы күрес, мемлекеттің ортақ билеушісі жоқтығын, оның халқының көрші елдерде пана іздеп кеткенін хабарлады («А в Казатцкой Орде у улусных людей ныне меж себя рознь. А государя на Казатцкой Орде нет, а есть деи у них царевичь, да еще не посажен. А многие из Казатцкие Орды люды разошлися по иным землям, и в Нагай, и в Бухару») [История Казахстана, 2005: 177].

Сонымен 1551-1552 жылдары Қазақ хандығының билеушісі тағына отырған Хақназар хан 1581 жылдың басына дейін, 30 жылға жуық қазақ мемлекетін басқарды. Ол бүкіл ғұмырын, күш-қуатын қазақ халқына қызмет етуге жұмсады. Ұлы тұлға Хақназардың осы

қызметі арқасында, ол мемлекетті билеген жылдары басы біріккен қазақ халқы кейінгі барлық қиын заманнан да аман-есен өтіп, бүгінде тәуелсіз мемлекет құра алған әлемнің аз ұлттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Абусеитова, 1985 – Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI в. Алма-Ата: Наука, 1985. 104 с.

Абусеитова, 1995 – Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. 268 с.

Атыгаев-Джандосова, 2014 – Атыгаев Н.А., Джандосова З.А. Поход Абу-л-Хайра, сына Кāсим-хана, против Сефевидов (по данным ʻĀлам-āрā-йи Шāх Исмāʻӣл). Отан тарихы. 2014, №2. С. 5-13.

Атығаев, 2015 –

Атыгаев, 2023 – Атыгаев Н. Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XVXVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. 225 с.

Атығаев, 2015 – Атығаев Н. Қазақ хандығы тарих толқынында. Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. 384 с.

Ахмедов, 1982 – Ахмедов Б.А. История Балха (XVI – первая половина XVIII в.). Ташкент, 1982. 296 с.

Ахмедов, 1985 – Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVIXVIII вв. (письменные памятники). Ташкент, 1985. 264 с.

Дулати – Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Перевод с персидского языка А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой, 2-е издание, дополненное. Алматы: Санат, 1999. 656 с.

Ибн Рузбихан, 1976 – Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бухара (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. Москва: Издательство «Наука», 1976. 106 с.

Исин, 2004 – Исин А.И. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в. Алматы, 2004. 160 с.

История Казахстана, 2005 – История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словников указателей А. Исина. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 704 с.

История Узбекистана, 1993 – История Узбекистана. Т. III (XVI – первая половина XIX века). Ташкент: Издательство «ФАН» Академии Наук Республики Узбекистан, 1993. 476 с.

Кадыр Али-бек, 2022 – Кадыр Али-бек. Джами ат-таварих. Факсимиле рукописи / критическая редакция, исследование, перевод с тюркского и глоссарий Р. Алимова; под научным руководством И.М. Миргалеева. Казань: Институт истории им. Марджани АН РТ, 2022. 544 с.

МИКХ, 1969 – Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата, 1969. 652 с.

МИКК, 1973 – Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. Ответ. ред. и авт. введ. В.А. Ромодин. М.: Наука. ГРВЛ, 1973. 280 с.

Махмуд ибн Вали, 1977 – Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных (география) / Введение, перевод, примечания, указатели Б. А. Ахмедова. Ташкент, 1977. 168 с.

ПДРВ, 1793 – Продолжение древней российской вивлиофики. Ч. VIII. Санкт-Петербург, 1793; 336.

Рычков, 1896 – Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). Издатель: Оренбургский губернский статистический комитет, 1896. 95 с.

Румлу, 1389 – Ахсан ат-таварих талиф-и Хасан-биг Румлу. Чап-е дуввом. Техран, 1389 (2010). Т. 1-3. 1728 с.

СМИЗО, 1941 – Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений собранные В. Г. Тизенгаузеном и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. Москва-Ленинград, 1941, С. 210-212 (аударма), 269-271 (парсы мәтіні)

Султанов, 1982 – Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). Москва, 1982. 160 с.

Султанов, 1993 – Султанов Т.И. Правители первого казахского государства (1470-1718). Астана, 1993. 111 с.

Трепавлов, 2020 – Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. 3-е изд., испр. и доп. М.: Квадрига, 2020. 1040 с.

Фарзалиев, 1974 – Фарзалиев Ш.Ф. Сочинение Хасан-бека «Ахсан ат-таварих» как источник по истории Азербайджана. Автореф. дисс. канд. Баку, 1974. 34 с.

Хафиз-и Таныш, 1989 – Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-нама-йи-шахи (Книга шахской славы). Часть 2. М.: Наука, ГРВЛ, 1989. 559 с.

ӘОЖ 81-22

АЛТЫНОРДА ТҰСЫНДАҒЫ ХАН ЖАРЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы- филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада қазақ елінің саяси-әлеуметтік және рухани, мәдени тарихындағы елеулі кезең Жошы ұлысы, Алтын орда дәуірлеріндегі тарихи үдерістерге кеңінен шолу жасалған. Қазақ хандығының, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің бастауы Жошы Ұлысы, Алтын Орда мемлекеті. Осы орта ғасырлық мемлекеттің өркендеуін және сол дәуірдегі тарихи-мәдени, тілдік үдерістерді зерттеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Зерттеудің мақсаты феодалдық бытыраңқылықтан гөрі этникалық және географиялық тұтастыққа негізделген қоғамдық-саяси құрылым болған орта ғасырлық мемлекеттік жүйенің кейінгі қазақ халқы үшін тарихы үшін маңызы зор болғаны жан- жақты дәлелдеу. Түркітану ғылымында орта түркі (X-XV ғғ) дәуірі деп айшықталған кезеңде телегей теңіз түркі халықтарының арасынан қазақ ұлтының қалыптасу, тұтастану, бірігу, басқалардан даралану үдерісі басталған болатын. Алтын Орда тұсындағы мәдени және тілдік үдерістердің басты белгісі - көне қыпшақ тілді жазба ескерткіштер, хан жарлықтары. Бұл жазбалар кейінгі қазақ тілінің басты қайнар көзі.

Түйін сөздер. *Жошы ұлысы, Алтын орда, көне қыпшақ тілі, рухани-мәдени үдерістер.*

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» (AP19679282) атты жоба аясында жазылды.

Түркітануда «орта түркі кезеңі» деп белгіленген X-XV ғасыр аралығын қамтитын кезең түркі тілдерінің қалыптасу, дамуында айрыша рөл атқарған маңызды дәуір. Көшпелі тайпалардың арасындағы талас-тартыс, қырғи-қабақ соғыстар олардың тығыз араласуы, қыпшақтардың күшею, оғыздардың Еуропаға қарай ығысуы этностардың тілінде өз ізін қалдырды. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М.Ақынжанов: “әр түрлі

тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты" - деп тұжырымдады [1,б.205]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті-қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Европаға дейін тарады.

Монғол шапқыншылығы жаңа мемлекеттердің пайда болуына алып елді. Еуразия кеңістігіндегі елеулі өгерістер, әсіресе Жошы Ұлысының пайда болуы Шығыс Еуропа, Орта Азия және Сібір территорияларын мекендеген көптеген халықтардың қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды. Жошы ұлысы туралы тарихшы Әл-Омари «Ертеректе бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, бірақ татарлар жаулап алуынан соң қыпшақтар оларға бағынышты күйге түсті. Кейіннен татарлар қыпшақтармен біте қайнаса араласып, табиғи және нәсілдік ерекшеліктерінен жер жағдайы басым түсті де олардың барлығы нағыз қыпшақтарға ұқсап, бір атадан тарағандай болып кетті»,-дейді [2, б. 325]. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің "Дешт-и-кипчак при новом монголском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, …которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках" деген сөзінің маңызы зор [3,б.102].

Алтын Орда мемлекеті дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның кең жазира даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н.Наджип былай деп жазды: "Арабские и персидские историки, побывавшие в Золотой Орды сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центрах"[4,б.29]. XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды. Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әр түрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М.Мелиоранский "Араб филолог о турецком языке" деген еңбегінде: "Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен" деп көрсеткен [5,б.13]. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

XIII ғасырда бір тұтас **«орта түркі тілі»** қалыптасты, дегенмен тұтас тілдің ішінде оғыздық, қыпшақтық белгілер уақыт өткен сайын айқындала бастады. Өзіндік сипаты бар қыпшақ тілі қоғамдық өмірдің бар саласында пайдаланылды. Әсіресе, ресми іс қағаздары тілі қыпшақ тілі болған болуы керек. Бұл пікірімізге сол замандардағы жарлықтар, хаттар,

келісімшарттар дерек бола алады. XIV ғасырдан бізге 10 шақты хан жарлықтары жетті. Олар XIV ғасырдың аяғында жазылған Тоқтамыстың екі жарлығы, Темір Құтлығтың жарлығы; Шехрух пен Бабурдың атасы Абусағид ғате Бабурдың әкесі Омар-Шейхтің жарлықтары, XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған Мухаммед Герей мен Сағадат Герейдің және Сақып Герейдің жарлықтары. Сонымен қатар орыс тілінде жазылған жеті жарлық бар. Олар Меңгу Темір(1342), Өзбек, Бердібек (1357), Атулақтың (1379) жарлықтары мен Тайдулы ханшаның (1357) үш жарлығы. Бұдан басқа біршама хаттар мен шартнаме аңыздар бар [6].

Тоқтамыстың поляк князі Ягайлаға жолдаған бір жарлығы Хиджраның 795 жылы (жаңаша 1393 жылы) раджаб айының сегізінде, орданың Дон бойында тұрған кезінде жазылған. Жарлықтың тілі түркі тілінде (орыс әдебиеттерінде «татар тілі» деп аталынады) мәтіні түгелдей ұйғыр жазуымен жазылған. Бұл жарлықты көптеген ғалымдар «жергілікті қыпшақ тілінде» жазылған деп көрсетеді. Олай болса, өзге түркі тілдеріне қарағанда «қыпшақ тобына» жататын қазақ тілі үшін, демек, қазақ әдеби тілінің тарихы үшін бұл жарлықтың маңызы ерекше болмақ.

Жарлықты алғаш рет 1834 жылдары Т.А.Оболенский Москваның орталық архивінен тауып алады. Жарлықтың түп нұсқасы ұйғыр жазуымен жазылған екен. Кез-келген ғалымның тісі батпайтын жазуды мырза Казем-Бек араб әріптерімен транскрипцияға түсіреді. Жарлықтың мазмұнында Ақсақ Темірдің Тоқтамыс Ордасына шабуыл жасамақ ниеті бар екенін, Орданың кейбір бекіністері мен оғландарының сатқыншылық жасап отырғанын мәлімдеп, Ягайламен бұдан былай да жақсы қарым-қатынас жасап тұру ниетінде екенін айтады.

Жарлықтың мәтінін анықтау және оның нұсқасын дәлді түрде транскрипциялау ісінде А.Казем-Бек, В.В.Радлов және И.Березиннің сіңірген еңбектері айрықша болды.

Жарлықтың транскрипциясы:

/1/ Тоқтамыш сөзүм
/2/ Йағайлаға
/3/ Улуғ орунға олтурған йәргәсін
/4/ аңлату Қутлу буға Асан башлы елчіләр
/5/ ійттүк ерді сендағы кәләчіңні
/6/ бізгә ійттің ерді бурунғу йыл Бекбулат Хожамедін
/7/ башлы бір нечә оғланлар Бекіш Турдучақ берді
/8/ Давуд башлы бекләр Едүгү атлы кішіні Темірге алдыртын
/9/ чықаруб іймішләр ол тіл білә келді ерді
/10/ аларның ала көңүл білә тіл ійіб ілгәрі қыған йетә
/11/ келгәндә аңлаб йығылыб санчышмаға
/12/ турғанда ол йаман кішіләр бурун тебрегәндін
/13/ ел тарбыб ол ішдағы ол чақлы болған йәргәсі ол ерді
/14/ тәңрі бізні йарлығаб душманлуқ қылған Бекбулат, Хожамедін
/15/ Бекіш Турдучақберді Давуд башлы оғланлар бекләрні
/16/ мұңқалтты емді бу йәргәні аңлату Асан Тулу Хоже башлы
/17/ елчіләрні ійттүк емді тағы болса
/18/ бізгә бақир елләрнің чықышларын чықаруб барған
/19/ елчіләргә бергіл хазынаға текүрсүнләр басә
/20/ бурунғу йосунча базаргән ортақларыңдағы йүрүшсүнлар
/21/ улуснуң турушунға дағы йахшы сый
/22/ ол болғай тіб алтун нышанлық йарлық
/23/ туттуқ тақақу йыл тарих йіті йүз доқсан бешдә
/24/ ражаб айының секіз йаңыда орду данда
/25/ ерүрдә біткүлміш.

Қазіргі қазақ тілімен сөйлетсек:

/1/ Менің /Тоқтамыс/ сөзім
/2/ Йагайлаға

/3/ Ұлы орынға отырған жөнін /4/ білдіріп, Құлы-бұға, Асан бастаған елшілер/5/ жіберген едік. Сен де елшілеріңді /6/ бізге жіберген едің. Бұрнағы жылы Бекболат, Қожамедің /7/ бастаған бірнеше ұландар, Бекіш, Тұрдышақ-берді, /8/ Дәуіт бастаған бектер Едіге деген кісіні Темірге астыртын /9/ жіберген екен, ол тіл /хабар/ алып келген еді. /10/ Олардың арам ниетпен хабар жіберіп, ілгері жасырын жетіп /11/ келгенін сезіп, жиылып, соғыспақшы болып /12/ тұрғанда, ол арам ниетті кісілер бұрын қозғау салып, әрекет жасағандықтан /13/ ел қарсы көтеріліп, бұл істің жөні осылай болған еді. /14/ Тәңірі бізді жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедін /15/ Бекіш, Түрдышақ-берді, Дәуіт бастаған ұландар мен бектерді /16/ мұқалтты. Енді осының жөнін білдіріп, Асан, Тұлы-Қожа бастаған /17/ елшілерді жібердік. Енді тағы болса, /18/ бізге қарасты (бағынышты) елдердің шығындарын (салық) жинап, барған /19/ елшілерге беріңіздер, қазынаға жеткізсін. Және /20/ бұрынғы жөн-жосық бойынша базаршы серіктестерің (саудагерлер бірлестігін басқарушы адамдарың) тағы жүрсін. /21/ Ұлы ұлыстың қалыпында сақталып қалуына тағы жақсы сый /22/ болсын деп, алтын нышанды жарлық /23/ ұсындық. Тауық жылы, тарихтың жеті жүз тоқсан бесінде /24/ ережеп айының сегізінші жаңасында, орда Донда /25/ тұрғанда жазылған. Жалпы хан жарлықтарының мәтіндері түсінікті тілмен жазылған. Мәтін құрамындағы барлық сөздерді жіктеп, сараласақ, 80 пайыз түркі сөзі, 10-15 пайыз араб-парсы, 10-15 пайыз монғол сөздері бар. Түркі сөздерінің дені аздаған фонетикалық өзгерістермен дәл бүгінгідей тұлғада келген. Мысалы, *ай, елчі, барсы, бек, йол, көңүл, күн, күч, ұара, қол, қонақ, мал, орун, сөз, сусун, тәңірі, тіл, йаман, оң, сол, ілкі, йүз, мың, доқсан* т.б. Сонымен қатар бүгінгі тұрғыдан қараған көне сөздер де бар. Олардың мағыналық айырмашылықтары да жоқ емес. Мысалы, *аға* «сыйлы, құрметті» деген мағынаны білдірсе, *алдыртын* сөзі «жасырын, астыртын» мәнін білдіріп тұр. *Біті* «жаз» мағынасын берсе, *бітікчі* «хатшы» мағынасын береді. Бұл сөздің түпкі түбірі қазіргі қазақ тіліндегі *бітім(біт-ім)* сөзінің құрамында өлі түбір күйінде жүр. «Ізгі, жақсы» мағынасын беретін *едгү* сөзі қазақ тіліне *игі* тұлғасында жеткен. Ал *сиурқа* «сый көрсету» мағынасын береді де, *сиурғал* «ханның сый көрсетіп, жарылқаған адамы» дегенді білдіреді.

Жарлық мәтіндеріндегі морфологиялық ерекшеліктерді сараласақ, қазіргі түркі тілдеріне қаншалықты алыс-жақындығы тіпті анықтала түседі. Мәселен, *-лық* қосымшасы екі түрлі формада *-лық, -лығ* түрінде қолданылған: *йарығ, тамғалығ*. Зерделесек *-лық* формасының жиі қолданығанын байқаймыз. *–Лық* қазіргі қазақ тілінде зат есім тудыратын ең өнімді жұрнақтардың бірі. Жарлық тілінде *-мадын,-мәдін* формасы көңіл аударарлық. Мәселен, *бітмәдін, қылмадын*. Қазіргі қазақ тіліндегі *болмайынша, келмейінше* дегендегі *майын(ша)* қосымшасының арғы түбі осы болса керек. А.Ибатовтың айтуынша, бұл тұлғалардың даму жолы мынадай: *-мадын,-мәдін, -майын, -мейін*[7, б. 36]. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *тұрған-тұғын-тын* тұлғаларының тарихи көзін ізерлесек хан жарлықтарындағы *–турған* формасына барып тірелеміз. Бұл сөз жоқ тарихи морфологиялық сабақтастықтың көрінісі.

Қорыта айтқанда Алтын Орда дәуірінің ресми тілі қыпшақ тілі болды. Бүгінгі тұрғыдан бұл тілдік жүйені **көне қыпшақ тілі** деп танимыз. Кейінгі қазақ хандығы тұсында көне қазақ тіліне негіз болған осы көне қыпшақ тілі. Ал байырғы қыпшақтардың бүгінгі заңды мұрагері қазақтар екені дауыссыз. Қазақстанның мемлекеттік тілі, қазақ тілі байырғы қыпшақ тілінің жаңа заманға сай өзгерген, дамыған, жетілген, өскен нұсқасы, заңды жалғасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекого Казахстана. —Алматы: Гылым, 1995.
2.Тизенгаузен В.Г. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы. 1 т. 1884.
3.Аджи М. Полынь Половецкого поля. —Москва: Новости, 2000.
4.Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сараи и его язык. – Алматы: Наука, 1975. -Ч. 1.
5.Мелиоранский П.М. Араб филолог о турецком языке. —СПб., 1900.
6.В.В.Вельяминов-Зернов «Материалы по для истории крымского ханства . Спб., 1864.
7.Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. –Алматы: Ғылым, 1983.

Аннотация. В статье дается широкий обзор историческим процессам эпохи Золотой Орды или Улуса Джучи, которая является значительным периодом в социально-политической, духовной и культурной истории казахского народа. Улус Джучи или государство Золотая Орда стали началом формирования Казахского ханства и государственной независимости Казахстана. Актуальность работы заключается в исследовании историко-культурных и языковых процессов той эпохи и процветания государства средневековья. Цель исследования – всесторонне доказать большую значимость для истории казахского народа средневековой государственной системы общественно-политической структуры средневековья, основанная на этническом и геграфическом единстве, а не на феодальной раздробленности. В тюркологической наукесреднетюркский период (X-XV вв.), определяется как определенный период, когда начался процесс формирования, интеграции, объединения и дифференциации казахскойнации из бесчисленного числа тюркских народов. Главным признаком культурных и языковых процессов во времена Золотой Орды являются письменные памятники, ярлыки на древнем кыпчакском языке. Данная письменность является главным источником казахского языка.

Ключевые слова. *Улус Джучи, Золотая Орда, древний кыпчакский язык, духовно-культурные процессы*

Статья написана в рамках проекта Комитета науки МНВО РК «Язык письменных памятниковСредневековья – мир духовных и культурных ценностей» (AP19679282).

Annotation. The article gives a broad overview of the historical processes of the era of the Golden Horde or Ulus of Jochi, which is a significant period in the socio-political, spiritual andcultural history of the Kazakh people. The Ulus of Jochi or the state of the Golden Horde marked the beginning of the formation of the Kazakh Khanate and the state independence of Kazakhstan. The relevance of the work is concluded of something the study of historical, cultural and linguistic processes of that era and the prosperity of the state of the Middle Ages. The purpose of the study is to comprehensively prove the great significance for the history of the Kazakh people of the medieval state system of the socio-political structure of the Middle Ages, based on ethnic and geographical unity, and not on feudal fragmentation.

In Turkic science, the Middle Turkic period (X-XV centuries) is defined as a certain period when it began the process of formation, integration, unification and differentiation of the Kazakh nation from countless Turkic people. The main feature of cultural and linguistic processes during the period of the Golden Horde were written monuments in the ancient Kipchak language. This writing is the main source of the Kazakh language.

Key words. *Ulus Jochi, Golden Horde, ancient Kipchak language, spiritual and cultural processes.*

The article was written within framework of Science Committee project MSHE RK «The language of writtenmonuments of the Middle Ages is the world of spiritual and cultural values» (AP19679282).

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Әбілсейіт Мұқтар – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Бүгінде Жошы Ұлысының тарихын зерттеу жаңа белеске көтерілді. Соның ішінде алып территориядағы қалалар, олардың заманында атқарған саяси-экономикалық, рухани-мәдени қызметтері жазба деректермен қатар археологиялық материалдармен толықты. Ортағасырдағы жазба деректер хронология бойынша атасақ 1320 жылғы «Тоскан анонимді сауда нұсқаулығы», XIY ғасырдағы Франческо Бальдуччи Пеголотти «Сауда тәжірибесі»,

1333 жылғы Ибн Баттутаның «Саяхаты», 1425 жылға дейінгі жазылған Ұлықбектың «Тарих-и арба ұлыс», 1436 жылғы Ибн Арабшахтың «Темірдің өміріндегі көргенділік ғажайыптары» (Әжаиб әл-мақдур фи наваиб әт-Тимур), XYI ғасырдағы Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі», «Қара Таварихы», 1542-1546 жж. Мырза Мұхаммед Айдар Дулаттың «Тарихи-и Рашиди» еңбегі, (1542-1546 жж.), 1602 жылғы Қадырғали Жалайырдың «Жами ат-тауарих» (Шежірелер жинағы), 1663-1664 жылғы Әбілғазының «Түрік шежіресі» және басқалар Сарайшық қаласының Жошы Ұлысында белді қалалары қатарында болғанын айғақтайды [1]. Дегенмен бұл еңбектер арқылы қаланы толыққанды тану мүмкін емес.

Аталған деректер ішінен екі еңбек Ұлықбек пен Әбілғазы ғана Сарайшықты Сайын (Бату) ханмен, Өтеміс қажы Берке ханмен байланыстырады [1]. Ал Әбілғазы Берке ханды жаза келе: «Одан соң құдай тағала бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты shahарына барды» деп анық көрсетеді [3, 115 б.]. Бұл деректер, біздіңше, қаланың XIII ғасырда өмір сүргендігін айғақтайды. Дегенмен XIII ғасырда Жошы Ұлысында Еділ бойында Батумен кездескен, содан 12 күн жүріп Жайық өзенінен өткен (жазбада Ягак – Ә.М.) Вильгельм де Рубрук «мы нашли большую реку, именуемую Ягак; она течет с севера, из земли паскатир, и впадает в вышеупомянутое море. Язык паскатир и венгров - один и тот же; это - пастухи, не имеющие никакого города; страна их соприкасается с запада с Великой Булгарией. От этой земли к востоку, по упомянутой северной стороне, нет более никакого города. Поэтому Великая Булгария — последняя страна, имеющая город. Из этой земли паскатир вышли гунны, впоследствии венгры, а это, собственно, и есть Великая Булгария» деп жазады [3]. М

Мұндай жағдайда жазба деректерге археологиялық материалдар жаңа ақпараттар қосады. Бұл мәселеге назар аударған Ә. Марғұлан 1950 жылғы өзі басқарған Сарайшықтағы қазба нәтижесін саралап, қала дамуының үш кезеңін көрсетеді. Олар XI-XII ғғ. моңғолдардың жаулап алғанға дейінгі кезеңі, XIII-XIY ғғ. Алтын орда кезеңі, XY-XYI ғғ. Ноғайлы кезеңі [4, 133 б.].

Кейін зерттеушілер алтынордалық қала құрылыстарының даму кезеңдерін кеңейте түседі. Мәселен ресейлік зерттеуші В.Л. Егоров жалпы алтынордалық қалалардың дамуының 6 кезеңін ұсынды. Оның анықтауы бойынша бірінші кезең XIII ғасырдың 40-шы жылдар, моңғолдар жаулап алғанға дейінгі ескі қалалардың қалпына келтірілуі және оларды пайдалануы; екінші кезең, XIII ғасырдың 50-шы жылдарының алғашқы жартысы, Бату хан билігі тұсындағы далалық аймақта қала құрылыстарының басталуы; үшінші кезең, XIII ғасырдың 50-шы жылдардың екінші жартысынан 60-шы жылдардың ортасына дейін, Берке хан тұсындағы қала құрылыстарының дамуы; төртінші кезең, XIII ғасырдың 70-шы жылдарынан XIY ғасырдың екінші онжылдығына дейін, қалалардың біртіндеп өсуі; бесінші кезең, XIY ғасырдың екінші онжылдығынан XIY ғасырдың 60-шы жылдарына дейін, Өзбек және Жәнібек хандардың тұсындағы қала құрылыстарының өрлеуі; алтыншы XIY ғасырдың 60-шы жылдарынан 1395 жылға дейін, қала құрылыстарының құлдыруы және тоқтауы [5, с.77]. Кейін Төменгі Еділ аумағындағы қалалар тарихын зерттеуші Ю.А. Зеленеев кейбір кезеңдерді қосып, қала құрылыстарының құлдыруы мен тоқтауы кезеңін XY ғасырдың соңына дейін созуды ұсынады [6].

Археологиялық зерттеулерді негізге алған зерттеуші Э.Д. Зиливинская Солтүстік Кавказ қалаларын талқылай келе «Маджар және Алтын Орданың далалық аймақтағы барлық қалалары: «были построены на «пустом» месте, не имели укреплений и столь четкого членения на части» деп көрсетеді [7, с.67].

1996-2000 жылдардағы ортағасырлық Сарайшықтағы қазба жұмыстарын жүргізген белгілі археолог З. Самашев қала дамуының **үш кезеңін** анықтайды.

Ерте кезеңі қала өмірінің алғашқы онжылдығынан басталады. Ол кезеңде шикі кірпіштен қаланың орталығына көп ғимараттар соғылған. Кейін қала ұлғая түскен. **Екінші**

кезең XIY ғ. екінші ширегінен басталады. 1330 жылдары Сарайшық өзінің кірпіштен соғылған орталық бөлігінде жүйелі түрде салынып шоғырланады. Қала аумағы батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы 2 шақырым, ені 600 м-ден асады. Қаланың гүлденген уақыты XIY ғасырға сәйкес келеді. 1330 жылдары Жайық өзені тасуымен ерекшеленді. Осыған орай қала тұрғындары тығыз орналасып, қаланы қайта жобалау жұмыстары жүргізілген. Бұл кезеңде халықаралық сауда-саттық дамыған, Қытай, Кавказ, Иран, Үндістаннан керуендер ағылған. Қазба барысында табылған жылтыраған ашық жасыл түсті селадон және өзге де ыдыстар, Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған әшекейлі құмыралар, құтылар, шамдалдар, Хорезм қазандары, қаратеңіздік сауда қаласы Трапезундтан әкелінген шарап, май құйылатын амфоралар және басқалар қаланың ерекшелігін аша түседі. Сарайшық шеберлері әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар жасаған. **Осындай ыдыстардың бірі Москваның Қызыл алаңдағы Мемлекеттік тарихи мұражайға қойылған.**

Ғалымның пікірінше, қаланың қиратылуына бірден бір себепкер Жошы әулетінің үш бұтағы – Орда Ежен, Шайбан, Тоқай-Темір ұрпақтарының өзара қырқысулары болса керек. Бұл кезеңде олар Сарайшыққа назар аударған. Мәселен, қаланы 1370 ж. Шайбан ұрпағы Айбек билеп, өз ақшасын соқса, кейін Орда Ежен ұрпағы Орыс хан билеген. Соңында оны Шайбан ұрпағы Арабшах иемденген. Дегенмен құрылыс тоқтамаған. Мәселен 1997-2000 ж. қазба барысында анықталған Сарай, болмаса, «Хан» тектес кешен (Хандар) құрметті қонақтарға, көпес-саудагерлерге, ғибадатшыларға, жиһангездерге салынған.



Болжаммен аталған құрылысты Орыс хан салған. XYII ғ. тарихшысы Ибн-Вали Орыс хан «Сығанақтағы ордасын Сарайшыққа ауыстырмақшы болды, медресе, ханака, мешіт тағы басқа да халық үшін көп құрылыстар салған» деп жазған.

Салынған кешендер үлкейе бастаған. Бөлмелер саны 40-қа жеткен. Дегенмен өзара бақталастық жылдары басталған соғыс дамуды тежей бастады. Бұл кезеңде үйлер, сарайлар, қоғамдық кешендер бұзылған.

Үшінші кезең XY-XYI ғғ. сәйкес келеді. Осы кезеңде шаһардың орталық бөлігі көлемі жағынан кішірейіп оңтүстік-шығыста Жайықтың Сорочинка деп аталатын саласына қарай жылжыған. Бұл кезеңде тұрғын үйлер көп бөлмелі болып салынған. Бөлмелер көлемі 4х5 метр оларда дәстүрлі тандырдан шығатын кандар қыздыратын, жатуға арналған суфалары бар.

Сарайшықта Сырдария өңіріне тән пештер де кездеседі. Үйлердің көлемі 20х12 метр. Бұл кезеңде Сарайшық Ноғай ордасының астанасы болды. З. Самашев Сарайшық XYI ғасырдың аяғында өзінің бұрынғы құдіретінен айырылып, шағын қонысқа айналды және 1580 жылы орыс казактарының шапқыншылығына ұшырады. Дегенмен ол содан кейін де көп уақыт бойы киелі жер болып қала берді деп тұжырымдайды [8, 25-31 б.].

Сонымен ғалымдар пікірін қорытсақ, Сарайшық қаласы дамуының кезеңдері археологиялық қазба нәтижелерімен үндеседі. Оның қала негізі қаланғанға дейін-ақ Жайық бойында тұрақтаған тайпалардың мекені болғаны да тарихи шындық. Ал қаланың қиратылуы барысын Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы соғыс нәтижесімен байланыстыру шыңдыққа жанаспайтындай. Өйткені соңғы археологиялық қазба жұмыстары алапат соғыс орындарын айғақтамайды. Бұл арада Шараф ал-дин Әли Йаздидің «Зафар-наме» еңбегіне сүйенген өзбек ғалымдарының пікірі қолдауға тұралық. Олар Әмір Темір әскерінің Жайық өзенінін жоғары жағынан Магнитогорск және Верхнеуральск аралығынан өткен деп есептейді [9, С.404].

Қала 1580 жылы казактармен талқандалған соң да өмір сүрген. Әрине қаланың бұрынғы саяси-экономикалық дамуы келмеске кетті. Өйткені Ноғай ордасының, Қазақ хандығының Еділ–Жайық аралығындағы территориясы Москва патшалығының отарлау аумағына алынды. Жайық бойы казактармен толыға бастады. Ноғайтанушы В. Трепавлов казактардың 1586 жылғы шабуылын сипаттай келе: «налет казаков на улусы в районе разушенного Сарайчика в 1586 г. и сопровождавшие его массовые убийства людей и угон скота. При нападении погибли два духовных иерарха - сеида, и угодила в плен сестра Уруса» деп жазады [10, С.121].

Сарайшық қиратылса да сейіт қожалар тұрақтап қалған. 1617 жылы Сарайшықтың бас сейіті ретінде Ибрагим аталады. Дегенмен ол жерден ноғайлар көше бастаған. 1630 жылы Қанай би аталарының Сарайшықтан салық алып тұрғанын Москва патшасына жаза келе, ол жердегі халықты өзіне бағындыруды сұрайды [11, С.791].

Бұл кезеңде ноғайларға жаңа қауіп шығыстағы қаламақтардан төнді. Ғалымдар пікірінше ноғайлар 1607 жылы алғаш рет Жем бойында қалмақтармен кездесті. Естерек би 1617 жылы орыс патшасына қалмақтардан талқандалғанын хабарлады. Кейін шайқастар жиілей түсті. Түбінде Үлкен Ноғай Ордасы Еділ өзенінің оң жағалауына көшті. Осылайша Сарайшық қирандылары қалмақтарға қалды.

З. Самашевтың тұжырымдары 2018-2023 жылдар аралығындағы қазба жұмыстарымен дәлелдене түседі. Мәселен 2021-2023 жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстары «Ханның» солтүстік батыс бағытынан жаңадан табылған ғимаратпен толыға түсті. Ғимараттың солтүстіктен оңтүстікке ұзындығы 50 м асады. Оңтүстік шеті әлі қазылмай топырақ астында жатыр. Сонымен қатар ғимараттан шығыс бағытқа созылған іргелі қабырға 6,5 м-ге ғана ашылды. Оның ұзындығы қанша екені анықталмаған. Батыс бағытқа да дәл осындай қабырға 8 м-ге созылып, қазбаның сыртына кетіп тұр. Қазбаның нысанын толық зерттеу үшін болашақта оңтүстік, батыс және шығыс бағыттарда кеңейтіп қазу қажет етіледі. Ғимаратты әзірге Сарайшықтан ашылған ең ұзын нысан деп санауға болады. Қоғамдық ғимараттың қызметі мен маңызы, сәулеттік-жобалық шешімдер, белсенді қызмет уақыты терең зерттеулерді қажет етеді. Әзірге, нумизматикалық деректер Өзбек ханнан бастап Тоқтамыс хан кезіне дейінгі Алтын Орда империясының гүлденуі, құлдырауы дәуірінен хабар береді. Қазба материалдарын сол кезеңнің саяси оқиғаларымен байланыстыра қарау керек. Табылған жәдігерлер: тиындар, кір тасы, керуен қоңыраулары, т.б. саудагерлер, саяхатшылар тоқтаған орын деуге негіз береді.



Дегенмен ғимарат негізі Алтын орда заманда қаланса араға уақыт сала Ноғайлы кезеңіндегі құрылыстармен толықтырылған. Оған ғимараттың №4 бөлмесіндегі – монша дәлел болады. Ол №3 бөлменің оңтүстігінен, №2 бөлменің батыс жағынан анықталды. Көлемі (СО-БШ) 4,5х5,3 м. Монша жанынан екі пеш орны анықталды. Бірі солтүстік қабырға бойына салынған болса, тағы біреуі шығыс қабырға бойынан анықталды. Олардан шыққан кан арналары бөлменің солтүстік-шығыс бұрышына созылған. Шығыс суфада ошақ пеш түріндегі құрылыс, қыш кірпіштерден тігінен дөңгелене салынған. 7 кірпіштен құралған, диаметрі 50 см. Ауыз қуысы батыс бағытқа қараған, ұзындығы 34 см, ені 17 см. Кан арнасының ені 20 см, аралық қабырғасының ені 15 см. Ауыз қуысы алдына қыш кірпіштер төселіп ташнау жасалған, көлемі 1,25х0,95 м (сурет. 40). Ташнау суағарына қызыл түсті үлкен қыш құмыра қойылған. Құмыраның ернеуінің диаметрі 24 см. Құмыра ернеуі үсті ортасына тесік жасалған қыш кірпішпен жабылған. Монша еденіне қыш кірпіш төселген. Бұл монша ноғай-қазақ кезеңіне қатысты, жеке үй-жайлық монша саналады [12].



Батыс қанаттағы №4 бөлме – монша көрінісі (Фото: Ж.Байғалиев)

Қазба барысында 52 ортағасырлық тиындар табылды. Олар Сарай әл-Жәдид, Сарайшық, Сарай, Қажы-Тархан, Самарқанд, Хуаризм (Хорезм) қалаларында соғылып,. Өзбек, Жәнібек, Мурид, Хызр, Қайыр Пулад, Тоқтамыс, Әмір Темірге тиесілі [12]. Табылған ақ түсті гүл бейнесі өрнектелген сырлы кашин ыдыс фрагменті, сырты жасыл сырмен сырланған аптекалық мақсаттағы ыдыс - альбарелло және басқалар қала мәдениетін көрсетеді.





XIY ғасырдағы Сарайшықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдауда нумизматикалық материалдар жаңа ақпараттар береді. Сарайшықтан табылған ең ерте тиын – 694 х.ж./1295 жылғы Хорезм дирхемі. Одан кейін, XIII ғасырдың соңындағы Тоқты заманында тибет әріптерімен жазылған Үкекте соғылған тағы бір күміс тиынды айтуға болады. Қолда бар деректерге қарағанда, Сарайшық ақша сарайындағы ең ерте тиын 763 х.ж./1361-1362 жылдар аралығында соғылған Мүрид хандікі, ал ең соңғысы - Тоқтамыстың тиындары.

Бұған дейін «Сарайшық ақша сарайының белсенді жұмыс жасағаны, онда Олжай-Тимур хан 770 х.ж. /1368 жылы, Полад-Қожа мен Ильбак хандар 775 х.ж. /1373-1374/ жылдары өз аттарынан күміс дангтар соға бастағаны...», - жазылған, ал осы уақытқа дейін бұл

эмитенттердің, «Сарайшықта өз ақша сарайының күміс тиындарының әзірге бірде-бір данасы табылмағаны» айтылады [13]. 2023 жылдың археологиялық маусымында №12 қазбадан Олжай-Тимурдың күміс дангы табылды. Бұл Сарайшықта көп жылдар бойы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде бірінші рет табылып отырған ақша.

Алтынордадағы аласапыран жылдары Сарайшықта Хорезм тиындары көбейді. Дегенмен Сарайшық Сарайдың экономикалық ықпалында қалды.

2022 жылы 7 шілдеде Сарайшық қалашығы орнындағы №1 қазбадан жаңа көмбе табылды. Барлық тиындар XIV ғасырдың күміс дангтары. Көмбенің құрамын зерделесек, оның бір бөлігін (шамамен, едәуір ауқымды бөлігін) ғалым нумизмат П.Н. Петров анықтады. Тиындар жоғарыда аталған ақша сарайларынан басқа Сарай әл-Махрус, Қырым әл-Махрус, Гүлістан қалаларында соғылған. Дегенмен тиындардың басым көпшілігі Сарай әл-Жәдид, одан кейін Гүлістан мен Сарайда соғылған. Дені Жәнібек хан атынан шыққан [14, 266-283 б.].

Ортағасырлық архитектуралық құрылыс дамуын белгілі дәрежеде «Хан моласынан» анықталған «элиталық» көрхана да анықтай түседі. Ескі Сарайшық зиратында орналасқан ноғай дәуірінің отбасылық жерлеу орнымен салыстырғанда бұл нысанның ішкі бөлігіне алебастр жағылған, құрылыс ерекшелігі де жоғары болып табылады. Көрхананың жалпы көлемі 4х4 м-ге тең. Көрхана еденіне қыш кірпіштер төселген. Кірпіштер өлшемі 22х22, 23х23 см. Көрхана қабырғасына алебастр жағылып, сылануы құрылыстың сапалылығын анықтайды. Кірпіш төселген еденнің болуы және қабырғалардың сылануы құрылысшылардың да жоғары деңгейін дәлелдейді. Біздің ойымызша, көрхана күмбезді жабылған.

Біздің ойымызды Сарай-Бату қаласын зерттеумен айналысқан маман Е. Пигарев: «Качество строительных методов и внутренней отделки, архитектура сооружения (его планировка, отличающаяся от обычных склепов типа гурхана) может говорить о высоком статусе погребенного в мавзолее человека. Вероятно, этот мавзолей может являться центральным захоронением на этом участке кладбища. А вокруг него (как вокруг священного места) могли устраиваться погребения более позднего времени. Еще раз повторюсь, строительные и отделочные приемы свидетельствуют о высоком статусе погребенного», кейін «Можно с полной уверенностью говорить о том, что мавзолей построен не ранее середины XV в и относится к постзолотоордынскому периоду» деп сипаттайды [15].





Көрхана сырты арнайы дайындалған сырлы тастармен әшекейленген болуы мүмкін. Олардың бөлшектері қазбада кездеседі, түсі көгілдір келген. Мұның өзі де көрхана құрылысына айырықша мән берілгенін көрсетеді.



Қорыта келгенде, археологиялық қазбалар, олардың материалдары Сарайшықты тануда жаңа ақпараттар береді. Соның ішінде антропологиялық материалдар, оларды зерделеу аса маңызды. Бұл бағытта «Хан моласынан», Қарағайлы қазбасынан алынған материалдар Германия зертханасына жіберілді. Оған қоса антропологиялық материалдар Литва Республикасына Вильнюс қаласындағы лабораторияға да жолданды. Мұның өзі алда үлкен жаңалықтар болатынына сенім ұялатады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша №

AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 б.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -208 б.
3. Гильом де рубрук->путешествие в восточные страны... // vostlit.info›Texts/rus3/Rubruk/frametext3.htm. 25.09.2024
4. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К. Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.
5. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. М.: Наука, 1985. – 245 с.7
6. Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. – 968 с.
7. Зеленеев Ю.А. Золотоордынские города Повольжья: возникновение, время существования и этнокультурная характеристика // История и современность, № 1, март 2010. С.113–122
8. Зиливинская Э.Д. Золотоордынские города Северного Кавказа по данным археологических исследований // Научные ведомости БелГУ. Серия История. Политология. Экономика. Информатика. 2010. № 7 (78). Выпуск 14. С.67
9. Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. -320 с.
10. Йазди Шараф ал-Аин Али. ЗАФАР-НАМЕ. Перев. со староузб., предисловие, комментарии, указатели и карта А. Ахмедова. – Ташкент: издательство журнала «SAN'AT»,2008. -486с.
11. Трепавлов В.В. «Орда самовольная» Кочевая империя ногаев XY-XYII вв. / В.В. Трепавлов. -3-е изд., испр. –М: Квадрига, 2015. -224 с.
12. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. -3-е изд., испр. и доп. –М.: Квадрига, 2020. -1040 с.
13. «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» (Қорытынды есеп). - Сарайшық, 2023. - 198 б.
14. Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Клады. Ч. II. // МАИАСП. 2023. №15. - 845-860 с.
15. Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 б.
16. Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. –Сарайшық, 2021.

1, 2 СЕКЦИЯ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТАРИХНАМАСЫ ПРИЗМАСЫНДА: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ ІЗБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖАҢА НӘТИЖЕЛЕРІ.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР (САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖОЙЫНША)

У.Т. Ахметова - тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ, Атырау қ.

Андатпа. Мақалада Сарайшық музей қорығы жанынан жүргізілген ғылыми жобалар зерттеулері нәтижелері баяндалады. Тақырыбымыздың **мақсаты** ғылыми зерттеулер барысында табылған елді мекендер мен қоныстар, қалалар туралы соны зерттеулермен ғылыми ортаны таныстыру. Осы мақсатта 2021-2024 жылдар аралығындағы зерттеу материалдары мен нәтижелері талқыланады. Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде ортағасырлық Сарайшыққа қатысты ғылыми зерттеулері қазіргі тарих және археология ғылымы **үшін өзекті** тақырыптардың бірі.

Негізгі сөздер: Қазақстан тарихы, Жошы Ұлысы, Сарайшық, Жібек жолы, керуен жолдар, керуен сарай, қалалар, далалық барлау экспедициялары, нәтижелер, зерттеулер

Кіріспе. Қазірде қазақ тарихы ғылымында ортағасырлық Жошы Ұлысы тарихы дәуірі жан-жақты саралап зерттеу ісі қолға алынуда. Жошы Ұлысының әлеуметтік-экономикалық дамуына Ұлы Жібек жолы торабында жатқан бірнеше қалалар роль атқарғаны мәлім. Соның бірі Сарайшық қаласы. Қазірде ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында Сарайшық музей қорығы ғылыми қызметкерлері зерттеулер жүргізуде [1].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланы жазудың әдіснамалық негізі тарихи принципке, жүйелілік пен пәнаралық зерттеу әдіс-тәсілдері жүзеге асырылды. Зерттеу материалдарына орындалған ғылыми бағдарлама материалдары пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы жанынан ұсынылған 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY ғғ.)» ғылыми бағдарламасы аясында бірнеше бағытта зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде ортағасырлық Сарайшық аумағында археологиялық қазба жұмыстары мен далалық экспедициялар қолға алынды. Қалаларды, ескі керуен жолдары мен керуен-сарайларды іздеу, тіркеу және зерттеу барысында үлкен жаңалықтарға қол жеткізілді.

Барлау жұмыстары барысында анықталған Канал, Шойтас, Ащысай-1, Ашысай мекені бойымен керуен жолдары жүрген деп есептелсе, Ащысай II, Бурабай, Көздіқара тұрақтары керуен жолына жақын орналасып, сауда айырбас жасай, сауда керуен жолы Жошы Ұлысы астанасына қарай жылжыған. Жайық жағасындағы Сарайшық қаласынан шыққан керуендер Ащысай, Бақсай, Бұғылөзек өзектері бойындағы тұрақтар арқылы, Жалтыр көлінің солтүстік жағымен жүріп отырып, Қызылүй елді мекені тұсынан Нарын құмына, тұщы сулы құдықтар тізбегіне бағыт алатын болған. Нарын құмының оңтүстігімен жүре отырып Қажы-Тарханға бағыт алса, Нарынды кесіп өтіп Еділ бойындағы Сарай-Бату мен Сарай-Беркеге жол жүреді. Әрі бұл аралықты өте аз уақытта, шамамен 8-12 күнде жүріп өтетіні деректерден белгілі. Сарайшықтан батыс бағытқа шыққан керуен аялдайтын алғашқы мекен **Ащысай мекені** Ащысай өзегі бойында орналасқан. Бұл жерде өте көп мөлшерде қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Қызыл қыш ыдыстар сыртына тік сызықты, ирек сызықты өрнектер салынған. Шығыр ыдыстарының бөліктері кездеседі, шамасы егіншілікпен айналысқан болса

керек. Қызыл қыш ыдыспен қатар, сырлы қыш ыдыстар да қолданылған. Сырлы ыдыстарда көк түс көп қолданылған. Олар кашин балшығынан қалыпталған. Сұр балшықты қалыпты қыш ыдыс сынығы кездесті. Метал, сүйек қалдықтары, бірнеше мыс тиындар табылды. Анықталған мыс тиынның бірі – Өзбек ханның соғылымы. Сарай қаласында 1321-1322 жылдары соғылған. Табылған олжалар қатарында қызыл түсті жүзіктің көзі бар. Диаметрі 1,1 см шық түрінде жасалған. Және бір жәдігер –төлкелі, үшқанатты сармат жебесі табылды. Бұл бойтұмар ретінде пайдаланылған болуы мүмкін. Саман тастан салынған ғимараттар орны анықталды. Қоныстың батыс жағында қазіргі заманғы қыстақ болған. Қоралардың орны мен иесіз қалған тұрғын үй бар. Осы қыстақтың шаруашылығы үшін ауыр техниканың көмегімен қазылған, күрелген шұңқырлар көп кездеседі. Қыш ыдыстар сынықтары қызыл түсті, көзе шарығында жасалған. Сыртына түзу, ирек сызықты өрнектер салынған. Шығыр ыдысының сынығы табылғанына қарағанда, бұл жерде өзектен су шығарып, егін суарумен айналысқан болса керек. Сонымен қатар 17 мыс тиын және жүзіктің көзі, темір қармақ, т.б. көптеген жәдігерлер табылды. Ескерткішке бірнеше шурф салынды. Мәдени қабат ескерткіштің орта тұсында 50 см шамасында екенін анықтады. Бұл жерді адамдар орта ғасырлардан бастап қоныстанған болса керек. 1861 жылы әскери топограф А.Алексеевтің хабарламасында: «Есть еще развалины построек, современные городу Сарайль-Джадиту, на речке Солянке, в 20 верстах от Сарайль-Джадита, по направлению на запад, не обнесенные валом» деген жазба бар. Бұл құландылар Ащысай өзегі бойындағы Ащысай мекені деп есептеуге болады [2, 128 б.]. Бағыты және қашықтығы бойынша сәйкес келетін тарихи ескерткіш осы ғана. Ескерткішке бірнеше шурф салынды. Жұқа мәдени қабат тек ескерткіштің бетінде екені анықталды.

Көздіқара тұрағы. Көздіқара ауылынан оңтүстік-батысқа 0,5 км. Бұғылөзек өзені бойынан мәдени қабаты бұзылған тұрақ орны анықталды. GPS координаты: N 47° 35,588'; E 51° 22,091'. Барлау нәтижесінде қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері шашылғаны анықталды. Өткен ғасырдың 70-жылдары шөп өсіру мақсатында жасанды көлтабан жасау кезінде тұрақ орны күреліп кеткен. Табылған қыш құмыраның түп жақ бөлігінен ыдыстың көзе доңғалағында жасалғанын байқаймыз. Түбі тегіс, сырты ангобталған. Сонымен бірге тұрақтың солтүстік-шығыс жағында құлап жатырған құлпытас табылды. Құлпытас тұтас құмды ізбестас блогынан жасалған, 1886 жылы қайтыс болған адамға қойылған. Құлпытас онша биік емес, төртбұрышты, жұмырланып аяқталатын баған түрінде. Тегістей бедерлеу және кескіндей қашау техникасымен өңделген. Бетіне эпитафиясы қазақ тілінде араб эпиграфикасымен жазылған. Тік орналасқан 6 рама-картуш ішіне орналасқан.Тұрақ орта ғасырлармен мерзімделеді.

Тасоба қорымы. Таңдай ауылынан оңтүстікке 20 км. N 47º 32,505'; E 51º 13,877' Бұғылөзек өзенінің солтүстік жағалауында ғимарат құландысы бар. Қызыл қыш кірпіштен салынған. Құланды биіктігі - 40 см, диаметрі - 25 м. Оны алғаш 2008 жылы «Атырау облысы тарих және археология орталығы» КМҚК анықтаған. Солтүстікке қарай 130 м-дей жерде бірнеше төбешік түріндегі жерлеу орындары - қорым орналасқан. Тасоба құландысы орта ғасырлармен мерзімделеді.

Жалтыр көлінің солтүстік жағы барланды. 1801 жылы Жайықтың оң бетіне қазақтарды көшірген Бөкей хан Нұралыұлының алғаш қоныстанған жері, үй-жайының орыны, осы жерде жерленген ханның анасы Аққолтықтың зираты бар. GPS координаты: N 47° 27,274'; E 051° 04,384' Бұл жерге мемлекет тарапынан ескерткіш белгі қойылған. Екінші тәулікте керуендер аялдайтын тұс осы маңда болуы тиіс.

Қызылүй қонысы. Исатай ауданы Қызылүй ауылынан солтүстік-шығысқа 500 м жерде құмды дөңде орналасқан. GPS координаты: N 47° 23,362'; E 050° 43,314' Құмды үлкен шағылдың оңтүстік жағына таман орналасқан көлемді ескерткіштің диаметрі шамамен 700 м-дей болады. Осынша аумақта қыш ыдыстар сынықтары, кремний мен кварцит тас жаңқалары, мал сүйектері шашылып жатыр. Ескерткіштің шығыс жағында көлемі 25-30 м аумақтың қалың мәдени қабаты түзілген. Бұл жерден керамика сынықтары жиналды, оның ішінде: қызыл қыш ыдыстың ернеулері, құлақтары, бүйір сынықтары бар. Ыдыстарға түрлі өрнектер салынған. Ернеулері тік және сыртына қайрылған боп келеді, айналдыра кертілген өрнектер жылжыта

отырып шаншу әдісімен салынған. Ыдыс құлақтары нүкте түріндегі өрнектермен сәнделген. Бүйірлерінде сызылған өрнектері бар. Ыдыстар жапсырмалы әдіс бойынша дайындалған, қыштың сапасы жақсы. Сонымен қатар, кремнийден жасалған қырғыш, пышақ, кескіш, ретушті жебе ұштары сияқты шаруашылық бұйымдары кездесті. Олардың басым көпшілігі пластина түріндегі жаңқалар боп келген. Осы құралдарды дайындайтын нуклеус тәрізді бөлшектер де табылды. Қоныстағы жәдігерлерге қарап неолиттен орта ғасырларға дейін адамдар мекендеген деп санауға болады.

Қызылүй қонысынан бастап Нарын құмы аймағы басталады. Бұл аймақта тұщы суы бар құдықтар жеткілікті. Керуендер осы құдықтар тізбегін бойлап сапарлайтын болуы тиіс.

Елді мекенднрді зерттеулер нәтижесінде Ащысай мен Қарағайлы мекендері, Күліш керуен сарай орнының ғылым үшін аса маңызы бар деп айтуымызға болады.

Жалпы 2021-2023 жылдары бағдарлама аясында бұрын анықталмаған алтынордалық 10 тұрақ, 2 мекен, 1 керуен-сарайдың есепке алынуы, Қарағайлы, Ащысай мекендерінде, Күліш керуен-сарайында магниттік зерттеу жұмыстарының жүргізілуі бағдарлама аясында нақты нәтижелерге нәтижелерге қол жеткізілді [3, 88 б.].

Бұл ғылыми зерттеулер 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» атты нысаналы бағдарламаның негізінде одан әрі жалғасын тапқан болатын. Осы жылғы зерттеуде Алтын Орданың қала мәдениеті ескерткіштерін Каспий аумағының қазақстандық бөлігіндегі бұрыннан белгілі ортағасырлық Сарайшық пен жаңадан анықталған қалалар мен қоныстар Ащысай, Қарағайлы тарихи-мәдени мұрасын кешенді зерттеу қолға алынды.

Қарағайлы мекені. Сарайшық ауылынан 20 км қашықтықта, Таңдай ауылынан 15 км жерде орналасқан Ащысай өзегінің қазіргі кезде кеуіп қалған арнасының бойынан, Қарағайлы деп аталатын жерден ірі елді мекен орны анықталды [4, 47 б.]. GPS координаты: N 47° 24,544'; E 51° 29,187'. Ескерткіштің аумағы шамамен 1000x1000 м. Беткі қабаттан мыс тиындар, моншақтар, қызыл, сұр балшықты, сырлы қыш ыдыстар сынықтары көп кездесті. Мал сүйегі мен метал, шыны қалдықтары да көп шашылған. Сәндік бұйым бөлшегі нефриттен өңдеп жасалған сәндік жапсырмалар табылды. Өзбек ханның атынан шығарылған бірнеше пұлдар бұл мекеннің сауда керуен жолында орналасқанына, ақша қатынасы, сауда нарығы болғанына дәлел бола алады.

Шығыр ыдысы сынығы өзектен су шығарумен айналысқанын көрсетеді. 2 қыш ыдыс тұтқасынан оны жасаған шебердің «айқыш» таңбасы анықталды. Сырлы қыш ыдыс сынықтарының ою-өрнегін безендіру «резерв» әдісімен салынғаны байқалады.

Сонымен қатар осы арадан аз мөлшерде тас еңбек құралдары жаңқалары да кездесті. Алғашқы Қарағайлы уақытын XIV-XVI ғасырларды көрсетсек [2,130 б.], ал биылғы археологиялық қазба жасалған қарағайлыдағы мавзолей оның XIII ғасырда қаланғанын айғақтады.

2024 жылғы тамыз-қыркүйек айларында бағдарлама бойынша ортағасырлық Қарағайлы қалашығы ескерткішінде археологиялық зерттеу жұмысы жалғасты. Ескерткіштің батыс жағына қарай дөңгелек пішінді төбешіктер орналасқан. Олардың бірінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қыш кірпіш пен саман кірпіштен аралас тұрғызылған ғимарат – мазар ашылды. Мұнда 6 жерленім орналасқан. Мазар екі бөлмелі ғимарат, солтүстік-оңтүстік бағытында салынған. Іргетас бойымен сыртқы өлшемдері: солтүстіктен оңтүстікке 11,45 м және батыс-шығыс бағытында 7,30 м болды. Кесене порталы оңтүстік жағында, ал портал бұрыштары пилястрмен жиектелген. Кіреберіс кіші бөлме - зияратхана көлемі 4,8x2,4 м. Төрге қарай орналасқан үлкен бөлме – көрхананың көлемі 4,8x4,8 м болды. Оның төбесі күмбезді жабылған болса керек. Бұл екі бөлме есік орны бар қабырғамен бөлініп тұр. Қабырғаларының қалыңдығы 1,25 м, сақталған биіктігі 80 см. 8 қатарға дейін кірпіштер қаландысы сақталған, кірпіштер сұрғылт топырақты балшық ерітіндісімен бекітілген. Қабырға сауытты қалау түрінде тұрғызылған: ішкі жағына саман кірпіштер қаланып, сыртқы беттерін қыш кірпішпен қаптап қалаған. Саман кірпіштің де, қыш кірпіштің де көлемдері бірдей: 25x25x5 см. Бөлмелердің едендері де осындай көлемдегі қыш кірпіштермен төселген. Ғимарат

қабырғаларының сыртқы жағынан іргетас бөлігінде екі қатар саман кірпіштен қаланған төсенішпен қапталған. Ол кірпіштер сұр түсті, қалыңдығы 9 см, ұзындығы 37-39 см. Порталда қалыңдығы шамамен 190 см болатын зияратханаға өтетін есік болды. Есік табалдырығының биіктігі 25 см сақталған. Портал қабырғаларының ені шамамен 160 см [4, 50 б.].

Көрхананың орталық бөлігінде 2 жерленім ашылды, ол ер және әйел адамдікі болды. Олардан төмен шығыс жағында жас бала жерленген. Жерлеу шұңқыры үстінде қыш кірпіштерден қабірүсті белгісі қойылған. Олар Батыс Қазақстан өңіріне тән үштас, бестас тәріздес сатылы пирамида пішінінде болғаны байқалады. Қабірүсті белгісінің батыс жақ іргесінде ақшыл саз қабатында қалыңдығы 5 мм-ге жететін көлемі 40х40 см майлы күйе қабаты жатқаны анықталды. Бұл шырақ жағу дәстүрінен қалған із деп топшыладық.

Сонымен қатар, тағы бір ескеретін жай, ескерткіш үстінен ортағасырлық материалдармен бірге тас еңбек құралдары, жаңқалар да кездеседі.

2023 жылы қазан айында Қарағайлы ескерткішіне магниттік түсірілім жасалды. Түсірілім магнитометр-градиентометр Foerster Ferex 4.032 құрылғысымен ескерткіштің 3 учаскесінде жүргізілді. №1 учаске 50-100 м аумақта белгіленіп, 0,5-1 м аралықта кескін бойымен жүріп отыру арқылы учаске түгелдей шолынды. Түсірілім нәтижесінде бұл учаске әр түрлі археологиялық нысандарға бай екені анықталды. Соның бірі №3 үй-жайдың құрылысы қызықты болды. Қазба жүргізуге осы жер таңдап алынды [5].

2024 жылғы тамыз айында аумағы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа 15 м, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа 20 м жерге қазба салынды. Қазба бағыты үй-жай қабырғаларымен бағыттас етіп қазыла бастады. Қазба алаңы 5х5 м шаршы секторларға бөлінген. Олар барлығы 12 сектор болды. Солтүстік-оңтүстік бағытында үш қатар шаршыдан, батыс-шығыс бағытында төрт қатар шаршыдан қазылды.


Алғашқы 10 см-дей күрек қабаты алынған соң шикі саман кірпішті қабырға сұлбасы көріне бастады. Одан әрі қазу барысында ғимараттың төрт қабырғасы анықталды. Бұл ғимараттың шығыс жағынан тағы бір іргелес бөлме ашылды. Бөлме қабырғалары кірпішінің құрамы осы жердегі топырақ құрамымен бірдей болғандықтан қабырғалар кірпіштерге тұздардың көп жиналуы арқылы анықталып отырды. Сондықтан да қабырғаларды анықтау кезінде олардың сылағы, беткі қабаты жиі қырылып кетіп тұрды.

Анықталған ғимараттың қабырғалары шикі кірпіштен соғылған. Кірпіштер күлгін түсті, балшық ерітіндісі ашық сары түсті келген. Кірпіш көлемі 40х20х8 см. Ғимарат екі бөлмеден тұрады. Батыс жағында үлкен бөлме және шығыс жағында кіреберіс кіші бөлме бар. Екі бөлмені бөліп тұрған қабырғаның оңтүстік жағында есік болған, есіктің ені 1 м. Кіші кіреберіс бөлмеге сырттан оңтүстік жағынан кірген. Есік орны оңтүстік қабырғаның шығыс шетінде ашылды, оның ені 0,65 м. Кіреберіс бөлме көлемі 2,15х2,5 м болса, төргі үлкен бөлме көлемі 7,5х8 м болды. Қабырғалардың орташа қалыңдығы 0,9-1,2 м шамасында болады. Бұзылулар салдарынан кей жерлері 45 см-ге дейін жіңішкеріп кеткен. Ғимараттың батыс қабырғасының орта бөлігі қалың келген, бұл жерде қабырғаны жартылай сфера түріндегі контрфорспен бекіткен болуы мүмкін. Егер бұл мешіт құрылысы болса, контрфорс ішке қарай шығыңқы михрабтың ролін атқаруы мүмкін деген болжам бар. Бөлме едені жер бетінен 80 см шамасында анықталды. Еден нығыздалып сазбен сыланған. Бөлмелер ішінен ешқандай құрылыс орны табылған жоқ. Заттай жәдігерлерден батыс бұрыштан екінші күрек қабатынан қорғасын бұйым, оңтүстік қабырға бойынан шыны моншақ табылды. Басқа жәдігерлердің бәрі ғимараттан тыс жерден алынды.

Анықталған ғимараттың шығыс жағынан көптеген шаруашылық мақсатта қазылған шұңқырлар ашылды. Шұңқырлардың барлығының қабырғалары тік, түбі тегіс келген. Іші саз топырақпен, қыш ыдыстар сынықтары мен мал сүйектері аралас толтырылған. Сонымен қатар, ірі балық сүйектері, сазан, бекіре тұқымдас балықтар қалдықтары көп. Ағын суда жүретін бекіре балығы сүйектері табылуына қарағанда, ерте кезеңде Ащысай өзегі Жайықтан ағып Каспий теңізіне құйылатын суы мол, ағынды болған болуы мүмкін. Тұрғындар балық аулау кәсібімен айналысқаны белгілі.

Кейбір шұңқырлар түбінде метал өндірісі шлактары, қатты күйген күл қалдығы бар. Олардан шлактармен қатар, сомтемір дайындамалары, қола бөлшектері шықты. Осы жерден метал құюға арналған ыдыс – отбақыр (тигель) табылды. Ыдыс пішіні жарты шар пішінде, биіктігі 3,7 см, диаметрі 5,7 см. Осының бәрі қалашықта метал өндірісі кәсіпшілігімен айналысқанын байқатады. Әзірге қазба аумағынан метал балқыту пештері, ошақ орны табылмады. Дегенмен, болашақта қазбаны кеңейтіп, аталған нысандарды іздестіруді ұсынамыз.

Қазбадан ондаған мыс тиындар табылып, атрибуциясы анықталуда (сурет.1). Өңделген асық сүйектері кездесті. Сонымен қатар, қазбадан шығарылған топырақ арасынан қоладан сәндеп жасалған жапсырма мен тоға табылды. Көп мөлшерде қызыл түсті қыш ыдыстар сынығы шықты. Олардың арасында шығыр ыдысының сынықтары мен құмандардың шүмектері көп кездеседі. Ортасына тесік жасалған қыш ыдыс фрагменттері ұршық үшін дайындалған болса керек. Сырлы қыш ыдыс сынықтары біршама аз кездеседі . Сырлы ыдыс ішінің түбіне гүлді өрнек безендірген. Ақ фонға қою көк, алтын түсті түспен безендірілген ыдыс сынықтары кездесті. Талькохлорит минералынан жасалған ыдыстың 2 фрагменті кездесті. Бұл әдетте Хорезмнен келген бұйым саналады. Талькохлориттен жасалған ыдыста піскен тамақ ерекше дәмді болуымен белгілі болды. Қола бұйымдар бөлшектері арасынан дискі тәріздес бөлшектерімен жамалған детальдар бар.



Сурет 1- Ескерткіш үстінен табылған мыс тиындар

Қорытынды. Қарағайлыда анықталған ғимарат мешіт құрылысы немесе керуеншілер жүгін сақтайтын қойма болуы мүмкін деген болжам бар. Ал, ғимараттан шығысқа қарай метал өңдеумен айналысқан кәсіпшілік болған болса керек. Көп мөлшерде метал шлактары, сомтемірлер, қола, қорғасын бөлшектері, отбақыр ыдысы табылуы осы ойға негіз болады.

Шығыр ыдыстары сынықтары, бекіре, сазан, жайын секілді ірі балықтар сүйектері Ащысай өзегінің суы мол болғанын байқатады.

Нумизматикалық материалдар көбіне керуен жолындағы елді мекендерден табылады. Қарағайлы қалашығы анықталғаннан бері 30-ға жуық тиындар табылды. Бұл ақша қатынасы тұрақты болғанын көрсетеді.

Сырланбаған қыш ыдыстар осы қалашықта жасалған болуы мүмкін. Оларға шеберлер өз таңбаларын салып отырғаны байқалады. Сырлы қыш ыдыстар аз кездескеніне қарағанда, олар керуендер арқылы келген тауарлар болса керек.

Жалпы айтқанда, Қарағайлы қалашығына жүргізілген алғашқы қазба нәтижелері, қалашықтың ортағасырларда керуен жолының Сарай-Бату – Сарайшық маршруты арасындағы

маңызды бекеті болғанын көрсетеді. Сарайшық аймағындағы (оазисіндегі) ірі қалалардың бірі болған деп санауға болады.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізіліп келе жатқан №3 қазба жұмысы нәтижелеріне тоқталсақ, ғимараттың солтүстік шеті анықталды. Ұзын шығыс қабырға №8 бөлменің шетінен үзіліп, ішке кіретін есік орны пайда болды. Ғимарат әр кезеңде жаңартылып, құрылысына өзгерістер енгізіліп отырған. Көлемі, ішкі құрылысына қарағанда жай тұрғын-жай емес, қонақ қабылдау қызметін атқарған қоғамдық ғимарат деген болжам ұсынамыз [4, 78 б.].

Ғимараттың құрылысы 2023 жылы қазба жұмысы оңтүстік бағытта жалғасты. Сонымен №6 қазбадағы археологиялық жұмыстар әлі де жалғасуда. Көп мөлшерде қыш ыдыстар сынықтары мен мал сүйектері табылды. Анықталған нумизматикалық жәдігерлердің бір бөлігі тазаланып, нумизмат маманға жіберілген. Жартылай сақталған сырлы қыш ыдыс табылды (сурет.2).



Сурет 2- Қазбадан табылған сырлы қыш ыдыс

Қазба жұмыстары F2, G2 секторларына кеңейтілді. F1 секторының солтүстік-батыс бұрышынан күйген қызыл кірпіштен қаланған құрылыс орны анықталып, оны толық ашу мақсатында қазба F2 секторына жалғасты. Нәтижесінде төбесі арка тәріздес жабылған құрылыс нысаны ашылды. Құрылыс кірпіштері ақ алебастр балшық ерітіндісімен бекітіліп қаланған. Жұмыстар барысында бұл көрханаға кіретін дромос құрылысы екені анықталды. Ашылған көрханада 12 адам жерленген. Көрханаға дромос арқылы оңтүстік-шығыс жағынан кірген. Көрхана еденіне қыш кірпіштер төселген. Қазбадан анықталған көрхана құрылысы сәулеттік ерекшелікке ие. Оның үсті аркалы күмбезделіп жабылғаны анықталды. Бұл тәсілмен жабылған құрылыс бұрын Сарайшықта кездеспеген. Оны зерттеу қала тарихына жаңа ақпараттар береді деп үміттенеміз [6;63]. Сондай-ақ, қазба аумағындағы цитадель жалы, цитадел ішіндегі тұрғын-жайлар туралы мәліметтер алу маңызды деп есептейміз.

Қорыта келгенде, «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында 2024 жылы Сарайшықта табылған элиталық мазардағы материалдарға антропологиялық зерттеу жұмыстарын антрополог Айкүміс Райсова жүргізді, есебі дайындалуда және ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері Әли Сералиев Сарайшық ескерткішінде ортофототүсірілім жасауда. Сонымен қатар, Литва Республикасы Вильнюс қаласына Сарайшық, Қарағайлы мекенінен 5 материал «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері

тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы қаражатымен радиокөміртегі әдісімен жасын анықтауға жіберілді. Қорыта келгенде, қазіргі таңда Сарайшық және оның айналасындағы мекендердегі жаңа зерттеулер жолға қойылғанын, алдағы уақытта жалғасын табады деп айта аламыз.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ЖТН BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ушқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М, Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлар және керуен жолдары (XIII-XYIғғ.) Кітап. –Алматы: «Болат Медиа» мекемесі, 2023.-148б.

2 Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары мен керуен жолдары (XIII-XYIғғ.) Авторлық монография. – Алматы: «Болат Медиа» мекемесі,2023.-158б.

3 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының жылдық есебі (қорытынды есеп). Ғылыми жетекшісі У.Ахметова – Сарайшық, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. -198б.

4 Ахметова У., Мұқтар Ә.Қ., Қасенов М.С., Ерназаров Ж., Имашев Э.Ж., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж., Байгалиев Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі. -Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2022. – 191 б.

5 Пушкарев А.А. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: «Магнитная разведка на археологических памятниках в окрестностях средневекового города Сарайшык». -Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. – 32 с.

6 «Алтынордалық Сарайшық, Ушқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының аралық (жарты жылдық) есебі. -Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2024. – 107 б.

ЖАЙЫҚ БОЙЫН ОТАРЛАУҒА ҚАРСЫЛЫҚ: МАХАМБЕТ ПЕН МҰРАТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Ахмет Аққали Қабижанұлы– тарих ғылымдарының докторы, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Жан-жақты ғұлама ғалым Х.Досмұхамедов 1924 жылы Ташкентте жазған «Аламан» атты мақаласында: «Қазақтың орысқа бағынбастан бұрынғы тарихы айнадай болып әлі ашылған жоқ. Сондықтан тарихтың сөзі әдебиетке сәйкес келе ме, келмей ме – күмән нәрсе», - деп жазды [1, 21 б.].

Х.Досмұхамедов еңбектерінде қазақ халқының отаршылдарға қарсы күресін, ел мен жер үшін, әсіресе Еділ-Жайық үшін жан беріп, жан алысқанын терең жеткізе білді. Ол былай деп жазған болатын: «Өткен жүз жарым жылдардағы Кіші жүздің тарихы қанмен жазылғандай деп айтса болады. Бір жағынан, басын қорғап патша хүкіметімен арпалысу, патша хүкіметінің құралы болған орыс-казактарымен жауласу, екінші жағынан, қонысқа таласып естек, қалмақ, түркіпен секілді көршілермен жауласу, үшінші жағынан, өзара ру таластары – Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады» [2, 29 б.].

Сонау XVIII ғасырда Кіші жүз ханы Әбілқайырдың: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қырғыз (қазақ А.А.) халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені мұндай

жайлы жерді олар еш жерден таппайды» деп жар салып, кезінде патша үкіметіне жіберген хатындағы үзілді-кесілді мәлімдемесі кейінгі жылдары өзінің ақиқатын толық дәлелдеді [3, с. 66]. Өлкеміздегі талай тарихи оқиғалар Ақжайықпен байланысты өрбейді. Алуан-алуан шежірені түбіне тұндырып жатқан Ақжайық Атырау өңірінің мақтанышы құт-берекесі, тіршілік өзегі. Осы жөнінде Асан Қайғы мен Сыпыра жыраудан бері талайлар ән шығарып, күй толғаған. Ақындар өлең арнаған. Махамбет Өтемісұлы хан жасағынан қуғын көріп, тарығып жүргенде: Айналайын Ақжайық,

Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік Ақорда,
Еңкеймей кірер күн қайда?-деп аңсайтын Жайық өзені [4, 66 б.].

Бұны орыс-казактар алып, қазақты ата қонысынан қуып шыққанда Мұрат ақын Мөңкеұлы: Еділді келіп алғаны,

Етекке қолды салғаны,
Жайықты келіп алғаны.
Жағаға қолды салғаны, - деп зар төкті.

Ығылман Шөрекұлының Исатай-Махамбет дастанында:

Түн ортасы болғанда,
Жаманқала аузынан
Қаптаған қолға қарсы өтті
Жаудан қайтар ер ме еді?!
Алды-артында қамаудан
Аман-есен өткізіп,
Сапарын алла жөндеді, - деп жырланады [5, 125 б.]. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс хан мен патшаның біріккен жасағынан жеңілгеннен кейін, жан сақтап ығысқан олардың шағын тобы 1837 жылдың 13 желтоқсанында осы жаңа қатып жатқан өзеннен ат пен түйелердің аяқтарын буып байлап, мұзға киіз төсеп өткен екен. Кезінде Исатай-Махамбеттің «көпірі жоқ Ақ Жайық, атын жалдап өткен жеріне» (Мұрат Мөңкеұлы) ескерткіш белгі қойылған.

Дауылпаз ақын Махамбеттің өмір жолы халық тарихының соның ішінде орыс отаршылдарымен Жайық үшін жандасқан елеулі кезеңдерімен тығыз байланысты. Оның «Кел, кетелік», «Мінкен ер», «Әй, Махамбет жолдасым», «Істеген ісім кетті далаға», «Күн қайда?», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқан сөзі», «Адыра қалған Нарынның», «Мен Нарыннан кеткенмін» атты өлеңдерінде құтты қоныс болған Жайық өзенінің халқы үшін зор маңызы бар екіндігін өлеңдеріне қосып, ерекше толғап, жыр төккен. Отаршылдармен соғысып жүргенде туған жердің, атамекенінің нышаны ретінде Жайықты жырлауы Махамбеттің жырларының өн бойынан байқауға болатындығы. Мысалы:

Уа, Иса-еке, Иса-еке,
Кел, кетелік, кетелік,
Кетіп бір Жайық өтелік.
Атаның жұрты хазірет
Басына зират ететік, - деп жырына қосты. [4, 35 б.].

Немесе

Істеген ісім кетті далаға,
Қашан өтіп шығам деп,
Қайғырамын мен-дағы,
Жайықтың арғы далаға.
Басқа қысым түскен соң,
Қайырылмастай күн болды
Қатын мен балаға.
Барсаң сәлем айта бар
Ата мен анаға.
Жаудан аман жан қалса,

Қара орман малым садаға [4, 60 б.] – дей келіп,
одан әрі былай деп төкпелейді:

Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де жайлармыз.
Күлісті сынды күреңді
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қамалаған көп дұшпан
Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз [4, 69 б.].

Бұл атам заманнан келе жатқан халық үшін жайлы жерді жауға бермеу идеясы болатын. Ол жайлы жер – Жайық болатын. Бұл Махамбеттің арман мұраты еді. Осы сарынды «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқан сөзі» өлеңінен де байқаймыз: Еділді көріп еңсеген,

Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан шұбар біз едік.
Исатайдың барында,
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабытымыз келгенде,
Ерегескен дұшпанды
Шетінен сүйреп жеп едік.
Баста дәурен тұрғанда,
Біздер-дағы Байеке,
Оза көшіп, кең жайлап,
Еркінннен еркін жатқан ел едік, - деп. Анталаған жау бой көтерсе, ең алдымен жерге көзі түсерін ақын дөп басып жырлады:

Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық
Қиғаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік.
Теңдікті, малды бермедік.
Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруға,
Жағасы қорған жай еді-ау.
Жай қоныстан айырлып,
Мен бір қаңғырып жүрген қарашың [4, 94-96 б.б.]. Бұл өлең жолдарынан ұлы даланың тулақтай бөлігі үшін қан төккен қазақ үшін ел мен жер – бір ұғым екендігіне көз жеткіземіз.

Адыра қалған Нарынның
Жайық деген суы бар.
Жағасында жары бар,
Қабағында қары бар [4, 114 б.].
Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында
Ағыны қатты Жайықты
Тіземмен өткенмін [4, 120 б.]. Ақын атамекенді тастап, үдере көшуін патша өкіметінің отарлау саясатымен байланыстырады.

Ел мен жұрттың тағдыры, өзінің ауыр халі, қайғы мен мұң зарын Жайықпен байланыстырады: Сырлы зерең аяқпен

Бал ұртаған ер едім.

Бір уақыттар болғанда.
Көктей өтіп Жайықты,
Бір қасық ішкен қара су
Жұмасына ас қылдым, [4, 43 б.]. -

«Мінкен ер» өлеңінде:

Мінкен де мінкен, мінкен ер,
Бұ секілді неткен ер?!
Көлденең жатқан Жайықтан
Құралайдың күнінде
Еркек қойдай бөлініп,
Қырқаланып өткен ер, - деп жырлайды [4, 48 б.]. Махамбеттің өлеңдері барша өрлік пен ерлік қуатымен еркіндік пен теңдікті, ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, қуат, күш берді.

Х.Досмұхамедовтың Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқыған «Қазақ халық әдебиеті» атты баяндамасына назар аударсақ. Жайық, Жем, Ойыл, Еділ үшін болған тарихи оқиғалар мен күрестерге ерекше мән бергенін аңғаруға болады. Ол былай деп жазды: «Қазақ халқының тарихын зерттеуде болжалдық өлеңдердің маңызы зор. Мәселен «Асан Қайғы» толғауларының мына бір үзіндісі қазақ ханы Жәнібектің (XV ғ.) Шу өзені маңына кетіп, «қазақ хандығын құрған соң қайтадан Алтын Ордаға (Сарайға) оралып, Мәскеу хүкіметімен қандай да бір жең ұшымен жалғасқанын меңзейді». Ойын былайша түйіндейді. «Қырында киік жайлаған, суында балық ойнаған» Жемнен, «Ойыл көздің жасы еді» сол Ойылдан елді көшірдің, «Еділ деген қиянға, Еңкейіп келдің тар жерге» деп жырына қосады.

«Мұрат ақынның сөздері» Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат мақаласын 1923 жылы жазған. Мұрат ақынның өткен шежірені жақсы білетін және халықтың мұңын, елдің зарын айтқан әлеуметшіл ақын екеніне ерекше тоқталады.

Тарихтан белгілі, 1867-1868 жылдары жүргізілген патша үкіметінің сайқал реформасы нәтижесінде қазақ жерлері толығымен алпауыт, аш көз Ресей империясының отарына айналып Жайық өзенінің бойына орыс-казактары мен қарашекпенділері орналасып, Бақсай, Карманово, Топайлы, Зеленый, Кулагино, Гребенщиково, Горы, Калмыково, Антоновка т.б. орыс-казак әскери бекіністері салынып, мұздай қаруланған патша үкіметінің құлақ кесті құлындай болған орыс-казак әскери бөлімдерімен толықтырылды. Осы аталған ірілі-уақыты бекіністер патша үкіметінің Жайық бойын толық отарлауының тірегі мен күш-қуаты болды. Бекіністерге орналасқан отарлаушы орыс-казактар Жайық бойының байлығын еміп, еркін талан-таражға салумен және халықты тонаумен айналысты. Орыс-казактардың жөнсіздігі жөнінде А.К.Гейне былай деп жазды: «Өздерінің тонаушылығы мен зорлық-зомбылығы арқылы олар қырғыздардың (қазақтар А.А.) бойында бүкіл орыс халқына деген өшпенділік орнатты».

Халықтың қуанышы да, қасірет-қайғысы да, ең алдымен, ақынның жүрегін жарып өтетіндігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Патша үкіметінің отарлау саясатының мәнін түсінген сұңғыла ақын – Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906 жж.). Қазақ әдебиетінде Мұрат Мөңкеұлының алатын орыны ерекше.

Мұрат – жезтаңдай шешен, әрі жырау, төгілген төкпе ақын. Мұсылманша сауатты, дәуірінің алдыңғы қатарлы азаматы болған. Халқының басына түскен замана ауыртпалықтарын көре де көрсете білген, шынайы азаттықты аңсаған халық ақыны болды. Мұрат Мөңкеұлы қалдырған мұраларға көз салсаң, оның творчествосына кең арналы, сан-салалы ақын тұрғысынан қараймыз да, патша үкіметіне, отарлау саясатына деген ақынның тарихи-саяси көзқарасына терең бойлап бара бермейміз. Оның белгілі бір себептері де бар. Кезінде тарихқа, әдебиет пен өнерге үстемдік еткен коммунистік идеология, солақай саясат жұртшылыққа Мұрат Мөңкеұлы мұраларын идеялық жағынан өте зиянды шығармалар ретінде таныстырып келді.

Ақын шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі – патша үкіметінің отарлау саясатына ашық қарсы шығуы. Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Қазтуған», «Сарыарқа» толғау-дастандарындағы негізгі идея – азаттық идеясы. Мысалы

Ақ борықтай иілген
Кейінгі туған баланың
Ұстайма деп білегін,
Шаяма деп жүрегін
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып
Бұзама деп іреңін
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін.

Мұрат ақын ел жерінен, тәуелсіздігінен айырылып қана қоймай, болашақ үміттен де ада болғалы тұр деп бағалай білген. Міне Мұрат Мөңкеұлы мұраларының маңызы сонда деп білеміз.

Зеңбірігі жер қопарған, от оқты қаруы бар патшаның баскесер шапқыншыларына қарсы тұру, ел қорғау мүмкін болмаған кезде азаттық жыршысы Мұрат Мөңкеұлы өз өлеңдерімен халықтың қайғы-қасіретін, бостандыққа ұмтылатынын шебер көрсете білді. Отарлау саясатының мәнін өлеңдерінде толық ашты, өзінің сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға көзқарасын ашық та еркін білдірген бірден-бір ақын екендігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Мына өлеңдерінде отарлау саясатының бет-пердесін ашып көрсете білгенін нақтылай түседі.

Еділді келіп алғаны
Етеке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды келіп алғаны
Ойындағысы болғаны.

«Үш қияның» отаршылдыққа түскен елдің азалы түйін-тұжырмы осы немесе

Кәпірлер қала салады...
Ерімді алса елді алар,
Енді алмаған нең қалар
Жайықты алса жанды алар
Жанды алған соң не қалар!

Ол патша үкіметінің 1867-1868 жылдары жүргізген реформасының мәні мен мақсатын айқын түсінгенін жоғарыдағы аталған толғау-поэмаларында дәл тауып, басып айтқан. Ұлан-ғайыр шұрайлы далаға патша үкіметінің ашкөздене тап беруі ақынның ыза-кегін оятып, толғау болып төгілген. Мұраттың өмір сүрген заманынына келетін болсақ Х.Досмұхамедов: «Мұраттың заманы – бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман. Патша хүкіметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заман» деп сипаттады [1, 154 б.]. Оның жарқын мысалы ақынның «Үш қиян» толғауының өн бойында тұнып тұр [6, 288 б.]. Мысалы

Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы – майлы қиян,
Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян,
Адыра қалғыр, Үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан
Жеті жұрт кетіп жол салған.
Жеті жұрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?
Адыра қалғыр, көк Жайық.
Көпір салып өткен жер.
Адыра қалғыр, көк Жайық,
Садағына сала байланып,

Астана жұртын айналып,
Ерлерім еңсеп келген жер.
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Ақтылы қойдың өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп,
Қызығын жұртым көрген жер [6, 8-9 б.б.].

* * *

Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Жайық пен Еділден,
Сағыз бенен Жеміңнен.
Тастан көпір салдырып,
Тайсойған мен Қарабау
Мекен еткен жерлерің.
Шалқып жатқан көлдерің.
Елек пенен Жайықтың
Екеуінің арасы,
Бесобаның даласы –
Айсаның ұлы Әнеттің
Дұшпанды қырып алған жер,
Қылыщын қанға малған жер! [6, 13-14 б.б.].

* * *

Еділ-Жайық екі су
Бұл қазақтың жері еді,
Исатай мен Махамбет
Аруақты туған ер еді [6, 18 б.].

Мұрат Мөңкеұлы «Әттең, бір қапы дүние-ай!» өлеңінде Жайықты Жайықбай деген байдың қонысы еді жырлаған:

Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Западная часть городища имеет значительное отличие в системе вскрытых помещений, и четко прослеживается планировка жилого комплекса, внутри которого можно выделить многочисленные компактно расположенных дома, с вымощенными улицами и дворами, а также с центральной канализационной системой. Подобные планировки домов датированы золотоордынскими периодами XIII-XIV вв. [23, с. 95,133,191]. Среди них обращает на себя внимание домашняя баня горожанина (пом.10). Такое сооружение в Хорезме зафиксировано не впервые. Так, в сельских поселениях Кават-калы, Шехрлика [7, с.83,) Куня-Ургенче [8. с.479] были открыты ванные комнаты. Однако, Джанпык-калинская баня по своим размерам и богатству внутреннего убранства превосходит ранее открытые. Несомненно, это остатки квартальной бани, сооруженный для зажиточных слоев городского населения.

Отличительная характеристика бани на Джанпык-кале в раскопе № 2 (пом. XIII), у южной крепостной стены, относящийся к слоям хорезмшахского времени характерна тем что отделена от основного жилого помещения суфообразным выступом. Полностью выложена жженными кирпичами, поставленными на ребро и оборудована резным углубленным ташнау, на котором был найден золотой динар с именем Мухаммеда Хорезмшаха II [15, с.150, рис.1,1]. Рядом с банной комнатой расположена просторное помещение с очагом по центру. Восьмиобразный керамический очаг слегка углублен и его внешнее пространство облицовано резными жженными кирпичами в виде площадки, вокруг которого вероятно клались угли и могли греться обитатели дома. Вокруг мощенной площадки сохранились остатки гладкого деревянного окаймления по его внешнему периметру.

Подобного рода очаги с облицовкой, состоящих из аккуратно сложенных кирпичей, служившие не только для обогрева помещения, но и для приготовления пищи, широко известны среди раскопанных усадеб и домов характерных хорезмшахскому времени на Каваткалинском оазисе [23, с. 80-81, рис.43].

Известно, что очаги-площадки среди хорезмийских построек известны еще начиная с VI-V вв. до н.э. (Кюзели-гыр, Койкрылган-кала); в кушанских и афригидских постройках прямоугольный очаг-площадка занимал середину квадратных помещений жилого и парадного типа. Очаги-площадки имели не только бытовое, но и культовое назначение [27, с. 141-142].

Обнаружено отличительное своеобразие в золотоордынской застройке, где среди жилых помещений обнаруживается небольшая ремесленная комната. В помещениях №11 (4х6м) обнаружена большая печь, диаметром устья – 43см, использованный хум с разбитым дном. Внутри которого находились остатки золы, фрагментов каменных бусин, шлаков стеклянных вкраплений. Стенки печи имеют зеленоватые подтеки. На полу также обнаружены бронзовые и медные украшения, заготовки бронзовых зеркал. Также помещение выделяется большим количеством битой керамики, зольных пятен, угольков, обуглившихся костей, что позволяет определить ее как мастерскую ремесленника, вероятнее всего – ювелира, изготавливающего различные украшения из стеклянной пасты, керамики, бронзы.

Раскопки жилых кварталов западной части показали на наличие изменение форм и назначении очагов. Количество и размеры помещении становятся гораздо большими по сравнению с помещениями у южной крепостной стены, и вероятно поэтому стали служить не только для приготовления пищи, но и для отопления. Практически во всех помещениях домов существуют т.н. сандалы, заменившие земляной очаг. Сандалы с перегородками служили для хранения золы. К сожалению, нам не удалось зафиксировать наличие светодымовых отверстии и их характерность. Однако не исключено их присутствие.

Особо выделяется помещение №23. Пол помещения тщательно выстлан шлифованным камнем и отличается чистотой. В юго-западном углу сохранился обработанный мраморный столб с отшлифованным верхов и рядом же вкопанный в землю небольшой серо-глиняный

хум, внутри которого обнаружено стеклянная лощило - «мореташ». А.Алиакберова локализует его как мастерскую по лощению и обработке тканей, к тому-же, здесь же выявлены остатки тканей и ниток, астрагалы и множество косточек персиков [2, с.130-132].

Безусловно, описываемый квартал является ремесленным, по производству в основном, металлических изделий на Джанпык-кале, свидетельством чему являются находки специальных печей в помещениях для плавки металла, металлические шлаки, крицы с вкраплениями меди. Кроме того, в данном комплексе выплавлялись изделия из стекла. Производилась обработка тальковых изделий и тканей, одежды – лощением.

Время существования квартала определяется медными монетами 1370-1371гг, чеканом Хорезма. Объемы домов и их расположения свидетельствуют о том, что они были предназначены для больших семей. И тем самым, на вскрытой области северо-западной части Джанпык-калы можно наблюдать явное выделение двух комплексов – ремесленного и жилого кварталов.

Несмотря на своеобразие и различия градостроительных приемов Джанпык калы, все же остаются сложности в прослеживании интенсивности обживания западной территории Джанпык-калы в XII-XIV вв., и создают большие трудности в четком разделении прослоек между двумя этими горизонтами. Так как последние горизонты строительства практически были слиты с ранними слоями, и в большей степени оставались разрушенными в эпоху Золотой Орды.

Таким образом, исследования показали, что постепенное изменение условии строительства и ведения хозяйства были вызваны помимо природно-хозяйственных условий еще и общими этническими традициями населения.

Более скрупулезное сравнение застроек культурных слоёв восточной и западной частей Джанпык калы фиксируемых периодами XI-нач. XIII вв. и XIII-XIV вв., всё же прослеживается динамика градостроительства, опиравшаяся на экономическое благосостояние людей. В Золотоордынских слоях отчетливо вырисовывается картина наибольшего спада жизни в городе. Размеры и планировка помещении перестают иметь четкие грани и назначения, отсутствуют изящно выложенные кирпичные кладки, больше используется местный необработанный камень – амфиболит. Ремесленные помещения порою используются внутри жилого квартала и не имеет определенных разграничении.

Однако, несмотря на это, постепенно стала складываться традиционная форма жилища характерная для XII-XIV вв, и которая присуща именно для народов, проживающих на побережье Амударьи. Здесь следует вспомнить О.Г. Большакова, который пишет: «Археологически зафиксировано интенсивное строительство в XI – XII вв. крепостей на границах оазиса и возникновение новых городов. Впрочем, размеры последних очень невелики. Из всех этих городов (Гульдурсун, Кават-кала, Дауда-кала, Джанпык-кала) только Гульдурсун может быть назван городом, остальные – крепости. Городище Шахрлик, отождествляемое с Яны-шехром, занимает 15 га и не имеет укреплений, Ярбекир-кала – крохотный городок (4,8 га) на территории античного поселения» [5, с.176].

Характер расселения крупными компактными поселками, планировка жилищ, подводит нас к мыслям и дают основания полагать, что ирригационная система Хорезма во второй половине XIII в. уже в большей своей части была восстановлена, такие города как Джанпык-кала, Кят, Гульдурсун и Миздахкан продолжают процветать. И в середине XIV в. действительно наблюдается новый расцвет экономической жизни [7, с. 115].

Однако главным образом рассвет экономического состояния приходится лишь на северо-запад страны, из областей, отошедших после монгольского завоевания к улусу Джучи. Конечно же, к этому времени существующие города были в первую очередь привязаны к торговле и практически все из них продолжали развиваться лишь за счет расширения своих границ.

Направления нашего исследования с привлечением археологических материалов, полученных в последние годы, не смотря на определенную скудность сведений, однако содержащие довольное интересные материалы, позволили прийти к выводу о сложном пути

развития экономического состояния, и в связи с этим - и градостроительства в Правобережном Хорезме в эпоху хорезмшахского времени, структура и размеры которой не были стабильны — с периодам и реставрации крупных большесемейных общин и их распадения на меньшие ячейки. Эти колебания во многом объяснялись переменами в политической и социально экономической обстановке в стране [15, с.150-161].

Особняком в этом отношении является то, что вместо бурной, насыщенной внутренними междоусобицами и вторжениями извне эпохи раннего средневековья (VII—VIII вв.) в XII — начале XIII в. наступил период подъема благосостояния населения в стране, сделавшейся центром обширной империи Хорезмшахов. И в связи с появлением новых сведений, перед нами стоит новая задача – определения и трансформации средневекового жилища в более позднее время и его влияние на сложение новой культуры градостроительства народов, обитающих в нижней дельте Амударьи.

Список использованных литературы:

1.Ал-Истахри. Китаб месалик ал мемалик. - МИТТ, т.1, М.-Л., 1939.С.612

2.Алиакберова А.А. Исследования на городище Джанпык кала. // АО, 1984. М. 1985. С.130-132

3.Андрианов В.Б. Древние оросительные системы Приаралья (в связи с историей возникновения и развития ороршаемого земледелия). Изд. «Наука», М.1969, с.42

4.Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Отдельный оттиск. Спб.,1914. С.174

5.Беленицкий А.М., Бентович И.Б.,Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, с. 176.

6.Буниятов З. М. Государство Хорезмшахов-Ануштегинидов (1097-1231). М: Наука, 1986. С.101-104

7.Вактурская Н.Н. О средневековых городах Хорезма. - МХЭ, вып.7, М., 1963. С.83

8.Вактурская Н.Н., Воробьева М.Г. Хроника работ Хорезмской экспедиции АН СССР. - ТХАЭЭ т.1. М.,1952. С.652

9.Гудкова А. В. Ток кала, Ташкент: Наука, 1964. С.176

10.Гулямов Я. Г. История орошения Хорезма. Ташкент: Изд-во Ан УзССР, 1957. С.137

11.Доспанов О.Т. О некоторых результатах раскопок Джанпык калы в 1987-1989 гг. // В сб.: Новые открытия в Приаралье, вып.2. М., 1991, с.74-90

12.Доспанов О.Т. Әйиемги Гүлдирсин қаласы. Нөкис, «Қарақалпақстан»,1993, с.48

13.Доспанов О.Т. Материальная культура городов Правобережного Хорезма в эпоху средневековья.: автореф. дис. … канд. ист. наук. - Нукус, 1996, с.30

14.Доспанов О.Т. Кават-кала – уникальный памятник Средневековья // История и археология Турана. №1. Самарканд, 2013. С.125-133

15.Доспанов О.Т. Сведения о политическом обустройстве средневекового Хорезма из монетных данных городища Джанпык-кала // История и археология Приаралья. №3. – Нукус, 2022. С.150-161

16.Ибрагимов Н. Ибн Батута и его путешествия по Средней Азии. М.: Наука,1988, с.128

17.Искандерова А. Д., Султанова М. Н. Художественная керамика Хорезм шахского периода (XII – начало XIII вв.) // Вестник МИЦАИ. Вып. 32. Смагуловский сборник. Самарканд, 2021. С. 62-76.

18.Кдырниязов М.Ш. Материальная культура городов Хорезма в XIII-XIV вв. Нукус, 1989. С.173

19.Лоховиц В.А. Караван-сараи Верхнего Хорезма // Этнография и археология Средней Азии. М.: Наука,1979. С.112-117.

20.МИТТ. Том I. М.-Л.: Изд-во АН СССР,1939. С.612

21.Неразик Е.Е., Рапопорт Ю.А. Куюк-кала в 1956 г. МХЭ, вып.1. М., 1959, с.142

22.Неразик Е.Е. Савицкий И.В. Манылов Ю.П. Раскопки в зоне средневекового канала Гавхорэ в 1971 г. // ВККФАНУз. Нукус, 1975, №4 (62), с.55-61

23.Неразик Е.Е. Сельское жилище в Хорезме (I-XIV вв.). Из истории жилища и семьи. Археолого-этнографические очерки. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, — (ТХАЭЭ. Том IX).1976. — 256 с.

24.Серия исторических источников. Золотая Орда в источниках. Том 1. Арабские и персидские сочинения. М. 2003. С. 308

25.Тереножкин А.И. Археологические разведки в Хорезме. // СА, вып.6.1940. С.165

26.Толстов С.П. Хорезмская экспедиция 1939 г. – КСИИМК, вып.6. 1940. С.75-76

27.Толстов С. П. Древний Хорезм. М., МГУ, 1948, с.11

28.Толстов С. П., 1948а, Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования, М.1948 с,168

29.Толстов С. П. Бируни и его «Памятники минувших поколений», — Абурейхан Бируни (973— 1048), Избранные произведения, I. М.: 1957. С. XVIII—XIX

30.Ходжаниязов Г., Кдырниязов М.Ш. Коллекция поливной посуды из Кызыл калы. // Культура Среднего Востока. Ташкент, 1990. С.91-101

31.Ягодин В.Н. Некоторые вопросы исторической географии Приаральской дельты Амударьи в VII-XIV вв. // В сб. Археология Приаралья, вып. III. Ташкент, 1986. – 138 с.

ӘОЖ 95 (574)

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ САЯСИ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы- тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі. Орал қ.

Аннотация. Мақалада ортағасырлардағы Қазақстан, Орта Азия және Солтүстік Кавказ аумағын алып жатқан Алтын Орда мемлекетінің құрылуы мен саяси тарихы, дипломатиялық қарым-қатынастары, Алтын Орданың хандары туралы мағлұматтар берілген. Моңғол билеушілері Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының саяси қайраткерлік, қолбасшылық қыры жан-жақты қарастырылған. Сонымен бірге, мақалада Алтын Орда мемлекетінің аумағындағы халықтардың орналасуы, әлеуметтік-әкімшілік жағдайы талданған.

Аннотация. В статье представлены сведения о создании и политической истории государства Золотая Орда занимавших территорию средневекового Казахстана, Средней Азии и Северного Кавказа, дипломатических отношениях, о ханах Золотой Орды. Всесторонне рассматривается политический аспект монгольских правителей Чингисхана и его потомков. А также в статье анализируется социально-административное проблемы народов на территории государства Золотая Орда.

Annotation. The article presents information about the creation and political history of the Golden Horde state that occupied the territory of medieval Kazakhstan, Central Asia and the North Caucasus, diplomatic relations, and the Khans of the Golden Horde. The political aspect of the Mongol rulers of Genghis Khan and his descendants is comprehensively considered. The article also analyzes the socio-administrative problems of peoples in the territory of the Golden Horde state.

Ортағасырлық кезең, оның ішінде моңғолдар билігі дәуірі Қазақстан тарихындағы аса маңызды және қазіргі кезге дейін әлі бір тоқтамға келмеген мәселелердің бірі. Бұл кезең моңғол-татар тайпаларының 1218 жылы қазақ даласын шапқаннан бастап, Қазақ хандығы құрылған 1465-1466 жылғы оқиғаға де інгі екі ғасырдан астам уақытты қамтиды. Бұл –

Орталық Азия халықтары, әсіресе, Қазақстан үшін тарихи оқиғаларға бай аса күнделі кезеңге жатады.

Шыңғыс ханның өлімінен кейін моңғол жаулап алушылықтары тоқтап қалған жоқ. Қайта серпіле түсті. Моңғол шапқыншылығының сұмдығын сол заманның куәгерлері былай деп суреттейді: « ... бұл адамзаттың басына туған ең ірі де, ұлы зілзала болды» (Ибн Әл Асир). Мұсылман және мәсіх авторларының пікірінше, бұл соғыстар «құдайдың қасіреті болды» (Д.Жувейни). «Олар күн батыстан күн шығысқа дейін, айналамыздың бәрі дұшпан» (Асыл аңыз) деп санаған. Ұлы шапқыншылықтар нәтижесінде зор империя құрған Шыңғыс хан өзі басып алған жерлерді 4 ұлына үлес түрінде бөліп берді. Ол кіші ұлы Төлеге –Моңғолияның өз жері және 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын қалдырды.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыға – Ертістен батысқа қарай және «Қойлық пен Хорезм шекарасынан Сақсын мен Бұлғардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі» ұшы-қиырсыз аймақты берді. Сөйтіп, оның иелігі Жетісудің солтүстік бөлігін және Төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса Шығыс Дешті-Қыпшақты қамтиды. Рашид Ад-Диннің деректеріне сүйенсек, Жошының ордасы Ертісте болған. Кейін Алтын Орданың құрылуына байланысты Жошы ұлысының саяси өмірінің орталығы Төменгі Еділге ауысқан.

Шыңғыстың екінші ұлы – Шағатайға – Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі жерлерді, яғни Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауеренахрдың денін қамтыған аудандар тиді. Жамал Қарши деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу елі деп аталды: оның басты қаласы – Алмалық болған. Шағатайдың жазғы ордасы – Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Ордасы Жувейни деректері бойынша, түрікше Ұлығ-Иф (Ив) деген атпен, яғни «Үлкен үй», ал нумизматикалық деректер бойынша «Орду Әл-Азам» деген атпен мәлім болған. Шағатай мен оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді.

Шыңғыс ханның үшінші ұлы –Үгедейге –Батыс Моңғолиямен ұлысының орталығы орналасқан жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағы кірді.

Сонымен, Қазақстан аумағы моңғолдардың үш ұлысы ретінде: Ертістен батысқа қарай – Жошы ұлысы құрамына, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Жетісудің солтүстік бөлігі –Үгедей ұлысына қарады.

Алтын Орданың (Ұлы ұлыс) құрылуы: саяси-әкімшілік құрылысы, этникалық құрамы. 1227 жылы Жошы хан өлгеннен кейін оның ұлысы баласы Батыйдың қолына көшті. Батый хан бірнеше рет батыс елдерге шабуыл жасап, Алтайдан Дунайға дейінгі аймақтың бәрін өзіне қаратады да, бұл жерде Алтын Орда деп аталатын жаңа моңғол мемлекетін құрады. Оның астанасы алғашында Сарай Бату қаласы (Астрахань маңында), кейін одан сәл жоғарырақ-Сарай Берке қаласы болған (қазіргі Ресей Федереациясы Волгоград қаласының маңы).

Моңғол мемлекеттері негізінен тәуелсіз өмір сүрген, бірақта Ұлы моңғол империясының бір құрамдас бөлігі деп саналған.

Б.Я.Владимирцевтің сөзіне қарағанда: «Империяның барлық жерлері жалпы құрылтайда сайланатын «қаан» (қаған, хақан) деп аталған бір билеушіге қараған, ал қалған Шыңғыс мұрагерлері ханзадалар ретінде есептеліп, ұлыстық жер иелену құығын алды. Олардың бәрі ортақ орталық мемлекеттің өзегін құрады».

Ал, XIII ғасырдың 60 жылдары жағдай өзгерді. Осы кезеңде моңғол империясы Алтын Орда, Хулагидтердің Иран мемлекеті және Шағатай мемлекеттері өз алдына дербес өмір сүрді. Олар өз саясатын жүргізу барысында ұлы ханың келісімінде сұрамады. Олардың ішінде Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархиялық мемлекет деп қарастырамыз. Мемлекет саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстар үлестік жерлерге бөлшектенген. Мемлекетте әкімшілік-шенеуніктік басқару жүйесі жұмыс жасады. Олардың ішінде өздері басып алған халықтардың ішінен алдыңғы қатарлы өкілдер де кіргізілген. Елде ханның атынан бүкіл әскери істі беклер-бек басқарған, ал азаматтық істермен уәсәншу мен уәзір айналысқан. Беклер-бек дипломатиялық істермен қатар, сот билігінде өз қолына алған. Уәзір орталық үкіметтің атқарушы өкіметтің басшысы, мемлекетте азаматтық тұрғыдан басқару

ісінде ханың кеңесшісі болды. Мемлекетте салық жинау жүйесі іске қосылған. Салық жинаушылар – даруғалар деп аталса, сонымен қатар, әрі салық жинау, әрі жергілікті халыққа әскери бақылауды жүргізуші – басқақтар деген арнайы адамдар сайланған.

Алтын Орданың билеушілерінің егіншілік және қалалық мәдени аймақтарды басқару жөнінен тәжірибиесі болмады. Сондықтан, Алтын Орда хандары әуел бастан-ақ сауатты және білімді даярлығы бар адамдардан шенеуніктік аппарат құрды. Ол қызметшілердің көбі мұсылмандар (хорезмдіктер, ирандықтар, түркі бұлғарлары, қыпшақтар, қарлұқтар, қаңлылар) немесе буддистерден (ұйғырлар, тибет, қытайлар) тұрды.

Өтемісқажының «Шыңғыснама» шығармасында «Шыңғыс хан баласы Жошыдан туған Батый, Орда-Ежен, Шайбан» деген үш немересіне Алтын босағалы «Ақ Орда», күміс босағалы «Көк Орда», болат босағалы «Боз Орда» тіккізген. Алтын босағалы Ордаға Батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан етіп қойған екен» деп жазылған.

Батый хан – Алтын Орданы құрушы моңғол ханы, 1227-1255 жылдары Алтын Орданы басқарған. Мұсылман деректерінде Батый хан зор беделге ие болған, іс жүзінде империяны өзі таққа отырғызған Мөңке ханмен бірге басқарған. Түрік тарихшысы Әбілғазының (XYII ғ.) келтірген мәліметтері бойынша Батый «солтүстік елдеріне» - Шығыс Европаға (1236-1242 жж) жасаған Жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің інісі Орда-Еженге «Бұл жорықта сен біздің ісіміздің аяқталуына жәрдемдестің, сондықтан он мың отбасынан тұратын халық саған беріледі» -деп Дешті Қыпшақтың ең көп бөлігін, жоғары Ертісті қоса бергені туралы жазылады. Осы уақыттан бастап, Орда Ежен әулетінің билеушілері Алтын Ордаға тәуелді дегені болмаса, олар құрылтай жиналыстарына бармаған, іс жүзінде тәуелсіз өмір сүрген. Батый хан 1256 жылы 48 жасында қайтыс болған. Оның орнына Алтын Орда тағына баласы Сартақ тағайындалады. Алайда ол елді басқарып үлгермейді, ол Қарақорымнан Сарайға келе жатқан жолында 1257 жылы белгісіз себептермен өледі. Оның орнына Батыйдың келесі ұлы Ұлақшы отырғызылады да бірақ олда елді басқарып үлгерместен сол жылы қаза табады.

Берке хан кезіндегі (1257-1266 жж) Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясаты. 1257 жылдың аяғында Алтын Орда тағына Берке (1257-1266 жж) отырады. Араб жазушысы Әл-Муфаддал Египет сұлтаны Бейбарыстың Берке сарайына жіберілген елшілерінің жазбаларына қарап ханның портретін береді. Айтуынша, «Бұл кезде Берке хан 56 жаста болатын. Ол сирек сақалды, бет жүзі ақсары, шаштары екі құлағының артына қайрылған, бір құлағында сегізқырлы асыл тасы бар алтын сырға таққан, үстінде жібек кафтан, басында қалпақ және беліне жасыл бұлғар терісіне асыл тастармен әсемделген алтын белбеу, екі аяғында қызыл шегрен тері етік киген» -деп жазады. Берке ханның кезінде Алтын Орда күшейіп, ірі мемлекетке айналады. Сонымен қатар, оның басқару кезінде моңғол мемлекетінде ірі өзгерістер болады. Ал, XIII ғасырдың 60 жылдары жағдай өзгерді. Осы кезеңде моңғол империясы Алтын Орда, Хулагидтердің иран мемлекеті және Шағатай мемлекеттері өз алдына дербес өмір сүрді. Олар өз саясатын жүргізу барысында ұлы ханның келісімінде сұрамады. 1259 жылы Ұлы хан Мөңке өледі де, моңғол империясында дүрбелең басталады. Оған себеп Мөңкенің екі ұлы Құбылай мен Арықбұғаның билік үшін таласы болды. Тартыс нәтижесінде екеуіде өздерін хан деп жариялап, Құбылай солтүстік Қытайды, ал Арықбұға Моңғолия жерін бөліп алады. Бұл жағдай Ұлы хандық билікті әлсіретіп, мұны пайдаланған Үгедей мен Шағатай ұрпақтары Жошы ұрпақтарының қолына өткен Мауеренахр аймақтарын қайтарып алады. Құбылай мен Арықбұғаның арасындағы тартыста Құбылай жеңіске жетіп, ол мемлекеттің орталығын Қарақорымнан Пекинге ауыстырады да, қалаға моңғолша Хан-балық (хан қаласы) деген жаңа атау береді. Алайда, Құбылайға Ханбалықта отырып, моңғол империясын түгел басқару өте қиын болды. Шындығында, елді басқаруға шамасы келмеді. Мұны пайдаланған басқа моңғол ұлыстары жеке тәуелсіз билік орнатты. Алтын Орда да тәуелсіз ұлыс ретінде өмір сүрді. 1266 жылы Кавказға Хулагидтерге жорығы кезінде Тбилиси қаласының маңында Берке хан қаза тауып, оның сүйегін Сарай Батуға әкеліп қояды. Алтын Орда тағына Меңгу Темір (1266-1280 жж) отырады. Меңгу Темір тұсында Алтын Орда Моңғол империясының орталығынан біржола оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соға бастайды. Орта Азия мен Жетісуда Шағатай ұрпақтарының билігін нығайту үшін

ұлы ханға қарсы күресінде Хайдуды қолдайды. Қазақстанның оңтүстік-шығысы үш ірі моңғол ұлыстарының түйіскен орталығына айналды. Жетісу аумағы үшеуінің арасында саяси бөлініске түсті: солтүстік бөлігі Жошы ұлысына, оңтүстігі Шағатай ұлысына қарады, солтүстік-шығыс Жетісу болса Үгедей ұлысының маңызды орталығы болып есептелді. Ұлыс хандарының астаналары Жетісуға орнатылды. Шағатай ұлысына жататын Жетісу аумағында билікке таласқан Шағатай және Үгедей ұрпақтарының арасында үздіксіз соғыстар жүріп жатты. Шыңғыс әулетінің арасындағы мұндай соғыстарда екі жақ та көшпелі феодалдар арасынан жақтас тауып, оларды да күреске тартты. 1251 жылы Үгедей ұлысы жойылды. Жері Мөңке ханның (Шыңғыс ханның кіші ұлы Төленің баласы) жақтастарына таратылып берді. Шағатай ұлысында да билік қолдан-қолға өтті. Әсіресе, Мөңке өлгеннен кейін феодалдар тартысы күшейе түсті. 1260 жылы Арықбұға мен Құбылай екеуі де өздерін Ұлы хан деп жариялады. Үздіксіз шайқастардан жергілікті қалалар мен егіс алқаптары зардап шегіп, тозуға айналды. Рашид ад-Диннің айтуынша, XIII ғасырдың 60-жылдарында «Арықбұғаның тағылық әрекеттерінен Іле алқабында аштық болып, қаншама халық қырылып қалған». 1269 жылы Ұлы ханнан тәуелсіз Хайду мемлекетінің құрылуы жергілікті халықтан шыққан феодал билеушілердің бас көтере бастағанының куәсі еді. Осы жылы Талас бойында шақырылған құрылтайда олар отырықшы-егінші аудандарды құрып кетуден қорғау әрекеттерін жасады. Алайда, Шыңғыс әулетінің арасындағы толассыз талас-тартыс пен Хайдудың ұлы хан армиясымен ұзаққа созылған соғысы құрылтай шешімін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Хайду ізбасарлары арасында басталған өзара тартыстар XV ғасырдың алғашқы жартысында Жетісудың экономикалық құлдырауының шегіне жеткізді. Махмуд ибн Уәли Хайду ұлдары мен Шағатайдың шөбересі Доба арасындағы қақтығыстар туралы былай деп жазды: «Біздің аталарымыз өзара соғысып жатқан кезде көптеген адамдар жазықсыз қырылды, аудандар қаңырап қалды, иелігіндегі жерлер сағымға айналды, егістік құрап қалды... Қалалар мен құрылыстарда адамдар жылы орнын тастап, кезбе қайыршыға айналды».

Оның билігі кезінде алдыңғылары сияқты Хулагидтермен соғыстар жалғаса береді. Сонымен қатар, 1271 жылы Алтын Орда Константинопольге жорық жасайды. Бұл жорыққа себеп Византия императоры Ласкаристің Хулагидтермен одақтасып, Алтын Орда және Египет мамлюктеріне қарсы шығуы болды. Ласкарис Алтын Орданыңда, мамлюктік Египеттіңде күшейгенін қаламады. Сондықтан, Хулагидтермен одақтасуға мүдделі болған. Хулагидтер мемлекетінің құрылуының қысқаша тарихын айта кететін болсақ, Батый ханның көзі тірісінде Хулагу Кавказ аймақтарына аттандырылып, 1251-1256 жылдары Иран аймағын өзіне қаратады, ал 1258 жылы Араб халифатының орталығы Бағдадты алады. XIII ғасырдың 50 жылдарының соңында Иран елінің аумағында барлық Кавказ өңірін қоса алғанда, қазіргі Әзірбайжан, Армения мен Грузия мемлекеттерінің территориясында Хулағу мемлекеті құрылады. 1263-1264 жылдары алғаш рет Берке хан мен Египет мамлюктерінің әскерлері Хулагу әскерімен соғысып, соңғысының жеңілісімен аяқталады.

Сонымен, 1266-1280 жылдары Меңгу Темір ханның тұсында Алтын Орда империядан бөлініп, дербестікке қол жеткізеді. Жоғарыда айтылғандай, Алтын Орданың 1271 жылғы Константинополге қарсы жорықтарынан кейін Византия императоры Ласкарис жеңіліп келісімге келеді. Бұл келісім Алтын Орданың Жерорта теңізі бойындағы қалалармен сауда қатынасын жақсартқан. Мұндай жағдай Қырым бойына орналасқан түркі тілдес халықтармен байланыстың дамуына жол ашты. Әсіресе, Ноғай сияқты қолбасшылардың беделі көтерілген. Бұл болашақта Қазақстанның батыс өңірінен Ноғай Ордасының құрылуына алып келеді. Кейін Алтын Орданың тағына Туда Меңгу (1280-1287 жж), Төле Бұқа (1287-1291 жж), Тоқты (1292-1312 жж) хандар отырады. Бұл жылдары Алтын Орда біртіндеп күшейе береді.

Өзбек хан (1312-1342 жж) және Жәнібек хан (1342-1357 жж) дәуіріндегі мемлекеттің күшеюі. Өзбек хан Алтын Орданың тағына 1312-1342 жылдары отырған. Алтын Орданың бұл кездегі тарихы ішкі қайшылықтарына қоса, орыс княздіктерімен, Ирандағы Құлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезм билеушілерімен үздіксіз соғыстарына толы болды. Алтын Орданың XIY ғасырдың алғашқы жартысында әсіресе Өзбек хан (1312-1342 жж) мен оның билігінен кейінгі Жәнібек ханның (1342-1357 жж) тұсында құдіреттілігі арта түсті.

Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шақыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақталды. 1312 жылы Өзбек хан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады. Далалық, түркі-моңғолдық мәдениет Еділ бойы (бұлғарлар) және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық, салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды қабылдай бастайды. XIY ғасырдың II жартысынан бастап Алтын Ордада орталықтандыруға қарсылық күшейе бастайды. Орданың батыс жағында Еділ бойында, Астраханда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті билеушілер күшейіп, Қара теңіз өңірінде Мамай ордасы қалыптасады. Қазақстанның далалық аймақтары мен Түркістан өлкесінде жергілікті билік күшейді. Алтын Орда жеріндегі саяси өзгерістер оның құрамындағы Ақ Орда, Шайбани ұлыстарының дербес бой көтерулеріне мүмкіндік туғызды. XIY ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастайды. 1357 жылдан 1380 жылға дейін таққа 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі өлтіріп, орнын тартып алып жатты. 1380 жылы Алтын Орданың билеушісі, түменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас – талқан боп жеңілді.

Ерзен мен Мүбәрак Хожа хандардың иелігінде болған Ақ Орда XIY ғасырдың II ширегінде Алтын Ордадан бөліне бастайды. 1368 жылы Орыс хан Алтын Орданы біріктіру мақсатында Еділ бойына әскери жорықтар жасады. 1374-75 жылдары Сарай қаласын, Астраханды, Кама бұлғарларын бағындырады. Бірақ Мамайдан ығысып, 1376 жылы Сырдария бойына оралады. 1377 жылы Орыс хан өлгеннен кейін, 1380 жылы Тоқтамыс хан Әмір Темірдің көмегімен Алтын Орданың ханы болып сайланады.

Ғалым С.Толыбеков Тоқтамыс ханның шежіресін былайша тарқатады: «Жошы хан, Тоқай Темір, Менгу Темір, Өзтемір, Сарижакеншік-Тоқұлы, Ходжа, Тайқожа, Тоқтамыс хан (1406 жылы өлген). Тоқтамыс хан – Шыңғыс ханның оныншы атаға келген ұрпағы екен» деп жазады. Орыс хан өзінің билігінің алғашқы кезеңінде өзінің Ақ Ордамен Алтын Орданы біріктіруді көздеген ойын жүзеге асыру үшін қол астындағы игі жақсыларды жинап, құрылтай шақырады. Бірақ Орыс ханның мұндай пиғылына Тайқожа оғлан үзілді-кесілді қарсы шығады. Муин-ад-дин Натанзидің айтуынша Тайқожа оғлан Орыс ханның Алтын Ордаға қарсы аттануға жиналған жорығына келмей қойғаны үшін өлтіреді. Ал әлі кәмелетке толмаған оның ұлы Тоқтамыс хан ордасынан бір-екі рет қашып кетіп, кейіннен қайтып келіп жүреді. Жас болғандықтан да оның мұнысына кешіріммен қарайды.

Әмір Темір өзінің жеке тапсырмасымен жаздырған Низам-ад-дин Шамидің «Жеңістер кітабында» (Зафар наме) өзінің өмірінен қауіптеніп, Орысхан ордасынан Әмір Темірдің сарайына қашып келген Тоқтамыстың тағдыры былай баяндалады: «Тоқтамыш-оғлан келген кезде әмірлер араға жүріп, оны Темірге таныстырды. Оның ұлылығы оған құрмет пен сый-сияпат көрсетуде мүмкін болғанның бәрін жасауға күш салды. Ол сонымен бірге Самарқандқа келді, патшаға лайық тартулармен той өткізді. Оған (Тоқтамышқа) жыне оның серіктеріне ақылға сыймайтын сансыз көп алтындарды, және қымбат әшекей бұйымдарды, малдарды және маталарды, аттарды және өзгіздерді, шатырлармен қостарды , барабандар мен жалауларды, жасақтар мен әскерді бөліп берді. Ол (Әмір Темір) Отырар және Сауран аймақтарын бөліп берді және оны сол жерлерге жөнелтті». Деректердің айтуынша Тоқтамыстың Отырар және Сауран маңында пайда болуына Ақ Орда билеушілерінің немқұрайлы қарай алмасы белгілі еді. Орыс хан бұл кезде Еділ бойында алтын Орданы басқару жорығында болғандықтан, оның орнында баласы Құтлұқ-Бұғы қалған еді. Низам-ад-дин Шамидің айтуынша ол "...біраз уақыттан соң Тоқтамыс оғланға қарсы әскер алып шығып, онымен көп шайқасқан". Бұл жерде айта кететін мәселе, орыс тарихшысы академик Б.Греков: "Құтлұқ-Бұғаға қарсы жас Тоқтамыс аттанды", деп керісінше айтады. Бұл алғашқы шайқас 776 жылы (1374 жылдың 12 маусымы мен 1375 жылдың 2 шілдесі) болған. Жанталасқан ұрыс кезінде Құтлұқ-Бұғаға жебе қадалған және ол осыдан қайтыс болған. Низам-ад-дин Шамидің айтуынша бұл оқиға оның әскерлерін қатты толқытқан және осыдан қаһарланған және кектенген олар Тоқтамысты қуып шыққан". Ұрыста жеңілген Тоқтамыс тағы да Әмір Темірге қайта қашып келді. Әмір Темір болса Тоқтамысқа бұрынғыдан да бетер құрмет көрсетіп, оны тағы да жер қайысқан көп әскермен жасақтап Ақ Ордаға қарсы қайта аттандырады. Бұл жолы Орыс ханның басқа ұлы Тоқтақия хан тұқымдарымен және белгілі әмірлерімен бірігіп, Тоқтамысқа қарсы шықты. Шайқас тағы

да Тоқтамыстың пайдасына шешілмеді. Низам-ад-дин Шами мұнан арғы оқиғаның барысын төмендегідей баяндайды:

“Шайқастан соң ол тағы қашып шықты. Оның алдында өзен (Сырдария) болды. Амалсыздан ол етіктерін лақтырып, осы суға қойып кетті және құтылып кетті. Оның артынан қуып келген Қараншы бахадүр өзеннің жағасына жетіп, жебемен оның қолын жаралады. Ол (Тоқтамыс) жалғыз өзі қорысқа кіріп кетті де жасырынып қалды. Темір оны патшалық ісі үшін ержүрек және батыл деп таныды жән жаудың бетін қайтару керек деп ойлап, оны (Тоқтамысты) тауып келу үшін өзінің туысы Едіге барласты жұмсады. Әмір Едіге осы қорыстың жанынан өтіп бара жатып жылаған дауысты құлағы шалды. Ол Тоқтамысты осындай жағдайда көрді.Сыпайылық ережесін сақтаған Едіге көмек беруге асықты, тиесінше оған қамқорлық жасады және оны Бұқараға Темірге алып келді”. Өзі әлі жас, өмірден көрген түйгені аз Тоқтамысқа бұл жеңілістің аса ауыр тигені сөзсіз.

Тоқтамыстың Сырдария бойындағы жорықтарынан хабар алған Орыс хан Ақ Ордаға оралып екі елшіні – Кепек би маңғытты және Тұлұтжанды Әмір Темірге жібереді. Олар Орыс ханның ұлын өлтіргені үшін Тоқтамысты өздеріне беруін талап етеді. “Егер жауымды маған ұстап бермесе онда соғысатын жерін айтсын” - деген Орыс ханның сәлемін жеткізеді. Әмір Темір бұған: “Қандай да болмасын мемлекеттен баспана іздеп келген адамды жауының қолына ұстап беру заңға қайшы, сондықтан еріксізден соғысуға тура келеді” - деп жауап береді. Осылайша Әмір Темір Орыс ханның елшілерін аттандырып тастап, соғыс қамына кіріседі. Қалың әскерді бастап, Әмір Темір Отырарға келіп тоқтаған кезде, Орыс хан әскері Сығанаққа келіп тоқтайды. Бұл хижра бойынша 777 жылы (1375 жылы 2 маусым – 1376 жылы 20 мамыр аралығы) болатын. Осы мезгілде қар мен жаңбыр араласып жауып, күн тіптен қатты суытып кеткен. Қалтырай тоңған екі жақтың ешқайсылары да орындарынан қозғала алмады.

Низам-ад-дин Шами оқиғаны мұнан ары қарай былай өрбітеді: “Темір Мәліктің күні түні шарап ішуден сауықтан және көңіл көтеруден қолы босамады. Осыған байланысты адамдар одан түңілді және күллі мемелекет пен аймақ Тоқтамысты талап етті. Темір Тоқтамысқа әртүрлі ықылас пен қамқорлық көрсетті жән онымен бірге әмір Тұман-Темірді, әмір Ұрын Темірді, Ғияс-ад-дин тарханды, Бақтықожаны және әмір Банғыны қисапсыз көп әскермен аттандырып салды. Бұйрыққа сәйкес олар аттанды, Сығанаққа келіп жетті де көздеген күні және бақытты сағатта оны сұлтандықтың тағына отырғызды”.

Муин ад дин Натанзи Тоқтамысқа төмендегідей мінездеме береді: “Ол қабілетті, ержүрек, кеңпейілді, әдемі патша болды. Оның әділеттелігі мен жақсы мінез құлқы жалпыға мәлім. Алайда, ол Темір сарайына ықыласты ниет танытпағандықтан да оның осындай жақсы қасиеттері және бағалы мінез құлықтары жоғалды және жойылып кетті”.

Тоқтамыс хан билігі кезеңі (1380-1395 жж) Алтын Орданың ыдырауының басталуы. Жошы ұрпағы Тоқтамыс хан осылайша Әмір Темірді пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен бекіте түспек болған ол 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Орыс жылнамаларына сенсек, Тоқтамыс бастаған моңғол әскері 24 мың мәскеулікті қырып салған. Мәуеренахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Тоқтамыстың күшеюіне және дербес саясат жүргізуіне жол бермеуге тырысқан Әмір Темірмен ара қатынастары нашарлайды. Әмір Темір 1390 жылы Алтын Ордамен әскери-саяси бірлікке ұмтылған Моғолстанға қарсы шапқыншылық жорыққа шығады. Әмір Темір 1391 жылы 200 мың әскермен Отырар-Йасы-Қарашық-Сауран арқылы Ұлытауға жетіп, Жыланшық, Тобыл, Сақмар, Орал өзендерінен өтеді. 1391 жылы Құндышар деген жерде Тоқтамыс хан әскерін тағы жеңді. Кейін Тоқтамыс Алтын Орданың бірқатар аймақтарын уақытша болса да қалпына келтіруге тырысады. Ақ Орданың басым бөлігі Едіге бидің қолдауына сүйенген Темір Құтлықтың иелігінде қалады. 1395 жылы солтүстік Кавказдағы Терек өзенінің аңғарында Тоқтамыс пен Әмір Темір арасында үлкен шайқас болып, Тоқтамыстың әскері үшінші рет ойсырай жеңіледі. Әмір Темір Алтын Орданың астанасы Сарай Берке, Астрахан, Каффа, Азақ қалаларын қиратып, орыс иелігіндегі Ельц қаласына жетеді. Бұл жағдай бүкіл Еуразия кеңістігінде этносаяси ахуалдың, саяси-әскери күштердің ара-салмағының өзгеруіне, оның нәтижесінде орыс княздіктерінің тәуелсіздік алуына әкелді. Әмір Темірдің жойқын

жорықтары Алтын Орданың құлдырауына әкелді. Бұл жорықтардың соңында мемлекет біржола бас көтере алмады. 1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен кейін, Алтын Орда мемлекеті өмір сүруін тоқтатты. Алтын Орда бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетеді. Мысалы: Қырым хандығы (1428-1792 жж), Қазан хандығы (1437-1556 жж), Қасым хандығы (1445-1681 жж), Астрахан хандығы(1466-1557 жж), Сібір (1563-1656 жж), Башқұрт (1656-1738 жж) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңде (1465-66-1731 жж) қалыптасты. Бұл ұлыстардың ішінде ең ірілері XY ғасырдың 30 жылдары Еділ мен Днепрдің аралығындағы құрылған Ақ Орда, 20-60 жылдары бөлініп шыққан Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары.

Ортағасырлардағы федалдық мемлекеттердің саяси құрылысы өзара ұқсас келеді. Олардың ішінде Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархиялық мемлекет деп қарастырамыз. Мемлекет саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстар үлестік жерлерге бөлшектенген. Мемлекетте әкімшілік-шенеуніктік басқару жүйесі жұмыс жасады. Олардың ішінде өздері басып алған халықтардың ішінен алдыңғы қатарлы өкілдер де кіргізілген. Азаматтық басқару билігі түрік әулетінен шыққан «мәлік» деп аталған жергілікті әкімдер арқылы жүзеге асырылған.

Алтын Орданың билеушілерінің егіншілік және қалалық мәдени аймақтарды басқару жөнінен тәжірибиесі болмады. Сондықтан, Алтын Орда хандары әуел бастан-ақ сауатты және білімді даярлығы бар адамдардан шенеуніктік аппарат құрды. Ол қызметшілердің көбі мұсылмандар (хоезмдіктер, ирандықтар, түркі бұлғарлары, қыпшақтар, қарлұқтар, қаңлылар) немесе буддистерден (ұйғырлар, тибет, қытайлар) тұрды.

Пайдаланылған дебиеттер тізімі:

1. Монголькое раннефеодальное государство // в книге: История Монгольской Народной Республики. – Москва, изд. АН СССР, 1954. стр 79-112.
2. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империи. XIII в. Проблемы исторической преемственности. – М., «Наука», 1993 г. Стр 75-123.
3. Жумаганбетов Т.С. Улус Джучи. Государственная организация и правовые отношения в XIII-XY вв. (Тюрко-кыпчакские политические и правовые традиции в средневековой монгольской государственности). – Алматы: Жеті Жарғы, 2020. -367 с.
4. Сондерс Джон Дж. История монгольских завоеваний. Великая империя кочевников от основания до упадка. /Пер. Л.А. Игоревского. – М.,:ЗАО Центрполиграф, 2020. -287 с.
5. Ахметова У., Мұқтар Ә.Қ., Қасенов М., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары және керуен жолдары (XIII-XYI ғғ.). Монография. – Алматы: «Болат медиа» мекемесі, 2023. -158 б.
6. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (Монография). – Алматы: «Тарих тағылымы», 2010. – 728 б.
7. Жошы хан. Ұлы Дала/Хан Джучи.Великая степь. Ұжымдық еңбек. Жауапты редактор Г.Ж.Табулдин. – Нурсултан: Edition du JIPTO, 2020. -324 б.
8. Алтын Орда: қазақ хандығы (1бөлім). Ред.А.Сәрсенбаев, М.Қойгелдиев, К.Байпақов, Б.Көмеков. – Алматы: «Аруна», 2004. -224 б.
9. Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетии. – Санкт-Петербург: «Мажор», 2005. - 320 с.
10. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М-Л.,1950. - 478 с.
11. К.Д,Оссон. От Чингиз хана до Темирлана. – Алматы: «Санат», 1996. – 255 с.
12. Кычанов Е. Жизнь Темучина, думавшего покорить мир: Чингис-хан: личность и эпоха. – Москва: изд.фирмы «Вост. Лит. Шк.-пресс», 1995. – 271 с.

УДК 94 (574)
ҒТАХР: 07.00.03

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы– тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Аңдатпа

Ұлы Жібек жолы ежелгі және ортағасырлар дәуірінде Шығысты Батыспен байланыстырып келген көне керуен жолдарының желісі. Мақалада Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағында сауда мәдениетінің дамуына, қалалардың өсіп өркендеуіне тигізген ықпалы Жайық өзені жағасындағы Сарайшық қаласы мысалында баяндалады. Шығыс Дешті-Қыпшақтың көрнекті қалаларының бірі - Сарайшық туралы, көне шаһардың қалыптасу, гүлдену, құлдырау тарихын зерделеу Қазақстанның көне қалалар тарихын зерттеуге қосылған үлес болып табылады. Осы орайда автор Сарайшық қаласы орнына тікелей қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеген археолог Н.Арзютов, Е.Г.Агеева, Ә.Х. Марғұлан т.б. ғалымдардың еңбектері негізінде өзіндік тұжырымдар жасайды. Сарайшық қаласының мәдени, әкімшілік, сауда орталығы ретінде көркейіп дамуындағы Ұлы Жібек жолының алатын орнын деректік негізде қарастырады.

Түйін сөздер: Сарайшық, Ә,Марғұлан, В.Бартольд, Қытай, Хорезм, Ұлы Жібек жолы, Алтын Орда, Жайық өзені, халықаралық сауда жолы, мәдениет,

Резюме

Автор, делая выводы о роли Великого Шелкового пути в истории развития человечества, дает описание истории знаменитого торгового пути, связывавшего Восток и Запад, на основе исторических материалов, дающих характеристику участку знаменитого караванного пути, проходившему по территории Казахстана. Роль Шелкового пути в развитии торговли и городской культуры раскрывается автором на примере города Сарайчик, который иногда называют малой столицей Золотой Орды. Одна из веток Великого Шелкового пути, проходившая по Северному Прикаспию, сыграла важную роль в развитии этого города и, в целом, в развитии городской культуры в Западном Казахстане.

Ключевые слова: Сарайчик, А,Маргулан, В.Бартольд, Китай, Хорезм, Великий Шелковый путь, Золотая Орда, река Жаик (Урал), международный торговый путь, культура.

Abstract

The Great Silk Road was a network of caravan routes which connected the East and West in the ancient and medieval times. In this article the impact of the Silk Road on the development of trade and the growth of cities in the Kazakh territory has been given as an example of Saraishyk city located on the Zhaiyk river. To examine one of the oldest cities of Desht-I Kipchak, Saraishyk and its emergence, prosperity, rise and fall would be a great contribution to the research of the old cities of Kazakhstan. Therefore, the author makes some statements relying on the works of scholars and archeologists such as N. Arzuytov, E. Ageeva, A. Margulan and others who conducted archeological excavations on Saraishyk city. The role of the Great Silk Road in the prosperity of Saraishyk city as a cultural, administrative and

Key words: Saraishyk, A. Margulan, B. Bartold, China, Khorezm, The Great Silk Road, the Golden Horde, river Zhaiyk, international trade route, culture

Ұлы Жібек жолы б.з.д. II мың жылдай бұрынғы көне замандар мен ортағасырларда Жерорта теңізі мен Қытайдың арасындағы Еуразия құрлығын басып өтетін, әлемнің әр түкпіріне тараған, яғни Шығысты Батыспен байланыстырып келген көне керуен жолдарының желісі. Ұлы Жібек жолы арқылы халықтар мен елдер арасындағы мәдени және сауда байланыстар қалыптасып, әлемдік өркениеттер бір-біріне жақындады, бірін-бірі толықтырып, байыта түсті. Демек, керуен жолы тарихи сол кезеңдерде бүгінгі жаһандану үрдісінің бастауы болған тәрізді. Біздің жыл санауымыздың басында Ұлы Жібек жолының халықаралық сауда жолы ретіндегі маңызы артып, оның гүлденген кезеңі басталады. Қытайдан жібек, Үндістаннан түрлі дәмдік заттар мен асыл тастар, Иранна күміс бұйымдар, византиялық маталар, афрасиабтық қыштан жасалған ыдыстар және басқа да толып жатқан бұйымдар тиеген керуендер Қарақұм мен Қызылқұм арқылы Мерв пен Хорезм оазистерінен Сары Арқа даласын кесіп өтіп, Памир мен Тяньшанды, Алтай мен Қаратаудың асуларынан өтіп, Мургаб, Әмудария, Сырдария және Шу бойымен әрі қарай бет алатын. Сондай-ақ Ұлы Жібек жолы алыстағы Қара теңіз жағалауына Қашқар мен Ферғана аңғары арқылы баратын, ал Y – YI ғасырларда жаңа тармақ пайда болып, сауда керуені Хами арқылы Ыстықкөлді жағалай Талас даласына одан әрі Әмудария мен Жайыққа жететін болған.

Жазба және заттық деректер керуен жолының Қазақстан аймағы арқылы дәлірек айтсақ, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан арқылы өтуі YI –YII ғасырларда мейлінше жандана түскенін көрсетеді. Оны біріншіден, осы кезеңде Хинган жоталарынан бастап Қара теңіз жағалауына дейінгі алып аймақты бағындырған далалық империя қағандарының Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарының қауіпсіздігін өз бақылауына алуы, бұл туралы Қытайдың ұлы саяхатшысы Суань Цзанның: «... Суябтың батысында бірнеше ондаған қалалар бар. Ол қалалардың өз басшылары, билешілері бар. Олар бір-біріне тәуелді болғанымен барлығы Түрік қағандығын бағынышты» [1, 168 б.] деген дерегі дәлел. Екіншіден, түріктердің бай қағандары мен олардың төңірегіндегілердің ірі мөлшердегі тауар тұтынушыларына айналуы, үшіншіден, В.В.Бартольдтың мәліметіне сүйенсек, YII ғасырда Ферғана аңғары арқылы өтетін жолдың өз ара қырқыс салдарынан қауіпті болуы [2, С.31] 6-деп түсіндіріледі. Міне, осындай дәйекті себептерге байланысты YII-XIY ғасырлар аралығында Жібек жолының негізгі бөлігі оңтүстік Қазақстан аймағы арқылы жүргендігін аңғартады. Ендеше сауда жолының Қазақстан аймағы арқылы шығыстан батысқа көктей өтуі қандай қажеттіліктен туды?

Дамыған орта ғасыр кезеңінде жібектің ірі мөлшердегі тұтынушысы – Византия елі болды. Өйткені жібек византиялық сарай ақсүйектерінің қажеті үшін ғана емес, жалдамалы әскерлер жасақтауда да, маңызды валюта рөлін атқарған. Демек, Византиядағы жалдамалы әскер санының көбеюіне мемлекеттік қауіпсіздік мүдде тұрғысынан қараған Иран өз территориясы арқылы батысқа жібек жолының өтуіне барынша кедергі жасап бағады. Сондықтан Жетісудан өте келе Оңтүстік бағытқа бұрылатын сауда жолы енді Сырдария бойымен Арал өңіріне, Маңғыстау арқылы Каспий ойпатына, Солтүстік Кавказға, Кавказ жотасы арқылы Константинопольге бағыт ұстайтын болған [3, 494 б.].

Керуен жолының аты айтып тұрғандай, Қытайдан келетін негізгі тауар жібек болған. Бертін келе жібек өндіру технологиясын өзгелер де меңгеріп, нәтижесінде Шығыс Түрік қалалары мен Соғдының өзінде сапасы жағынан қытайдан кем емес жібек өндірісіне қол жеткізеді. Сөйтіп батысқа бет алған керуендегі жібек тауарының негізгі бөлігі Қытайдан болса, келесі бөлігі түріктер мен соғдылық болды. Осылайша жібек өндірісінің дамуымен бірге оны өткізу де өткір проблемалық іске айналып отырған

Енді мақала тақырыбына қарай ойысып, Ұлы Жібек жолы бойындағы Азияға кірер қақпа іспеттес ортағасырлық Сарайшық қаласының қалыптасу, өркендеу, құлдырау тарихы жөніндегі деректерге жүгіне отырып, ой сабақтасақ. Жалпы қаланың ірге көтеру мезгілі жөнінде зерттеушілер бірыңғай пікірге келе алмаған. Мәселен, Сарайшық қаласы монғол шапқыншылығына дейінгі дәуірде, X-XII ғасырларда өмір сүрген деген пікірді, белгілі археолог С.П.Толстов бұл жерде X-XII ғасырларда Әмудария жағалауларынан келген көпестер «Хорезм колониясының» негізін қалаған [4, 227 б.],- деп түйеді. Ал Сарайшық

қаласы орнына тікелей қазба жұмыстарын жүргізіп, нақты зерттеген археолог Н.Арзютов, Е.Г.Агеева, академик Ә.Х. Марғұланның қазба деректер негізіндегі тұжырымы бойынша Сарайшық қаласы Алтын Орда астанасы Бату Сарайы салынған шамада XIII ғасырдың ортасында тұрғызылған [5, 11 б.]. Сонымен қатар бұл айтылған пікірді археолог ғалым К.Байпақов: «Сарайшықтың қала ретінде қалыптасуы Алтын Орданың нығаю кезеңіне сәйкес келеді. ... Оның ақша сарайында құны әр түрлі мыс ақшалар құйылды. Олардың бір бетінде «Сарайшық қаласының құймасы» деген сөз, ал екінші бетінде гүл мен жыртқыш аңның мүмкін арыстанның бейнесі басылған... Қаланың дамуына Сарайшықтың Алтын Ордаға, содан кейін Қазақ хандығына ислам дінін тарату орталығы болуы да әсер етті» [6, С.444],-деп нақтылай түседі.

Ал Сарайшықтың мәдени сауда орталығына айналып, гүлденіп көркеюінің негізін әйгілі ғалымдар В.В. Бартольд пен Ә.Х.Марғұлан – қаланың Ұлы Жібек жолының бойында ірге бекітумен байланыстырады [7, 19 б.].

Демек, Алтын Орда мемлекетінің құрылып күшейген тұсында Ұлы Жібек жолының Солтүстік Каспий тармағы қайта жанданып, Жайық өзені арқылы өтетін сауда керуенінің мейлінше ұлғаюы Сарайшық шаһарының жедел өркендеуіне, мәдени сауда орталығы ретінде келешекте Хан Ордасына айналуына ықпалын тигізген. Жайық өзенін орта ғасырларда батыс европалық көпестер, миссионерлер, елшілер әлденеше рет кесіп өтіп, бұл туралы өз жолжазбаларына түсіріп отырған. Орал арқылы ортағасырлық Сарайшық қаласына әуелі Рим папсы IУ Иннокентийдің елшісі Плано Карпини (1249ж.), ал сәл кейінірек француз елшісі Гильом де Рубрук (1253 ж.) жол тартқан.

Саудагерлер керуенінің Қырымнан Жайық арқылы шығысқа бағыт алатынын Франческо Бальдучи Пегалотти «Сауда тәжірибесі» атты шығармасында жазып қалдырды. Ол Танадан Сарайшыққа баратын жолдың ерекшеліктерін атай отырып, өтімді тауарлар, сондай-ақ жергілікті халықпен айырысуға қолайлы ақша түрлері жайында сипаттап жазады [8,15 б.]. Сондай-ақ өмірінің жиырма сегіз жылын саяхатпен өткізіп, 100 мың шақырымнан астам жол жүрген араб саяхатшысы ибн Баттута XIУ ғасырда Сарайшықта болғаны туралы: «Сарайдан шығып бірнеше күннен соң біз Сарайшық қаласына келдік... Бұл қала Ұлысу деген кең арналы өзеннің жағасында орналасқан. Өзенге Бағдаттағыдай қайықтарды жалғастырып жасаған қалқымалы көпір салынған» [4, 225 б.], - деп баяндайды. Саяхатшы жазбасында айтылғандай Сарайшықты орай ағатын (терістік, шығыс, оңтүстік жақтарын) Жайық өзеніндегі Бату хан салдырған жүзбелі көпір алғашқы кезде батысқа жорық кезінде олжаланған байлықты моңғол жеріндегі Қарақорымға – Шыңғыс хан ордасына жеткізуге пайдаланылса, кейін Алтын Орданың астанасы арқылы өтетін Жібек Жолы керуені осы жүзбелі көпір арқылы шығысқа жол тартқан [5, 11б.].

Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталықтарының бірі болған Сарайшыққа сауда керуені арқылы Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған құмыралар, құтылар, көздің жауын алатын түрлі-түсті әсемделіп, жиектеріне алтын жалатылған шыны ыдыстары, Қытайдың құлпырған жібегі, айнасы мен лакталған ыдыстары, Иранның әсемдік бұйымдары, Парсы кілемдері, Ферғананың асыл тұқымды жылқылары, Араб арғымақтары келетін болған. Сондай-ақ Византия, Рим, Үндістан, Иран, Араб және Еуропа елдерінен сирек кездесетін жоғары сапалы қымбат бұйымдар: жасмин суы, мүскат жаңғағы, женьщен, айдаһардың өті, алмас, янтарь, маржан, піл сүйегі құйма күміспен сом алтын, бағалы аң терілері, соғыс құралдары т.б. әкелініп саудаланатын болған [9.59 б.].

Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қарапайым тұрғын кварталдары аршылып алынған. Кварталдар күйдірілген кірпіштен салынған 2-3 бөлмелі үйлерден тұрған. Бөлмелер еден астынан жүргізілген мұржалардың көмегімен жылытылған. Үйлерде азық-түлік: астық, жеміс-жидек қорын сақтайтын қоймалар болған [4, 228 б.].

Осылайша ортағасырлық мәдениеті дамыған шаһар тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап тұратын құмғандар,

кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасындағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселері Сарайшық халқының күнделікті өмірінде көп пайдаланылған. Шыны, ақық, маржан тастардан оймышталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылған гауһарлар Иран мен орта Азиядан әкелінетін, болмаса жергілікті жерде жасалынған. Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қолынан да шыққан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеу қаласының Қызыл алаңындағы мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған [5, 24 б.].

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған заттық мұраларға зерттеу жүргізген ғалымдар Сарайшық қаласы өз дәуірінде Шығыс Дешт Қыпшақ даласындағы бірден - бір қол өнер өндірісі орталығы болғандығы туралы пікірге тоқтам жасайды [10, С.112]. Қала қолөнершілері сату үшін құстардың суреттерімен өрнектелген ыдыстар өндірген. Алтын мен күмістен әшекейлер, түрлі-түсті және асыл тастардан көз салынған сырғалар, жүзіктер соққан. Сүйектен тарақ, түйме, қапсырма, күнделікті тұрмысқа қажетті тағы басқа заттар жасаған. Әсіресе, Сарайшықтың көркем керамикасы ерекше көзтартарлық. Көркем керамиканың екінші тобын кашин (саз балшықтың ерекше түрі) бұйымдар түрі құрайды... Көк сырмен салынған суреттер әдетте күрделі өсімдік өрнектерін құрайды. Мұндай керамика XIY ғасырдың аяғында пайда болып, XY ғасыр бойы тұтастай өндіріліп келген [4, 231-233 бб.].

Сарайшық қаласының жергілікті шеберлері алыс елдерден әкелінген тауарларды тұтынып қана қоймай, олардың жасалу құпиясына көңіл аударып, сапалы өнім жасаудың әлемдік озық әдіс-тәсілдерін меңгеру жолында іздене отырып, нәтижесінде өздері де Жібек Жолы саудасы талғамына сәйкес деңгейде тауар өндіруге қол жеткізеді [9, 59 б]. Міне, бұл орайда археолог ғалымдар монғолдар жаулап алған Хорезм, Соғды, Сырдария қалаларындағы қолөнерші шеберлерді Алтын Орда қалаларына әкеліп қоныстандыруы жергілікті қолөнер кәсібінің жоғары деңгейде дамуына ықпалын тигізген [6, С. 445-446],- деп пайымдайды.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық қалалар тарихынан қазақ даласындағы көшпелі мен отырықшының, малшы мен диқаншының арасындағы тығыз сауда экономикалық байланысты, яғни, дала мен қала өркениеті қатар үрдіс алып отырғанын анық аңғаруға болады. Осы орайда көрнекті археолог ежелгі Хорезмді зерттеуші С.П. Толстовтың: «Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» деген түйінді пікірі орынды деп санаймыз. Ғалым тұжырымына ірі сауда, мәдени-әкімшілік орталық Сарайшық мысал бола алады. Өйткені Шығыс Дешт Қыпшақ даласының Сарайшық маңында мал өнімдерімен ғана күнелтіп отырған тұрғындары шаһарға келген керуенді қабылдап шығарып салғанға дейінгі көрсетілетін мәселен, аспазшы, қасапшы, егінші, малшы, күзетші, жүкші, тазалық сақтаушы, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуші сияқты сан түрлі қызмет түрлеріне ие болады. Адал мінсіз қызмет көрсету олардың дағдысына айналып, қаланың сән-салтанаты күн сайын артып, сәнді ғимараттар бой түзейді [9, 57 б.].

Деректерге сүйенесек, 1950 жылы 22 қыркүйек күні Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институты ғылыми кеңесінің мәжілісінде Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ә.Х. Марғұланның есебі тыңдалады. Кеңесте «Қала халқы жартылай көшпелі өмір сүрді ме? Демек, егіншілер мен қолөнершілер жоғары пайыз болды деп айтқан дұрыс па? деген сауалға Ә.Х. Марғұлан: «Мен жергілікті халықтың ішінде қолөнершілер болды деп есептеймін және оны нақты фактілер арқылы дәлелдеуге болады. Олар жергілікті халықтан 12-13 ғасырларда бөлініп шықты, тұрмыстық заттарды жасады және жоғарыдағы феодалдарға салтанатты бұйымдар жасады, бұлар қала халқының негізгі құрамы еді, сонымен қатар қаланың әкімшілік бөлігі, бұл жерде көпестер де көп болды», – деп жауап береді [11].

Сөйтіп, орта ғасырлар дәуірінде Бату, Берке қалаларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасына айналып, XY-XYI ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғаны белгілі.

Бұл жөнінде қазіргі «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының» директоры белгілі ғалым тарих ғылымдарының докторы Ә.Мұқтар : «Қалай болғанда да,

Қозыбастағы алғашқы Жәнібек пен Керейдің тұрған жері Қазақ хандығының алғашқы астанасы болды деп айта аламыз. Енді осы төңіректен Керей мен Жәнібек Өзбек хандығымен соғыса отырып, Қазақстанның батысына қарай жылжиды. Ал Сарайшықты Қазақ хандығының астанасы еткен Керей ханның баласы Бұрындық хан. Бұл туралы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінде Бұрындық сол жердегі ноғайларды өзіне бағынықырып, Сарайшықты қазақ хандығының астанасы етті деп жазады. Ноғайлы дәуірін мұрағаттан зерттеген екі ғалымды білемін, оның бірі – қазақстандық Амантай Исин деген зерттеуші, екіншісі – ресейлік В.В. Трепавлов. Екеуі де көне аңыз шежірелерімен емес, Мәскеудің көне мұрағатымен жұмыс жасаған ғалымдар. Олар Сарайшықтың астана болғанын дәлелдеді. В.В. Трепавловтың еңбегінде 1471 жылы Бұрындық хан Сарайшықты бағындырып, Қазақ хандығының астанасы етті деген дерек бар» [12, 32 б.], – деген тұжырым жасайды.

Сонымен бірде гүлдену, бірде құлдырауды басынан өткерген Сарайшық қаласының XYI ғасырдың II жартысынан бастап одан әрі әлсіреуіне орыс патшалығының экспансиялық саясатының күшеюі және Дешт Қыпшақ аймақтарындағы геосаяси ахуалдың ушығымен қатар, ежелден мәдениет ошағына айналаған Ұлы Жібек жолының маңызын жоғалтуы әсер етеді. Ақыр аяғында, тоқырай бастаған Сарайшық қаласының ғасырларға созылған даңқы казак-орыс қарақшыларының тонаушылық әрекеттеріне негіз болып, шаһарды біржолата тұралатуға ұшыратады [7, 22 б.].

Сарайшық қаласының талқандалуы жөнінде Ә.Марғұланның зерттеу еңбектеріне қарағанда, 1586 жылы Дон казактары гүлденген бай қала Сарайшыққа тұтқиылдан шабуыл жасап қиратады, халқын қырады... ең соңында қала маңындағы адамдар жерленген молаларды (пантеонды) қазып тонайды [12].

Сарайшық қаласында қазақ хандығының пантеоны болды деген пікірді жоғарыда айтылған тарихшы ғалым Ә.Мұқтар: «Бүгінде Жошы ұлысы – Алтын Орданың тарихындағы шешімін таппаған мәселенің бірі Сарайшықтағы пантеон және ондағы ел билеген тұлғалар тарихы болып отыр. Сарайшық пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында Жайықтың оң жағалауына салынған. Италиялық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп көрсетеді. Фра Мауро картасындағы деректі XVIII ғасырдағы П.И.Рычков, П.С.Паллас XIX ғасырдағы А.И. Левшин, 1861 жылы топограф А.С.Алексеевтің еңбектері кеңірек тарқатады. Оларды саралап, Сарайшықта алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н.Арзютов болды» [13], – деп нақтылайды.

Сондай-ақ ол: «Бұл қазақ хандарының аталары жатқан пантеон. Мұнда Алтын орданың хандары мен Қазақ хандығының аталары жатыр. Біз бұл туралы Шынияз ақынның «Сарайшықта бар дейді, жеті ханның моласы» деген жыр жолдарынан білеміз. Қазір Сарайшыққа келсеңіз, жеті ханның моласы дейді де, төрт хан мен үш ноғайлы билеріне қойылған құлыптастарды көрсетеді. Ноғайлының билері ешқашан хан болған жоқ. Тарихшы Әбілғазы баһадүрдің шежіресіндегі Алтын Орданы билеген Мөңке Темір, Тоқтағу және әз Жәнібек Сарайшықта дамылдап жатыр. Бұл шежіре 1600 жылдың ортасында дүниеге келген, сондықтан шежірешінің қателесуі мүмкін емес. Бұған қосымша Әбілғазы Қасым хан Сарайшықта жерленді деп жазады. Басқа да түрлі деректерде Сарайшықта Алтын Орданың ханы Тоқтамыс ханның басы жатыр дейді. Оны өлтірілгеннен кейін басын көрсету үшін осы Сарайшыққа алып келген. Енді бұдан басқа мұнда Жәнібек ханның баласы, Алтын Орданың тағы бір ханы Бердібек хан жатыр деген де дерек бар. Сонымен қатар Ақ Орданың ханы, қазақ хандарының атасы Барақ хан да осында жерленгендей. Мұнда жерленген жетінші хан, ол Қасым хан. Әнес Сарай бұл жерде Қасым ханның баласы Мамаш хан өлтірілген екен деп айтты. Бұл сегізінші хан. Сондықтан бұл деректер нақтыланып, дәлелдену үшін, зерттеу жұмыстары әлі де жүргізілуі керек. Мұнда тікелей Жошы ханның ұрпақтары, қазақ хандығының аталары жатыр» [14],– деп ой түйіндейді.

Бүгінгі күні Сарайшық Жайық өзенінің сағасынан 60 шақырым жоғары, Жайық өзенінің оң жағалауы мен оның Сарайчинск сағасының арасында орналасқан. Қалашықтың жартысын Сарайшық ауылы басып жатыр. Жыл сайын Жайық өзені оң жағасын шайып, қала

бөліктерін жарқабақтармен бірге суға алып кетуде. Сөйтіп, бір кездері Бақшасарай, Қазан, Қажы-Тархан (Астрахан) сияқты қалалармен тең тұрған аса үлкен қаланың жұрнағы қалды деп айтуға болады. Көне қала орнының жанынан 1999 жылы ел зиялыларының қолдауымен «Хан Ордасы – Сарайшық» мемориалдық кешені бой көтеріп, биіктігі 17 метр шамасында кесене тұрғызылған. 2018 жылғы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, бүгінде Сарайшық мемлекеттік мекеме саналады.

Демек, өз дәуірінде Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық бүгінде тәуелсіз Қазақ елінде көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Осы орайда, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев туған елдің қадір-қасиетін насихаттаудың маңыздылығын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» [15],- деген еді.

Түйіндеп айтқанда, халқымыздың ел болып ұйысуына дем берген, сол дәуірдегі болмысымыздың сан қырлы көріністерін бойына жиып, тұтастай төрт дәуірді басынан кешіп, тарихымызда өшпестей із қалдырған Сарайшық қаласының тарихын дәріптеу бүгінгі ұрпақ міндеттерінің бірі деп санаймыз. Өйткені өткенімізді бағалап, құрметтеу, насихаттау халқымыздың әлемдік деңгейіне қызмет ету болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Москва: Соч. 2 т. 1963. – С. 104.
2 Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселелері. Монографиялық зерттеу. – Павлодар: «Brand Print», 2010 – 311 б.
3 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (бес томдық) Т. 1. – Алматы: Атамұра. 2010. – 541б.
4 К.Байпақов Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Ltd», 2005. – 316 б.
5 Тасмағамбетов И. Самашев З. Сарайшық. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 б.
6 К.М.Байпаков, Д.А.Воякин Выдающиеся археологические памятники Казахстана . – Алматы: 2014. – 504 с., ил.
7 Мұстафин Ж. Сарайшық қаласының тарихы мен тағдыры. Тарих ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Автореферaты. Орал. 2004. – 32 б.
8 Байпақов К.М., Танабаева С.И., Сдыков М.Н. Батыс Қазақстанның археологиялық қазыналары. – Алматы: Credo. 2001. – 160 с.
9 Ғизатов Ж. Сарайшық-Астана қала – Ақтөбе: «А-Полиграпфия» ЖШС, 2004. -192 б.
10 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата. 1951. – 292 с.
11 Өтениязов С. Сарайшық // Ана тілі, 2019. 6 маусым.
12 Мұқтар Ә. Диярова Ж. Сарайшық музей қорығы. Монография. – Алматы: Арыс. 2019. – 192 б.
13 Мұқтар Ә. Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық // Егемен Қазақстан 2020. 5 мамыр.

14 Мұқтар Ә. Сарайшықта бар дейді, тоғыз ханның моласы: Сарайшық – қазақ хандарының аталары жатқан пантеон // Қазақ әдебиеті, 2018. 16 қараша.
15 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – №70. – 12 сәуір. – Б. 1-2. 4.

САРАЙШЫҚТАҒЫ №2 ҚАЗБАДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

Айбек Тұраруұлы – бас инспектор, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, Атырау қ.


Аннотация. В настоящей статье рассказывается о археологической работе, проведенный в 2023 году на месте средневекового города Сарайшык в раскопе №2. В ходе раскопок была открыта часть городской улицы, а вдоль улицы расположились дома. Конечные итоги раскопки оказали большое влияние на определение плананировки города. Результаты археологических исследований могут стать уникальным источником, способным ответить на многие вопросы Сарайшыка.

Ключевые слова: Улус Джучи, Сарайшык, онгон, улица, комнаты.

2023 жылғы тамыз-қыркүйек айларында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында №2 қазбада археологиялық жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі арқылы қаржыландырылды. Жобаның жетекшісі – т.ғ.д. Әбілсейіт Мұқтар.

Қазба жүргізу үшін ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №1 және №2 қазба аралығындағы бос алаң таңдап алынды. №2 қазба орнының оңтүстік бөлігі зерттеу алаңы ішіне кіргендіктен қазба орнына №2 қазба атауы берілді. Қазба алаңы 5х5 м өлшемдегі 32 шаршы - секторларға бөлінді. Археологиялық зерттеу жұмысын жүргізу үшін топырақ қазуға Сарайшық ауылының тұрғындары жұмысқа тартылды. Қазба алаңынан шыққан бос топырақ ескерткіш аумағынан тыс жерге шығарылды.

Қазбаның оңтүстік-батыс шетінде 2017 жылы қазба басталып, кейіннен жалғастырылмай қалған. Онда шығыс бағытқа созылған саман кірпішті қабырға ашылып, екі жағынан бөлме сұлбалары анықталған екен.



Қазба орны және секторлар сызбасы

Зерттеу жұмысының мақсаты қала орнында археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыра отырып жаңа нысандарды анықтау, зерттеп-зерделеу болып табылады.

Қалалар қазбасын жүргізуде қалыптасқан эмпирикалық әдісті қолдана отырып қазба алаңын шаршылы-қабатты ашу, әр күрек қабатын мұқият тазалап, кездескен нысандарды белгілеп, тіркеп отыру әдістемесі қолданылды.

Алғашқы күрек қабатында паста моншақ, мыс тиын сияқты жәдігерлер мен қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері табылып отырды.

Екінші күрек қабаты қазбаның солтүстік-шығыс бөлігінде тік бұрышты келген қыш кірпішті құрылыс орнын анықтады. Әрі қарай қазу барысында бұл құрылыстың солтүстік және батыс қабырғасы толық, шығыс қабырғасы жартылай сақталғаны анықталды. Ал, оңтүстік қабырғасы мүлде жоқ болды. Солтүстік қабырғаның ұзындығы 2,3 м, батыс қабырғаның ұзындығы 2,5 м. Қабырғалары бүтін және жарты кірпіштерден қаланған. Бүтін кірпіштің көлемі 25х25х5 см. 4 қатарға дейін сақталған. Жоғарғы қатары шикі саман кірпіштерден өрілген. Қаландының сыртқы жағы тегіс келген, ішкі жағы тегіс емес. Біздің ойымызша, бұл көрхананың құрылысы болуы мүмкін.

Сондай-ақ осы құрылыстан батысқа қарай адам жерленген орын анықталды. Жерленген адам сүйегі орналасқан шұңқырдың ұзындығы 1,45 м, ені 45 см, шұңқыр тереңдігі 10 см болды. Тазалау жұмыстары арқылы адамның бас сүйегі солтүстікке қарап жерленгені белгілі болды. Сүйектердің сақталуы нашар. Бас сүйек және жанбас сүйектері толықтай сынып кеткен. Кеуде қуысы бірқалыпты ашық. Төс сүйегі омыртқа жотасы үстінде орналасқан. Омыртқа жотасы бірқалыпты түзу келген. Оң қолы кеудесінің жанына тік созылған. Сол қолы шынтаққа дейін тік созылып, шынтақтан бүгілген. Білегі белінің тұсына, алақаны оң бүйіріне қарай қойылған. Оң жақ жамбас сүйегі аяқ жағына қарай қозғалған. Мүрденің жамбастан төмен қарай бөлігі, яғни аяқ сүйектері жоқ боп шықты. Оң қолының алақан сүйектері де жоқ.

Келесі күрек қабатында 4 сектордың оңтүстік-шығыс бұрышы маңынан ірі малдың бел омыртқасы ішіне салынған екі дана онгон табылды. Жұқа мыс қаңылтырдан қиып адам бейнесінде жасалған мүсінше ұрыптық бұйым саналады. Бейнелердің жыныстық ерекшеліктері көрсетілгендіктен, олар әйел және ер адамның бейнелері екені белгілі болды. Онгон табылған жерге жақын 8 секторда 2 жерленім орналасқан. Оның бірінде бала жерленген болса, екіншісі сүйектері толық емес ересек адамның қаңқасы. Сәби қаңқасы жер бетінен 70 см тереңдікте, қыш кірпіштерден салынған шағын лақаттан табылды. Лақаттың үсті тігінен орналасқан 10 қатар қызғылт және сарғыш түсті қыш кірпіштермен жабылған. Кірпіш көлемі 23х23х5 см. Лақат 8 сектордың шығыс жиегінен 90 см, батыс жиектен 2,95 м, оңтүстіктен 33 см, солтүстіктен 3,67 м қашықтықта орналасқан. Лақаттың қабырғалары да 3 қатар қыш кірпіштерден қаланған. Лақат тереңдігі 20 см, ішкі өлшемі 48х90 см. Лақаттың түбіне 2-3 жасар баланы шалқасынан жатқызып жерлеген. Оның басы солтүстік-батыс жағына қаратып қойылған, аяқтары оңтүстік-шығысқа созылған. Қолдары кеудесінің екі жанына қойылған. Сүйектердің сақталуы нашар. Қаңқаның сол қолының білегі тұсынан көк және сары түсті паста моншақтары табылды. Жерлеген кезде моншақтар баланың сол қолының білегінде тағулы болған.

Екінші жерленім осы сектордың солтүстік жиегі бойынан табылды. Сүйектер жатқан шұңқырдың көлемі 100х80 см, тереңдігі 10 см. Антропологиялық тәртібі сақталмаған ересек адамның бас сүйегі мен жауырыны, қолының сүйектері анықталды. Олардың қасында орташа көлемді қыш ыдыстың түбі мен жақ сүйек, бас сүйектің бөлігі жатыр. Тоқпан жіліктің ұзындығы 33 см. Кәрі жіліктің ұзындығы 27 см. Бұл сүйектерді басқа жерді қазғанда тауып, әлдекімдер осы жерге қайта көмген болуы мүмкін.

Қазбадағы тағы бір жерленім, 17 сектордан жердің беткі деңгейінен 1,3 м тереңдіктен шықты. Сектордың оңтүстік-шығыс бұрышы маңынан, ашылып жатқан бөлменің шығыс қабырғасы бойынан жерлеу шұңқыры анықталды. Шұңқыр көлемі 58х103 см. Сүйекті оң жақ қырымен жерге жайғастырған. Басы оңтүстік жағында, ал жүзі шығысқа қараған. Аяғы және қолдары бауырына жиналған. Шамамен 20 жастағы әйел адамның қаңқасы деп болжалды. Сүйектер өлшемі: тоқпан жілік ұзындығы 20 см, кәрі жілік ұзындығы 16 см, ортан жілік ұзындығы 30 см, асықты жілік ұзындығы 24 см.













Қазбадағы жерлеулер




Қазбадан табылған онгондар мен сәби моншақтары

Қазбаның жоғарғы қабатынан 3 шаруашылық шұңқыры анықталды. №1 шұңқыр 14 сектордың солтүстік-батыс жағынан анықталды. Диаметрі 80 см, тереңдігі 50 см. Түбі тегіс, қабырғалары тік келген. Шұңқырда 10 см қалыңдықтағы қызғылт-қоңыр түсті көң қабаты бар екені байқалды. Шұңқыр сектордың батыс кескінінен 60 см, солтүстіктен 1,25 м, оңтүстіктен 3,30 м, шығыстан 2,70 м қашықтықта орналасқан. Тазалау барысында ішінен ұсақ керамика сынықтары мен мал сүйектері кездесті.

№2 шұңқыр 15 сектордың солтүстік-батысында орналасқан. Диаметрі 1,10 м, тереңдігі 55 см. Түбі біркелкі тегіс. Қабырғасы тік келген. Батыс бағытқа қарай ұзындығы 60 см, ені 24 см арна шыққан. Іші күл-қоқысқа толы болды.

№3 шұңқыр 18 сектордан анықталды. Сектордың оңтүстік-батысында орналасқан. Шұңқыр диаметрі 95 см, тереңдігі 80 см. Түбі біркелкі тегіс, қабырғасы тік келген. Шұңқырдан күл, күйе іздері байқалады. Қыш ыдыс сынықтары мен мал сүйектері, күл аралас топырақпен толған. Шұңқыр сектордың батыс жиегінен 45 см, солтүстіктен 3,05 м, оңтүстіктен 60 см, шығыс жиектен 3 м қашықтықта орналасқан.





Қазба орнынан ашылған шаруашылық шұңқырлары

Қазбаның батыс бөлігінен қала көшесі анықталды. Көшенің ені 4 м. Көшенің батыс бөлігін Жайық өзені арнасы бұзып кеткен. Өзен жарқабағынан басталатын көше қазба алаңында 40 м-дей ұзындықта ашылды. Көше табанының топырағы көкшіл сұр түсті, күл аралас, қатты тапталған. Көшенің екі жағымен қала үйлерінің ұзын қабырғалары созылып жатыр. Бұл үйлердің бөлмелерін көшенің екі жағына, солтүстік және оңтүстік бөліктерге бөліп сипаттадық. Көшенің солтүстік жағында 4 бөлменің сұлбасы анықталды. Ал, көшенің оңтүстік жағында 5 бөлме ашылып, олар №1 қазбада ашылған тұрғын-жайларға жалғасып жатыр.



Көше мен көше бойындағы үйлер бөлмелері

Солтүстік бөліктегі бөлмелер көшені бойлаған негізгі ұзын қабырға бойына салынған. Негізгі қабырға 17 м-ге созылған. Бөлмелерді батыстан шығысқа қарай белгілеп сипаттадық.

№1 бөлме пішіні үшбұрышты боп келген. Оңтүстік негізгі қабырғасы мен шығыс қабырғасы тік бұрыш жасағанда, солтүстік-батыс жағынан бір қабырғамен шектелген. Солтүстік-батыс қабырға оңтүстік қабырғаға тақалған да, шығыс қабырғамен арасы қосылмаған, ішке кіретін ені 75 см қуыс қалдырылған. Қабырғалар шикі кірпіштен қаланған. Бөлме пішініне қарағанда бұл дуал ретінде қаланған қабырға немесе зат қоятын қосалқы бөлме болуы да мүмкін. Бөлменің оңтүстік қабырғасының ұзындығы 3,9 м, ені 90 см, қабырға биіктігі 40 см. Шығыс қабырғасының ұзындығы 2,4 м, ені 85 см, ал биіктігі 75 см болады. Диагональ орналасқан солтүстік-батыс қабырғаның ұзындығы 4 м, ені 45 см, ал биіктігі 45 см болды. Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышынан солтүстік-батыс қабырғаға дейінгі ара қашықтық 1,75 м болды.

Бұл бөлменің шығыс жағында №2 бөлме орналасқан. Көлемі (СО-БШ) 4,6х4,8 м. Бөлме қабырғалары ішкі жағынан ақ бормен сыланған. Оңтүстік және шығыс қабырғалардың биіктігі 1 м асады, ені 80 см. Бөлменің тек солтүстік-батыс бұрышы бұзылған. Солтүстік қабырға 2,4 м, батыс қабырға 2,9 м ұзындыққа сақталған. Есігін осы жерде батыс қабырғаның солтүстік жағында болған деп болжадық. Батыс, оңтүстік және шығыс қабырға бойына биіктігі 20 см суфа салынған. Батыс суфаның ені 65 см, оңтүстік суфа ені 80 см, шығыс суфа ені 1,9 м. Тандыр пеш пен кан жүйесі оңтүстік қабырға бойындағы суфада орналасқан. Тандырдың қабырғасы бұзылған, диаметрі шамамен 45 см. Ішкі жағынан 40 см тереңдікке дейін күл, күйе қалдықтары кездеседі. Ауыз қуысы солтүстікке қараған. Тандырдан шыққан кан арналары бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында қабырға ішіне ойылып салынған диаметрі 12 см болатын мұржаға жалғасады. Кан арналарының ені 18 см, аралық қабырғасының ені 18 см. Батыс қабырғаның оңтүстік шетінде бұрыштан 25 см жерде қабырға ішіне қуыс (ниша)

ойылған. Қуыстың биіктігі 55 см, ені 55 см, қабырға ішіне тереңдігі 65 см. Бөлме ортасындағы еденнің көлемі 2х3,4 м. Сазбен сыланып, нығыздалған.

№3 бөлме №2 бөлменің шығысында орналасқан, әрі ішкі құрылыстары алдыңғы бөлмелерден 50-70 см-дей биік қабаттан ашылды. Көлемі (СО-БШ) 4,6х3 м. Бөлменің солтүстік қабырғасы түгелге жуық бұзылған. Оңтүстік-шығыс бұрышта да бұзылулар бар. Батыс, шығыс және оңтүстік қабырғалары сақталған. Оңтүстік қабырға 5 кірпіш қатарында сақталған, биіктігі 35 см, ені 70 см. Кірпіштің көлемі 44х21х6,5 см болды. Батыс қабырғаның биіктігі 35 см, ені 80 см. Шығыс қабырғаның биіктігі 18 см, ені 1 м. Батыс және солтүстік қабырғалардың бойына суфа салынған, биіктігі 35-25 см аралығында. Батыс суфаның ені 90 см, ішіне тандыр пеш пен кан жүйесі жүргізілген. Тандыр суфаның орта тұсына салынған, диаметрі 60 см. Тандыр қабырғасы тек оңтүстік жағында сақталған, биіктігі 30 см. Екі арналы кан тандырдан солтүстік бағытқа шығады. Кан арналары тандырдан 70 см-ге дейін анықталды. Әрі қарай бөлме қабырғалары канмен бірге бұзылған. Тандырдан оңтүстікке 75 см жерде суфа ішіне ұзындығы 50 см, ені 20 см жіңішке қабырға көлденең қаланған. Бұл қабырғадан тандырға дейінгі аралықтағы суфа іші күлмен толтырылған. Осы жіңішке қабырғадан бөлменің оңтүстік қабырғасына дейін суфа іші саз топырақпен, шикі кірпіш сынықтарымен толтырылған. Солтүстік суфа ені 1,1-1,2 м шамасында болған деп болжаймыз. Батыс суфадан шығыс қабырғаға дейін, солтүстік суфадан оңтүстік қабырғаға дейін еден болған, көлемі 2,15х3,4 м. Бөлме есігі шығыс қабырғада болған деп есептеледі, бірақ орны анықталған жоқ.

№4 бөлме №3 бөлменің шығысында орналасқан. Оңтүстік және солтүстік қабырғалары сақталмаған. Шығыс қабырғасы солтүстік бағытқа созылып жатыр, ұзындығы 4 м, ені 80 см, биіктігі 50 см-дей. Кірпіш өлшемі 22х5 см. Сондай-ақ қабырға бойымен суфа салынып, онда тандыр пеш пен кан орнатылған. Тандырдың диаметрі 60 см. Қабырғасының биіктігі 27 см. Кан солтүстікке созылған, арналар ені 15 және 20 см, аралық қабырғаның ені 20 см. Шығыс қабырғадан №3 бөлменің шығыс қабырғасына дейінгі қашықтық 3 м.



Көшенің солтүстік бөлігіндегі бөлмелер

Көшенің оңтүстік жағында ашылған бөлмелер оңтүстікке қарай үш қатар боп орналасқан. Көше бойында 3 бөлме орны ашылса, 2 бөлме олардың оңтүстік жағында, тағы бір бөлме бөлігі одан әрі орналасқан.

№1 бөлме қазбаның оңтүстік-батыс шетінде анықталды. Батыс қабырғасы анықталмай қазба шетіне тірелген. Көлемі (СО – БШ) 2,3х5,3 м. Қабырғаларының ені 80 см, биіктігі 90 см. Бөлменің ортасынан кан арналары анықталды, солтүстік-оңтүстік бағытта созылған. Кан арнасының ұзындығы 2 м. Бұл бөлме бастапқыда екі шағын бөлме болған болуы мүмкін. Ортасындағы бөлмеаралық қабырға бұзылып, соны бойлай салынған суфа мен тандыр пеш, кан арналары бөлме ортасынан анықталып отыр. Бөлмені қазу барысында құс бейнесі салынған сырлы қыш ыдыстың түбі табылды. Көгілдір түспен сырланып, қара түспен ою-өрнектер салынған.

№2 бөлме №1 бөлменің шығыс жағында орналасқан. Бөлменің батыс және оңтүстік қабырғалары ғана жақсы сақталған. Солтүстік қабырғасының 2 м ұзындықтағы сұлбасы ғана сақталған. Шығыс қабырғасы анықталмады. Бөлме көлемі (СО – БШ) 1,8х6,1 м. Қабырғалар биіктігі 1,5 м, ені 90 см. Бұл бөлменің де жарты бөлігі бұзылғандықтан, 2 немесе 3 шағын бөлмелерден тұрған болуы мүмкін.

№3 бөлме №2 бөлменің оңтүстік қабырғасынан әрі қарай орналасқан. Көлемі (СО – БШ) 3х7,9 м. Қабырға ені 90 см, биіктігі 1,5 м. Бөлменің тек солтүстік және батыс қабырғасы сақталған. Шығыс қабырға 3 м ұзындықта ашылды. Солтүстік қабырға бойында тандыр және кан арнасы салынған суфа орналасқан. Тандыр пеш диаметрі 50 см, қабырғасының сақталған биіктігі 37 см. Тандырдың ауыз қуысы батыс бағытқа қараған. Кан арналары тандырдан шығысқа 2 м ұзындыққа созылған, арналардың ені 20 см, аралық қабырға ені 20 см. Кан арнасы біткен жерде солтүстік қабырғаға ойылып мұржа салынған. Мұржа іші төртбұрыш пішінді, 12х12 см. Ішін топырақ, күйеден тазалау барысында темір қол орақ табылды. Сабы сақталмаған, сабында сақталған қалдықтарға қарағанда сүйектен өңделген сабы болған болса керек.

Бөлменің батыс қабырғасы үстінен төрт бұрыш пішінде 2 қыш кірпіштер төселген орын анықталды. Көлемдері 50х50 см. Екеуінің арақашықтығы 35 см. Кірпіштердің өлшемі 27х27х5 см. Батыс қабырғадан әрі қарай №1 қазбада тағы басқа бөлме жалғасады.

№4 бөлменің бөлігі №3 бөлменің оңтүстігінде ашылды. Бөлменің қазбада ашылған көлемі солтүстік қабырға бойында 2,2 м, шығыс қабырға бойында 4 м ұзындықта ашылды. Бөлменің қалған бөлігі №1 қазбада орналасқан. Бөлме қабырғасы биіктігі 70 см, ені 60 см. Бөлме ортасында құрылыс орны бар.

№5 бөлме қабырғалары толық сақталмаған. Шығыс қабырғасы және оңтүстік-батыс бұрышы ғана сақталған. Шығыс және батыс қабырғалары арасы 4 м, қабырғаның қалыңдығы 70 см. Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында пештің қыш мұржасы сақталған. Мұржа биіктігі 50 см, диаметрі 15 см. Шығыс қабырғаның сақталған бөлігінің ұзындығы 2,6 м, биіктігі 70 см, қабырға ені 50 см. Бөлменің оңтүстік жағы күл, күйе қабатынан тұрады, бұл жерде өрт болып қабырғаны жойған болса керек.



Көшенің оңтүстік бөлігіндегі бөлмелер

2023 жылғы №2 қазбадағы жұмыстары арнайы археологиялық зерттеу әдістеріне сәйкес жүргізілді. Қазба жұмыстары нысандардың құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеу алаңын толық ашу принципімен жүргізілді. Қазба барысында сырлы және сырланбаған қыш ыдыстардың көптеген фрагменттері табылды. Түрлі жәдігерлер: метал, шыны, сүйек бұйымдар және нумизматикалық материалдар жиналды. Оларды тіркеу, археологиялық құжаттау жұмыстары жасалды.

Қазба жұмысын қорытындылай келе, қала көшесінің бір бөлігінің ашылуы Сарайшық зерттеулеріне жаңа серпін береді деп сенеміз. Бөлмелердің едені әр түрлі тереңдікте ашылды. Қазбада анықталған адам жерлеулері бұрынғы жерлеулерге ұқсамайды. Онгон жәдігерінің табылуы, жерлеу түрлері, т.б. жағдайлар қаланың кейінгі кезеңінде бұл жерде бөлек этникалық, діни топ жерленімдері болған секілді деп ойлаймыз. Қазбаның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі қалың күл қабаты зерделеуді қажет етеді. Үлкен өрт бірталай аймақтағы нысандарды жойған болса керек. Қазбаның солтүстік бөлігінде бес күрек қабатына дейін ешқандай құрылыс орны табылмады.

Келесі маусымда қазба орны одан әрі кеңейтіліп, №1 қазбамен қосылады. Сондықтан қазбадағы жаңа зерттеулер жақсы нәтижелер береді деп үміттенеміз.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. Сарайшық, 2023 ж. – 50 б.

2. Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)» I-II том. Атырау. 2017.

УДК 94(574)(043.3)

ЭКОЖҮЙЕНІҢ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Сеғуатов Даулет - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 7М01601 Тарих тобының 1 курс магистранты

Аңдатпа: Бұл мақалада Алтын Орда тарихындағы табиғи, климаттық және экологиялық факторлар қарастырылады. Бұл факторлардың Алтын Орда саясатына, экономикасына және т.б. ықпалы көрсетіледі. Жошы Ұлысы өмір сүрген күннен бастап қоршаған ортаға өте тәуелді болып шықты. Жошы Ұлысының ірі әскери-саяси бірлестік және дүниежүзілік шаруашылық жүйесінің маңызды элементі ретінде өмір сүруі Төменгі Еділ бойындағы дала биомасының бастапқы пішінді қалпына келтірудегі рекреациялық мүмкіндіктеріне тікелей байланысты деген ұстанымға сүйенілді.

Кілт сөздер: Алтын Орда, климат, саясат, экология, Каспий теңізі, биомасса.

Ключевые слова: Золотая Орда, климат, политика, экология, Каспиское море, биомасса.

Keywords: Golden Horde, climate, politics, ecology, Caspian Sea, biomass.

Экологиялық жағдай адамның аймақтың экологиясына белсенді әсерінен де, климаттың өзгеруі нәтижесінде де нашарлауы мүмкін. Қолайлы табиғи-климаттық кезеңде Орда билеушілерінің экономикалық саясаты Жошы Ұлысының Қара теңіз-Каспий аймағының тез арада дүние орталығына айналуына мүмкіндік берді. 1320 жылы Каспий, Азов және Арал теңіздерінің деңгейінің күрт өзгеруі басталды, ол сейсмикалық белсенділіктің күшеюімен және климаттық тұрақсыздықтың басталуымен бірге Алтын Ордадағы апатты зардаптардың детонаторына айналды. Соңғы кезге дейін эпидемиялық («Қара өлім»), демографиялық (жаппай ашаршылық) және әскери-саяси субъектілер ретінде іс жүзінде қарастырылды. Зерттеудің жаңалығы климатология, эпидемиология және герменевтика саласындағы жаңа жетістіктер аясында айқындалады. Орда хандарының барлық бастапқы орталықтандыру билігіне қарамастан, Жошы ұлысы жерлерін біртұтас мемлекеттік жүйеге біріктіру процесі шамамен 70-80 жылға созылды. Зерттеушілер бұл процестің ұзақтығын түсіндірудің бірнеше себебін келтіреді. Ең маңыздыларының бірі – табиғи-климаттық жағдайлардың тұрақсыздығы. Алтын Орда зерттеушілері (Гумилев, Алексин және Кульпин) солтүстік ендіктің 48° пен 52-ші аралығындағы белдеуде орналасқан Дешті Қыпшақ жерлері үнемі температуралық өзгерістерге ұшырайтын деген қорытындыға келді [1, 129 б.]. Сонымен қатар, дала үшін ең үлкен проблемалардың бірі ылғалдың тұрақсыз жоғалуы болды. Біркелкі емес жауын-шашынның шамамен 80% жаз айларында болды. Осыдан кейін ұзақ құрғақ кезең болуы мүмкін. Барлық осы табиғи-климаттық ерекшеліктер аз ағаштары бар ерекше ландшафттың қалыптасуына және соның салдары ретінде ерекше маусымдық шаруашылықтың қалыптасуына ықпал етті. Оның жұмыс істеуі шығыста Бурятиядан, батыста Венгрияға дейін созылған тар жолақта ғана мүмкін болды. Ғылыми түрде Еуразияның Ұлы климаттық осі деп аталған бұл аймақ солтүстіктегі қоңыржай климаты бар неғұрлым отырықшы аймақтарды оңтүстіктегі континенттік климаты бар көшпелі аудандардан бөліп тұратын жел бөлшегі қызметін атқарды [2, 136 б.]. Айта кету керек, оңтүстік аймақтар климаттың өзгеруіне және қолда бар су ресурстарының болуына әлдеқайда тәуелді [3, 33-35 б.].

Жергілікті табиғи-климаттық жағдайлардың тағы бір ерекшелігі, Каспий теңізі деңгейінің ауытқуының Еділ, Ахтуба, Жайық, Құма өзендері аңғарларының жайылмаларының кең ауқымды ландшафттық қайта құрылымдалуындағы өзгерістерге, далалар мен өзендерге айтарлықтай әсер етуі болып табылады[4, 103 б.]. Л.Н. Гумилев далалық ылғал ырғақтары туралы концепциясы бойынша, Еділдің төменгі ағысында егіншілікті енгізу Каспий мен Арал теңізінің су бетінің атмосферадағы ылғалдың айналымын қамтамасыз ету қабілетіне тікелей байланысты болды. Бұл өз кезегінде, аймақ ландшафтарының жағдайының азық-түлік құндылығына, ең құнарлы таулы жерлердің су басу деңгейіне және жер асты суларының тұздануына тікелей әсер етті. Каспий теңізі деңгейінің небәрі 1 м-ге төмендеуі екі-үш онжылдықта құм массаларының 500-1000 км² аумақта күрт ілгерілеуіне ықпал етті және деңгейі 1 м көтерілген кезде өсімдіктердің күрт өзгеруі орын алды. Жаңа және ескі биоэкологиялық жүйенің негізгі айырмашылықтары: жайылымға жарамдылығының төмендігі, сирек шөп жамылғысы, топырақтың тұздылығына көбірек тәуелділігі және тұзды теңіз суының тұнба бөлшектерімен мезгіл-мезгіл келіп түсуі[5, 90 б.]. Табиғи-климаттық жағдайларға шектен тыс тәуелділіктен басқа, Жошы ұлысы дамуының тағы бір спецификалық ерекшелігі ішкі саяси мәдениеті мен экономикалық қатынастарының даму деңгейі әртүрлі территориялардың бір саяси-экономикалық жүйенің ішінде қатар өмір сүруі болды. Сонымен, егер Қырым, Болгар, Орыс және Хорезм жерінде саяси және экономикалық даму деңгейі айтарлықтай жоғары болса, қалған бағынышты жерлер үшін ол айтарлықтай төмен болды және оларда мемлекеттік құрылымдардың өмір сүруінің қысқа кезеңімен шектелді. Бұл ретте Жошы Ұлысының бүкіл шекарасында саяси орталықтан айтарлықтай адам және қаржы ресурстарын тартып алған қақтығыс аймақтарының болуы жағдайды қиындата түсті. Нәтижесінде, табиғи-климаттық жағдайлардың нашарлауымен бұл шеткері мен саяси орталық арасындағы байланыстың жоғалуына, соның салдарынан Дешті Қыпшақтың өзінде орталықтан тепкіш күштердің артуына әкелуі мүмкін. Алтын Орда қалаларының дамуының ерекшелігі, зерттеушілер бұл қоныстардың географиялық орналасуы деп есептейді. Қолжетімді су ресурстарының болуына және кеме жүзу мүмкіндігіне тәуелділік Алтын Орда билеушілеріне жаңа қалалар құруды тікелей талап етті. Сондықтан жаңадан пайда болған қалалардың барлығы кеме жүретін үлкен өзендердің жағасында пайда болуы кездейсоқ емес еді. Бірыңғай қала құрылысы жоспары болғаны белгісіз. Бірақ жаңа қоныстардың Ұлы Жібек жолына қарай бастапқы бағдарлануы және бұл қалаларда қорғаныс құрылыстарының болмауы, Жошы Ұлысының билеушілеріне сауданың қауіпсіз және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді [2, б. 136].

Жошы Ұлысының астанасы құрылысының басталуы негізінен, Каспий теңізі деңгейінің Дүниежүзілік мұхит деңгейіне қатысты - 32-30 м-ге орнатылуымен тұспа-тұс келді. Бұл ретте зерттеуші А.Ю. Артюхин XIII ғасырдың екінші жартысында, далаларда салыстырмалы түрде қолайлы климат орнықты деп есептейді[6, 317 б.]. Төменгі Еділ бойында, Солтүстік Кавказда және Қара теңіз даласында кең жапырақты ормандардың жеткілікті кең таралуы осының дәлелі. Бұған көптеген орман жануарлары мен құстарының сүйектері, күл және көптеген қайың қабығының қалдықтары, ағаш заттар, орамдар мен төбелер табылған. Алайда бұлар негізінен су жолдарының бойында, су айрықтарының беткейлері мен сайлардың бойында орналасқан жыра немесе жайылма ормандар болғанын айта кеткен жөн. Мұндай ормандардағы өсімдік жамылғысы әдетте сапасыз және көлемі аз болады. Орда орталықтарының маңында үлкен ормандардың болуы қалалардың құрылысын жеделдетіп қана қоймай, сонымен бірге бұрынғылардың жұмысын үлкен ағаш қорларына тәуелді етті. Алайда Дешті Қыпшақ даласы үшін белгіленген климаттық оптимум және Беркеден бастап хандардың мақсатты қала құрылысы саясаты, Орда қалаларының экономикасының күрт өсуіне тікелей ықпал етті. Бұл ретте Орда қалаларының дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне түпкілікті қосылуы дәл осы кезеңде болғанын айта кеткен жөн. Соңғысының арқауы, көптеген тарихшылардың пікірінше, Орда қалаларын (Сарай, Астрахан, Сарайшық, Үргеніш) Азияның ірі сауда қалаларымен (Отырар, Алмалық, Қашқар, Ханбалық) байланыстырған Ұлы Жібек

жолы болып саналады. Дәл осы трансконтиненттік жүйе тауар ағынын жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік берді.

XIII ғасырдан - XIV ғасырға дейін, бір ғасырда Каспий теңізінің деңгейі күрт өзгерді, теңіз суы 6 м көтеріледі. Сақсын аймағының халқы игерілген аумақты тастап кетуге мәжбүр, оның басым бөлігі су тасқыны аймағында. Бұл кезең моңғолдардың Төменгі Еділге келуімен және осында астана орталығы Жошы Ұлысының құрылуымен де байланысты. XIV ғасыр 20-жылдары су деңгейі 2 м биіктікке дейін төмендейді, XIV ғасырдың 60-жылдары қайтадан көтеріле бастайды. Осылайша, Хазар және Сақсын дәуірінде адам игерген аумақтың көп бөлігі су астында қалып, белсенді шаруашылық қызметке жарамсыз болып шықты. Сақсын өлкесіндегі елді мекендердің көпшілігі өмір сүруін тоқтатқанға ұқсайды. Бұрынғы Сақсын өлкесінің солтүстік бөлігінде орналасқан олардың бір бөлігі Алтын Орда дәуірінде қайта жанданып, өмір сүруін жалғастырды. Алтын Орда дәуірінде атыраудың батысында, солтүстігінде және шығысында орналасқан жерлер игеріле бастады, дәл осы кезеңде Еділ-Ахтуба жайылымы игерілді, онда көптеген Алтын Орда қалалары мен елді мекендері пайда болды. Бақытымызға орай, бұл кезең, XIV ғасырдың 20-60 жылдары Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында келді, бұл Алтын Орданың экономикалық және мәдени дамуының шыңы ретінде сипатталады[7, 181-196 б.].

Орда қалаларына XIV ғасырдың басында елеулі өзгерістер енгізілді. Біріншіден, орталық Жошы билігінің өздерінің сауданың тұрақты дамуына мүдделі болуы осы кезеңде еуропалық және шығыс тауарларын ауыстырып тию саудасымен толығымен байланысты Орда шаруашылығының тұтас бір саласының қалыптасуына тікелей ықпал етті. Бұл саланың маңызды элементтері, Алтын Орданың зерттеушісі Г.Федоров-Давыдовтың пікірінше, татар тіліне аудармашылардың тұтас корпусынан, ат және түйе жүргізушілерінен тұратын сауда жолдарын басқарудың қатаң орталықтандырылған жүйесі болды[3, 80 б.]. Орда шаруашылығының табысты болуының белгілі бір кепілі 1311 жылы Тоқта хан кезінде жүргізілген ақша реформасымен байланысты болғанын айта кеткен жөн. Соңғысының нәтижесінде Сарай дирхамының ресми бағамы монетадағы бағалы металдардың (алтын, күміс және мыс) нарықтық бағасына толығымен тәуелді болды. Жошы ұлысының ақша жүйесіне осындай көзқарас банк аударымын жүзеге асырудың қажетті шарты болды. Италияның ортағасырлық портоландарын талдау негізінде бұл кезеңдегі Жошы Ұлысының негізгі саяси және экономикалық орталығы Алтын Орданың орталық аймақтарында орналасқан қалалар болды. Бұл дәл осы кезеңде Византия империясының қалпына келуімен және Моңғол империясында бейбітшілік орнағанымен түсіндірілді. Сауданың одан әрі дамуы Орда қалаларының толық өзгеруіне әкелді. Бұл үдерісте Өзбек ханның исламды мемлекеттің ресми діні деп жариялауы белгілі рөл атқарды. Алайда элита Сарайдағы астанада да, көшпелілер ордасында да өмір сүре берді. Бұл аймақтардан Орда қалаларында халық санының күрт артуы оңды да, жағымсыз да салдарға әкелді. Бір жағынан, рухани және тұрмыстық мәдениетте елеулі өзгерістер орын алып, Жошы Ұлысында қалалық таптың қалыптасу үдерісінің жеделдеуіне ықпал етті. Екінші жағынан, мүлде басқа табиғи-климаттық белдеуден көшіп келушілердің күрт артуы аймақтың экологиясына өзгерістер әкелмеуі мүмкін емес еді. Климаттық оптимумның шыңындағы белсенді қала құрылысы жыралар мен жайылма ормандардың күрт қысқаруына әкелді, бұл өз кезегінде жергілікті топырақ эрозиясының жеделдеуіне әсер ете бастады. Экологиялық саладағы жағдайды 1320 жылдары басталған Каспий теңізі деңгейінің күрт көтерілуі қиындата түсті [8, 20-21 б.]. Нәтижесінде Төменгі Еділ бойындағы қрң қалалар мен Солтүстік Каспий және Арал өңірлеріндегі негізгі жайылым аймақтары су басу аймағында қалды. Бұл оқиғалардың негізгі себебі, Каспий теңізінің оңтүстік және батыс жағалауларындағы сейсмикалық белсенділік болды, бұл саяхатшылар мен куәгерлердің көптеген жазбаларында жер сілкінісі және т.б. факторлармен сипатталады.

Жағдайды Ұлы Орыс жазығында басталған ұзақ мерзімді құрғақшылық қиындата түсті. Орыс жылнамаларына сәйкес, Батыс Еуропа үшін де шектен шыққан құрғақшылық пен аптап ыстық ормандар мен батпақтардың қатты өртімен бірге жүрді. Алдағы XV ғасыр, Жошы Ұлысындағы жалпы көрініс толығымен дерлік өзгертті. Каспий теңізінің батыс және

оңтүстік жағалауларындағы сейсмикалық белсенділіктің күрт өсуін көптеген саяхатшылар мен оқиғалардың куәгерлері эмоционалды түрде атап өтті. Осының барлығы, сонымен қатар Каспий, Азов және Арал теңіздері деңгейінің күрт өзгеруі Жошы Ұлысы мен Ресей княздіктеріндегі экономикалық және әскери-саяси жағдайды шегіне қиындатты. Орыс әскерлерінің Ордамен шайқасы: Куликово даласы (1380), Тоқтамыстың Мәскеу жорығы (1382), Самарқан билеушісі Ақсақ Темірдің Алтын Орданы талқандауы (1396), сондай-ақ соғыс жүргізудің жаңа тактикалық әдістерінің пайда болуы (Тоқтамыстың 1384-1385 және 1386-1387 жылдардағы Темірланға қарсы Орта Азиядағы қысқы әскери жорықтары) және Орта Азия сауда жолдарындағы өзгерістер, Жошы ұлысында болған өзгерістерге тікелей куә болды[9, 124-126 б.]. Қалыптасқан тұрақсыз климаттық кезең (кіші мұз дәуірі) Орда қалаларының дамуына кері әсерін тигізе бастады. Ұзақ құрғақшылық кезеңі және Ортаазиялық кемiргіштер массасының ағыны қала халқының санына тікелей әсер ете бастады. Жағдай климаттық тұрақсыздықтың өсуі аясында басқа эпидемиялық аурулардың (тырысқақ және сүзек) қатарлас жарылысына ұшыраған аймақтардың өсе бастауымен қиындады. Ұлыс Жошының әлсіреуі оба індеті, жаппай ашаршылық және әскери-саяси жағдайдың шиеленісуі одан әрі айқындайтын факторлар болды. XV ғасырдың басына қарай Орда қалаларының негізгі бөлігі енді өмір сүре алмады. Тек сыртқы нарыққа бағытталғандар қауым ғана өмір сүре алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Макэведи К. Бубонная чума // В мире науки. 19887 № 4. 23-55 б.
2. Кренке А.Н., Золотокрылин А.Н., Попова В.В., Чернавская М.Е. Реконструкция динамики увлажнения и температуры воздуха за исторический период(по природным показелям) // Палеоклиматы позднеледниковья и голоцена. М.: Наука, 1989. 34-38 б.
3. Зеленеев Ю.А. Золотоордынские города. Поволжья: возникновение, время существования и этнокультурная характеристика // История и современность. 2010. 113-122 б.
4. Бадюкова Е.Н. История развития Северного Прикаспия и дельты Волги // Океанология. Т. 50. № 6. 2010. 953-960 б.
5. Егоров. В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. М.: Наука, 1985. 248 б.
6. Артюхин Ю.Х. Природные катаклизмы как одна из причин «Великой замятни» в Золотой Орде и возникновения Азака // Боспорские исследования. 2010. 315-334 б.
7. Пигарёв Е.М. Дельта Волги в золотоордынский период // Диалог городской и степной культур на Евразийском пространстве. Историческая география Золотой Орды. Материалы Седьмой Международной конференции посвященной памяти Г.А. Федорова-Давыдова (Ялта, 8–12 ноября 2016 г.) / Ред. С.Г. Бочаров, А.Г. Ситдиков. Казань, Ялта, Кишинев: Stratum plus, 2016. С. 187–190.
8. Берг. Л.С. Уровень Каспийского моря за историческое время. // Проблемы физической географии. 1934. 11-64 б.
9. Селезнев Ю.В. Токтамыш – последний хан единой Орды // Вопросы истории. 2010. № 2. 101-107 б.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢІ, ОНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ТАРИХИ ІЗБАСАРЛАРЫНЫҢ РӨЛІ.

Шығанбаева Мадина - «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі (Атырау қаласы)

Аннотация: Мақалада Ұлыс Жошысының құрылу процесі, оның саяси құрылымы, экономикалық жағдайы, сонымен қатар тарихи ізбасарларының өлкенің дамуына ықпалы қарастырылған. Ұлы Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде құрылған Ұлыс Жошы Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы негізгі мемлекеттік құрылымға айналды. Ұлыстың көшпелі және отырықшылық дәстүрлерінің үйлесіміне негізделген саяси құрылымы, сауда мен егіншілік арқылы экономикалық өркендеуі өлкенің кейінгі дамуына айтарлықтай әсер етті. Бату хан мен Өзбек хан сияқты тарихи мұрагерлердің Ұлыстың нығаюы мен кеңеюіндегі, сондай-ақ мәдени және діни интеграциядағы рөлі оның ұзақ мерзімді тұрақты болуына ықпал етті. Заманауи зерттеулер, археологиялық олжалар мен білім беру жобалары осы тарихи кезең, оның мұрасы мен қазіргі саяси, мәдени және экономикалық процестерге әсері туралы жаңа түсініктерді ашуды жалғастыруда.

Кілт сөздер: Ұлыс Жошы, Саяси құрылым, Экономикалық жағдай, Тарихи ізбасарлар, Мәдениет және дін, Сауда жолдары, Археологиялық олжалар, Тарихи мұр, Аймақтық интеграция, Заманауи зерттеулер.

13 ғасырда моңғол жаулап алулары нәтижесінде құрылған ірі мемлекеттердің бірі – Жошы Ұлысы, Алтын Орда деп те аталады. Ол Шыңғыс хан құрған Ұлы Моңғол империясының құрамында құрылып, Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы маңызды саяси және экономикалық орталыққа айналды. Бұл мақалада Ұлы Жошыны құру үдерісін, оның саяси жүйесі мен экономикалық жағдайын қарастырамыз, сонымен қатар тарихи ізбасарлардың рөлі мен мемлекет дамуына ықпалын талдаймыз.

Жошы Ұлысы 1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін, оның үлкен ұлы Жошы Моңғол империясының батыс бөлігіндегі ұлан-ғайыр жерлерді бақылауға алған кезде құрылды. Ұлыс Жошыны құру Шыңғысханның ұлан-ғайыр империясын ұлдары арасында бөлісіп, үкіметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету жоспарының бір бөлігі болды.

Облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының директоры Фархад Досмұратовтың айтуынша қорғауға алынған тарихи ескерткіштер саны 900 таяу. Айта кетер жайт, өткен ғасырдың 80-ші жылдары облыста қорғауға алынған ескерткіш екеу-ақ болған. Сонымен қатар 1,5 мыңдай ескерткіштің тізімі жасалып қойған.

Туристік бағытқа байланысты мәліметтер бойынша облыста 18 туристік маршрут бар. Былтыр өңірімізге 186 мыңнан адам келген. Оның 162 мыңы ішкі туристер болса, қалғаны шетел азаматтары болған.

Ақтөбе облысы бойынша «Қазақстанның киелі жерлері географиясына» республикалық деңгейде енгізілген 10 нысан бар.

Солардың кейбіреулері жайында ақпараттық – танымдық мәлімет ұсынғалы отырмыз.

Абат-Байтақ кесенесі



2007 жылға дейінгі қалпы



Қазіргі қалпы

Абат-Байтақ кесенесі XIV-XV ғасырлардағы сәулет ескерткіші болып табылады, Ақтөбе облысы Қобды ауданы Бескөп аулынан шығысқа қарай он екі шақырым жерінде орналасқан. Бұл Алтын Орда кезіндегі бірегей құрылыс болып саналады. Сәулет стилі жағынан оған теңдес құрылыс Қазақстанда жоқ. Осындай бетше босағалық-шатырлық үлгісіндегі ескерткіштер тек Ресейдегі Челябинск облысында, Башкирияда бар.

Аңыз бойынша, Абат-Байтақ қазақтың атақты XV ғасырдағы қиялшыл философы Асан Қайғының ұлы Абат батырдың қаза тапқан жерінде салынған.

Алғаш рет Абат-Байтақ кесенесін XVIII ғасырдың аяғында ресейлік ғалым П. И. Рычков зерттеген. Бірегей кесененің толық сипаттамасын XX ғасырдың басында француз ғалымы, Орынбор мұрағат комиссиясының мүшесі И. А. Кастанье берген, ал XX ғасырдың 50-70 жылдары атақты зерттеуші Малбағар Мендіқұлов кесененің қыпшақ хандықтары Хорезммен тығыз байланысты болған кезінде Алтын Орданың пайда болу уақытына 13 ғасырдың басына жатқызады.

1979-1980 жылдары діни сәулет маманы Серік Ажығалиев басқарған Қазақ КСР Мәденит министрлігінің «Қазреставрация» экспедициясы оны республикалық маңызындағы қорғалынатын ескерткіштер тізімдемесіне кіргізді.

2007 жылы зерттеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары сәтті аяқталды. Қазіргі кезде Абат-Байтақ кесенесі облыстағы тұрғындар мен көптеген қонақтардың қажылық жасайтын жері болып табылады.

Қобыланды батыр мемориалдық кешені



Бұрынғы орны



Қазіргі қалпы

Қазақтың «Қобыланды батыр» жырына, сондай-ақ Жиренқопа жеріндегі Қобыланды батыр кесенесіне де қатысты деректер кеңестік заманға дейінгі зерттеулерден-ақ табылады. Мысалы, Әлихан Бөкейханның «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» атты көлемді мақаласы «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 126-129 сандарында жарық көрген, т.б. Ал кесене туралы деректерді Орынбор ғылыми архив комиссиясының мүшесі болған Жозеф-Антуан Кастанье өзінің «Древности киргизских степей и Оренбургского края» атты еңбегінде жазып қалдырған. Француз Кастанье 1899 жылдан бастап кеңес өкіметі орнағанға дейінгі аралықта Ресейде өмір сүріп, қазақ жерінің ескерткіштері туралы мағлұматтар жинады. Қобыланды батыр кесенесі туралы дерегінде ол мұндағы кірпіштердің Абат-Байтақ кесенесінің кірпіштерімен бірдей екенін жазады.


Алайда ол ғимарат біздің заманымызға жетпеген. Қобыланды батырдың осы жерде жерленгендігі туралы халық жадында бірнеше ғасырдан бері сақталып келе жатқан мәліметтер бар. Дегенмен қағаз бетінде нақты деректер жоқ. Ол туралы 1906 жылы Қобда — Елек бойын зерттеу кезінде орыс ғалымы В.В. Карлсон өзінің Орынбор басшылығына жазып кеткен есебінде былай деген: « Илецкая Защита қорғанынан Ойыл бағытында жолда 40 шақырымдай жерде, Қобда өзеніне Ешкіқарған өзені құяр тұста Қобыланды батырдың мазары бар екен. Бірақ ол құлап қалыпты, орнында үйінділер ғана қалған».

Жалпы, жырдың кейіпкерлеріне, ондағы оқиғалардың қай тарихи кезеңге жататынына, жер атауларына қатысты түрлі пікірлер, кей тұста пікірталастар әлі де жалғасып жатыр. Жырдағы оқиғалар оғыз-қыпшақ дәуірі, одан кейінгі Жошы Ұлысы мен Ноғайлы кезеңі, берідегі Қазақ хандығының құрылар тұсы секілді жаугершілік замандармен байланыстырылады. Тоқтамыс ханның (1342-1406 жж.) әскербасыларының, сондай-ақ Шайбан әулетінен шыққан Әбілқайыр ханның (1412-1468 жж.) әскербасыларының арасында да Қобыланды есімді тарихи тұлға болған.

Жер аттарына байланысты түрлі пікірлер бар.Жырда кездесетін көптеген жер атауларының Ақтөбе топырағында қазірге дейін сақталып келгені де белгілі. Кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін жолдың бойында Қобыланды аталатын бекет бар екенін, сол жердің қазақтары Қобыланды туралы көнеден қалған аңыз-әңгімені, соның ішінде бейітінің де осында екенін айтатынын жазған.

2007 жылы Қобыланды батыр кесенесінің қайта тұрғызылды.

Исатай Тайманұлы кесенесі



Бұрынғы орны



Қазіргі қалпы

Ескерткіштің түрі: Киелі нысан

Ескерткіштің мерзімі: 2014 жыл

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қиыл ауылынан 9 км оңтүстік-оңтүстік-шығыста,Шейітсай жері

Ішкі Ордадағы көтерілістің тарихын алғашқы зерттеушілер (А.Рязанов, М.Вяткин, А.Шахматов) олар үкімет әскерімен болған соңғы шайқас туралы жазады.

Исатайтануда қазақ тіліндегі алғашқы басылым (1924, 1925 жж.) Алаштың ардагері, ғалым Халел Досмұхамедұлының тарихи естеліктерін де айтуға болады. Исатайдың соңғы шайқасы туралы негізгі құжат – полковник Геккенің баяндамасында (13.07.1838 ж.): қысқаша да анық жеткізілген. Исатайдың мүрдесін іздеуді белгілі антрополг Н.Шаяхметов 1968 жылы бастайды. Исатай батыр туралы ғалымдар мен зерттеушілер көптеген еңбектер жазды.

Кесене ішінде Исатай Таймануұлы мен оның ұлы Оспанның өмір сүрген жылдары мен Исатай батырдың бейнесі салынған. Махамбет ақынның

Арыстан туған Исатай,
Дегеніне жете алмай,
Арманда өтіп кетті деп,
Қиналсаңыз біздерге,
Мың сан рахмет сіздерге!»
деген шумақ өлеңі қашалып жазылған.

2021 жылы Шейітсай қорымындағы батыр кесенесі кешенге айналды. Исатайдың сенімді серіктері, жанындағы қамқоршы қаруластары саналатын 8 батырдың есімін арнайы тақтаға жаздырып, Ақбұлақ шайқасында шейіт болған сарбаздардың рухына арналған пано дайындалды.

Исатай Таймануұлы мен ұлы Оспанға арналған 8 қырлы кесененің бұрыштарына Жақия Исатайұлы, Қожахмет Өтемісұлы, Қабыланбай Қалдыбайұлы, Құдайберген Елемесұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Сарт Еділұлы, Уса Төлегенұлы, Үбі Усаұлына ескерткіш-белгілерді орнатты.

Әбілқайыр хан жерленген «Хан моласы» қорымы



Бұрынғы орны



Қазіргі қалпы



Мемориалдық кешен

Шыңғыс ханның баласы Жошының 13- ші ұлы Өсекеден тараған ұрпағы Қажы сұлтанның баласы.

Жауға шапқандағы жаужүректілігімен, қайтпас батырлығымен көзге түскен Әбілқ айыр кіші жүз хандығының тағына мұрагерлік жолмен емес өз беделдігімен жеткен. Кейін келе, 35 жылдан аса уақыт бойы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде,

Әбілқайырдың жатқан қабірі табылып, ғылыми дәлелденді. Осыған орай, 2015 жылдың 2 қазанында Әбілқайыр ханның кесенесі, кешені, мемориалдық музейі салтаннатты түрде ашылды.

Осы Хан моласы аталған үлкен қорымда 1000-нан аса қорым бар. Солардың арасында Әбілқайыр ханмен бірге қаза болған бір топ нөкерлері де бар. Әбілқайыр хан қаза болған жер кейін халықтың айтуымен «Хан моласы» қорымы

аталды. Кешенде орналасқан үш стелла үш жүзді білдіреді. Биіктігі 25 метр. Бірінші стеллада ұлы жүздің 19 таңбасы, орта жүздің 18 таңбасы және кіші жүздің 25 таңбасы бейнеленген. Мазардың биіктігі 15 метр, диаметрі 8,5 метр болады. Кіреберістегі маңдайшасының биіктігі 5,5 метр. Есігі құбылаға қаратып салынды, 8 қырлы. Әр бөліктің астыңғы жағында «Әбілқайыр хан» деген жазу бар және Ұлы Даланы жайлаған барлық қазақ руларының таңбалары салынған. Оны сақтап қалу үшін кесене диаметрі ұлғайтылып, сегіз қырлы етіп салыныпты. Құрылыс жұмыстарына Маңғыстаудан әкелінген ағылай тасы пайдаланылған. Бұл тастың қасиеті күнге мүжілмейді, керісінше, берік бола түседі.

Қазіргі таңда, Толыбай ауылында Әбілқайыр ханның атына берілген музей өз жұмысын атқарады. «Хан моласы» қорымы 2017 жылы «*Қазақстанның киелі* жерлерінің географиясы» жобасына енді.

Досжан ишан мемориалдық кешені



Бұрынғы орны



Қазіргі қалпы

Ескерткіштің түрі: Киелі объекті


Ескерткіштің мерзімі: XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбаркұдық ауылынаң оңтүстік-шығыс шетінен оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым 700 метр, Шиелі өзені өтетін темір жол көпірінен оңтүстік -батысқа қарай 1 шақырым. Мемориалдық кешен 2023 жылы ашылды.

1815-1896 жылдары өмір сүрген Кіші жүз пірі, мешіттер салып бала оқытқан, халықты имандылыққа уағыздаған, отырықшылыққа үйреткен Досжан хазірет туралы Әбубәкір Кердерінің «Қазағым» деген жинағындағы өлең жолдарынан, Сәбит Салқынұлының «Досжан хазірет» кітабында Досжан шариғат жолынан мүдіріссіз өтіп, Олдан есімді шайхтың ықыласына ілігіп, шәкірт тәрбиелеуге рұқсат хат «иршад» алған деп жазады.

Ол көптеген мешіттердің бой түзеуіне мұрындық болды, оның тікелей басшылығымен салынған Доңызтаулық Қарашыңдағы Қайнар мешітінің, Ойыл аңғарындағы Ишан ата мешіттерінің маңызы зор. Досжан ишан Меккеге Нұрфайыс ишан және Жұмағали ишанмен (кей дерек бойынша 1874 жылы Құнанбай тобымен) бірге қажылық сапарға барған. Досжан Құран Кәрімді, Мұқтасарды жатқа оқып, Меккеден 17 жасында жас хазірет деген атпен елге оралады. Досжан ишан Меккеге үш рет барып, Абайдың әкесі Құнанбаймен танысып, екеуі бірлесіп Тәкие-қонақ үй салдырған. Аталған қонақ үй Досжан ишан атына жазылады.

Есет-Дәрібай кесенесі



Бұрынғы қалпы



Қазіргі қалпы


1993 ж. Ескерткіш Шалқар қаласынан 72 км оңтүстік, оңтүстік-батыста, Ақтөбе облысының Байқадам ауылынан (Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы) 10 км батыс, оңтүстік-батыста , Шолақжиде деп аталатын жерде, Ұлы Борсыққұм құмдарының орталық бөлігінде орналасқан.

Ескерткіш XIX ғ. екінші жартысында салынған шекті руының әйгілі батыры Есет Көтібаруының отбасылық бейіті болып табылады. XIX ғ. соңында мұнда Есет Көтібаруы мен оның інісі Дәрібай жерленіп, өзіндік ерекшелігі бар кесенелер салынған. Содан бері Есет-Дәрібай бейіті деп аталып кеткен. 1990 ж.ж. басында ескі кесенелердің орнына жаңа мемориалдық кешен бой көтереді.

Есет пен Дәрібай Көтібаруы кесенесі алғаш рет 1944 ж. Қазақ КСР-і Архитектура істері басқармасының Ақтөбе бөлімшесінің бастамасымен (Т.К. Басеновтың жетекшілігімен) зерттеліп, оны қайта қалпына келтіру жұмыстарының жобасы жасалғанымен (авторлары: Т. Басенов, Г. Кан, С. Угрюмов), өкінішке орай ол жүзеге аспайды. 1979 ж. «Қазқайтажаңғырту» Республикалық арнаулы ғылыми-реставрациялық өндірістік шеберханасы (жетекшісі С. Әжіғали) зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Мемориалдық кешен қазақ халқының ұлтазаттық қозғалысы тарихында көрнекті тұлға қызметімен байланысты тарих және мәдениет ескерткіші ретінде ерекше маңыздылығын сақтап келеді. Есет-Дәрібай бейіті бұрыннан Шалқар және жақын аудандар тұрғындары арасында белгілі болғандықтан, мәдени туризм, тәуап ету мен Аралдың солтүстік маңының «киелі орындарының географиясындағы» нысан ретінде өзекті болып табылады.

Есет батыр Көкіұлының мемориалдық кешені



Бұрынғы орны



Қазіргі қалпы

Ақтөбе қаласынан 35 км оңтүстік-шығыс Бестамақ а. жанында биік төбенің ұшар басында орналасқан.

Есет тамы 1750 ж. салынған, уақыт озғасын жер болып кеткен. Екінші рет 1979 ж. жергілікті тұрғындар батырдың әруағын сыйлап, биіктігі 1,7 м, ені 3 м, ұзындығы 5 м етіп ақ кірпіштен салған. Алайда сол кездегі әміршіл-билеп төстеу жүйесі бұны діни нанымға табынушылық, қоғамға жат құбылыс деп жаңа салынған ескерткішті құлаттырады. Үшінші рет 1992 жылы халық қаражатына Маңғыстау ұлутасы мен мәрмәр пайдаланылып, қазақтың киіз үйі бейнесіндей көрнекті зәулім кесене орнатылды.

Ол туралы тарихи деректер Орынбор облыстық мемлекеттік архивінде, Санкт-Петербург Орталық мемлекеттік тарих архивінде (ЦГИА), Москва орталық мемлекеттік әскери тарих архивінде (ЦГВИА), Алматыдағы ҚР ОМА және Ташкент орталық мемлекеттік архивінде сақталған. Патшалық Ресейдің елші-офицерлері Тевкелевтің күнделіктерінде, Неплюевтің жазбаларында есімі аталады. XVIII-XIX ғғ. қазақ-орыс, қазақ-жоңғар және қазақ-қалмақ қатынастарын зерттеуге арналған жазбаларда Әбілқайыр хан, Табын Бөкенбай батыр, Шақшақ Жәнібек батыр, Тайлақ батырлармен қатар айтылады. Аталған кезеңге қатысты зерттеу еңбектерін жазған А.И. Левшин, В.Н. Витевский, И.И. Крафт, Н.Г. Аполова, Е.Б. Бекмаханов, Ж. Қасымбеков, И.В. Ерофеева өз шығармаларында Тама Есет батыр тұлғасына арнайы тоқталып өтеді. Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесінде батырдың өте беделді тұлға болғандығы анық байқалады.

Қорыта келгенде тарихи мәнді ескерткіштерімізді қалпына келтіріп, жан – жақты насихаттау ел тұрғындарын өткен тарихымыздың қалтарыстарын барынша кең дәрежеде түсінуге тартар болса, шетел азаматтары үшін қазақ деген халықтың тарихы тереңде екендігі, өзіндік саяси, әлеуметтік – экономикалық және мәдени – рухани ерекшеліктері бар әлем тарихында айырықша орынға ие ұлт екендігі жайында мағұлматтар берері сөзсіз.

ИСЛАМ ДІНІ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ

Мұстафин Жеңісбек Жұпболұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкер

Ислам дінінің біздің өлкемізге келуі, орнығуы туралы ортағасырлардың аса маңызды дерек көздерінде түрліше айтылады. Мысалы: «Шыңғыснаме» авторы Өтеміс қажы: «Дешті аймағы Берке ханға бағынғанда кәпірлер көп еді… бірақ оларды хан Берке сан жолдар мен тәсілдер және күштер арқылы, әуелі інісі Тоқай Темірді мұсылмандыққа көндіріп, бірте-бірте тұтастай елін қамтуға тырысты» [1].

Бұл уақиғалар жөнінде Әбілғазы Баһадүр хан өзгешерек жазады, яғни: «Құдай Тағала бір күні Берке ханның көңіліне мұсылманның ұрығын (түсінде) сеуіп, өз дінінің бас әурешілдіке екенін білдіріп, Сарайшық бекет-қаласына барды, онда Бұхара қаласынан келіп жатырған керуен бар екен, Берке хан керуеннен түрі өзгешерек екі адамды аулаққа шығарып, ұзақ әңгімелесті, олардан Ислам діні туралы сұрастырып, оның шарттары мен тарихын білді», дейді [2].

Дегенмен, Ислам дінінің Дешті Қыпшаққа кең таралып, ресми орныгуы – Алтын Орданың алаңсыз, ықпық билеген Өзбек ханның тұсында: 1312-1342 жылдар аралығында көптеген ортағасырлар тарихын зерттеген тарихшылар мойындайды.

Жалпы, Алтын Орда қалаларының тарихтарын екі ірі топқа айыруға болады, 1-не моңғолдарға дейінгі және кейінгі, яғни: біріншісіне Батудан бастап Жәнібек ханға дейінгі аралық жатқызылса, екіншісіне Өзбек ханнан бермен қарайғы аймақты билеген кезеңдер жатады. Бұл тұжырым, біздің ұлан-байтақ даламызды ортағасырларда әрлі-берлі түрлі мақсаттармен шолып-кесіп өткен Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, Ибн Баттуталардың пікірлері мен жазбаларына сүйеніп айтып отрымыз. 1246-1247 жылдары П.Карпини ешбір қала-елді мекендердің жоғын айтса, В.Рубрук Сарай Бату мен басқа да бекіністердің тез жетіліп келе жатырғандығын таңдана жазады.

Әбілғазы Баһадүр хан жоғарыда аты аталған тарихи аса құнды еңбегінде – Алтын Ордада жарты әлемге белгілі хандық құрып, Сарайшық шаһарын гүлдендіріп, айырықша қайраткерлік білікті еңбектерін арнаған және сонда мәңгіге топырақ бұйырған Шыңғыс қаған ұрпақтары туралы тарихи деректер қалдырған. «Беркеден кейін таққа отырған Мәңгі Темір ханды пасық Туда Мөңке өлтірді, одан Тоқтағу кек алып, ата-бабаларының және ағаларының дәстүрлерін жалғастырып, көп жұрттарды бағындырып ат үстінде өзі де мерт болып, сол Сарайшықта жерленді» дейді [3].

Тоқтағу хан өлген соң таққа Өзбек отырды. Жаңа хан ата-бабаларының дәстүр жолдарымен басқарып, әркімнің мәртебе және еңбегіне қарай құрметтеп, шын мәнісінде бүгінгі еліміздегі мемлекеттік-саяси реформа-өзгерістер жүргізді.

Ал, бұл Алтын Орданың абырой-даңқын бүкіл Еуразия аймақтарына жайды. Ел халқының дәулеттерін арттырды. Орданың ұлыстарын исламға бағындырып, имандылықты берік ұстанып өмірден озды. Таққа абыройлы хан Өзбектің ұлы Жәнібек отырды.

Жәнібек хан аса көреген, білімді, ибалы және ақылды болатын, сондықтан Алтын Ордаға өз елдерінде әділдік, ислам идеологиясына сай демократия, яғни әділеттік көре алмаған әлемнің әртүрлі түпкірлерінен Орта Азия, Әзірбайжан, тіпті жер түбі саналатын Арабия, тағы басқа аймақтардан қашқындар паналады. Мысалы, Қазы-Мұхиетдин деген адам Сарайшыққа келіп, Ислам шарттарынан сөз сөйлеп, дәрістер оқып жүрді.

Аса сыйлы, халық әулие ретінде пір тұтынған Әз-Жәнібекте жалған дүниеде мәңгі тұра алмай ахиретке аттанды. Тақты ұлы Бердібек иеленді. Бірақ, өзінің жеке ұстамы төмендігінен көп отыра алмады. Әз-Жәнібек, Сайын хан деген дәріптеулермен Сарайшыққа жерленді.

Халыққа жағымсыз Бердібек екі жыл ғана отырып, ажал тапты. Сондықтанда халық арасында «Нар мойын Бердібекте кесілді» тарихи естелік сөз қалғанды.

Бұдан кейін Алтын Орда тағын Жошы әулеттерінің бүліктері басталды [4,29 б.]

Монғол тарихының белгілі зерттеушісі А.П. Григорьев Өзбек ханның билігі жылдарындағы (кейбір деректерде әртүрлі) Дешті-Қыпшақта қалалар мен елді-мекендердің жиілене түсуі отырықшылықтың да көпшілікпен қатар жүзеге асырыла бастағандығын айтады. Әрине, бұл жағдай тікелей әсер ететін проблемалар қатарында аймаққа сөз жоқ, исламдық идеологияның нәтижесінде болғанын ешкім жоққа шығара қоймас.

Осылайша, Алтын Орда кезінде-ақ Дешті-Қыпшақтың далалық өңірінде орналасқан Сарайшық қаласы сияқты ірі сауда, қолөнер орталықтарының рөлдері де нығая түсті. Қала көркейіп, мешіт-медресселер салынып, көз тарта бастады. Бұған Ибн Баттута ерекше назар аударып, құрметпен сүйсінген «Сейіт ата» сияқты дін насихаттаушысының орналасуы да әсер еткені байқалады.

Бұл мәселелер «Әл-Фараби» танушы энциклопедиялық ғалым-теолог, арабист академик А. Машановтың назарын аударып, Ол «Өзбек хан – көшпелілік өмірді отырықшылыққа ауыстыруға болмайды – делінген Шыңғыс қағанның «жарғысын» бұзып, отырықшылыққа бет бұрды. Бұл бастама еді», - дейді [5, 32 б.].

Бұған Дешті-Қыпшақта ежелден көшпелілік атадан балаға мирас қылып келе жатырған тайпа-рулардың тұрмыстық, мәдени-рухани мүдделіліктері де әсер еткен болар деп ойлаймыз...

Ибн Баттута атаған «Сейіт» туралы дуалы ауыз тарихшы Бейімбет Бәйектіұлы Ермұханов – Сейіт баба ортағасырлық ғұлама Ұлықбектің тарихи шығармасында орын алғанын айтады [6, 34 б.]

Бұл деректе: «Өзбек ханды Исламға сендірген Яссауи шахтары – Садр Ата, Сейіт Ата, Батыр Ата және Ұзын Халық Ата қожалар деп айтылады. Бұл қожалар Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидан білім алған.» [7, 47 б.].

Осы Өтеміс қажының жоғарыда аталған еңбегінде аттары аталған шейхтардың Өзбек ханды ислам дініне сендіріп, бас идіруі баяндалады. Онда ханның төрт әулиелерге ықыласымен берілуі білдіріледі, яғни: Әулиелер хан шатырының сыртына намаз уақытына сай намаз оқи бастайды. Өзбек хан бұл сәтте ордасында уәзір, батырлары мен түрлі дін иелерімен дастархан басында алаңсыз тамақтанып отыр еді. Дастарханда: бал-шырын шараптар, түрлі сусындар сиқырмен тостағандар мен кеселерге өзі құйылып, әркімнің дәрежесіне орай өзі баратын, кей хандардың келулеріне сай сиқыр жүрмейді. Мұның себебі хан сұрағанда шатырдағы дін иелері, шатыр сыртына ислам кей ханға келуі мүмкін дейді. Өзбек хан жасауылға алып келуді бұйырады. Жасауыл түсі, киімі бөлек төрт кісіні алып келеді. Сонда, хан сендер неғып жүрген адамсыздар дегенде? Олар Алланың әмірі бойынша сізді исламға кіргізуге келдік дейді. Сонда Өзбек хан: Мен қай дін тура, дұрыс болса, соны ұстаймын, - дейді де, шарт қоятынын жариялап – екі кең «тандыр» пештерін қыздырып, оларға екі дін өкілдерін отырғызып, сырттарынан арбалап, сексеуіл-жыңғыл қиқыртып, өртетеді. Осы оттан аман шыққанның діні – тура дін – деп, таратынын жариялайды. Ислам шейхтарынан Баба Тұқлас Садр ата үстіне сауыт киіп, тандырға түскен еді. Екіншісіне – бұрынғы дін өкілі түскен еді. Бұрын дін өкілі – бірден күйіп кетеді де, Түкті Тұқлас Баба аман-есен шығып, ертерек аяқтаған жоқ едім – дейді. Сауыты қып-қызыл болып, балқуға шақ тұр екен, ал шейх денесі түк болмағандай! Мұны көрген хан халқымен Ислам дінінің хақтығын өз көздерімен көріп, зор сеніммен мұсылмандықты қабылдайды.

Ал, Ибн Убайдулла Хорезми бұл уақиғаларды өзгеше хабарлайды, яғни Зеңгі Ата Сайіт Атамен түкті Баба Тұқлас Садр Атаға – Дешті Қыпшақ пен оның ірі қалаларының бірі – Сарайшықты Ислам дініне кіргізуді бұйырады. Олар мұнда Өзбек ханды Мұса (Иса) пайғамбар іліміне ендірген сиқыршылардың құпияларын ашып, олардың діні тек сиқырға сүйенетінін көрсетіп, дәлелдеп хақ дінді насихаттап, түсіндіріп, Сейіт ата Өзбек ханды исламға кіргізеді, - дейді.

Алтын Ордаға ислам дінін орнықтырған хан Өзбек екені басқа да дерек көздерінде кездеседі. Бұл деректердің барлығына ортақтық шейхтардың аттарының еш өзгеріссіз қайталануы және мемлекетте зор ? иеленіп, ірі қызметтерді атқаруы. Мысалы: Шейх Бадр Ата – Өзбек ханның Бас қадилығына (қазылығы) тағайындалған. Немересі Едіге би Алтын Орда мемлекетінде бас уәзір билігін атқарғаны – ортағасыр тарихшыларына белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибн Баттута. СМИЗО, т.1,. СПб., 1884.
2. Әблғазы Бahадүр. Түрік шежіресі. А., 2006.
3. Әблғазы Бahадүр. Түрік шежіресі. А., 2006.
4. Әблғазы Бahадүр. Түрік шежіресі. А., 2006.
5. Ақан (Ақжан) Машани. Әл-Фараби және Абай. А., 1994
6. Б.Б. Ермұханов «Атамекен» газеті. 2000, VIII.
7. Өтеміс қажы. Шыңғыс – наме. А, 1992.

ҒТАМР 03.01.21
ӘОЖ 908

ЗАМАНАУИ ЭТНОДИЗАЙН НЕГІЗІНДЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ МЕН МОТИВТЕРІН ЖАҢҒЫРТУ

Д.Ұ. Хамидуллина, Ғ.М. Әлжанов, Д.Т.Куандыков, Е.Б. Насипуллаев
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада ортағасырлық Сарайшық қаласында археологиялық қазба жұмысы нәтижесінде табылған керамика өнеріне ерекше назар аудара отырып, этнодизайнның қазақ мәдениетіндегі рөліне жан-жақты талдау жасалған. Автор "этнодизайн" терминіне этимологиялық зерттеу жүргізіп, Сарайшықтан керамикалық артефактілерден табылған көркем мотивтерге егжей-тегжейлі стилистикалық талдау жасады. Зерттеудің негізгі аспектісі ортағасырлық керамикалық үлгілер мен заманауи керамикалық бұйымдар арасындағы салыстырмалы талдауды қамтиды. Бұл салыстыру қазақстандық керамика өнерінің қазіргі жаһандану дәуірінде қарқынды дамып келе жатқанын, оның мәдени ерекшелігін сақтай отырып, әлемдік тенденцияларға сәтті ілесіп келе жатқанын көрсетеді.

Автор Сарайшық керамикасынан табылған көркем мотивтерді терең ғылыми зерттеудің айтарлықтай практикалық салдары бар екенін алға тартады. Ол тарихи техниканы заманауи эстетикамен ұштастыра отырып, заманауи керамикалық дизайн саласында жаңа мүмкіндіктер ашады. Зерттеулер этнодизайнның қазақ мәдениеті мен өнерінде ерекше орын алатынын көрсетеді. Ол өзінің тарихи маңыздылығын сақтап қана қоймай, әлемдік аренада өз орнын тапты. Зерттеуде этнодизайнның қазақ мәдени мұрасының маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі құндылығы және оның қазіргі заманғы өнер әлеміне сәтті бейімделуі атап

көрсетілген. Қорытындылай келе, мақалада этнодизайнның тарихи тамырларына, оның қазіргі жағдайына және қазақ мәдениетіндегі әлеуетті болашағына жан-жақты шолу жасалып, оның ұлттық және халықаралық маңызы көрсетілген.

Негізгі сөздер: Сарайшық, археологиялық қазба, этнодизайн, этнос, дизайн, қыш құмыралар, пішін, ою-өрнекті мотивтер, дәстүр, инновация.

Аннотация: В статье представлен комплексный анализ роли этнодизайна в казахской культуре, особое внимание уделено керамическому искусству средневекового города Сарайшык. Автор провел этимологическое исследование термина "этнодизайн" и выполнил подробный стилистический анализ художественных мотивов, встречающихся в керамических артефактах из Сарайшыка. Ключевым аспектом исследования является сравнительный анализ средневековых образцов керамики и современных керамических изделий. Сравнение показало, что казахское керамическое искусство переживает бурное развитие в эпоху глобализации, успешно следуя за мировыми тенденциями и сохраняя при этом свою культурную самобытность.

Автор утверждает, что глубокое научное исследование художественных мотивов, встречающихся в керамике Сарайшыка, имеет важное практическое значение. Оно открывает новые возможности в области современного керамического дизайна, соединяя исторические техники с современной эстетикой. Исследование показывает, что этнодизайн занимает особое место в казахской культуре и искусстве. Он не только сохранил свое историческое значение, но и нашел свою нишу на мировой арене. Исследование подчеркивает ценность этнодизайна как важнейшего компонента казахского культурного наследия и его успешную адаптацию к современному миру искусства. В заключение в статье подробно рассматриваются исторические корни этнодизайна, его современное состояние и потенциальное будущее в казахской культуре, подчеркивается его значение как на национальном, так и на международном уровне.

Ключевые слова: Сарайшык, этнодизайн, этнос, дизайн, керамика, форма, орнаментальные мотивы, традиции, инновации.

Annotation: The article presents a comprehensive analysis of ethnodesign's role in Kazakh culture, with a particular focus on ceramic art from the medieval city of Sarayshyk. The author conducted an etymological study of the term "ethnodesign" and performed a detailed stylistic analysis of the artistic motifs found in ceramic artifacts from Sarayshyk. A key aspect of the research involves a comparative analysis between medieval ceramic samples and contemporary ceramic products. This comparison reveals that Kazakh ceramic art is experiencing rapid development in the current era of globalization, successfully keeping pace with global trends while maintaining its cultural identity.

The author argues that an in-depth scientific study of the artistic motifs found in Sarayshyk's ceramics has significant practical implications. It opens up new possibilities in the field of modern ceramic design, bridging historical techniques with contemporary aesthetics. The research demonstrates that ethnodesign holds a special place in Kazakh culture and art. It has not only preserved its historical importance but has also found its niche on the global stage. The study emphasizes the value of ethnodesign as a crucial component of Kazakh cultural heritage and its successful adaptation to the modern art world. In conclusion, the article provides a thorough examination of ethnodesign's historical roots, its current state, and its potential future in Kazakh culture, highlighting its significance both nationally and internationally.

Keywords: Saraishyk, ethnodesign, ethnos, design, ceramics, form, ornamental motifs, traditions, innovations.

Кіріспе: Мақаланың мақсаты - заманауи көркем өнерді жасаушы шебердің интеллекті мен ұлттық өнердің белсенді өзара әрекеттесу процесінде пайда болатын күрделі синтетикалық өнер ретінде «этнодизайн» ұғымын өзектендіру. Бүгінгі күні этнодизайнға деген

қызығушылық және оны дамыту дәстүрлі өнерді экзотикалы деп қарамау керісінше оны заманауи өнерге ұлттық ерекшелік беру, қазақ өнері қазақша болуы керек деген концептуалды идеяны алға тартады. Көркем шығармашылықта генетикалық кодты жаңғырту оның өзінің менталдылығы. Біздің ұлттық дизайннан, көркем туындылардан, қол өнерінің барлық саласынан осы үрдісті айқын көреміз. Бұл үрдіс Қазақстанның көне қалалардан табылған түрлі қол өнері бұйымдары, әсіресе бүгінгі күнге дейін бүлінбестен жеткен қыш бұйымдар бүгінгі заманауи өнерде этнодизайн бағытына жол ашты.

«Этнодизайн» ұғымы бүгінгі қоғамда жиі қолданыста. «Этнодизайн» ұғымы екі сөзден тұрады: «этнос» және «дизайн». «Этнос» (грек тілінен – тайпа, халық) – белгілі бір аумақта ұзақ уақыт бірге тұрудың нәтижесінде біріккен адамдар тобы. Бұл топ біртұтас тілмен, жалпы мәдениетпен және өзін-өзі танумен сипатталады. «Этнос» ұғымының қазіргі түсіндірмесі - бұл әлеуметтік тұтастығы бар және мінез-құлықтың өзіндік жеке стереотипі бар тарихи қалыптасқан адамдар тобы. «Этнос» ұғымына тұжырымдама берген тарихшы, географ және этнолог Л. Гумилев осы анықтама арқылы этнодизайнның мәнін ашады. Этнос-белгілі бір ландшафтта табиғи түрде қалыптасқан, өзіндік мінез-құлық стереотипі бар, қуаты бар жүйе (құрылым) ретінде өмір сүретін адамдар ұжымы. Ол өзін барлық өзі сияқты басқа ұжымдармен салыстырады [1, 124 б.]. Ғалым, С. М. Широкогоров «этносты» адамзаттың жекелеген топтарының өмір сүруінің негізгі формасы ретінде анықтайды және анықтаушы белгілер ретінде «тілдің, әдет-ғұрыптардың, өмір салты мен шығу тегінің бірлігін» қарастырды.

Design ағылшын тілінен аударғанда-жобалау, сызу, сурет салу, жоспар деген мағыналарды білдіреді. Бұл өнеркәсіптік өнімдер мен тауарлардың эстетикалық (көркемдік) сипаттамаларын жобалау, сондай-ақ осы істердің түпкілікті нәтижесі. Кең мағынада дизайн тек көркемдік құрылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар өндірістің әлеуметтік-техникалық, технологиялық мәселелерін, тұтынушылық сұраныстарын, адамдардың сыртқы және ішкі қасиеттерін ұтымды үйлестіру арқылы объективті ортадағы өмірді қанағаттандыруға қатысуы керек деп саналады.

«Этнодизайн» сөз тіркесі заманауи дизайнның көркемдік-эстетикалық, этникалық, конструктивті және технологиялық компонентін қамтиды. «Этнодизайн» сөзі екі сөздің – «этникалық» және «дизайн» тіркесі арқылы қалыптасады.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Осы мақаланың аясында зерттеулер мен мұражай материалдары жинақталып оларға сараптама жасау барысында эмпирикалық әдіснама және Сарайшық қаласының қалыптасу кезеңдеріне тарихы және салыстырмалы-тарихи және сипаттамалық әдістер пайдаланды. Сарайшық қаласында археологиялық қазба нәтижесінде табылған қыш құмыраларға марфологиялық классификациялық талдаулар және олардың ою-өрнектер мотифтерінің көркемдік ерекшеліктеріне өнертанушылық, стилистикалық, сондай-ақ өрнектердің семантикалық мазмұнына семиотикалық талдаулар жасалды.

Нәтижелер мен оларды талқылау: Этнодизайн, Л. Корницкаяның пікірінше, «бұл белгілі бір этникалық мәдениеттің дәстүрлі элементтерін қолдана отырып, материалдық ортаның заманауи формаларын құратын жобалық қызмет. Этникалық дизайн белгілі бір этномәдениеттің семантикалық және эстетикалық сипаттамаларына сәйкес келеді, белгілі бір халықтың дәстүрлеріне тән ұлттық талғамды қолданады» [2, 96 б.]. Өз кезегінде Станислав Мигал «этникалық дизайнды» қазіргі өмірдің технократизміне балама ретінде пайда болған, халық мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтауға деген ұмтылыстан туындаған көркемдік ағым ретінде түсіндіреді.

Сонымен, «этнодизайн» - бұл ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, форма мен декордың көп қырлы тұжырымдамасы. Этнодизайн рухани, мәдени, көркемдік, жобалық, техникалық және этноұлттық ерекшеліктерді үйлесімді түрде біріктіреді. Ол дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер мен заманауи өнеркәсіптік технологияларды біріктіретін тұлғаның рухани әлеуетінің қайнар көзі.

Дизайнның бұл түрі интерьер дизайнында, киім мен аксессуарларда, зергерлік өнерде, кәде сыйларда және тұрмыстық бұйымдарда кең таралған. Этнодизайн құралдары дизайн мен

пластикалық өнерге ортақ бейнелеу, яғни этникалық сәйкестендіру тұрғысынан қаралатын экспрессивті құралдар болып табылады: түсі, пропорциясы, құрылымы, пішіні, нүктесі, көлемі, кеңістігі және т.б.. Бұл элементтер белгілі бір ұлтқа тән композицияның тарихи қалыптасқан принциптері негізінде біріктіріледі: қозғалыс пен ырғақ, симметрия мен асимметрия, тепе-теңдік пен динамика және т.б.. Өнердің типтік шешімдерінің үйлесімділігі (түсте, пропорцияда) этнодизайнның негізгі ерекшелігі болып табылады.

Этнодизайн XX ғасырдың қоғамдық өмірінің мәдени құбылысына айналды және бүгінгі күні өзектілігін жоғалтпайды, керісінше даму үстінде. Этнодизайн-бұл тұлғаның көп қырлы интеллектісі мен этникалық ортаның белсенді өзара әрекеттесу процесінде пайда болатын күрделі синтетикалық білім.

Этнодизайн, А. Бровченконың пікірінше, «бұл ұлттық мәдениеттің элементтерін, атап айтқанда сәндік-қолданбалы өнерді (формалар, ою-өрнектер, колористика, дәстүрлі техника және т .б.) заманауи өнеркәсіптік бұйымдарға айналдыру» [3, 19 б.]. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірін қорытатын болсақ, этнодизайнның негізі ұлттық өнердің мотивтері: пішіндер, өрнектер, ұлттық реңктер және т.б. өнердің заманауи өнермен ұлттық сәндік қолданбалы өнердің жаңаша трасформацияланған түрі.

Этномәдени мотивтер негізінде жасалған дизайн немесе этнодизайн-бүгінде әлемдік тренд болып отыр. Этнодизайн арқылы біз этномәдени мотивтердің стилизациясын қолдана отырып жасалған дизайн өнімін түсінеміз. Бүгінгі жаһандану процесінде дизайнер жергілікті дизайнның мәселелерін шешкен кезде әлеуметтік жауапкершілікті есте ұстау, мәдениетаралық өзара әрекетті сақтау және дамыту мәселесін шешуі өте маңызды. Дизайнның географиялық кеңістігі өте ауқымды және сонымен қатар оның әсер ету шекаралары, объективті-кеңістіктік ортасын қалыптастыру деңгейінің кеңдігі оның аксиологиялық, дүниетанымдық функциясының тереңдіте түседі. «Дизайнердің жауапкершілігі - ол жасаған орта субъектердің санасына, дүниетанымына әсер етеді. Тапсырыс беруші қойған міндеттер дизайнер үшін жалғыз нұсқаулық емес, өйткені дизайн кең контексте мәдениеттің бір бөлігі болып табылады және жалпы адамзаттық нормалар мен құндылықтарды қалыптастырады» [4, 146-бет].

Қазақстан өнерінде этнодизайнның дамуы, археологиялық қазбалардан табылған көне дәуірдің қол өнері шеберлерінің қолынан шыққан түрлі бұйымдардың көркемдік шеберлігіне, жасалу технологиясына және олардың пішіні мен мазмұнының мәнін ашуға деген қызығушылықтар, оларды жаңаша интерпретациялауға деген ынтаны арттырып келеді.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан аумағынан бірнеше көне қалалардың орындары, жерлеу қорымдары табылған. Өзінің бай мәдени мұрасын паш еткен орта ғасырлық қалалардың бірі – Сарайшық. Археологиялық қазба жұмыстары орта ғысырлық Сарайшық қаласының тарихта болғанын дәлелдеді. Археолог З. Самашевтың басшылығымен 1989-2008 жылдар аралығында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде XIII-XVI ғасырларда мәдениеті дамыған қала Сарайшықтың тарихын XIII ғасырдан да әріректегі Ноғай хандығының астанасы болған деп топшылайды. Жайықтың суы бірнеше рет шайып кеткен көне қаланы зертеу де қиындықтар тудырған. Дегенмен, Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдар қол өнері бұйымдарының атқаратын қызметі мен көркемдік құндылығын ашу және ондағы қыш бұйымдардың пішіні мен ою-өрнекті мотивтердің заманауи этнодизайнға әсерінің мол екені айқын. Бүгінде Қазақстан аумағынан табылған көне мәдени жәдігерлер қол өнері шеберлерін де, суретшілердің де қызығушылығын арттыруда. Олады заманауи ой елегінен өткізіп көркемдік мотивтерін заманауи өнерде интерпретациялау, ұлттық көркем өнеріміздің жаңаша дамуына бағыт берері де айқын.

Өнер үнемі өткеннен шабыт алып, рухани азық беретінін өнер тарихынан белгілі. Мысалы итальяндық ренессанс көне грекиялық мәдениеттің жаңғыруынан туды, неміс ренессансы ұлттық дәстүрлерді дамытты. Ал, өнертанушылар 60-70 жылдардағы қазақ өнерін ұлттық қолтаңбаның жаңғыруы кезеңі деп атаған және қазақ өнерінің қайнар көзі де ұлттық өнерден нәр алады деген ортақ тұжырымға келген. Тарихқа қайта қайырыла оралу оны жаңаша заманауи саралап дамутуға әсер етеді. Кеңестік дәуірде қазақ дәстүрлі өнері қатты сынға ұшырап, дәстүрден қол үзілді. Суретшілер мен қолөнері шеберлерінде пішіні ұлттық, мазмұны

соцреалистік түрлі бұйымдар, сахналық костюмдердің көрініс тапқаны мәлім. Осылардың салдарынан ұлттық дәстүрлі өнеріміз терең мазмұны мен көркемділігін жоғалтып кич бұйымдар қаптады. Ою-өрнектер өз контекстінен жұлынды. Дегенмен соңғы кездері ұлттық өнер заманауи дизайда, дәлірек айтсақ этнодизайнда жаңаша түлеп дамуда. Қайта жаңғырту мақсатында кейбір көне бұйымдардың сол қалпында көшірмелері жасалып жатса, кейбір суретшілер оларды жаңаша интерпретациялап оларға заманауи мазмұн беруде.

Алдымен Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдарды сараптап алайық. Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың көп бөлігі Атырау қаласындағы тарихи өлкетану музейінде сақтаулы.

XIII-XVI ғасырлар қазақ жеріне ислам мәдениетінің әбден орныққан кезеңдері. Бұл кезең көне түркілік дүниетаным мен ислам мәдениетінің тоғысқан дәуірі. XIII-XVI ғасырлардаға Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдарда көне қазақы өрнектермен қатар араб һарпімен жазылған қыш құмыралардағы арабескаға ұқсас өрнектерді де кездестіреміз. «VII –XII ғасырларда ислам дінінің енуімен байланысты араб алфабиті қолданыла бастайды. Араб жазуы түркі қоғамына руна және ұйғыр жазуларын ығыстырумен тарайды» [5, 85 б.] - деген тарихшы Ә. Хасенов. Сарайшықтан табылған қыш бұйымдарда қазақтың көне өрнектерінің нақыштары, оюлар, сюжетті суреттер көптеп кездеседі және араб һәрпімен безендірілген құмыралар да бар. Қыш құмыраларға түсірілген өрнектер қазақ тарихы мен мәдениетінің айғағы екені рас.

Саз балшықты күйдіру жолымен алынатын керамика – өте көне материал. Саз балшықтан тұрғызылған көне қалалар адамдарды жаудан қорғады және одан көптеген тұрмыстық бұйымдар, музыкалық аспаптар, ойыншықтар, алқалар мен бойтұмарлар және т.б. жасаған. «Керамика» сөзінің шығу төркіні гректің «керамея» дегеннен шығады. Термин ретінде грек тілінен енгенмен, саз балшықтан күйдіріліп жасалатын керамикалық бұйымдар барлық жерде дерлік кездеседі. Саз балшықтан құрылыстар тұрғызған сонымен қатар түрлі бұйымдар жасауда пайдаланған. Біртіндеп оның технологиясы күрделеніп, қолданыс аясы мен көркемділігі арта түскен.

Археологтар Сарайшықтан табылған қыш бұйымдарға жасаған сипаттамалар мен талдаулардың нәтижесінде қыш бұйымдардың жасалу технологиясына қарай сырланбаған қызыл балшықты және сырланған қыш бұйымдар деп екі топқа бөледі.

Бұйымдар «көзе дөңгелегінде» орындалатын болған, ал дайын болған бұйымдарды жіп немесе пышақпен қиып алатын болған. Бұйымдар барлығы дерлік ангобталған, яғни түрлі реңді ангобтар (бояу) жағылған. Қызыл балшықтан жасалған ыдыстарды сызып-батырып түсірілген оюлар көбірек кездеседі, ал штамп басып салынғандары азырақ кездеседі делінген [6].

Сырланбаған қызыл балшықты бұйымдардың пошымы мен қолданыс аясы өте кең. Қыш құмыралардың пошымына қарай бірнеше түрлері бар: үлкен, кіші, ұзын, қысқа, сопақша, дөңгеленген, шар тәрізді тағысын тағы. Сонымен қатар аттарына қарай олардың тұрмыстық атқаратын қызметі де әртүрлі болып келеді. Айталық, қазан, қыш құмыралар, мескейлер, түрлі құтылар, тарелкалар мен табақтар, амфара вазалар, хұмдардың кіші-үлкен түрлері, тиын сауыттар, шырақтар, сфераконустар мен тіпті балалардың ойыншықтары да кездеседі.

Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың бір түрі – «қаражылтырақ» ыдыстар. Сонымен қатар бөліктерден құрастырып қалыпта басып шығаратын тәсілде орындалалған «штампөрнекті» ыдыстар сыртқы жағы тұтастай толған бедерлі өрнегімен ерекшелінеді. Жалпы ыдыстардың бетіне түсірілетін өрнек – түрлі-түсті, графикалық және бедерлі (мүсінге ұқсас) болып келеді. «штампөрнекті» ыдыстар мүсінге ұқсас, бедерлі өрнектелген түріне жатады. Бұл ыдыстар бір түсті болғанымен бедерлі өрнектерімен ерекшеленеді. Ыдыстың сыртын толық дерлік жүргізілген өрнектердің композициялық ерекшелігі – өрнектер ыдыстың сыртқы бөліктерін бірнеше жолақты бөліктерге бөлініп жасалады.

Қазіргі Қазақстанның керемика өнеріндегі дәстүрлер мен инновациялар қазақ халқының дәстүрлі керамика өнерінің көркемдік шешімімен терең байланыста дамуда. Керамиканың өндірісте қарқынды дамымағанымен, жергілікті суретшілер, қол өнершілер

жеке тапсырыстар алып және осы көне керемиканың технологиялары мен көркемдік шешімдерін жаңғыртуда. Сонымен қатар керемиканың мүмкіндігі өте жоғары, олардын жасалған кермикалық композициялар, абстрактілі пішіндерде орындалған көркем шығармашылық бұйымдар мен кәде сыйлар осы бағыттағы көркем өнерді дамытуда. Х. Г. Гадамер, дәстүрдің өзін тарих бойында өзгермейтін өткен мен қазіргі арасындағы диалог ретінде түсіндіреді [7].

Суретшілер мен қолөнершілер дәстүрлі мұраға жүгініп, түрлі көркемөнердің заңдарынан, декоративтілік принциптерінен сабақ алады.

Осылайша, «керамиканы біртұтас немесе әртүрлі ережелер бойынша керамика жасаған белгілі бір орындаушылардың өнімі ретінде зерттеу» [8, 56 б.] оны технологиялық процестің барлық кезеңдері өзара байланысты жүйелер ретінде елді мекендердің археологиялық кешендерінде туылған функционалды-өндірістік кешен аясында қарастырады: шикізатты дайындау, модельдеу әдістері және қалыптау, ою-өрнек әдістері, күйдіру ортасы мен температурасы, қолдануға дайындық.

Сарайшықтан табылған қыш бұйымдарға салынған өрнектер исламға дейінгі зооморфты және стилизацияланған өсімдікті өрнектермен өрнектелген. Бідің көргеніміздей сәндік және бейнелі өрнектердің салалары қатар өмір сүрді және олар жалпы сәндік стиль аясында өзара әрекеттесті. Өнертанушы Л.И. Ремпель орта ғасырлық ою-өрнектің негізінде жасырын зооморфизм проблемасын Орта Азияның ертедегі ислам өнері сызықтық құрылыс (геометрия) және өсімдік ою-өрнегі арқылы символдық бейнелердің көрінісімен сипатталатындығымен түсіндірді. Олар діни тыйымға байланысты бейнелі бейнелеу мүмкін болмаған кезде де көмекке келеді деген [9, 365 б.].

Өрнек қолданбалы-сәндік өнерді безендірудің негізгі тәсілі болып табылады. Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың өрнектерінде рельефті, графикалы және түрлі қанық түстерге боялған ритмді қайталанып тұратын геометриялық элементтерден және өсімдіктер мен құстардың мотивтері жиі кездеседі. Өрнектер көркем рәсімделген қыш бұйымдардың пішінімен, оның функциясымен үйлесімділік тапқан. « ... ою-өрнек өздігінен көркем шығармадан тәуелсіз өмір сүре алмайды және бар бола да алмайды» [10, 90 б.]. Ырғақтық және геометриялық тәртіп олардың негізгі ерекшелігі болып табылады. Өрнекті мотивтер дұрыс геометриялық пішінге ие, ал олардың орналасуы қатаң ырғақ пен симметрия заңдылығына бағынған.

Керамиканың ою-өрнектерін және оның композициялық құрылымдарын, элементтері мен мотивтердің ою-өрнектерін құрайтын техникасы мен технологияларын зерттеу - этномәдени қайта құру контекстінде де және жалпы сәндік-қолданбалы өнердің даму заңдылықтарын зерттеуде де маңызды. Қандай да бір белгілі этникалық топта және мәдени ортада дәйекті түрде қайталанып отыратын дәл осы ою-өрнек - бұйымның бейнесін толық қалыптастырады. Оның қанықтылығы мен мұқият орындалуына сәйкес ою-өрнек заттық-кеңістіктік ортадағы өнімнің орнын және сәйкесінше әлеуметтік иерархия жүйесіндегі мәртебесін анықтайды. Архаикалық қоғамдарда ою өрнектің қандай да бір түрі негізгі элементке айналады белгілі бір адамдар тобын «айқындайтын», оның топтық (этникалық) сәйкестігін білдіретін көркемдік стиль [11, 76 б.].

Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың бай мұрасы бүгінгі қол өнері шеберлерін өзінің пошымының, өрнектерінің сан алуын түрлерімен, технологиясымен қызықтырып, заманауи этнодизайнның дамуына шабыт береді. Дегенмен этнодизайн дәстүрлі мұраны жаңаша жаңғырту және оны өндірістен шығарып, коллекциялық экземпляр болудан көрі бұқара халықтың тұтынуына ұсыну. Осы тұрғыдан қарасытратын болсақ, Сарайшықтан табылған қыш бұйымдар өз деңгейінде насихатталып жатқан жоқ бүгінде. Оның көшірмелері оқу орнының, жекелегін суретшілердің көшірмелер жасауымен шектеліп отыр. Ұлттық өнеріміздің нақышын бұзбастан қайта жаңғыртуда атқарылатын жұмыстар көп. Айталық, этнодизайн стиліндегі демалыс орындары, мейрамханалар, кафелер бүгінгі күні трендте. Осы бағытта көне қыш бұйымдардың бай мұрасын шығарып халыққа насихаттау, оның күнделікті тұрмысқа да енуіне әсер етері анық.

Қорытынды:

Сарайшықтан табылған қыш құмыралардың пошымдары мен олардың бетіне түсірілген өрнектерінің жасалу технологиясы мен өрнектелуі сан алуан. Дегенмен олардың композициялық құрылымына қарай былай бөліп қарауға болады:

- Өрнектің элементтері мен мотивтері иерархиялық байланыста;
- Композиция симметрияның белгілі бір принциптеріне сәйкес құралады;
- Өрнектер аралас эклектикалы стильде де кездеседі;
- Түстері қанық, ашық және бедерлі өрнектерде біріңғай бұйымның түсімен түстес болып келеді.

Сарайшықтан табылған бұйымдар өрнекке бай онда бедерлі, штампты, бояумен жүргізілген өрнек түрлері кең тараған. Бүгінгі күні сол бай мұраның кейбірі ғана көшірме ретінде орындалуда.

Сарайшықтан табылған қыш құмыраларға сараптаулар жасау арқылы тарихи-географиялық аумақтардың байланысын көреміз. Бұл көне бұйымдардың тарихи, көркемдік құндылығы жоғары. Қазақ ұлттық өнеріне заманауи реңк беруде де оның маңызы жоғары. Әлемдік өнердің дамуына көз жүгіртер болсақ, олар барлық салада, айталық мода, дизайнның түр түрінде көркемшығармашылықтың барлығында дерлік өткен дәуірлердегі ұлттық өнерді интерпретациялау бүгінгі заманауи өнерге ұлттық реңк береді. Өнердің өткені мен заманауи жалғасы өзін ұлттық болмыспен бірегейлендіреді. Идентификациялану жаһандық дәуірдің ең басты өзекті мәселесі. Сондықтан ортағасырлық Сарайшық қаласының көне қыш құмыраларын қайта жаңғырту өзекті мәселенің бірі болмақ.

Этнодизайн - көне өнерді заманауи технологиялық мүмкіндіктерді пайдаланып, қайта өңдеп шығару. Олай болса, бүгінгі сарайшықтан табылған өнер мұраларының ауқымын оқу бағдарламасы деңгейінен кеңейтіп, өнеркәсіптік деңгейге көтеруді қажет етеді. Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдардың пошымынан, ондағы өрнектерден ұлттық екекше көркемділікті көреміз. Симметриялы, ассиметриялы композицияларды түрлі зооморфты, өсімдіктік стилді, арап һәрпі мотивтерінде орындалған өрнектер жіті зерттеуге мұқтаж. Сонымен қатар жасалу технологиясы мен бедерлеу технологиясында да ерекшеліктер бар. Сәнді–қолданбалы өнер мен заманауи өнекәсіпті біріктіріп ұлттық этнодизайнды дамытуда ұлттық өнеріміздің сонылық қолтаңбамен дамуына қосар үлесі зор.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің **ішкі гранттық қаржыландыру** жобасы **(0124РКИ0179)** аясында дайындалған.*

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли, М.: Айрис-пресс, 2004. 557 с.
2 Чубинський П.П. Труды этнографическо-статистической экспедиции в западно-русский край / П.П.Чубинський - Киев: Редакция общеобразовательных газет, 2004. - 128 с
3 Бровченко А. Формирование профессиональной компетентности по основам этнодизайна у будущих учителей трудового обучения: Автореф. дис.... пед. наук: спец. 13.00.02 - теория и методика трудового обучения / АЛ.Бровченко. Киев, 2011. - 21 с.
4 Долгих, М. Н. Дизайн в культуре сетевого общества: интерактивная природа и виртуальная жизнь / М. Н. Долгих. – Томск : Изд-во Том. Ун-та, 2016. – 200 с.
5 Хасенов, Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы (көне заманнан XIV-ға дейін) Ә.Хасенов. 1бөлім : – Алматы :1987. – 238 бет
6 Сарайшық жәдігерлері. Құрастырушылар: Б.Әбдешов, О. С. Ағынбаева., Ж.Байғалиев., - Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.- 96 бет.
7 Гадамер Х.-Г. Истина и метод: Основы филос. герменевтики: Пер. с нем./Общ. ред. и вступ. ст. Б. Н. Бессонова. – М.: Прогресс, 1988.-704 с
8 Кожин П.М. значение керамики в изучении древних этнокультурных процессов // керамика как исторический источник. Новосибирск: Наука, 1989. С 54-70.

9 Ремпель Л.И. Архитектурный орнамент Узбекистана. История развития и теория построения. Ташкент: Государственное издательство художественной литературы УзССР, 1961. 606 с.
10 Каган М.С. «О прикладном искусстве» // Л.: «Художник РСФСР». 1961. 160 с
11 Палагута И.В. Орнаменты керамики Триполья–Кукутени: некоторые наблюдения над способами построения композиции // Camera Praehistorica, №1 (4), 2020. С. 76–92
12 Тасмагамбетов Т., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.
13 Самашев З., Кузнецецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. – Алматы, 2008. – 264 б.
14 Шахатов Қ.// Сарайшық мемориалдық кешені. Атырау. 1 маусым, 1999 ж. – 4 бет

Авторлар туралы ақпарат:

Динара Хамидуллина – PhD, қауымд.профессор м.а., «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

Ғаділбек Әлжанов - өнертану ғылымдарының магистрі, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан.

E-mail:alzhanov82@gmail.com

Даурен Куандыков – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1 курс магистранты «Қазақстан және дүниежүзі тарихы»

E-mail: dauren3228q@gmail.com

Еркебұлан Насипуллаев - Х. Досмұхамедов Атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан.

E-mail:erko_9292@bk.ru

ӘОЖ: 903.15

КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНДА ЗООМОРФТЫҚ СЮЖЕТТЕРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Молдашева Самал Казихановна
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Samal_moldasheva@mail.ru

Аңдатпа.Көшпенділердің қолөнер туындыларында көркем мәтін "тілін" жеткізудің ең кең тараған түрі зооморфты мифология. Жер шарындағы басқа аймақтардың бірде бір мәдениетінде зооморфтық тақырыбы Онтүстік Сібір мен Қазақстан көшпенділерінің мәдениетіндегідей дамыған жоқ деп айтуға болады. Аталмыш стилі ежелгі әлем өнерінде, тұтас алғанда ерте көшпенділер мекендеген аумақта қалыптасты. Ол көшпенділердің ұжымдық шығармашылығының өнімі. Мақалада қолөнер туындыларында зооморфтық өрнектердің мән мағынасы кеңінен баяндалады.

Түйін сөздер: зооморфизм, көшпенділер, мәдениет, қолөнер туындылары, аңдық стилі, мүйізді элементтер, ою-өрнек

Аннотация. В прикладном искусстве кочевников самым распространённым способом передачи художественного «языка» является зооморфная мифология. Можно сказать, что ни

одна культура в других частях мира не развила зооморфные темы так, как это сделано в культуре кочевников Южной Сибири и Казахстана. Этот стиль сформировался в древнем искусстве, в целом на территории, заселённой ранними кочевниками. Это продукт коллективного творчества кочевников. В статье подробно рассматривается значение и смысл зооморфных узоров в прикладном искусстве.

В статье подробно рассмотрен вопрос зооморфной символики и ее значение в произведениях прикладного искусства кочевников. В искусстве кочевников зооморфная тема занимает особое место, и ее развитие значительно отличается от других культур. Это можно объяснить тем, что кочевники Южной Сибири и Казахстана имели тесную связь с природой.

Ключевые слова: зооморфизм, кочевники, культура, прикладное искусство, стиль «анимализм», роговые элементы, узоры

Abstract. In the applied arts of the nomads, the most widespread way of conveying artistic expression is through zoomorphic mythology. It can be said that no other culture in different regions of the world has developed zoomorphic themes as extensively as in the culture of the nomads of Southern Siberia and Kazakhstan. This style emerged in ancient art, specifically in the areas inhabited by early nomads. It is a product of the collective creativity of these nomads. The article provides a comprehensive exploration of the meaning and significance of zoomorphic patterns in applied art.

Keywords: zoomorphism, nomads, culture, applied art, "animal" style, horn elements, patterns

Қазақ ою – өрнектерінің ішіндегі ең көп кездесетін түрі зооморфтық бейнелер, зоморофтық оюлар. Ертедегі көшпенділердің тіршілік қайнары мен шаруашылығы аңшылық пен мал шаруашылығы болғандықтан, олардың дүниетанымы осы кәсіптермен тікелей қатысты болды. Дала көшпелілердің тасқа бедерлеген ру-тайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен, ағаш, өсімдік, құстардың суреттері үлкен шеберлік пен табандылықтың және жоғары деңгейдегі талғампаздығын көрсетеді. Көшпелілер зооморфтық сюжеттерді қолөнер туындыларында бейнелеуде жануардың айрықша ерекшелігіне мән берген [1, 76 б.].

Көшпелі мәдениетте зооморфтық сюжеттердің бейнеленуі негізінен тотемдік сенімдермен, жануарларға деген табынушылықпен және олардың қасиеттерін адам өміріне енгізу арқылы түсіндіріледі. Мысалы, арқар, бүркіт, қасқыр сияқты жануарлардың образдары күш, ерлік, жылдамдық және ақыл-ой сияқты қасиеттерді білдіретін символикалық мәнге ие.

Көшпенділер алып келген зооморфтық стилі уақыт өте келе адамзат жасаған қолөнер бұйымдарында сипат алып, көркем мәдениет қалыптастырды. Археолог ғалым Әлкей Марғұлан зооморфтық ою өрнектер туралы өз еңбегінде: «тұрмыс тіршілігі негізінен мал шаруашылығы болғандықтан қазақ ою-өрнегінің негізгілері жануарлар бейнесі, малдың тұяғы, мүйізі, құстардың қанаты, іздері ұғымдарымен тығыз байланысты» деген. Сондықтан арқар, киік, қасқыр, ат, түйе, бүркіт сияқты аң құстар, жануарлар бейнесі ою-өрнектерде көп кездеседі [1, 85 б.].

Аңдық стилінің дамуы адамдардың әртүрлі жануарлардан шыққандығы туралы түсініктермен байланысты. Адам өз тегін табиғатпен байланыстырып, өздерін соның бөлшегі деп есептеді. Әрбір ру тайпалардың шыққан тегі бұғы, қасқыр, арқар, жолбарыс, дала бүркіті т.б. аңдар болып есептеліп, аң бейнелері бар заттарды қасиетті тұмар санаған. Сондықтан да аң стилі далалық мәдениетте кең тарап, зооморфизм көркемөнердің қалыптасуына негіз болды. Б.з.д. III-II ғасырларда аңдық стиль полихром стиліне ауысып, қолөнер туындыларында қолданылу тәсілі жүзеге ауысты.

Зооморфтар немесе жануарлардың, өсімдіктердің және геометриялық фигуралардың стилдендірілген бейнелері көшпелілердің мәдениеті мен болмысының маңызды аспектісі бола отырып, олардың ою-өрнектерінде басты рөл атқарады. Бұл өрнектер тек тұрмыстық заттар мен киімдерді безендіріп қана қоймай, сонымен қатар халықтың тарихын, наным-сенімі мен құндылықтарын жеткізетін тілдің бір түрі болып табылады.

Зооморфтық сюжеттерді бейнелеуде көшпелі халықтар ерекше көркемдік техникалар мен стилдерді қолданылған. Қолөнер бұйымдары, соның ішінде металдан жасалған заттар, теріге ою, ағашқа оймыштау және тасқа ойылған суреттер зооморфтық образдарды биік талғаммен бейнеледі.

Зооморфты өрнектерді бірнеше түрге бөлуге болады:

Геральдикалық бейнелер – көбінесе айбарлы және батыл жануарлар, мысалы, арыстан, бүркіт, немесе айдаһар бейнеленеді. Мұндай бейнелер қолөнерде өнерде күш-қуат пен биліктің символы ретінде қарастырылады.

Орнаменталды өрнектер – бұл стильде жануарлардың элементтері геометриялық өрнектерге айналып, жалпы композицияға үйлесімді түрде енгізіледі. Мысалы, қазақ халқының киіз үйіндегі, кілемдеріндегі және ыдыс-аяқтарындағы өрнектер.

Тотемдік бейнелер – халықтың рухани құндылықтарын көрсететін жануарлар бейнесі. Бұл бейнелер халықтың наным-сенімдерімен, діни дәстүрлерімен тығыз байланысты [2].

Зооморфизнің басты компоненті б.з.б. 6-4 ғасырларда қалыптасып, Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азияның және оңтүстік Европаның тайпалары арасында тараған аң стилінің тақырыбы аңдарды, хайуандарды және аңыздағы зооморфтық ғажайыптарды бейнелеу болды. Мазмұны жағынан мифологиялық, түрі жағынан реалистік аң стилі өнері сәндік сипатта қолданылды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарды, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланды.

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы қорғандарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған метал қазан дәлел болады. Қола дәуіріне жататын қазанның құлағы жануар бейнесінде бейнеленіп, оймышталған. Қазылған сармат көмбеден алтын зергерлік бұйымдар мен қару-жарақ, тұрмыстық заттар да алынды. Бұл жәдігерлер біздің дәуірімізге дейінгі екі мың жыл бұрынғы кезеңге сәйкес келеді екен.

Көшпелілер зооморфтық сюжеттерді қолөнер туындыларында бейнелеуде жануардың айрықша ерекшелігіне мән берген. Жыртқыш аңның тұяқты жануарларды қинап жатқан сәттегі көріністер көшпенділер өнеріндегі ең ерекше орынға ие. Осындай сюжеттер жануарлар табиғатындағы тепе – теңдікті, яғни жыртқыш аңның тамақ табуы мен тұяқты жануардың өмір сүру үшін күрестен тұратынын сипаттап береді. Көшпелі халықтардан бұндай көріністері қорымдарда, қорғандарда кездеседі.

Арқар образы Жетісу, Алтай сақтарының өнерінде көп кездеседі және бейнелеу жүйесі талаптарына сәйкес келеді. Ол жылдық сақиналары реалистік суреттердегідей айқын сызылған графикалы бас детальдарымен, күрделі композициялық құрылымдарда, жазық, ою-өрнектік нұсқаларында бейнеленген. Жануарлардың (арқар, тауешкі) көбіне шабу немесе секіру сәті бейнеленеді. Шауып бара жатқан кезде аяқтарын алшақ тастаған секіруге дайындалу кезінде аяқтарын бірге жинаған [1, 87 б.].

Алматы облысы Есік қорғанынан табылған сақ «Алтын Адам» бас киімінің ең ұшында арқардың тұтас құйылған мүсіншесі орналасқан. Арқар басы көтеріңкі, аса сақтықпен қозғалып келе жатқан күйде бейнеленген. Шебер ағаштан әуелі жануар денесінің көлемін ойып, содан кейін пішіннің барлық бөліктерін жұқа алтын пластинамен қаптаған. Күн құдайы ретінде арқар оразының проекциялары көптеген халықтардың мәдениетінде кездеседі. Мысыр өнеріндегі муфлондар, грек мифологиясындағы алтын жүнді қой. Бірақ көшпенді халықтың мәдениеті бұл жануарды ерекше қастерлейді және ол басқа мәдениеттен келуі мүмкін емес, себебі бұл көшпенділер шаруашылық жүйесінде өсірілетін үй жануарларының ең маңызды түрлерінің бірі.

Көшпенділер өнерінде арқар образымен бірге тауешкі, маралдың образдары кең танымал болды. Жабайы табиғаттың бұл өкілдері аңшылық нысандары ретінде қабылданған. Жетісуды мекендеген ерте көшпенділердің мифологиясында тау ешкінің образы бұл құдіреттілген жануардың мекені, қарлы таулардың шыңдарына адам жанын

тасымалдаушының образымен байланысты қарастырылады. Бұғы, тауешкі Евразия халықтарының мифологиясы бойынша еркін кіре алатын құдайлардың мекені деп ойлаған.

Тау ешкілердің бейнесінде көбіне олардың жұп-айналы конфигурациялары, сондай-ақ дене бөліктерінен тұратын композициялар кездеседі: бір тұғыр-негізге жиналған бастар. Сақ "алтын адамы" бас киімінің маңдай бөлігінің әшекейінде марал мүйізді қанатты аттың бейнесін ерекше атап кетуге болады. Әртүрлі жануарлар пішінінің мұндай бірігуі, әлемдік көркемөнер тәжірибесінде жақсы танымал. Олар жануардың бір түрінен екіншісін жасап, материяның бір пішінінен басқасына өте алатын мифологиялық кейіпкерлерге байланысты. Мұндай метаморфоздар ежелгі адамдардың түсінігінде кездеседі. Себебі, қоршаған әлем адам үшін құпиялар мен жұмбақтарға ғана толы болып қойған жоқ, сонымен қатар адамның көзіне көрінбейтін, кез-келген кейіпке ене алатын шындықтың әлемі де болды. Олардың күші мен құпия энергиясы адам өміріне тікелей әсерін тигізді. Және жоғарғы әлемнің өкілдері кез-келген істі жүзеге асыра алатын аса күшті қабілетке ие болды. Дегенмен, бұл жерде марал мүйізді қанатты ат емес, қанатты ешкінің (өлгендердің жанын тасымалдаушы) бейнесі жайлы мәліметтер бар. Мұнда қандай сюжет суреттелген болсын, сақ бозбаласының бас киімінде тек жоғарғы әлем пантеоны кейіпкерлерінің бейнелері ғана берілген, яғни, бұлардың барлығы аспан әлемінің өкілдері [3, 23 б.].

Бұғы - жолаушыларға жол көрсететін, бақыт пен молшылықтың белгісі есептелген. Сол себепті де ежелгі шеберлер алтыннан жасалатын бұйымдарына бұғының бейнесін әшекейлеген. Бұғыны қастер тұту бүгінгі күнге дейін қазақтар мен қырғыздар ұғымында әлі де сақталып келеді. Олардың қолөнерінде де «бұғымүйіз» және «қошқармүйіз» ою-өрнектерінің негізгі мотивтерінің бірі саналып, жиі бейнеленетіні сондықтан [3, 8 б.].

Көшпелілер үшін қашан да ат қастерлі жануар болғанының бізге мәлім. «Ат ер қанаты» деп босқа қастерлемеген, ерте көшпелілер көсемін жерлегенде мініс көлігімен бірге жерлеген. Жерлегенде де атты салтанатты әбзелдерімен ауыздықталып, жүгенделіп, арулап көмген. Ат маскаларының төбесіндегі жануар мүйізі сәндік жабуларының нышанды элементтерінің бірі болып табылады. Маскадағы таутекенің мүйізі іспеттес ағаш мүсіндерінің мағынасы тереңде. Таутекенің бейнесі жоғарғы көсемнің атының сәндік жабу – әбзелдерінің басқа элементтерімен өзара байланысты. Бұны жерленген адамның таңдаулылығы туралы идеямен де байланыстыруға келеді. Таутеке – биік таулардың шыңын мекендейтін жануар, кеңістіктің ерекше сферасында, тек таңдаулылардың қолы жететін жерде тірлік жасайды, яғни көсемнің атрибуты ретінде пайымдалған.

Түрлі аймақтардағы ежелгі көшпелілердің мәдениетіндегі ерекше, ортақ дүниелері, діни ұстанымдары зерттеулерде зооморфтық бейнелердегі ұқсастықтарды көрсетеді. Соның ішінде Алтайдың ежелгі көшпелілерінің (Пазырық мәдениеті) сюжеттік жануар бейнесі. Мысалы, жылқының төбесіне бұғы мен таутекенің мүйізі тағылса, бетіне бетперде жапқан, ал тоқымына жыртқыш аңдардың тұяқты жануарларды жұлмалап жатқаны бейнеленген көріністер берілсе, әбзелдерінде ағаштан жасалған, алтын жалатылған салпыншақтары болды. Киімдері мен жылқы әбзелдерінің қандай түсті болғаны да сақталынған. Пазырық жерлеуін зерттеуде ежелгі Алтай көшпелілерінің бас киімінің түрін қалыпқа келтірді. Олардын бас киімдері әдетте жануарлардың мүсіндерімен әшекейленетін, соның ішінде бас киімнің жоғарғы бөлігінде бұғының, құстың, таутеке-жылқының бейнелері болатын. Алтай көшпелілерінің мәдениетінде бұғы және таутеке мүйізі бар жылқы бейнелерін көп қолдану көбінесе ерлердің сарбаздардың, аңшылардың бас киімдеріне тән екені атап өтілген. Сонымен қатар, құс пен жылқы бейнесінің Көкпен, Күнмен байланысы жөнінде ежелгі бейнелеу өнерінің сансыз ескерткіштері сыр шертеді. Ежелгі адамдар ортасында қанатты пырақ бейнесіндегі Күн жайлы жылқылар немесе құстар жегілген ашвиндар күймесі туралы түсініктер болғаны белгілі. Аспан пырағымен байланысты нанымдарды зерттеушілер ежелгі және орта ғасырлық Орта Азияда кең таралған деп есептейді [4].

Көшпенділердің қолөнер бұйымдарындағы аңдық стилде аңдар мен құстар, қошқар, ат, бұғы, қасқыр, бүркіт және т.с.с. бейнелері тұтастай бейнеленген, ал кейінірек олардың бастары суреттелген. Мысалы, сүйектен жасалған ат әбзелдері бүркіттің басы тәрізді, ағаштан

жасалған кейбір әшекей белгілер қасқырдың, қошқардың басы тәрізді бейнеленген. Аңдар тұлғасының осылай дене мүшелеріне алмасып бейнеленуі ою-өрнек түрлерінің дамуына себепші болды.

Біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың ортасында аң стилі өнерінде ою-өрнектік сипатқа өту тенденциясы байқалып, заттық пішіндерді бейнелеуде ою-өрнектің зооморфты мотивтерінің қалыптасуына әсерін тигізді. Халқымыздың тұрмыста қолданған ою-өрнектері олардың көне көшпелі кезеңдерден қалыптасқан дүниетанымынан туған, ешкімге де ұқсамайтын көркемөнер туындысы деуге болады. Көптеген зерттеушілер ежелгі ою-өрнектердің астарында халқымыздың табиғаттан алған әсерін дәлме-дәл түсіруге ұмтылған ұмтылысы жатқанын айтады. Зооморфтық ою-өрнектер туралы Ә.Марғұлан «тұрмыс-тіршілігі негізінен мал шаруашылығы болғандықтан қазақ ою-өрнегінің негізгілері жануарлар бейнесі, малдың тұяғы, мүйізі, құстардың қанаты, іздері ұғымдарымен тығыз байланысты» деген. Сондықтан болар, арқар, киік, қасқыр, ат, түйе, бүркіт сияқты аң-құстар, жануарлар бейнесі ою-өрнектерде жиі кездеседі [5].

Зооморфтық өрнектердің ішіндегі ең кең тарағаны мүйіздерді бейнелеу еді. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «еркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданылады [6].

Көшпелілердің ою-өрнектеріндегі зооморфтар халықтың дүниетанымы мен наным-сенімдерін көрсететін терең символдық мәнге ие. Жылқылар, бүркіттер, қасқырлар және басқалар сияқты жануарлардың суреттері күшті, еркіндікті, даналықты немесе тіпті зұлым рухтардан қорғауды бейнелей алады. Мұндай өрнектер көшпелілердің салт-санасының, рәсімдерінің, күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналады.

Зооморфтар немесе жануарлардың, өсімдіктердің және геометриялық фигуралардың стилдендірілген бейнелері көшпелілердің мәдениеті мен болмысының маңызды аспектісі бола отырып, олардың ою-өрнектерінде басты рөл атқарды. Бұл өрнектер тек тұрмыстық заттар мен киімдерді безендіріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтың тарихын, наным-сенімі мен құндылықтарын жеткізетін тілдің бір түрі болып табылды [7].

Зооморфты ою-өрнектер де ұрпақтан-ұрпаққа білім мен дәстүрді жалғастыратын мәдени мұраның маңызды элементі болып табылады. Бірегей өрнектер бір руды екінші рудан ажырата алады, сонымен қатар халықтың тарихын, аңыз-әңгімелерін жеткізетін символикалық мәнге ие болды. Сонымен қатар, көшпенділердің ою-өрнектеріндегі зооморфтар табиғатпен үйлесімділік пен оның адам өміріне әсерін көрсетеді.

Қазақ даласын мекендеген көшпенділердің аң стилі өнері күш, қуат культі мен табиғаттағы рөлдердің алдын ала анықталғандығы жайлы философияны көрсетеді. Көркем мәдениетте жануарлар мен өсімдіктердің шынайы әлемінің бейнелері, космогониялық түсініктер тоғысты. Әлеммен оның барлық проекцияларының бірлігі композицияның бинарлы, геральдикалық, айналы құрылымдарында көрініс табады. Барлық қоршаған жануарлар әлемі, балық пен қос мекенділерден бастап, тауешкілер мен мысық тұқымдас жыртқыштарға дейін аң стилі өнерінде көрініс бейнеленді. Олай болса, көшпелілердің ою-өрнектеріндегі зооморфтық стилі тек сәндік элементтер ғана емес, көшпелі халықтардың рухани әлемі мен мәдениетін танудың кілті, сонымен қатар олардың табиғатпен, салт-дәстүрмен терең байланысының дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 том.- Алматы, «Өнер», 2007. – 76 б.
2. Сақтардың мәдениеті мен өнері https://www.zharar.ru/kz/bilim/referat/24942-abstract.html
3. Асанова С., Птицина А. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық.

2- басылым. – Астана: Фолиант, 2011. - 23 б.
4. Аманжолов Қ. Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 1-ші кітап. – Алматы. 1996.
5. Сақ мәдениетіндегі полиморфтық бейнелер https://stud.kz/referat/show/96524#&gid=1&pid=39
6. Ұлы дала көшпенділерінің дүниетанымы қазақ ұлттық ою – өрнектерінде айшықтануы https://moluch.ru/archive/356/79731/
7. Зооморфтық ою – өрнектер https://el.kz/zoomorfty-_oyu-rnekter_23386/ https://m.vk.com/wall-88222541_115
8. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. 200 б.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АЛТЫН ОРДА МҰРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Куандыков Даурен Туребекович – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарих мамандығының магистранты

Аннотация Бұл жұмыста Атырау облысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында Атырау облысының тарихи-мәдени мұрасы, Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіштер және Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының қызметі мен жетістіктері аспектілері сараланады. Зерттеу барысында анықталған деректерге сүйене отырып, аймақтың тарихи және мәдени маңыздылығы дәлелденді. Сарайшық қалашығы және басқа да тарихи ескерткіштердің зерттелуі Алтын Орда кезеңінің Қазақстан тарихындағы маңызды орнын анықтайды. Зерттеу нәтижелері тарихи-мәдени мұраларды сақтау және зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу материалдары Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттау саласындағы практикалық қолдануға да бағытталған.

Кілт сөздер: Атырау облысы, тарихи-мәдени мұра, Алтын Орда, Сарайшық, археологиялық зерттеулер, тарихи ескерткіштер, мәдениет, зерттеу орталығы, Қазақстан тарихы.

Кіріспе Ұлы Дала өңіріндегі Алтын Орда дәуірінің тарихи-мәдени мұрасы ерекше зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Атырау облысының тарихи-мәдени мұрасы, оның ішінде Алтын Орда кезеңіндегі ескерткіштерді зерттеу мәселесі бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтпаған, керісінше, жаңа заманауи ғылыми парадигмалар мен технологиялардың енгізілуіне байланысты жаңа серпін алып отыр. Бұл тақырыпты зерттеудің маңыздылығы, ең алдымен, оның Қазақстанның ұлттық тарихы мен мәдениетіндегі орнына және халықаралық деңгейдегі тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен зерттеу үдерісіндегі рөліне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы ғылыми қоғамдастықта Алтын Орда мұраларының маңыздылығы мойындалып, олардың мәдени-тарихи контексте қайта зерттелуі мен қайта бағалануы қажеттілігі анықталған.

Атырау облысының тарихи-мәдени мұрасы және Алтын Орда кезеңіндегі ескерткіштерді зерттеу мәселесі төңірегіндегі әдебиеттер мен дереккөздер кең ауқымды болып табылады.

Атырау облысындағы негізгі алтынордалық ескерткіштер ортағасырлық қалалар Ақтөбе-Лаэти, Сарайшық және Таскешу керуен сарайы екені белгілі. Міне осы ескеркіштер мекеменің зерттеу аумағына айналған.

Атырау облысындағы ең маңызды алтынордалық тарихи ескерткіш – Сарайшық қалашығы. Сарайшық – Алтын Орда дәуірінің ірі қалаларының бірі, XIII-XVI ғасырлар аралығында гүлденген экономикалық, мәдени және саяси орталық болған. Бұл қала Еуропа

мен Азия арасындағы сауда жолдарының маңызды торабы ретінде қызмет атқарған. Сарайшықтың археологиялық зерттеулері оның бай мәдени мұрасын ашып, қаланың даму тарихын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді [1].

Сарайшық қаласы тек қана сауда орталығы емес, сондай-ақ, Алтын Орда мемлекетінің саяси және әкімшілік орталығы ретінде де маңызды рөл атқарған. Қаланың аумағында әртүрлі мәдени және діни құрылыстардың қалдықтары табылған, олардың арасында мешіттер, кесенелер, сондай-ақ, тұрмыстық және қоғамдық ғимараттар бар. Бұл құрылыстар Алтын Орда дәуіріндегі сәулет өнерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ, сол кездегі халықтың мәдениеті мен діни нанымдарын көрсетеді.

Сарайшық қаласының тарихы мен мәдени мұрасы туралы мәліметтер негізінен археологиялық қазбалар мен жазба деректерден алынған.

1937 жылы Батыс Қазақстан қоғамы бөлімшесі Қазақстанды зерттеуге арнайы археологиялық экспедиция ұйымдастырды, басшысы Н. К. Арзютов болды. Өкінішке орай, археологиялық зерттеулердің бүкіл сызбалары мен табылған олжалары жоғалған, тек қысқа ғана мақала есебі жарық көрді. 1950 жылдары қалада қазба жұмыстарын Ә. Х. Марғұлан жүргізді, қазбадан алынған мәліметтер Археология институтында сақтаулы. 1950-1953 жылдары Сарайшық қаласындағы археологиялық қазбаларға Е. И. Агеева, Т. П. Сенигова қатысты, Е. И. Агеева Сарайшық қыш ыдыстарын зерттеп, олардың сипаттамасын жасады. 1909 жылы Сарайшық қаласынан табылған құмырадағы жазуды, 1947 жылы К. К. Юдахин оқып, оның Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» рубаяттары екенін анықтады. 1980-1995 жылдары қала тарихын зерттеуге жергілікті өлкетанушы-тарихшылар да өз үлестерін қосты, өлкетанушылар М. Намазғалиев, Х. Табылдиев, Ө. Әлімгерей, Ж. Гизатов қала тарихы туралы мақалалар мен кітаптар жариялады. 1996–2008 жж. аралығында З. Самашевтің жетекшілік етуімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшық қаласына кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде Алтын Орда дәуіріне қатысты бай мұралар ашылды.

Ә. Мұхтардың "Археолог З. Самашевтің ортағасырлық Сарайшықты зерттеуге қосқан үлесі" атты мақаласында З. Самашевтің Сарайшық қаласын зерттеудегі аса маңызды еңбектері ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданған. Мақалада ғалымның 1989-2018 жылдар аралығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен оның Сарайшықтың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға қосқан зор үлесі айқын көрсетілген. Ә. Мұхтардың еңбегі зерттеушінің осы саладағы табандылығы мен ғылыми жетістіктерін кеңінен саралап, Сарайшық қаласын зерттеудің тарихи маңызын айқындап көрсеткен [2].

Сонымен қатар, М.С. Қасеновтың «Сарайшы қаласының тарихы» атты еңбегінде Сарайшық қаласының қалыптасу тарихы, оның Алтын Орда дәуіріндегі рөлі және қаланың құлдырау кезеңі туралы толық мәліметтер берілген. М. Қасеновтың еңбегі Сарайшық қаласының Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасындағы орнын анықтауға, оның қазіргі заманғы Қазақстан тарихындағы маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді [3, б. 28]. Бұл еңбекте сондай-ақ, қаланың археологиялық қазбалары барысында табылған мәдени жәдігерлер туралы да егжей-тегжейлі ақпарат берілген.

2015 жылы жарық көрген «Сарайчик – наследие предков. Источники по истории городища Сарайчик» атты ғылыми еңбекте Ж.К.Жұмабаева мен М.К.Кипиев Сарайшықтың тарихын жан-жақты талдап, қаланың мәдени және тарихи маңыздылығын көрсететін деректерді жинақтап шығарған. Бұл еңбекте Сарайшық қаласының тарихи ескерткіштерінің сипаттамалары, археологиялық қазбалар нәтижелері және қаланың ортағасырлық Қазақстан тарихындағы орны туралы мәліметтер келтірілген [4].

АГУ профессоры Жеңісбек Мұстафин өзінің монографиясында ортағасырлық Сарайшық қаласының қалыптасуы, өркендеуі, дамуы және құлдырауы туралы зерттеу жүргізген. Бұл еңбекте Сарайшық тарихының оғыздар мен қыпшақтар дәуірінен бастау алатынын және қазақ халқының орта ғасырлық тарихында маңызды орын алғанын айқындайды. Сарайшықтың байырғы тарихын зерттей отырып, профессор оның көне заманнан бастап, шамамен 1300 жылдық кезеңде өркендеу және құлдырау секілді бірнеше

маңызды кезеңдерден өткенін көрсетеді. VIII ғасырдан бастау алған тарихи жол халықтың мәдени және тарихи мұрасында өшпестей із қалдырғанын дәлелдейді [5].

2021 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласында Ахметова Ұ.Т. жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары Сарайшықтың Ұлы Жібек жолындағы маңызды рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Алтын Орда кезеңіне жататын ғимараттардың бөлмелері мен ұзын дәліздері анықталған. Қазба жұмыстары кезінде Өзбек хан мен Жәнібек ханның тиындары табылған, бұл құрылыс кезеңін XIV ғасырдың орта тұсымен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Археологиялық олжалар негізінен қыш ыдыстар сынықтары мен жануарлар сүйектерінен тұрады, бұл қаланың үлкен мәдени-саяси орталық болғанын көрсетеді. [6].

Ал, соңғы кездерде Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің, «Сарайшық» музей-қорығының археологтары қала орнына археологиялық зерттеулерді жүргізіп келеді. Ә. Мұқтар «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры қызметінде Сарайшық тарихын зерттеу мен сақтау ісіне маңызды үлес қосты. Мысалы, 2018-2020 жылдары «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбындағы зерттеулері Алтын Орда мемлекеттік құрылымының дамуы мен оның кейінгі кезеңдеріндегі қазақ қоғамындағы билік құрылымдарының сабақтастығын зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулерде қазақ хандығындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар және қожалар институттарының рөлі, олардың қоғамдағы орны мен қызметі, сондай-ақ олардың уақыт өте келе қалай жойылғандығы жан-жақты қарастырылады. Алтын Орда мемлекетінің саяси-әкімшілік құрылымынан бастау алған бұл институттар Қазақ хандығының құрылымында маңызды рөл атқарғаны көрсетіледі [7]. Ғалымның кейін «Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963–2019 жж.)» атты монографиясы жарық көрді. Бұл еңбекте Сарайшық қаласының тарихы, археологиялық зерттеулердің нәтижелері, қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы рөлі, оның Алтын Орда және Қазақ хандығы кезеңдеріндегі маңызы жан-жақты қарастырылған. Монографияда Сарайшықтың ортағасырлық қала ретінде қалыптасуынан бастап, оның мәдени мұраларын сақтау және қорғау жұмыстарына дейінгі кезең қамтылған. Зерттеу барысында археологтар мен тарихшылардың жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелері, тарихи деректер, қаланың көне карталары мен құжаттары, сондай-ақ музей-қорықтың құрылғанынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қызметі туралы маңызды мәліметтер келтірілген. Бұл еңбекте сондай-ақ Сарайшықтың Қазақстан тарихындағы орны мен оның аймақтық және халықаралық сауда жолдары үшін маңызы да кеңінен талданады [8].

Жалпы алғанда, Атырау облысының тарихи және мәдени мұрасы тек қана Сарайшық қаласымен шектелмейді. Бұл аймақта ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі көптеген тарихи және мәдени ескерткіштер орналасқан. Олардың қатарында тас дәуіріндегі петроглифтер, сақ дәуірінің қорғандары, ортағасырлық бекіністер мен мешіттер бар. Атырау облысының тарихи мұрасы Қазақстанның жалпы мәдени және тарихи контекстінде ерекше орын алады және оның сақталуы мен зерттелуі Қазақстанның ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал етеді.

Атырау облысындағы тарихи-мәдени мұралардың сақталуы мен зерттелуі қазіргі заманғы ғылыми және мәдени бағдарламалар аясында жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстардың мақсаты – аймақтың тарихи және мәдени құндылықтарын зерттеу, оларды сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу. Сарайшық сияқты маңызды тарихи орындардың зерттелуі Қазақстанның ұлттық тарихы мен мәдениетінің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе-Лаэти қалашығы да ортағасырлар заманында маңызды рөл атқарды. Археологиялық зерттеулерге сәйкес, бұл қалашық XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген және Алтын Орда дәуірінде маңызды сауда және қолөнер орталығы болған.

Ақтөбе-Лаэти қалашығы 1950 жылдардың басында атақты геолог-мұнайшы С. Қарымсақов өлкетанушы В. Афанасьевке көрсеткен. Бұл жаңалық Қазақстанның археологиялық ғылымындағы маңызды оқиға болды. Зерттеу жұмыстары 1960 жылдары КСРО Ғылым академиясының Археология және этнография институты ұйымдастырған Еділ-Орал экспедициясы арқылы жүзеге асырылды. Бұл жұмысты археолог Л. Галкин басқарды.

Археологтардың еңбегінің нәтижесінде қаланың құрылымы мен мәдениеті туралы құнды мәліметтер жиналды.

Атауын Академик А. Марғұлан XIV ғасырдағы итальяндық саудагер-саяхатшының картасынан бұл қаланы тауып, оны Лаэти деп атаған. Бұл атау қазіргі Ақтөбе қалашығына байланысты қолданылады. 1979 жылғы қазба жұмыстарының нәтижесінде сақиналар, моншақтар, тұмарлар, білезіктер, өңделген сүйектер және керамикалық ыдыстар сияқты артефактілер табылды. 1993 жылғы қазба жұмыстары кезінде көптеген қола монеталар анықталған, бұл қалашықтың сауда қатынастарының кең ауқымдылығын көрсетеді.

2017 жылы Қаланың мәдени қабаттары қайта зерттеліп, тұрғын үйлердің жоспарлары, су құбырларының қалдықтары, керамикалық ыдыстар және түрлі зергерлік бұйымдар табылды. Табылған материалдар бұл қаланың тұрғындарының балық аулау және мал шаруашылығымен айналысқанын дәлелдейді. Ақтөбе-Лаэти қалашығы Алтын Орда кезеңіндегі маңызды сауда орталықтарының бірі болғандықтан, Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуде ерекше орын алады. Қалашықтан табылған артефактілер сол дәуірдегі өмір салтын, сауда қатынастарын және қолөнердің дамуын айқындайды. Бұл ескерткіштің зерттелуі Қазақстан тарихының маңызды аспектілерін ашуға мүмкіндік береді, сонымен бірге мәдени мұраны сақтауға үлкен үлес қосады [9].

Алтын Орда мемлекеті сауда-саттықты жандандырып, Еділ бойында көптеген ірі қалалар пайда болды. Үргеніштен бастау алып, Үстірт арқылы Сарайшыққа, одан әрі Еділ бойына бағытталатын сауда жолы кең қолданысқа ие болды. Осы жол бойында керуен-сарайлар салынып, саудагерлердің тынығу орнына айналды.

Қазақстан аумағындағы Таскешу керуен-сарайы ең ауқымды зерттеулер жүргізілген орындардың бірі болып табылады.

1950 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі С.П. Толстов Таскешу керуен-сарайына барлау жұмыстарын жүргізіп, оның сипаттамасын берді. Керуен-сарайдың күйдірілген кірпіштен қаланғаны, өлшемдері 42х45 м, ішкі ауласы мен қазқатар орналасқан бөлмелерден тұратыны анықталды. 1950 жылы Батыс Қазақстандық археологиялық экспедициясының зерттеушілері Е.И. Агеева, Т.Н. Сенигова, З.И. Пацевич керуен-сарайдың құрылысын шаршы тәріздес төмпешік ретінде сипаттап, оның өлшемдерін анықтады. Төмпешік кірпіш сынықтарымен көмілген бөлмелердің іздерін анықтады, ал шұңғымалар балшық алынған орындар болуы мүмкін деп болжанды.

2008-2009 жылдары Таскешу керуен-сарайында алғашқы жоспарлы қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша керуен-сарайдың күйдірілген кірпіштен салынғаны анықталды. 2010 жылы басталған қазба жұмыстары барысында керуен-сарайдың толық жобасы мен құрылыс ерекшеліктері анықталды. Керуен-сарай 55х55 м өлшемді, бұрыштарында мұнаралары бар төртбұрыш тәріздес құрылыс екені анықталды. 2012 жылғы қазба жұмыстары барысында екі бөлме және сарайға кірер қақпа ашылды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде керамикалық ыдыстар, тиындар, сүйектен жасалған құралдар табылды. 2021 жылы лицензия негізінде Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қызметкерлері жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш – «Тас Кешу» керуен-сарайына археологиялық зерттеулер жүргізді [10].

Қазіргі уақытта Атырау облысындағы Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеу мен сақтау жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыстардың мақсаты – аймақтың тарихи және мәдени құндылықтарын сақтау, оларды келешек ұрпаққа жеткізу.

Жалпы алғанда, Алтын Орда дәуіріндегі Атырау облысындағы ескерткіштер Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасында ерекше орын алады. Бұл ескерткіштер аймақтың тарихы мен мәдениетінің дамуына ықпал еткен маңызды факторлар болып табылады. Олардың зерттелуі мен сақталуы Қазақстанның ұлттық бірегейлігін нығайтуда және тарихи сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұраларын зерттеу және сақтау саласында маңызды рөл атқарады. Бұл орталықтың қызметі, әсіресе, Алтын Орда кезеңіндегі тарихи-мәдени мұраларды зерттеуге бағытталған.

Орталықтың жұмысы археологиялық зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру және олардың ғылыми-зерттеу қызметіне арнаулы әдістемелерді қолдану арқылы Алтын Орда мұраларын сақтауға және насихаттауға арналған кешенді бағдарламаларды іске асыруды қамтиды.

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының жетістіктерінің бірі – Алтын Орда кезеңінің тарихи-мәдени мұраларын зерттеу бойынша көптеген ғылыми еңбектерді жарыққа шығаруы. Бұл еңбектерде археологиялық зерттеулердің нәтижелері, тарихи деректердің талдауы және Алтын Орда дәуіріндегі мәдени-тарихи үрдістердің сипаттамалары берілген. Сонымен қатар, орталықтың қызметі Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттау бойынша көптеген жобалардың іске асырылуымен де ерекшеленеді [11].

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының Алтын Орда мұраларын зерттеу саласындағы қызметі мен жетістіктері Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын сақтау және насихаттау ісінде ерекше орын алады. Бұл орталықтың жұмысы тарихи ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге, олардың ғылыми тұрғыдан зерттелуін күшейтуге, сондай-ақ, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін нығайтуға бағытталған. Орталықтың қызметі тек қана археологиялық зерттеулермен шектелмей, тарихи мұраларды қалпына келтіру, сақтау және оларды насихаттау бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. А., 1997. 542-бет., А., 1998. 640-бет.
2. Мұқтар, Ә. Қ. "Археолог З. Самашевтің ортағасырлық Сарайшықты зерттеуге қосқан үлесі." *Мәдени мұра*, № 4 (99), 2022, Астана. https://madenimura-journal.kz/index.php/main/article/view/275/119
3. Қасенов М.С. Сарайшық қаласыны тарихы.- Атырау: Х.Досмхамедов атындаы АМУ баспасы, 2007.-80б.+10 б.фотосуреттер.
4. Сарайчик – наследие предков. Источники по истории городища Сарайчик/ Сост. Ж.К.Жумабаева, М.К.Кипиев // Науч.ред. Ж.К.Жумабаева. – Атырау: Агатай, 2015. – 224 с.
5. Мұстафин Женісбек Жұпболұлы. «Ортағасырлық Сарайшық». Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015жыл. 177-бет. ISBN 978-601-262-186-0
6. Ахметова Ұ.Т., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Қазақстан археологиясы. 2022. № 2 (16). 111-120-бб. DOI: 10.52967/akz2022.2.16.111.120
7. Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институты : монография / Ә. Мұқтар, Ұ. Ахметова, Н. Атығаев [ж.б.]. – Алматы : Арыс, 2020. – 248 б.
8. Мұқтар Ә., Диярова Ж. «Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963–2019 жж.)». Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 192 б.
9. Л.Л. Галкин., М.С.Касенов., В.К.Афанасьев. Средневековое городище Актобе - Лаэти (XIII-XV вв.). -Атырау: Типография АГУ им. Х.Досмухамедова, 2013.-59 стр+41 стр.фото рисунки. ISBN 978-601 - 262-070-2
10. Құдабай Қ. Археология ғылыми зерттеу бөлімінің Мақат ауданына қарасты Таскешу керуен сарайына 2012 жылы 23 шілде 16 тамыз аралығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының қысқаша есебі / Қ. Құдабай, М. Қасенов // Атырау облыстық Мәдениет басқармасы; КМҚК «Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы». – Атырау. 2012
11. Центр исследования историко-культурного наследия Атырауской области/книга-альбом-Атырау: издательство "Ағатай", 2022. — 152 С.

RESEARCH OF THE HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE OF THE CENTER FOR THE STUDY OF HISTORICAL CULTURAL HERITAGE OF ATYRAU REGION.

Abstract This work examines the issues related to the study and preservation of the historical and cultural heritage of the Atyrau region. The project focuses on three main aspects: the historical and cultural heritage of the Atyrau region, monuments from the Golden Horde era, and the activities and achievements of the Atyrau Regional Center for the Study of Historical and Cultural Heritage. Based on the data identified during the research, the historical and cultural significance of the region was substantiated. The study of the Saraychik settlement and other historical monuments demonstrates the importance of the Golden Horde period in the history of Kazakhstan. The project results highlight the importance of continuing research work on the preservation and study of historical and cultural heritage. Furthermore, the research materials are also aimed at practical applications in the field of preservation and promotion of Kazakhstan's historical and cultural heritage.

Keywords: Atyrau region, historical and cultural heritage, Golden Horde, Saraychik, archaeological research, historical monuments, culture, research center, history of Kazakhstan.

САРАЙШЫҚТАН ТАБЫЛҒАН ХОРЕЗМ ТИПТЕС СЫРЛАНҒАН ҚЫШ БҰЙЫМДАР ӨРНЕКТЕРІ

Диярова Жанар Кабдулкакимовна-магистр,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директор орынбасары, Атырау қ.

Аңдатпа: Мақалада әр түрлі кезеңдегі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған сырланған қыш бұйымдардың түр-сипаттарына белгі беріледі. Қаланың мәдени қабаттарынан табылған бұйымдар сан алуандығы Сарайшықтың Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ірі сауда орталықтарының бірі болғандығын дәлеледейді. Сарайшықтың қыш бұйымдары кешенінде мемлекет дамуының әрқилы кезеңіне сәйкес қолөнер өндірісінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді. Салыстыру арқылы мұндағы қыш бұйым өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келіп отырған ыдыстар мен тасымал бұйымдарының ықпалы болғандығын байқауға болады және басқа қалалармен, соның ішінде Хорезм қаласымен сауда-саттық байлыныс, мәдени байланыс жиі болғандығын көруге болады.

Түйінді сөздер: Сарайшық, керамика, ою-өрнек, Хорезм, қыш.

Алтын Орданың мәдени орталығы, Ноғай және Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласы Еуропа мен Азияның мәдениетін тоғыстырған Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан, сауда және ортағасырда мәдениеттің дамуында басты рөл атқарды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласында әлемді тәнті еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығы мәлім. Сондай-ақ, ортағасырлық Сарайшық қаласында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған қыштан жасалған сырланған бұйымдардағы әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылым мен қолөнердің дамығандығын көрсетеді.

Ортағасырлық Сарайшық қаласына іргелі археологиялық зерттеулер кеңестік заманда басталады. Оның жетекшісі археолог Н.К. Арзютов болып, 1937 жылы Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізеді. Сарайшыққа жасалған келесі ресми археологиялық экспедицияны Ә.Х.Марғұлан басқарды. 1950 жылы жүргізген зерттеуде, Ә.Марғұлан «Қазба жұмыстарын жүргіздік. Жұмыстар қаланың солтүстік-батысындағы Жайық өзені жар қабағынан басталды.

Нәтижесінде мол керамика мен тұрмыстық материалдар табылып, Сарайшықтың қолөнершілер аумағы анықталды» деп көрсетеді [1].

Сарайшықта табылған сырланған қыш ыдыстарының басым бөлігі хорезм типтес ыдыстар. Бұл хорезм типтес ыдыстардың Сарайшықта кеңінен таралуы Ұлы Жібек жолымен байланыстыруға болады. Алтын Орда кезеңінде қыш ыдыстардың жасалатын орны Хорезм болды. Хорезмдік қыш ыдыстар Алтын Орданың барлық қалаларына дейін таралып отырды. Кеңінен таралған соң, Сарайшықтада хорезм типтес ыдыстар жасалына басталды.

Бұл жөнінде Ә. Марғұлан баяндамасына тарихшы А.Н.Бернштам: «Я склоняюсь к хорезмийскому происхождению Сарайчика. Необходимо продолжение раскопок»,- десе, С.С. Черников: С.П. Толстовтың Сарайшық- Хорезм колониясы деп келтіргенін, Ә.Х. Марғұлан Сарайшықтағы көне қабат печенегтерге тиесілі екенін, осы арада шындықты білу үшін Сарайшықта қазба жұмыстарын жалғастыру керектігін алға тартады [2].

С.П.Толстов «Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1949–1953 гг.» еңбегінде Сарайшық қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы: «Қазір «Сарайшық» атауы түпнұсқа емес деп болжауға негіз бар екенін; бұл елді мекен ортағасырлық Саксин қаласына сәйкес келетінін және Сарайшық қаласы XI ғасырда, немесе X ғасырда салынды деп топшылады. Қала төменгі Еділ бойындағы жолда орналасқан Жайық өзені жағасындағы Хорезм мемлекетінің отары болуы мүмкін. Осылайша, төменгі және орта Еділ бойындағы ерте ортағасырлық тарихи оқиғалардағы Хорезм мемлекетінің алатын рөлі туралы өткен жылдардағы зерттеу материалдары жаңа деректермен расталды» деп көрсетеді [3, б.14-15]. Осы экспедиция мүшесі М.А. Орловтың «Средневековая караванная дорога из Хорезма к Поволжью» атты мақаласында Сарайшықтың біз білетін Хорезм ескерткіштерінің көпшілігінен айырмашылығы, мұнда үйлердің немесе көшелердің нақты орналасу іздерін байқау мүмкін емес екендігін атап өтеді. Сарайшық керамикасының алуан түрлілігі туралы жазады: «Обилие фрагментов всевозможных керамических изделий дает богатый материал для определения эпохи существования городище. Прежде всего бросается в глаза абсолютное сходство поливной керамики Сарайчика с керамикой хорошо известного нам памяятника кануна Монгольского нашествия и времени Золотой Орды -Шемахакала в района Куня-Ургенча. Сходство керамики настолько велико, что фрагменты некоторых сосудов невозможно отличить от аналогичных сосудов из Шемаха-кала. Этот тип керамики, именуемый обычно монгольским, связывает Сарайчик как с Золотоордынскими Сараями с одной стороны, так и с Куня-Ургенчем. Производство керамики этого типа, широко распространенное в Хорезме, видимо, по своему происхождению связано с ним» [4, б.83-84].

Музей-қорық қорындағы хорезм типтес ыдыстардың сырланған керамиканы ою-өрнектері бойынша 4 түрге бөлуге болады: өсімдік бейнесі, геометриялық, эпиграфиялық және зооморфты. Ою-өрнекпен қатар, кейбір ыдыстар рельефті қосымша өрнектелген. Рельеф көбінесе декордың негізгі элементтерінің бірі ретінде жүреді. Ол нүкте түрінде, немесе өсімдік мотивтері мен геометриялық өрнектермен үйлеседі. Тостағандар мен құмыралардың жиектері көбінесе XIII-XIV ғасырлардағы Хорезм керамикасының ою-өрнегімен көк түсті нүктелермен безендірілген. Сарайшықтағы тостағандарда Үргеніштегі ою-өрнектердің қайталануы байқалады. Бұл, хорезмдік үлгілерге еліктеу бар деп айтуға болады.

Сырланған керамикаларды ою-өрнектермен безендіру, соның ішінде гүлді өрнекпен әшекейлеу басымырақ келеді. Әр ыдыстан әр түрлі өрнекті байқауға болады. Сырлы ыдыстардағы гүлді әшекеймен безендірілуінің негізгі түрлерін Вактурская былай сипаттайды: «В них наблюдается большая пестрота в изображениях и характере рисунка. Часто в центре помещается шести или восьмилепестковая розетка, разбитая радиусами на сектора, как лепестки. Иногда цветок окружают еще лепестки и узкие стебли» [5, б.119, 1 сурет] және XIII-XIV ғасырға тән безендірудің тағы бір түрін Воробьева «имеющая в центре описанный цветок с розеткой, вокруг него такие же цветки в виде кругов с трапециевидными лепестками, частью они расцвечены характерными для XIII–XIV вв. синими рельефными точками» деп көрсетеді [6, б.58, 2 сурет].

Үшінші нұсқа геометриялық және өсімдік бейнелерінің үйлесемділігімен безендірілуімен ерекшеленеді. Гүлдің өсінділері салынған және өсімдік пен ромб бейнесіндегі геометриялық бейнелермен безендіріліп қоршалған (3 сурет).

Тағы бір нұсқасы ол ою-өрнек принципі-ішкі бетті бірнеше белдеулерге бөлу, олардың әрқайсысының өзіндік үлгісі бар. Глазурьмен боялған қыш ыдыстар үшін ыдыстың сыртын әшекейлеудің белгілі бір түрі бар, оның ішкі бетінің декоры айтарлықтай өзгереді. Ара тәрізді тостағандардың сыртқы жағы кейде көк нүктелермен боялған бедерлі барокко ою-өрнектерімен безендірілген (4 сурет).

Кейбір жағдайларда тостағанның сыртқы жағы "гауһар тәрізді" тізбек түріндегі ою-өрнекпен немесе Хорезм мен Еділ бойындағы қалалардың керамикасында кеңінен қолданылатын "тауыс көзінің" өрнегімен жабылған. Тостағандар мен құмыралардың шеттері көбінесе көк тамшы тәрізді нүктелермен безендіріліп отырған.

Бұндай әдістермен безендірілген ыдыстарды Хорезм, Миздакхан, Сарай қалаларының XIII-XIV ғасырдағы кезеңдерінен кездестіруге болады. Әлбетте, бұл тостағандардың барлығы бірдей пішінге ие, сәндік мотивтер бір техникада жасалған және бір-біріне ұқсас, айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Бұдан XIII-XIV ғасырлардағы Хорезмнің әртүрлі ескерткіштерінен жасалған ыдыс–аяқтардың көпшілігі стандартталған пішіндерге ие деген болжам жасауға болады.

Сырланған қыш ыдыстарына салынатын өрнектердің келесі бір түрі - геометриялық. Сырланған керамикадағы геометриялық ою-өрнектер келесі фигуралармен ұсынылған: олар үшбұрыштар, алтыбұрыштар, сегізбұрыштар, ұзартылған шеңберлер, доғалар, нүктелер, толқынды сызық, зигзаг жолақтары, үтір жолдары және басқалар. Кей ыдыстардан геометриялық пен өсімдік бейнелері көбіне өзара үйлесім тауып, кей кездері өте күрделі сюжеттерді құрайды.

Геометриялық өрнектің безендірілуінің бірі ыдыстың іші көк түсте қара түсті крестермен безендіріліп, сырты қара нүктелермен толтырылып отырылған (5 сурет).

Геометриялық ою-өрнектің тағы бір түрі –ақ ангобталған жолақпен бөлінген төртбұрышты дөңгелек розетка. Шахмат түрінде орналасқан шағын квадраттарда төрт көк нүктесі бар ақ квадраттармен кезектесетін торлы ою-өрнектері бар квадраттар салынады (6 сурет). Дәл осындай ыдыстардың аналогтарын Селитренный қалашығынан табылған алтынордалық кермаика ыдыстарының түбінен [7, б.139], сондай-ақ тағы бір ыдыс Г.А. Федоров-Давыдов Селитренный қалашығында қазбасынан XI ғасырдағы қыш шеберханасынан табылған.

Геометриялық ою-өрнектердің басқа түрлерімен ұсынылғандары, олардың арасында сызықтық-геометриялық өрнектер бар ыдыстар да кездеседі. Негізінен XIII–XIV ғасырларда радиалды жолақтары тостағанның бүйір беттерін үшбұрыштар мен трапецияларға бөлетін сақиналы жолақтардың қиғаш торымен сызылған өрімнің мотиві таратылды.

Кейбір ашық тостағандар мен ыдыс-аяқтарда нүктелік шекарадан (жиектен) кейін, ішкі бетінен төмен, кейде кобальт (қою көк бояу) жиі орындалатын құлаған толқын түріндегі сақина белдеуі өтеді. Ол шексіз қайталанатын сызықтары бар екі бұтақтың бұралған сабақтарымен өсімдік өркені түрінде жасалған. Сабақтар арасындағы жеке бөліктер бұйралармен безендірілген. Бүкіл сурет ақ фонда кобальт өрісімен жасалған (6 сурет).

Зооморфты ою-өрнек. Зооморфты бейнелері бар керамика үлкен қызығушылық тудырады. Хорезм жылтыратылған керамикасының ою-өрнектерінде геометриялық, өсімдіктік өрнектермен қатар зооморфтық мотивтер маңызды орын алады. Оның ішінде, құстар: үйректер, тауыстар, торғайлар, қырғауылдар; сондай-ақ балықтар, қояндар, өгіздер, газелдер бейнелері кездеседі. Зооморфтық өрнектік мотивтер негізінен жұп жұптан немесе бір-бірден дөңгелек пішінді медальондар ішінде немесе айналасы бос кеңістік өсімдіктік өрнектермен әрленіп отырады.

Тауыстар. Исламда тауыс бейнесі ғарыштың символымен немесе – көрінетін аспан денелерінен-Күн мен Айдың, ал тауыстың көзі - " жүрек көзімен "және ішкі сезіммен байланыстырады [9]. Тауыс символы мұсылмандарға келген, ал олардан батысқа, кейін

батыстан ежелгі Иранға келген. Олар бұны дуализм, яғни екі жақтылық – адамның екі жақты табиғаты, бірлік принципінен күш алу деген мағынаны білдірген, . Орта ғасырлардағы гностиктер Құдайдың берген құпияларын ашуға тырысып, тауысты өздерінің мистикалық және философиялық аяндарының көрінісі ретінде таңдап отырған.

Үйректер. Бедерлі ою-өрнектің фонында үйректің бейнесі Хорезмнің Алтын Орда тостағандарының ең көп таралған мотиві болып табылады. Орта Азия халықтарының ішінде үйрек - құт-берекенің символы ретінде танылған [10, б.52, 7 сурет].

Ұсақ құстар. Ұсақ құстарды бейнелеген ыдыстар жиі кездеседі. Көбінесе сырланған ыдыстарда глазурь астында қара түспен бейнелеп отырған. Кей жерлерде құстардың тек отырған бейнесін келтірсе, кейбір ыдыстардан қанаттары жайылған құстардың бейнесін байқауға болады (8 сурет).

Қоян. Ыдыстардың түбінде бейнеленеді. Қоян отырған немесе күткен күйде және аң аулау көріністерінде бейнеленеді. Сарайшықтан тек екі дана қояндардың суреті кездеседі. Оның екеуін де археолог З.Самашевтің экспедициясы тапқан. Суреттегі қояндардың түсіндірілімі ыдыстардың иесінің қол шығу, олжалы, табысты болуға деген сенімінен туындайды (9 сурет). Бұл ыдыстар тылсым таңбалы бұйым ретінде арнайы бір жағдайларға байланысты дайындалған болуы да мүмкін.

Өгіз. Ыдыстарда қозғалыс түрінде, оның жүгірісі аяқтың орналасуын және жоғары көтерілген бұралған құйрықты береді. Ежелгі тарихта өгіз бейнесі мифтер мен рәсімдерде, фольклорда және діни белгілер жүйесінде, өнер мен тұрмыстық салада кездеседі. Өгіз, ең алдымен, табиғи өндіргіш күштердің, құнарлылықтың, молшылық пен өркендеудің символы ретінде ерекше құрметке ие болды. Ол тұқымның ата-бабасы ретінде қабылданды және әдетте ең күшті адам өзінің шығу тегін онымен байланыстырды. Өгіз мүйіздері көбінесе қасиетті шатырлар мен құрбандық үстелдерінде нығайтылды, олар ерекше киелі декордың элементі болды [6, б.65].

Балықтар. Кеңінен тараған сюжеттердің бірі – балықтарды бейнелеу. Көп жағдайда балықтар қатар-қатар тігінен салынған немесе балық фигуралары бірінің соңынан бірі жүзіп жүргенін көрсететін сюжет пайдаланылған. Балықтардың бейнесі X-XIII және XIII--XIV ғасырларда металда, сырланбаған керамикада және монеталарда жиі кездеседі. Балықтарды қастерлеу осы аймақта діни көзқарастардың қалыптасу кезеңімен сәйкес [11, б.308, 10 сурет]. Балық ерекше таза болып есептелінді, себебі оларды су стихиясымен және табиғаттан тыс қасиеттерге ие деген сенімдер болды. Жалпы, Орта Азия халықтарының өнерінде балықтардың бейнесі бақыттың нышаны болып есептелетін [11, б.325].

Эпиграфиялық ою-өрнек. XIII-XIV ғасырлардағы эпиграфиялық ою–өрнектермен сырланған керамика бай емес. XIII–XIV ғасырлардағы Хорезм керамикалық кешенінің материалдарының ішінде және сыртқы жағынан эпиграфиялық өрнекпен безендірілген ыдыстар кездеседі (11 сурет).

Сондай-ақ, имитация жүрінде жасалған түрлері де жасалған. 2024 жылы ортағасырлық Сарайшықта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында №6 археологиялық нысанда зерттеу жұмыстары барысында шаруашылық шұңқыры ішінен сырланған, қызыл саз балшықтан жасалған кесе сынығы табылды. Бұйым екі фрагменттен тұрады. Жалпы ыдыстың сақталуы 80 пайыз болды. Ыдыста геометриялық, өсімдік элементтері де кездеседі (12 сурет).



1



2



3





4







5 6










7 8 9 10





11 12

Қорытынды. Сарайшық қаласының қыш бұйымдары хорезмдік шеберлердің қолынан шыққан, әкелінген өнімдерден онша айырмашылығы жоқ. Қыш бұйымдарының санының да, түрлерінің де көптігі сауда-саттық, экономикалық байланыстардың қаншалықты кең жүргізілгендігі мен қалаллықтардың әртүрлі кезеңдегі өміріне ішкі саяси-әлеуметтік ахуалдардың әсерінің қандай болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Сарайшықтағы сырланған қыш бұйымдарынан мындағы қыш бұйым өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келіп отырған ыдыстар мен тасымал бұйымдарының да ықпалы болған. Сарайшықтың Жошы Ұлысындағы басқа қалалармен сауда-саттық байланысының жиі болғандығын байқауға болады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды (ЖТН № BR22082480).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә. (2019) Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2019. -№44(29523). -6 наурыз.
2. Жумабаев, А., Ахметова, У. (2024). ХОРЕЗМСКАЯ АРХЕОЛОГО-ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ И САРАЙШЫК. Вестник КазНУ. Серия историческая, 112(1), 178–185. https://doi.org/10.26577/JH.2024.v112.i1.014
3. Толстов П.С. (1958) Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН. СССР в 1949–1953 гг. // Ар хеологические и этнографические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг. Том II. М.: изд-во АН СССР, 1958. С. 7–258
4. Орлов М.А. (1950) Средневековая караванная дорога из Хорезма к Поволжью. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 15. 77-108 л. Москва.
5. Вактурская Н.Н. Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX–XVII вв.) // Керамика Хорезма / Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Т. IV / Под ред. С.П. Толстова, М. Г. Воробьева. М.: Изд-во Академии наук СССР, 1959. С. 261–342.
6. Искандерова А.Д., Султанова М.Н. Орнаментация глазурованной керамики Хорезма (XIII–XIV ВВ.) // Археология Евразийских степей No3, 2022. С. 57-73
7. Булатов Н.М. Кобальт в керамике Золотой Орды // СА. 1974. No4. С. 135–141.
8. Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья. М.: МГУ, 1994. 232 с.
9. Большая российская энциклопедия 2004-2017 // https://old.bigenc.ru/biology/text/2311762
10.Самашев З., Кузнецова О., Керамика Сарайчика. Алматы, 2008. - 264 с.
11. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М.: Наука, 1969. 328 с.

ШЕТЕЛ МУЗЕЙЛЕРІНДЕГІ АЛТЫНОРДАЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ

Жұмабаев Амангелді Женісұлы – магистр, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғалым хатшысы
Батырханова Арайлым Сембайқызы – магистр, №4 облыстық шипажайлық мектеп-интернаттың тарих пәні мұғалімі

«Сарайшық» музей-қорығының басты мақсаты – ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи-мәдени мұраларын сақтауға, жаңа тарихи деректер мен жәдігерлерді анықтауға, ескерткішті насихаттауға, ғылыми-зерттеу және археологиялық-этнографиялық жұмыстар жүргізуге, ашық аспан асты музейін ұйымдастыру арқылы туризмді дамытуға бағытталған.

Музей-қорық республикалық мекеме атанғаннан кейін тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық жұмыстарды жүзеге асыруға рұқсат беретін мемлекеттік лицензияға ие болды. 2019 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес,

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді.

«Сарайшық» музей-қорығы ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы негізіндегі «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» жобасын (2020-2022) және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі қаржыландыратын «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» (2021-2023) (бағдарлама жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова) бағдарламасын сәтті аяқтады.

Қазіргі таңда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ушқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы (бағдарлама жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Астаналық Сарайшық Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы (жоба жетекшісі - т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар) аясында зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Жоғарыда аталған жоба, бағдарламалар аясында Ресей Федерециясы, Өзбекстан Республикасындағы архив, кітапханаларда, музейлерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Мақалада іссапар барысында ғылыми қызметкерлер болған музейлердегі алтынордалық жәдігерлер баяндалады.

Сарайшық – XIII-XVI ғасырларда Шығыс пен Батыс әлемін байланыстырған Ұлы Жібек жолының үстінде орналасқан білімі мен ғылымы өркендеген, қолөнері мен саудасы дамыған қалалардың бірі. Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасып, тоғыз жолдың торабы ретінде белгілі. Орта ғасырларда қыш бұйымдар өндірісі дамудың жаңа сатыларынан өтіп, оның түрлері көбейді. Сарайшық секілді Жайық бойы қаласының қыш бұйымдар өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келетін қыш ыдыстар мен тауар тасымалдауға арналған ыдыстардың ықпалы зор болған. Оны Жайық бойынан табылған Қырым, Кавказ, Төменгі Еділ бойы, Хорезм өңірлері қыш өндірісінің белгілері дәлелдейді. Сарайшықтың қыш бұйымдар кешенінде пішіндері әртүрлі сырланбаған қызыл балшықты қыш ыдыстардың саны басым, олардан соң - сырланған қызыл балшықты және кашиннен жасалған қыш ыдыстар, сондай-ақ, шет өңірлерден тасымалданған қыш бұйымдар үлгілер кездеседі. Сәулеттік әшекейлер де бұл кешеннің ажырамас бөлігін құрайды. Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасындағы музейлердегі сырлы қыш ыдыстар бір-біріне өте ұқсас болып келеді.

Сырланған қыш бұйымдар кешені сырланған қызыл балшықты және кашиндік балшықтан жасалған қыш ыдыстар деп бөлінеді. Сырланған қызыл балшықты қыш бұйымдарды жасау үшін темірленген, пластикалық қасиеті жоғары немесе орташа деңгейлі балшықтар, соның ішінде әртүрлі темірленген қоспалы, темірленген және карбонаттық қоспалы түрлері пайдаланылған. Қоңыр теміртас, слюда және әктас бұл балшықтардың табиғи қоспалары болып келеді. Барлық бұйымдар көзе дөңгелегінде даярланған. 1-суретте Татарстан Республикасы Ұлттық музейінде сақталған сырлы қыш ыдыстардың суреті берілсе, 2- суретте Сарайшық музейіндегі сырлы қыш ыыстар көрсетілген. Қыш ыдыстар типологиясы жағынан бір-біріне өте жақын ұқсас болып келеді.



1-сурет. Татарстан Республикасы Ұлттық музейі. Сырлы қыш ыдыстар



2-сурет. Сарайшық музей-қорығындағы сырлы қыш ыдыстар


Сарайшықтан табылған керамика ішінен өте қымбат, жасыл түсті қытай фарфоры – селадоннан жасалған кесе, тостаған сынықтарын атап өтуге болады (3-сурет). Қытай фарфоры қай уақытта да ауқатты қалалықтардың дастарқанын көріктендіріп тұрған. Жылтыратылған селадон деп аталған бұл ыдыстар нәзік өрнектермен қоса бұлттар, құстар бейнелерімен безендірілген.

Сарайшықтағы селадон кеселеріне ұқсас жәдігерлер Эрмитажда, Болгар музейінде сақталған.



3-сурет. Кесе. XIV ғ. Қытай фарфоры – селадоннан жасалған.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Алтын Орда тұсында Сарайшықта сүйек өңдеу ісі жоғары дамығандығын байқадық. Сүйектен әртүрлі технологияларды қолданып, олар өңдеп, сүйектерді кесіп, бұйымдарға дөңгелек ою-өрнек салып, нақыштады және жылтыратты. 4-5 суреттерде Татарстан музейі мен Сарайшық музейіндегі сүйек бұйымдар көрсетілген.



4-сурет. Татарстан Республикасы Ұлттық музейі



5-сурет. «Сарайшық» музей-қорығы





6-сурет. Сәулеттік құрылыс тасы

Жоғарыдағы 6-суретте көрсетілген Татарстан Ұлттық музейіндегі сәулеттік құрылыс тасына дәл ұқсас түрі Сарайшықтағы №3 қазбадан 2023 жылы табылуымен ерекшеленеді.



7-сурет. Болгар музейі. Сфероконустар.

«Болгар» музей-қорығының экспозициясында орналасқан 7-суреттегі сырлы сфероконустар ерекше. Себебі, аталған типті сфероконустар Сарайшықтағы қазба жұмыстарынан табылмаған.

Қарақалпақстан Республикасының өлкетану музейінде орналасқан жәдігерлердің арасынан альбареллоның Сарайшық қазбаларында табылған бұйымдармен ұқсастығын ерекше атап өтуге болады.

	
Миздакханнан табылған альбарелло, Қарақалпақстан Республикасы өлкетану музейінде орналасқан. Нүкіс қаласы	2023 жылы Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған альбарелло. Бүгінде Сарайшық музей-қорығында орналасқан.

Ерекше атап өтуге болатын Алтын Орда жәдігерлері Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаж музейінде сақталған. Олардың арасында Қазақстан аумағынан табылған Әмір Темірдің 1391 жылы Тоқтамысты жеңгені туралы жазбасы сақталған тас. Қаныш Сәтбаев таңбалы тас зерттеу үшін 1936 жылы Санкт-Петербургке жол тартты, Эрмитаждан орын алды. 1940 жылы профессор Н.Поппе мен академик Ә.Марғұлан тастағы жазуды оқып, аудармасын жария етті. Онда былай жазылған екен:

«Қайырымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын! Өмірді және өлімді беруші де данамыз! Тарихтың жеті жүз тоқсан бірінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы Тұранның сұлтаны Темір бек екі жүз мың әскермен Алтын Орданың ханы Тоқтамысқа қарсы соғыспаққа жүрді. Бұл жерден өтіп бара жатып белгі болсын деп қорған тұрғызып, жазу қалдырды. Тәңірім нәсіп берсін! Тәңірім ел адамдарына рақым қылсын! Олар бізге дұға арнап, еске алсын! Әмин! Тұранның сұлтаны Темір бек».



Алтын орда ханы Өзбектің есімі жазылған арабша жазуы бар қылыш әдемі көрініс тапқан.



Қорыта айтқанда, Ресей Федерациясын Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитажда, Мәскеу қаласындағы Мемлекеттік тарих музейінде, Қазан қаласындағы Татарстан Республикасы Ұлттық музейі, Болгар музейінде, Астрахань қаласындағы облыстық музейде, Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласындағы Тимуридттер музейінде, Қарақалпақстан музейінде Алтын Орда жәдігерлері мол жинақталған. Алдағы кезеңде аталған құнды жәдігерлерден ішінен «Сарайшық» музей-қорығы үшін көшірмелері алынып, музей экспозициясынан көрініс алса, туристтерге көптеп тартуға себепші болады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды (ЖТН № BR22082480).

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Сағынбаева Орын Қалиқызы - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК бас қор сақтаушысы
Шауденова Айман Киікбайқызы - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК қор сақтаушысы

Аңдатпа: Мақалада «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорындағы жәдігерлердің түсім көзі, оларды сақтау мен зерттеу мәселелері баяндалады. Музей-қорық мамандарының сала мамандарымен бірлесіп жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде жәдігерлер тарихын ғылыми негізделген тұжырымдамамен қоғамға ұсыну, қалың көпшілікке қолжетімділігін арттыру басты мақсат болды. Осы орайда, музей қорындағы археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлердің зерттеу нәтижелері ұсынылды. Музей қорындағы сүйек бұйымдар, «Хан моласы» қазба орнынан табылған мата бөлшегі, шарлар(ядро), мыс, күміс тиындар және 2020-2022 жылдар аралығында «Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері орындаған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932 - 1950 жж.)» ғылыми жобасы аясында табылған жәдігерлер зерттеу жұмыстарына негіз болды. Бұл Сарайшық музей-қорығы атқарып отырған зерттеу жұмыстарының тек бір бөлігі ғана.

Тірек сөздер: Сарайшық, музей, қор сақтау, ғылыми зерттеу, археология, сүйек, нумизматика, жинақтар.

Аннотация: В статье освещаются происхождение экспонатов из фонда Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық», проблемы их сохранения и изучения. В результате научных исследований, проведенных специалистами музея-заповедника совместно со специалистами отрасли, главной целью стало представление истории экспонатов обществу с научно обоснованной концепцией, повышение доступности для широкой публики. В связи с этим были представлены результаты изучения экспонатов музея, обнаруженных в ходе археологических раскопок. Основой для исследований послужили костяные изделия, кусок ткани, обнаруженный на месте раскопок «Ханская могила», ядро, медные, серебряные монеты и экспонаты, найденные в 2020-2022 гг. в рамках научного проекта «Лагеря Прорва и Астрахань в системе ГУЛАГа «история, память, уроки (1932 - 1950гг.)», выполненного сотрудниками музея-заповедника «Сарайшық». Это лишь часть исследовательских работ, проводимых музеем-заповедником «Сарайшық».

Ключевые слова: Сарайшык, музей, фондохранение, научные исследования, археология, кость, нумизматика, коллекции.

Annotation: The article highlights the origin of the exhibits from the fund of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq", the problems of their preservation and study. As a result of scientific research conducted by the specialists of the museum-reserve together with industry specialists, the main goal was to present the history of the exhibits to the society with a scientifically based concept, increasing accessibility to the general public. In this regard, the results of the study of the museum exhibits discovered during archaeological excavations were presented. The basis for the research was bone products, a piece of cloth discovered at the Khan's Grave excavation site, a core, copper and silver coins and exhibits found in 2020-2022 within the framework of the scientific project "The camps of Prorva and Astrakhan in the GULAG system "History, memory, internship (1932-1950)", carried out by the staff of the "Saraishyq" Museum-Reserve. This is only part of the research work carried out by the "Saraishyq" Museum-Reserve.

Keywords: Saraishyq, museum, fund preservation, scientific research, archeology, bone, numismatics, collections.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында 5300-ден астам жәдігер бар. Олар археология, нумизматика, этнография, архив құжаттары, көркем сурет және қолөнер бұйымдары коллекцияларына бөлінген.Сарайшық музей-қорығындағы негізгі түсім жолдары археологиялық қазба жұмыстары нәтижесі және «Музейге сый» акциясы бойынша тапсырылған жәдігерлерден тұрады.

Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық қазбасынан табылған жәдігерлер Жошы Ұлысының, Ноғай Ордасының, Қасым хан тұсындағы Сарайшықтың тарихын баян ететін ақпарат тасымалдаушылар. Сондықтан, археологиялық зерттеулер нәтижесі музей қорынан кеңінен орын алады. Ғылыми қор мақсаты – ғылыми негізделген музей жинағын қалыптастыру және сол жинақты сақтау, зерттеу, көрсету, бір сөзбен айтқанда қоғамда кеңінен пайдалануға мүмкіншілік жасау[1].


Осы орайда, Сарайшық музей қорындағы жәдігерлерді зерттеп, ғылыми айналымға шығару жұмыстары жүріп жатыр. Мысалы, музей қорында сүйектен жасалған жәдігерлер молынан кездеседі. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Алтын Орда тұсында Сарайшықта сүйек өңдеу ісі жоғары дамығандығы байқалды. Сүйектен әртүрлі технологияларды қолданып, оларды өңдеп, кесіп, бұйымдарға дөңгелек ою-өрнек салып, нақышталған және жылтыратқан. Сүйек бұйымдарын жасайтын шеберханалар Алтын Орданың көптеген ірі орталықтарынан табылды. Сонымен қатар, ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында бұл жерден де сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберханалардың орны анықталған.

Сарайшық музей қорында сүйектен жасалған шүмектер, жүн иіруге арналған ұршықтың басы, түймелер және т.б. сүйектен жасалған құралдар бар. Сүйектен жасалған тұрмыстық бұйымдар ішінен көп кездескені XIII-XIV ғасырларға тиісті ұл және қыз балаларға арналған шүмектер. Сүйек шүмекті балаларды бесікке бөлегенде гигиеналық тазалықты сақтау мақсатында пайдаланған. Шүмектер қойдың жіліншік сүйегінен жасалған, оның бір ұшында ішкі қуысқа енетін арнайы тесік бар, ал бүйірінде тағы да кең тесік болып ол сұйықтықтың сыртқа шығуына мүмкіндік берген (1-сурет). Ол нәрестенің тазалығы сақталуына септігін тигізген. Осы сынды жәдігерлер тек қана Сарайшықтан ғана емес, Еділ, Қырым, Солтүстік Кавказ, Саркела, Тува аймақтарынан да табылған. [2, 3-4бб]




1-сурет. Сарайшық қазба орны, шүмектер. XIII-XIV ғғ..

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Ұ.Т.Ахметова мен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми қызметкері, магистрант Ж.Байғалиевтің ортағасырлық Сарайшықта мекен еткен адамдардың материалдық және рухани мәдениетінің белгісі ретінде археологиялық қазба кезінде табылған қазірде музей қорында сақтаулы сүйектен жасалынған жәдігерлер туралы «Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары» кітапшасы жарық көрді(2-сурет).



2- сурет. «Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары» кітапшасы

Сонымен қатар, Сарайшық қаласының археологиялық қазба барысында табылған сүйектерді зерттеп, ғылыми түсінігін беру үшін қор бөлімі тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф Ерназаров Жасқайрат Тілекқабылұлының көмегіне жүгінген болатын. Ғалым қордағы жәдігерлерді зерттеп, ерекше назар аударғаны ортасы дөңгелек етіп тесілген ұсақ малдың жауырын сүйектері болды(3-сурет). Жауырын сүйегін өзге де сүйектен жасалатын бұйымдарды жасау үшін пайдаланған. Тек жауырын сүйекте ғана көлемді тегіс орын болуына байланысты түйме, әшекейлер, өзге де бұйымдарды жасауға қолданған.



3-сурет. Сарайшық қазба орны, жауырын сүйектер. XIV ғ.


Сарайшық қаласындағы «Хан моласы» қазбасынан табылған мата қалдықтарын Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті «YMAI» халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясына жіберіп, археолог-тарихшы Т.Н.Крупаның қайта қалпына келтіруі барысында сол кездегі элита киімдеріне тән алтын жіптермен нақышталған барқыт бөлшектері екендігі анықталды(4-5сурет).




4-сурет. «Хан моласы» қазбасы II көрханадан табылған мата бөлшегі тазалағанға дейін



5-сурет. «Хан моласы» қазбасы II көрханадан табылған мата бөлшегі тазалағаннан кейін



6-сурет. Барқыт мата бөлігіндегі қосымша тоқымадағы алтындатқан жіптердің орналасуы (бинокулярлы микроскоп Альтами ПС-Т-II, 20 есе үлкейту)



7-сурет. Барқыт мата бөлігінің қосымша тоқымадағы алтын жіптері
(бинокулярлы микроскоп Альтами ПС-Т-II, 90 есе үлкейту).

Реставратор Тетяна Крупаның зерттеуі нәтижесінде бұл өрнектер салынған қызыл барқыт мата екені анықталды. Бұл тоқыма өнімі толықтай жібектен, алтын жалатылған күміс жіптері бар өте сапалы мата(6-7 сурет). Оның шыққан жері Осман империясы болуы мүмкін, кезеңі бойынша XV-XVI ғасырларға сәйкес келеді. Бедерлі барқыт матадан тігілген киімдер сол кездегі әлемдік үрдістегі сәнге тән болатын, одан тек бай, беделді адамдар ғана киім тіктірген. Табылған жәдігер Сарайшықтағы «Хан моласы» сағананың ерекше мәртебесін және элиталық екенін көрсетеді [3, 22-б].

2020-2022 жылдар аралығында «Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері орындаған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932 - 1950 жж.)» ғылыми жобасы аясында Атырау облысы Жылыой ауданы территориясында Прорва еңбекпен түзеу лагері болғаны анықталған еді. Жобаның мақсаты КСРО көлемінде ГУЛАГ жүйесіне енген Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихымен, атқарған қызметтерімен және онда ұсталған тұтқындардың қилы тағдырын зерделеу. Сонымен бірге тоталитарлық жүйенің адамзат тарихындағы азабын анықтау, өткеннен тағылым алуды көздеді.

Прорва (Астрахань) лагерінің жұмыс жасағаны туралы архив құжатымен дәлелденді. Негізгі басты шаруашылығы балық шаруашылығы болған. ГУЛАГ жүйесіндегі балық шаруашылығы обьектісі ретінде Владивостоктан (Владлагтан) кейінгі екінші маңызы бар халық шаруашылығын дамытқан орталығы болған. Прорва лагерлік бөлімшесі, Бұрыншық лагерлік пункттері орындарына экспедициялар ұйымдастырылды.

Ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша 1950 жылы Астрахань ЕТЛ-і өз қызметін тоқтатқанымен, лагерь Астрахань УИТЛК немесе еңбекпен түзету лагерьлері мен колониялары болып атын өзгертіп 1953 жылға дейін жұмысын жалғастырған. Лагерь орындарына экспедиция ұйымдастыру барысында сол күндерге тиесілі біраз жәдігерлер табылған. Негізгі қызметі балық шаруашылығы болғандықтан көптеген балық аулау, кептіру құралдары және тұтқындардың жеке заттары қорға қабылданды. Қасіретті жылдар таңбасы қалған жәдігерлер жыл сайын 31-мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында көрермен назарына ұсынылып жүр. Тарих ақтаңдақтарының бірі саналатын қуғын-сүргін құрбандарының қолының табы қалған жәдігерлердің өзі көрерменге азалы күндерден хабар беретін дереккөздер [3,38-39-бб].



8 сурет. ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва, Астархань лагерлері тарихынан көрмесінен.

Алтын Орда қалаларында, соның ішінде Сарайшық қаласында жүргізілген алтынордалық қалаларда сирек кездесетін керамикалық олжалардың бірі – іші қуыс болы келетін керамикалық шарлар (ядро). Шарда бір немесе бірнеше тесіктер салынады. Олардың ішінде диаметрі тесікке қарағанда үлкенірек керамикалық шарлар бар. (9-сурет).



9-сурет. Қыш ядро. Сарайшық, 2019 жыл

Бұл жәдігер туралы тарих ғылымдарының кандидаты, археолог М. Қасенов ізденіс жұмыстарын жүргізіп, «Ядро керамическое» атты мақала жазды. Мақалада Сарайшық және Ақтөбе-Лаэти қалаларынан табылған қыш ядро туралы салыстырмалы зерттеулер жасаған. Оны қандай мақсатта қолданған, неліктен формасы шар тәрізді жасалғаны туралы ғылымда бірнеше тұжырымдар кездеседі. Сондықтан ғалым мақалада жәдігердің бірнеше атауын көрсетеді. Олар: ядро, шар, химиялық ыдыс.

2019 жылғы ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары №3А кешеннен тағы да қыш ядро анықталды. Ядро диаметрі – 14 см. Ондағы тесіктің диаметрі – 0,5 см. Іші қуыс болып жасалған жәдігер ішіне кішкентай шар салынған [4].

Ортағасырлық Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында бірнеше қыш ядро табылған. Мысалы, Л. Галкин Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары барысында қыш ядроның табылғанын, онда «...на сгоревшей камышовой крыше одного из домов я нашел глиняный толстостенный шар. Долгое время подобные находки были загадкой для науки, но теперь их роль стала понятна и вместе с тем яснее обозначилась драма, которую пережили в далеком прошлом народы северовосточного Прикаспия», - деп келтіреді. Л. Галкиннің бұл дерегі қыш ядроны (шар) өз дәуірінде соғыста қару ретінде пайдаланған деген тұжырымға негізделген [5].

2019 жылы табылған қыш ядродан көлемі кіші ядро 2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобасы бойынша қаржыландырылған ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №3 археологиялық кешендегі қоғамдық ғимараттың оңтүстік бөлігінен табылды. (10-сурет). Бұл ядроның ерекшелігі көлемі және шардағы тесіктің диаметрі үлкен болғанында. Шар диаметрі – 10 см, тесіктің диаметрі – 1 см [6, 43 б.].



10-сурет. Қыш ядро. Сарайшық. 2023 ж.

И.В. Волков «О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ» атты мақаласында жәдігерді қандай мақсатта қолданғаны туралы бірнеше тұжырымдарды ұсынады. Олардың ең алғашқысы – сылдырмақ ретінде пайдаланған. Сондай-ақ, ол алтынордалық қалалардан табылған қыш ядроларды (шар) зерттей келе, үлкен екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі, бір тесігі бар қыш ядролар (шар). Ал екіншісі қыш ядрода (шар) екеуден артық тесік және ядро ішінде бірнеше кіші шарлары болады. Бұл типтегі шарлар көлемі кіші болып келуімен ерекшеленеді [7, С. 145]. 2023 жылы Сарайшықтан табылған қыш ядроның көлемі кіші болғанмен оны бірінші типтегі шарлардың қатарына жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, бір немесе бірнеше тесігі бар болған қыш шарлар (ядро) алтынордалық қалалар аймағында көптеп кездескен. Одан өзге, ғалымдар қыш шардың қолданысы туралы бірнеше тұжырымдар келтіреді. Әсіресе бір тесігі бар қыш шарды қандай да бір химиялық ерітінді дайындауда пайдаланған болуы мүмкін. Бүгінде «Сарайшық» музей-қорығында орналасқан шарларда химиялық ерітінді не болмаса жанғыш майдың іздері байқалмайды. Сондай-ақ, жәдігерлер анықталған орында өрттің және өндіріс орнының іздері кездеспеген.

Келесі тоқталатын жиынтық –нумизматика. Сарайшықта ақша сарайы XIV-XV ғасырдың бірінші жартысында, яғни Алтын Орда тұсында болған. Орта ғасырлардағы ақша айналысы ақша өндірісі сияқты үш салаға бөлінді. Мыс ақша, күміс ақша, алтын ақша және олардың айналымы. Айналым саласы мәні бойынша белгілі бір баға санатындағы тауарлар тобымен анықталады. Мысалы, мыс ақша-пұлға өте арзан тауарларды - шөпті, аскөкті және т.б. сатып алуға болады(11-сурет). Мыс пұлдар айналыстағы толыққанды ақша емес, қазіргі заманғы барлық металл тиындар сияқты мәжбүрлі мөлшерлеме бойынша қолданылған. Оны шығаруды қалалардың әкімшілік органдары жүзеге асырды. Мыс ақшаларда шығарушының (ханның) аты көп жағдайда көрсетілмейтін, соғылған жылы да көрсетіле бермейтін. Шындығында мыс пұлдар – қалалық ақша болып есептелінді. Соғылатын мыс өндірісі реттелмегендіктен, нарық осы пұлдармен тез толатын, әрі нарықтың шамадан тыс

толығуының басталуы бұл ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкелді. Мыс ақша соғу жүйесін біріздендіру саясаты Өзбек ханның кезінде басталғанмен, ауқымды түрде Жәнібек, Бердібек және Қызыр хандардың тұсында (1340-1362 жж) жүзеге асты.



11-сурет. Мыс тиындар. Сарайшық. 2007 ж.

Күміс ақшаға(дирхам) азық-түлік пен жатын орынды, көптеген тауарларды, соның ішінде жылқыны, қару-жарақты және т.б. сатып алуға мүмкін болатын. XIV ғасырда күміс дирхамға құлдар мен астықты қоса алғанда, Алтын Ордада бәрі сатып алынды және сатылды. Жошы Ұлысы іс жүзінде өз алтын ақшаларын соқтырмаған. Ұсақ алтын ақшалардың қысқа мерзімді, бірақ тұрақты шығарылымдары 1360 жылдардың аяғы – 1380 жылдардың басында тек тарихи Хорезм аймағында жүзеге асырылды. Шағатай ұлысында да 1270 жылдары алтын ақша жасаудан бас тартты. Тұрақты түрде алтын динарлар XIII-XIV ғасырларда Хулагуидтер мемлекетінде (Иран) соғылған. Алайда, Алтын Ордада өз алтын динарын соғу мүмкіндігі болмағанына қарамастан, мұнда жоғары сортты алтыннан жасалған салмағы 11 грамм болатын үнді танкасы айналыста болды. Осылайша, бай адамдар өздерінің күміс ақшасы мен жылқы сатып, Үндістаннан әкелінген үндінің алтын танкаларына сәнді тауарларды сатып алатын болды. Ақша мәртебесіне сай алтын ақша соғу тек ханға тиесілі болды. Жошы Ұлысында күміс ақша соғу тек ханның атынан жүзеге асырылды, белгілі бір теңге сарайында ақша соғудан түскен табыс қазынаға түсуі мүмкін еді немесе хан алдын ала өз туыстарына немесе қол астындағыларға бір реттік немесе тұрақты негізде бөлуі мүмкін болатын.

Сарайшықтан табылған нумизматикалық жәдігерлер тек Жошы Ұлысының кезеңіне тиесілі. Оның үстіне Сарайшықтың өз теңге сарайының атымен тек Хижраның 763 жылынан(1361-1362 жылдардан) бастап ақша соғыла бастаған. [8, 43 б.]

Осы орайда, ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді жинақтап, зерттеу бойынша «Сарайшық» музей-қорығының дайындауымен «Сарайшық жәдігерлері» жинағы жарық көрді. Қорға қабылданып, зерттеліп, ғылыми деректермен толықтырылған жәдігерлермен көпшіліктің танысуына мүмкіндік туды.



12- сурет. Сарайшық жәдігерлері

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбергенов С.Е. Музей қорларының пайда болуы мен қалыптасуы.
2. Ахметова У.Т., Байғалиев Ж.Р. Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары.- Сарайшық, 2021 - 3-4 бб.
3. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК. 2023 жылғы жылдық есеп. Сарайшық, 2024. – 38-39 бб.
4. Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі»). – Атырау, 2019
5. Галкин Л.Л. Загадки, гипотезы, открытия: Генуэзские пираты на ... Каспии // Вокруг Света, 1998. - №4. – С.103
6. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. / «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. – Сарайшық. 2023. – 68 б.
7. Волков И.В. О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ. Историко-археологические исследования в г. Азове и на Нижнем Дону: тезисы докладов к семинару: в 1991 году: В.11. Азов, 1993. – 257 с.
8. Петров П.Н. Джучидская нумизматика и монетный двор Сарайчук. Сарайшык,2023-С-5-6.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ КЕРАМИКАСЫ: МАЙШАМДАР

Байғалиев Жүніс Рустемович
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК» аға ғылыми қызметкері,
магистр, baigalievzh@mail.ru

Аңдатпа

Ортағасырлық Сарайшық – қолөнершілер орталығы болды. Өз дәуірінде сауда жолдары тармағында маңызды орынға ие болған тарихи ескерткіш орнында бүгінде кең көлемді археологиялық, антрополгиялық, генетикалық және басқа зерттеулер жасалып келеді. Материалдық деректер қаланыі әлі анықталмаған тарихын ашып көрсетуге көмектеседі. Сондықтан Сарайшық керамикасын толығырақ зерттеу қажет. Евразияда XIII – XVI ғасырларда орын алған күрделі экономикалық, саяси және мәдени-тарихи процестер тоғыз жолдың торабында болған Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың түр-сипаттарынан белгі беріп, сыр шертеді. Қаланың мәдени қабаттарынан табылған бұйымдардың сан алуан өнімдері ең алдымен Сарайшықтың жеке өзіндік қыш өндіру мектебінің қалыптасу кезеңдерін көрсетеді.

Мақалада көптеген қыш бұйымдардың бірегейі болған майшамдар туралы баяндалды.

Түйін сөздер: *Сарайшық, керамика, майшам, шамдал, қыш бұйымдар, археология*

Аннотация

Средневековый Сарайшык был центром ремесленников. Сегодня на месте исторического памятника, занимавшего в свою эпоху важное место на ветке торговых путей, проводятся обширные археологические, антропологические, генетические и другие исследования. Материальные данные помогают раскрыть еще не раскрытую историю города. Вот почему необходимо более подробно изучить сарайшикскую керамику. О сложных экономических, политических и культурно-исторических процессах, происходивших в Евразии в XIII-XVI веках, свидетельствуют виды и особенности керамики, найденной в Сарайшике,

находившемся на перекрестке девяти дорог. Разнообразие изделий, обнаруженных в культурных слоях города, прежде всего, свидетельствует об этапах становления собственной самостоятельной гончарной школы Сарайшыка.

В статье рассказывается о подсвечниках, которые являются уникальными среди многих гончарных изделий.


Ключевые слова: *Сарайшык, керамика, свечи, подсвечники, керамика, археология*

Abstract: *The medieval Saraishyk was a center of artisans. Today, extensive archaeological, anthropological, genetic and other researches are carried out at the site of the historical monument, which in its era had an important place in the branch of trade routes. Material data helps reveal the city's yet-to-be-discovered history. That is why it is necessary to study Saraishyk ceramics in more detail. Complex economic, political and cultural-historical processes that took place in Eurasia in the 13th - 16th centuries are indicated by the types and characteristics of pottery found in Saraishyk, which was at the crossroads of nine roads. The variety of products found in the cultural layers of the city first of all shows the stages of formation of Saraishyk's own independent pottery school.*

The article tells about candlesticks, which are unique among many pottery products.


Keywords: *Saraishyk, ceramics, candles, candlesticks, pottery, archeology*

Ортағасырлық Сарайшық қаласы XIII – XVI ғғ. аралығында өз дәуірінің ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болды. Оған қала орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған материалдық құндылықтар, олардан керамикалық ыдыстар, нумизматикалық жәдігерлер және сәулеттік құрылыс тастарының әр түрлілігі және өзіндік ерекшеліктері дәлел болары анық. Бүгінде ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған керамикалық табылмаларды кең көлемде талдап, сыртқы келбеті, көлемі мен безендірілуіне байланысты топтарға бөліп қарастырған шығарма З. Самашев, О. Кузнецова, В. Плаховтар жазған «Сарайшық қыш бұйымдары» атты еңбек болып табылады. Кітапта Сарайшық материалдары сарапталып, көршілес аймақтағы Жошы Ұлысы мекендері арасындағы күрделі де, жан-жақты байланыстар қала келбетінің өзгеруі қыш бұйымдарда, сәулеттік безендіруде және әшекейлерде көрініс тапқан [1, 6 б.].



1 сурет. Майшам түрлері. [1, 44 б.]

Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнынан табылған, бүгінде «Сарайшық» музей-қорығында сақталған майшамдар арасында тұтқалы және тұтқасыз майшам кездеседі. Жалпы, майшамдарды бірнеше түрлерге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден тұтқалар және олардың орналасу тәртібі, екіншіден білтелер үшін арналған шүмектердің санына байланысты бөліп қарастыруға болады. (1-сурет). Сарайшықтан табылған ең көп кездесетіні түбі жалпақ, бойы аласа келген майшамдар болып табылады. Олардың кейбіреуінде білтеге арналған шүмектері байқалады. Шүмектер де екі түрлі әдісте жасалып, өзара ерекшеліктері көрінеді. Шүмектер саны біреуден үшеуге дейін болуы мүмкін. Басқалай «үш мүйізді» деп аталатын үш шүмекті майшамдар сирек кездеседі. Сондай-ақ, ілмек сияқты тұтқалары тік бекітілген шырақтар да байқалады. Одан өзге, осыған ұқсас жәдігерлердегі тағы бір ерекшелік кейбір майшам ортасында шырақ орнатуға арналған шамдалдар сақталған (2-сурет). Майшамдардың келесі бір түрі – конус пішінінде ұзынша келіп, жоғары бөлігінде шырақ орнатуға арналған тостағанмен бітетін шамдалдар орналасқан. Мойыны ұзын шырақтардың да бірнеше түрлері кездеседі. Бірінің шанағы цилиндрге ұқсас болса, басқаларының шанағы конус тәріздес келеді. Бірақ шырақ шанағының асты кеңейіп отырады. Шырақ жоғарысы арнайы қалыңдатылады немесе тостаған тәрізді етіп жасалды. Ондағы негізгі мақсат еріп аққан балауызды жинау үшін арналған [1, 44-45 бб.].



2 сурет. Шамдалдар [1, 44 б.].

Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған керамикалық бұйымдардың жасалу техникасының әртүрлілігі, қолөнершілік пен қыш жасаудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін игерген Сарайшық ұсталары шеберлігіне байланысты болды. Оны қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлердегі ою-өрнектер мен формалары арқылы байқауға болады. Сарайшық қазбасы туралы археологиялық есепте «...Особенно наглядно развмтме керамического производства в расматриваемый период может быть просдежено на богато представленной в Сарайчике поливной керамике. Эта керамика изготовлена на гончарном круге. Ее отличают высокое качество, яркость красок, высоко художественность орнаментальной тематики и хорошее выполнение узора», - деп көрсетілген [2, с. 108]

Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында әр жылдарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарында бүтін майшамдар және олардың сынған бөліктері кездесіп отырды. Мысалы, 1999 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде №5 қазба орнынан қызғылт

сазды керамикалық майшам табылды. Түбінің диаметрі – 115 мм, биіктігі – 192 мм. Сондай-ақ, №3, №4, №7 шаруашықылық шұңқырларынан майшам денелері фрагменті және шамдалдың астына орналасқан балуыз жиналуға арналған тостағандар кездескен [3, с. 30-31, 133]

Ортағасырлық Сарайшық қаласына жақын маңда тағы бір тарихи ескерткіш сақталған. Ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қаласы төменгі Еділден Орта Азияға алып баратын керуен жолы бойында орналасқан. Ғылыми еңбектер, ортағасырлық карталар мен жыр толғауларда бұл ескерткіш атауы «Ақтөбе» немесе «Лаэти» деп көрсетілген. Оның көлемі: 400х300 метр. Мәдени қабаты тереңдігі 15-60 см. Қала Каспий теңізіне жақын орналасқандықтан ұзақ жылдар ескерткіш теңіз суы астында қалған. Ал теңіз суының қайтуы мәдени қабаттың уақыт өте келе бұзылуына алып келді [4, 56-60 бб.].

Қала орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында металдан, шыныдан, сүйектен, қыштан жасалған тұрмыстық және зергерлік бұйымдары табылды. Осы негізде бұл қала керуен жолы бойында орналасқан қолөнершілігі мен мәдениеті дамынған елді мекен болғанын байқауға болады. Археологиялық зерттеулер негізінде Ақтөбе-Лаети қаласынан табылған қыш бұйымдар сараланып, екі категорияға бөліп зерттелді. Біріншісі арнайы құрылғыда жасалғандар, екіншісі қолмен мүсіндеу арқылы жасалғандар болып бөлінді. Көптеген қыш бұйымдар арасынан майшамдар туралы мәлімет жинақталды. 2017 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында жалпы 6 дана майшам табылған. Майшамдар құрылысына қарай – 3 түрге бөлінген. Олардың екеуінің пішіні жақсы анықталған фрагменттер негізінде жақсы қалпына келтірілген.


1 түрі – шамдардың жиегінде түбіне дейін ойығы бар кесілген конустық пішінде шағын жартылай жабық сыйымдылығы бар. Оның қабырғаларына ойық тәрізді ұзын қырлы тұмсық бекітілген; қарама-қарсы жағында кішкентай ілмек тәрізді тұтқа бекітілген – 3 дана.

2 түрі – диаметрі 9-11 см болатын ойыс жиегі бар кішкентай табақша тәрізді шамдар, оның шетіне қысқа шүмек жасалған, ал қарама-қарсы шетінде қысқа тұтқа бекітілген – иілудің әртүрлі түрлері бар – 2 дана.

3 түрі – қыш шамдардың сәл ойыс немесе түзу жиегі және тар жағында қысқа немесе ұзартылған тұмсығы бар кішкентай дөңгелек бадам тәрізді жалпақ түбі бар – 1 дана [4, 68 б.].

Алтын Орда қалаларында майшамдардың басым көпшілігі қыштан жасалады. Алтын Орда қалаларына Мысыр және Жерорта теңізі маңындағы елдерден сауда керуен жолдары арқылы көптеген бұйымдар келіп отырды. Олардың арасында қоладан және мәрмәрдан жасалған майшамдар да болды. Бұл Берке және Өзбек хандардың Египет сұлтан Бейбарыспен тығыз дипломатикалық қарым-қатынас орнатқанын білдіреді. Египет деректерінде XIV ғасырдағы Руки-ад-Диннің естеліктерінде: «изготовил для Берке в подарок всяческие прекрасные вещи, как то: разноцветные подушки и ковры для молитвы, мечи, крытые фонары, шандалы және светильники двойные с плакированными подставками...». [5, с. 79].

Майшамдардың бірі Сарай Беркеден табылған қоладан жасалған майшам болды. Ол XIV ғасырға тиісті. Бүгінде Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаж мүзейінде сақталған. Майшам шанағында ою-өрнектер байқалады. (3-сурет).



2 сурет. Қола майшам. (Памятники материальной культуры из Сарая Берке и других мест Золотой Орды XIII – XIV вв.) [5, с. 485].

Алтын Орда және Мысыр мемелекеттері қатынасы туралы Г.А. Федеров-Давыдовтың «Золотоордынские города. Поволжья. Керамика. Быт» атты кітапбында «от Узбека к египетскому султану слались в качестве подарков драгоценное оружие, невольницы, соколы, шкуры белых зайцев и др. Договоры между правителями Золотой Орды и Египта представляли торговые привлегии купцам обеих стран». Осындай байланыстар негізінде Алтын Орда жерлеріне өзгеше майшамдар да келіп жеткен. А.В: Терещенконың Сарай Берке қаласында жүргізген археологиялық қазба жұмыстары кезінде Мысырдан келтірілген майшамның төменгі бөлігі анықталған. (4-сурет). Шамдал бөлігі сақталмаған. Оның ерекшелігі мәрмәрдан жасалған болып, төменнен жоғарыға дейін араб жазулары байқалады. Сақталған майшам бөлігінің ұзындығы – 23 см [6, с. 209].



4-сурет. Мәрмәрдан жасалған майшам бөлігі. (Памятники материальной культуры из Сарая Берке и других мест Золотой Орды XIII – XIV вв.) [5, с. 485].

Мәрмәрдан жасалған майшамның шамдалы сақталмаған. Ол құрылысы жағынан Сарайшықтан және жалпы алтынордалық қалалардан көп кездесетін цилиндр тәрізді майшамға ұқсас келеді. (2-сурет). Бірақ олардан ерекше тұсы мәрмәрдан жасалған майшамның төменгі жағы цилиндр тәрізді, ал орта бөлігі конус тәрізді етіп жасалғанын байқауға болады.

Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған керамикалық бұйымдар дайындалу әдісі, көрінісі мен қолданылған материалы жағынан Хорезм аймағы мен Сырдария бойы өзені бойы қалаларынан табылған жәдігерлер бірдей ұқсастыққа ие. Үзбой өзенінің сол жағалауында Талайхан-ата атты керуен-сарай орналасқан. Ғимарат кесілген тас плиталар көмегімен тұрғызылған болып, диаметрі 60 м келетін шеңбер формасында салынған. Керуен-сарай орнында 1951 жылы Хорезм экспедициясы жүргізген зерттеулер барысында, керамикалық материалдар жинақталды. Оларды зерттеу негізінде керуен-сарай моңғол кезеңіне дейін және моңғолдар билігі тұсында өмір сүргені белгілі болды. 1952 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында сырланған және сырланбаған қыш бұйымдар анықталды. Қыш бұйымдар арасында штапмөрнекті ыдыс бөлігінде өрнектер Қоскұдық керуен-сарайы мен Сарайшық қаласындағы штапмөрнекті бұйымдардан кездесті [7, с.441-459].


Одан өзге, бірнеше көріністегі кашиндік балшықтан жасалған майшамдар табылған. Оның бірі, қабырғада асылып тұратын майшам. Майшам туралы: «...усеченно-конической формы, с тремя ушками на ребре. Облицован бирюзовой стекловидной поташной поливой, по наружной поверхности украшен росписью, нанесенной синей краской в виде спускающихся от края фестонов, и растительным орнаментом между ручками», - деп сипаттаған [8, с.460].

Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында осыған ұқсас сырланған майшам да табылған. Бірақ ондағы тұтқа саны және шамдал саны да біреу. (5-сурет).



5-сурет. Сырланған майшам [9, 113-124 бб].

Одан өзге, тек қана қыштан емес, маталдан жасалған майшамдар да кездесті. Төмендегі суретте қоладан жасалған майшам көрсетілген. (6-сурет).



6-сурет. Қола майшамдар [9, 269-280 бб].

Қорытылай келгенде майшамдар сол дәуірдегі тұрмыстық жағдайда қолданылған, халықтың маңызды бұйымдарының бірі болды. Бұл өз ішіне көптеген елдер мен халықтардың мәдениетін өзіне қамтыған керуен жолдары бойында әртүрленіп, өзгеріске ұшырап отырған. Сарайшықтан табылған майшамдар да өзіндік ерекшеліктерге ие.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды (ЖТН № BR22082480).

Пайдаланылған дебиеттер тізімі:

1. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшық қыш бұйымдары. – Алматы: «ZUR advertising», 2008. – 264 б.
2. ҚР БҒМ ӘМА АИА 1996 ж., 2 т., 2463 іс., 438 п.
3. Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК на территории Атырауской области РК в 1999 году // Министерства образования и науки РК Институт археологии им. А.Х. Маргулана. – Алматы, 2000. – Т.1 – 147 с.
4. У. Ахметова, Ә. Мұқтар, М. Қасенов, А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев. Жайық бойы Алтын Орда қалалары (XIII – XVI ғғ.). Кітап. – Алматы: «Болат Медиа» мекемесі, 2023. – 148 б.
5. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и её падение. М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 505 с.
6. Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья: Керамика. Торговля. Быт. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2001. – 256 с.
7. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции [Текст]. Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1949-1953 / Под ред. С. П. Толстова и Т. А. Жданко. 1958. — 811 с., 25 л. Ил., карт. : ил.
8. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции [Текст]. Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1949-1953 / Под ред. С. П. Толстова и Т. А. Жданко. 1958. — 811 с., 25 л. Ил., карт. : ил.
9. *Тасмагамбетов И., Самашев. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.*

MUSTAZHAP NAMAZGALIYEV – THE RESEARCHER OF ANCIENT SARAISHYQ, LOCAL HISTORIAN

Teacher, local historian, owner of the Honorary Diploma of the USSR and the Kazakh SSR, Honored Educator of the Kazakh SSR


Мұстажап Айкөркем - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, экскурсия жүргізушісі

History itself, as a source of antiquity, has many secrets. The origins of these secrets begin with the museum as a legacy of centuries. And the history of the Saraishyq State Historical and Cultural Museum-Reserve originates in the Saraishyq secondary school under the guidance of the history teacher Mustazhap Namazgaliyev.



The life path of Mustazhap Namzgaliyev, who was born in 1928 in the Zaburyn village of the Novobogatsky (now Isatay) district, begins with teaching. In 1943, when he was only 15 years old. He graduated from a two-month teacher's course and taught at the Zhambyl secondary school of Novobogatsky district. In 1947, after graduating from the Kazakh Pedagogical Institute named after Abai with a red diploma, he worked for many years in schools in the Makhambet district. He worked as a School Inspector in the Novobogatsky district Department of Education, Director of the Voroshilov and Stalin seven-year schools in the same district, Head of the Pedagogical Department in the Novobogatsky district Department of Public Education, School Inspector, Head of the Gorky school, Instructor in the Party Committees of the Novobogatsky and Balykshy districts, Director of the Yerkinkala secondary school of the Balykshy district. In 1961 he moved to the village of Saraishyq in Makhambet district, where he became a history teacher at Saraishyq secondary school. In his article "Murajaı – jazylmaǵan kitap (The museum is an unwritten book)" he said:

"Although I had heard of Saraishyq before, I was not lucky enough to see it until 1961. In the summer of 1961, I transferred here from Yerkinkala secondary school in Balykshy district on my own and from the day I started working at the school, I studied ancient Saraishyq. From that day on, I began to collect everything that was a "source of antiquity" on the medieval Saraishyq. That's how I opened the museum corner in the school. After collecting the exhibits, it became a school museum."



Being a history teacher, trying not to leave a trace of such a unique witness of our medieval history as Saraishyq, he is engaged in researching the history of the ancient city. For the first time, he created a "History Corner" in the history room from the exhibits he collected at the site of the medieval city. The local historian in the article "Saraıshyq mýzeıi sherter syr (The mystery told by Saraishyq Museum)" says:

"First of all, I started studying the history of Saraishyq, collected exhibits that are a source of antiquities from the places of old Saraishyq that survived underwater. As a result, the school has a museum corner. Over the years, the fund of the corner has expanded and has become a worthy school museum."

Comprehensively delving into the history of Saraishyq, he began the educational and journalistic activity. In his search, he collected a lot of new data and wrote valuable articles and papers. He has repeatedly won prizes at republican and regional pedagogical readings for the best work on the study of the history of the region. The historian was the first among his countrymen to

publish materials about the ancient history of Saraishyq in such publications as the ‘Atyrau’ regional newspaper and the Makhambet regional newspaper ‘Zhaiyk Shugylasy’.

In 1964, he opened a circle of young local historians from school and attracted students of the Saraishyq secondary school to this noble cause. More than thirty high school students became members of the circle. The students who saw the teacher's love for history also became interested in studying the past of their native land, began to help the teacher find exhibits that had been lying underground for centuries. The relationship between the teacher and the students began to grow closer, and with the active help of the students, the museum's fund gradually expanded. Although it was a modest one-room museum at the school, it had a lot to tell from the depths of history.

The local historian places museum exhibits on the school corner in six types. Ceramic jugs, fragments of dishes, ceramic pipes, candleholders, cumans, found by the students as Kuantai Mendigaliev, Murat Audanov, Bauyrzhan Gumarov, Karim Imangaliev, Aidyn Namazgaliev, Nurzhamal Siguatov, were placed in the "Archeology section", and copper coins, silver rings, jewelry in the "Numismatic section", a kazakh wooden saddle, a hand mill, stirrups, an iron hearth were in the "Ethnographic section". Herbariums of plants growing in our region, created under the guidance of teacher Mashkalieva, a stand showing the chemical composition of the soil of the area, which was attracted to the school by the laboratory assistant of the agrochemical laboratory Usila Kubaeva were presented in the "Natural section", the history of the earth in the "Toponomic section", various weapons, clippings of articles about the war, photos, stands are in the "Section of the Civil War".

"Saraishyq is a thriving city of crafts and trade along the early caravan route, which arose in the Middle Ages at the junction of two continents – Europe and Asia. There were many valuable exhibits from different periods of the city on the site of Saraishyq, but there was no one who would pay attention and honor them. As a result, many objects or fragments of them, testifying to history, disappeared without a trace, ending up in the hands of anyone,"

the local historian points out. He also said that he had heard from the teacher Bisalieva Agibash, who taught at school for many years, that in the difficult years after the Great Patriotic War there were times when, due to the lack of necessary materials, some of the war dead were buried in a grave put in clay pipes with a diameter of at least 60-70 cm, which were found in an ancient place.

"In 1909, a ceramic jug was caught in the fishing nets of the residents of Saraishyq in the Ural River. There were more than thirty words written on the jug. The villagers give the jug to the city of Guryev, which was then the county center, from which it is handed over to the historical museum of the city of Uralsk, to the regional center. The head of the garrison in the same city, General Dubakov, sends it for examination to specialists in Oriental studies. In 1915, it was fully investigated and returned to the Ural Museum. As the scientists of the Institute explained, the alphabet on the jug is the oldest Kipchak script, in which the words are written in the Chagatai language: "The beauty of a man is the face, the beauty of the face is the eyes; The beauty of the throat is the tongue, the beauty of the tongue is the word", "Yet the beauty for a man is knowledge and art, a man must sacrifice his soul for knowledge." The side inscription on the jug read: "Inside this jug one may pour tears." The jug was brought from the Ural Museum to the Guryev Museum in 1938 after Guryev became an independent region. We have already seen this beautiful ceramic jug wrapped with wire in the regional museum more than once. In recent years, this jug was not there, I received an answer to my questions that it was taken to the Almaty Museum, however, when I came to Almaty several times, I visited all the museums, but I never managed to see this jug. If the jug is lost, is there a price that will replace it?"

he recalls regretfully. Currently, the local historian's dream has come true – the same jug was not only found, but also returned back to its origins, found its special place in the Saraishyq Visit Center and became one of the most beloved and interesting exhibits of the guests.





Mustazhap Namazgaliyev continued to study the history of the region, while engaged in teaching. In the summer of 1971, renovation work began at the school, and hired workers arrived in the village, including representatives of different nations and citizens of other countries, who used one room of the school as a dormitory. Unfortunately, the exhibits were not well protected during the renovation: several ceramic exhibits were broken during transportation from the museum corner, and at the end of the construction, the same workers pocketed about 20 gilded jewelry and silver coins. At that time, the teacher Mustazhap was not in the village, he went to his hometown on his vacation after a long period. Upon returning from vacation to the village, he was very worried after learning about the incident.

There were also those who said ‘Why the museum should be in this place, it should be included in a regional or district museum’, but it was Mustazhap, who proved several reasons why the museum should be created in its origins. He emphasizes that the Saraishyq settlement is the only source and witness of every event that took place in its history, and even every stone and fragment of it has its own tale, so every corner of this place, filled with secrets, is a great educational place for the younger generation. Later, the museum corner at the school was moved to one of the rooms of the office of the experimental station, and Mustazhap Namazgaliyev was appointed director of the museum. From 1971 to 1990, the Museum was a branch of the regional Museum of Local Lore. The local historian tells about this:

"Saraishyq Historical and Local History Rural Museum was officially established on the basis of the collected remains of the ancient Saraishyq heritage as evidence of its existence. The peculiarity of this museum is that it presents a variety of exhibits that are a source of archaeological antiquities".



In those years, Mustazhap was in close contact with L. Galkin, a researcher at the Institute of Archaeology of the USSR Academy of Sciences. In 1974, they met in person in Saraishyq and discussed the history, as well as shared advice. The historian was always open to new meetings, he was there and helped every researcher who came to Saraishyq, and contributed to the study of the settlement. Mustazhap Namazgaliyev also conducted many studies concerning the later life of the ancient Saraishyq. In the XVIII century, Saraishyq became one of the fortress of the Tsarist government in the Urals where a military garrison was kept and a prison was located. In November 1823, Isatai Taymanuly was imprisoned for opposing Zhangir Khan and Karauyl Khoja. In order to reveal these topics, the historian researched these issues and collected various information on his papers.

On the eve of the 50th anniversary of the Great October Revolution (1967), on the initiative of M. Namazgaliyev, with the support of Gumarov Zinolla and Adirisov Abu, heads of the school for training rural machine operators in Saraishyq, a stone sign was installed, as well as a marble plaque with names of those involved in the revolution from the village, fenced from the outside with an iron fence. This sign was one of the most significant places in the village of Saraishyq at the Soviet period.

Mustazhap Namazgaliyev's long-term teaching work was highly appreciated, he became the Honored Educator of the Kazakh SSR. He has written hundreds of scientific articles on the history of Saraishyq for publications of any level. In addition, it is worth noting that he has written countless works related to the importance of the subject of history in schools, and the benefits of children knowing the history of their country, and answering the question "What is the significance of history for the future?". After retirement, the honorary teacher worked as a researcher at the Saraishyq branch of the Atyrau Regional Museum of Local Lore. For his teaching activities, he was awarded Honorary Diplomas of the USSR and the Kazakh SSR, and repeatedly became an excellent teacher of pedagogical readings. Participated in the All-Union Exhibition of achievements of the National economy by special invitation.

Mustazhap devoted his whole life to the history of Saraishyq. He worked hard to achieve a comprehensive study of the past and present of the ancient city, as well as to introduce its history into school curricula so that the next generation would have in-depth knowledge of the history of Saraishyq. He was worried about the future of the ancient city. He writes about this:

"The museum has not been replenished with newly discovered exhibits over the past four years. I think it would be good to take care of a place that knows the history of our people. It would be great if a museum could be preserved in an ancient place and preserve the secrets of ancient history for present and future generations."

Mustazhap Namazgaliyev, thanks to the data collected in a small museum in the history room, was able to give students deep knowledge, and with his passion he was able to gain trust and increase students' interest in history. He brought patriotism, love for his native land, into the hearts of the younger generation and made a great contribution to the education of young people. As a result of his hard work and diligence, he did a great job for his region and by founding a museum, he showed not only his countrymen, but also everyone else the importance of the ancient settlement. His main duty was to collect and preserve the history of ancient Saraishyq, and popularize it for future generations. The values left by him today are the basis for the study and research of history.

The good deeds of M. Namazgaliyev, a researcher who is no longer with us, who worked hard to pass on the great feature of this ancient place to the next generation, continue today. Mustazhap's dream of improving the museum every year, the rural museum becoming a state museum, the museum had permanent research staff conducting research, and the museum fund was replenished with new exhibits, is being fully fulfilled today. The Saraishyq State Historical and Cultural Museum-Reserve has become a unique historical place where our guests, both from afar and near, can enjoy a spiritual impression. The Khan Ordaly Saraishyq Museum-Reserve is a regional museum–reserve of archaeological orientation. It was built on September 3, 1999 on the initiative of the then akim of the region Imangali Tasmaganbetov without withdrawing funds from the budget, thanks to the financial sponsorship of enterprises located in the region. The Saraishyq Visit Center was opened in July 2023. Various artifacts found during archaeological excavations indicate that the medieval city of Saraishyq was a center of international trade, one of the major political centers in the XIII-XVI centuries during the Golden Horde and Nogai Horde, a hotbed of culture and science, as well as an active religious center for the spread of Islam in the western part of Desht-Kipchak.

Our first president N. Nazarbayev, coming to Saraishyq and paying tribute to this historical place, said: "If we tirelessly study every stone, every jug and coin of Saraishyq and pass it on to the next generation, we will fulfill our duty to the country." Later, on his direct instructions, three State Reserves were opened: Bozok, Botai and Saraishyq. The project "Sacred Geography of Kazakhstan" includes 7 objects from Atyrau region. These are: the mausoleums of Akmeshit, Ushkan ata and tombstone of M. Utemisuly, Araltobe cemetery, underground mosque of Kulshan ata, Imankara cave and Saraishyq city.

Over the past 5 years, large-scale projects have been implemented to preserve, explore Saraishyq and consolidate the riverbank. The Saraishyq State Historical and Cultural Museum-Reserve was officially transferred to the Saraishyq Visit Center in July 2023, and the museum, opened in 1999, became the Saraishyq Ethnographic Museum. In addition, archaeological excavations and restoration work on accepted projects are taking place at the site of the historical monument. Currently, the medieval Western Gate at the entrance to the city and a dwelling made in the Golden Horde style have been erected. Thanks to the work carried out, special attention is paid to Saraishyq and a wide path opens up to the development of domestic and foreign tourism. The main goal of spiritual revival is to perpetuate our national spirit, the memory of the history of the region and not to lose national values.

The museum is a center of rich education and upbringing. It forms the moral nature, the inner world and the civic personality of people. "A museum is a place where people's past lives and lives are collected, so Academician Lunacharsky correctly called it an "unwritten book, i.e. unwritten history," writes M. Namazgaliyev. In this case, there is great hope that, being in close contact with the museum, educational events are held, the future generation will form a worldview, educate a model of patriotism in them and grow up to be patriotic citizens.

The past path in every person's life remains a kind of example for the next generation. As they say, "A man is born for his country," Mustazhap Namazgaliyev, a citizen who loved his country, is a good example left to future generations, and his study of the country's history, collecting its ancient

exhibits, introducing the knowledge gained into the consciousness of the younger generation is his legacy left to his generation. Therefore, there is no doubt that the Saraishyq Museum-Reserve, founded thanks to the work of local historian Mustazhap Namazgaliev and built on the basis of the history and values of Saraishyq that passed down from century to century, can offer a lot in modernizing our country and fostering nationalism. This museum really occupies a big place in the history of Saraishyq. The trail passed by the honored teacher on the way to a life filled with morality will never disappear. As they say, "Without knowing the past there is no future," let's make our future better by respecting the past.

References:

1. M. Namzgaliyev. " Murajaı – jazylmaǵan kitap (The museum is an unwritten book)"
2. M. Namzgaliyev. "Saraıshyq mýzeıi sherter syr (The mystery told by Saraishyq Museum)"
3. The Golden Book of Kazakhstan, pp. 166-168
4. M. Namzgaliyev. "Kóne Saraıshyq týraly (About the ancient Saraishyq)"

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХИ- МӘДЕНИ КЕШЕНДЕРДІ НАСИХАТТАУ: РУХЫ МЫҚТЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ, БІЛІМДІ ҰЛТ ТӘРБИЕЛЕУ КЕПІЛІ

Аманбаева Жазира Куановна – магистр, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон кентінің «№22 жалпы орта білім беретін орта мектеп» КММ- нің тарих пәні мұғалімі

Аңдатпа. Ортағасырлық тарихи ескерткіштерді қорғау және оны келешек ұрпаққа насихаттау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау- рухани мұралардың сақталуына бағытталған мемлекеттік шаралар да аз емес. Тарихи және мәдени құндылықтарды сонымен қатар рухани мұраларды қорғау және сақтау мәселесі халықаралық дәрежеде қолға алынған. Мектеп бағдарламаларына енген рухани құнды ортағасырлық тарихи -мәдени кешендерді насихаттау болашақ еліміздің патриотты азаматтарын тәрбиелеуде баға жетпес құндылық деп білемін.

Түйін сөздер: мәдениет, құндылық, көшпенділер, мәдениет, қолөнер туындылары

Аннотация. Защита средневековых исторических памятников и популяризация их будущим поколениям является одной из главных целей государства. Существует множество государственных мер, направленных на охрану памятников истории и культуры – сохранение духовного наследия.

Проблема защиты и сохранения историко-культурных ценностей, а также духовного наследия поднята на международный уровень. Считаю, что пропаганда средневековых историко-культурных комплексов, имеющих духовную ценность, включенных в школьные программы, имеет неоценимое значение в воспитании патриотических граждан будущей страны.

Ключевые слова: культура, ценности, кочевники, культура, ремесла

Abstract: The protection of medieval historical monuments and their popularization to future generations is one of the main goals of the state. There are many government measures aimed at protecting historical and cultural monuments - preserving spiritual heritage.

The problem of protecting and preserving historical and cultural values, as well as spiritual heritage, has been raised to the international level. I believe that the promotion of medieval historical

and cultural complexes that have spiritual value, included in school curricula, is of invaluable importance in educating patriotic citizens of the future country.

Keywords: culture, values, nomads, culture, crafts

Қазақстан өңіріндегі ортағасырлық тарихи-мәдени кешендерді мектеп табалдырығынан зерттеп, зерделеп оқытып келеміз. Себебі білімді ұлтты тәрбиелеу жолындағы ұлттың, елдігіміздің патриоттық тәрбие берудегі маңызды рөл атқарары хақ.

Егер әр тұлға жауапкершілігі мол тарихи белтерді зерттейтін, зерделеп мұқият оқитын болса білімді ұлтты тәрбиелеу еш қиындық тумасы анық.

Қазақстан Республикасы саналы шешім, белсенді іскер, өзіне нық сенімді, жауапкершілігі мол азаматтарды тәрбиелеуді қажет ете отырып, жаңа әлеуетті модель қалыптастыру жолында. Осы ізетте отанына деген сүйіспеншілігі орта ғасырлық тарихтан бастау алу маңызды объективті шара болып табылады. Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайы жағдайында аза-маттық тәрбие тәжірибесіне көңіл бөлуді арттыру тарихи тұрақты және педагогикалық мақсат. Педагогиканың даму тарихы практика мен теория бірлесуі әлеуметтенудің мазмұны мен әдістемесі екенін көрсетеді. Азаматтық тәрбие қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, білім мазмұны үнемі өзгеріп отырады. Мектеп оқушыларының бойында азаматтық әлеуметтік-мәдени тұрғыда кеңістік қалыптасады. Кеңістік тек әлеуметтік құбылыс емес, сонымен қатар мәдени, сондықтан мәдени-тарихи талдауды қажет етеді. Мектеп құқықтық және әлеу-меттік мәселелерді түсінуге, немесе, дүниетаным элементтерін қалыптастыруға және прогрессивті әлеуметтік дамуға бағытталған идяларды сіңіруге таптырмайтын білім ордасы. Мектеп азаматтық қоғамның прототипі болып табылады болашақ азаматтар сыни дағдыларды дамытып қана қоймайды ойлау, ынтымақтасу, т.б., сонымен қатар азаматтық дағдыларды меңгертеді әрекеттер мен әлеуметтену процесінде адамның өзін-өзі өзгертуі орын алады.

Азаматтық жеке тұлғаға тән мінез-құлық әлеуметтік-мәдени ор-та арқылы жүзеге асырылады, сыртқы әсерлермен еркін дамиды. Басқа адамдардың пікірін құрметтеу және өзіндік көзқарастарын қорғау қабілеті, сыни ойлауды дамыту, сияқтыжеке тұлғаның биік мұратқа көтерілу жолы, азаматтық санасы қалыптасады. Отбасы, мектеп, үйірмелер, қосымша білім беру мекемелері, балалар қоғамдық ұйымдары баланың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, патриоттық тәрбие беру үшін бірлікте қызмет етуі тиіс. Тұлғаның қалыптасуы, отансүйгіш азамат болып қалыптасуы бірлікте қарастырылады.

Патриоттық тәрбие беру барлық пәндерге қатысты. Оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін түрлі жаңа әдістемелік технологияларды пайдалана отырып сабақ өткізу арқылы тәрбиені еселей түсуге болады. Бұл өз кезегінде оқушылардың орынсыз мінез-құлық танытпауына, әр тапсырмаға мұқият және жауапкершілікпен қарауға, мұқият ойлануға, бағдарламалық материалдарды оңай және тез меңгеруге, сабақта жалықпауына, зейіндерінің шоғырлануына көмектеседі. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның әл-ауқаты қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланысты екенін сезіну және мемлекеттің нығаюы жеке тұлғаның нығаюы екенін мойындау. қарым-қатынасты білдіреді.

Осыған байланысты оқытудың үш негізгі міндетіне: танымдық, тәрбиелік, дамытушылыққа жету үшін оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту, ізденушілік, білімдерін практикада пайдалана білуге үйрету бағытында жұмыс жасалғаны дұрыс.

ҚР Ұлттық мұражайы жанынан құрылған «Киелі Қазақстан» ор-талығы ұсынған жалпыұлттық киелі орынға жататын 100 нысанның тізімі жалпыұлттық мәдени мұра және жергілікті маңызы бар ны-сандар тізімі өлкетанушылар мен қоғам қайраткерлерің қатысуымен ғылыми-сараптамалық кеңестің шешімімен жасалған болатын.

- *Халық ғасырлар бойы тағзым етіп келе жатқан 9 табиғи мұра*

- *Археологиялық және архитектуралық ескерткіштерге қатысты 12 нысан*
- Діни және ғибадат орындарына қатысты 32 киелі орын
- *Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты киелі 15 орын*
- *Этнопедагогика және патриоттық [2]*

Жас ұрпақты отансүйгіштікке қашанда тәрбиелеу біздің қасиетті борышымыз. Қазақстан Республикасының зааңнамалық бетшелерін қарай отырып:

- Археология ғылымы зеррету жұмысын жүргізе отырып, экспедициялар, саяхаттар ұйымдастыруы;
- Ескерткіштер орналасқан аймақты мемлекеттік тіркеуге алып, мәртебе беру;
- Ортағасырлық материалдық құндылыққа реставрациялық және реконструкциялық жұмыстарына қатысады;
- Ортағасырлық материалдық мәдениет қорын толықтыру мақсатында жәдігерлерді жинау, тарихи орындардың орналасқан жерлерін анықтау мақсатында экспедицияларға, іс-сапарларға шығады.
- Ортағасырлық жжәдігерлерге қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, мәдени-ағарту істеріне атсалысу, баспасөзде жариялау, ғылыми айналымға енгізу.

Қазақстан өңіріндегі ортағасырлық тарихи-мәдени кешендерді мектеп табалдырығынан зерделей отырып, білімді ұлтты тәрбиелеу жолында ортағасырлық тарихи мәдени ескерткіштерді республика, облыс көлемінде ұйымдастырылған ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу арқылы толыққанды мәліметтер жариялай аламыз және сол материалдарымызбен бөлісіп, тың мәліметтер таба аламыз.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау- рухани мұралардың сақталуына бағытталған мемлекеттік шаралар кешені. Еліміздің немесе өзге мемлекеттің аумағындағы ел тарихының халқының тарихи және мәдени мұралары мемлекет тарапынан қорғауға алынады. Тарихи және мәдени кешендерге тарихи, шығармалар, ғылыми немесе мәдени мәні бар діни не зайырлы сипаттағы мүліктік құндылықтар жатады. Сонымен қатар материалдық туындылар, кітаптар, қолжазбалар, археологиялық мұрағат материалдары, архитектуралық, тарихи, шығармалардың монументалдық ескерткіштердің құрылымдық бөліктері тағы басқаларын жатқызуға болады.

Рухани мұралар тізімге алынып, мемлекет аумағынан сыртқа шығарылмайды. Тек белгілі бір мәдени іс-шаралар кезінде құзіретті органның қатаң бақылауымен уақытша сыртқа шығарылуы мүмкін. Рухани мұраларды қорғау және сақтау мәселесі халықаралық дәрежеде қолға алынған. Көптеген халықаралық актілердің арасынан 1954 жылғы «Қарулы қақтығыс кезінде мәдени мұраларды қорғау туралы», 1972 жылғы «Мәдениет және табиғат мұраларын қорғау туралы», 1979 жылғы «Мәдени мұраларды заңсыз тасымалдау және оларға деген меншік құқығын беруге тыйым салу шаралары туралы» Конвенцияларды атауға болады.[1]

Тәрбие мен тәлім халқымыздың бүгіні мен болашағын дамыту үшін қажет. Сондықтан да, ең алдымен, бүгінгі қоғаммен үйлесімді ұлт болашағының бағытын айқындау қажет. Әр халықтың ықылым заманнан бері келе жатқан өз білім жүйесі бар. Тәрбие өзінің ұлттық табиғи тамырынан ажыраса, тәрбиелік сапасын жоғалтады. Сондықтан да оны рухани тұрғыда ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, қазіргі қоғамның жағдайын ескере отырып, алға ұмтылу керек. Ұлы жазушы М.Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген өсиет қалдырды. Болашақ алдында, бүгінгі жас ұрпақ алдындағы аға буынның зор міндеті – толыққанды тәлім-тәрбие беру. Бұл арада тағы да ойымызды шегендей түссек, ұлт үшін, ұлт даралығы сақталу

үшін салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Рухани құндылығымыз – салт-дәстүрлерімізді де жоғалтпай, заман көшінен де қалмай, бәсекеге де қабілетті бола алсақ, ұлттық мемлекетіміздің іргетасын бекіткеніміз болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D0
2. Патриот тұлғаны тәрбиелеу https://zhalyn.kz/2023/05/24/%D0%BF%D0%B0%D1%82%D1%80%D0%B8%D0

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНДЕ ҚОЛӨНЕР МЕН САУДАНЫҢ ДАМУЫ

Ризduанова Аружан Асқарқызы - Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін М.Отаралиев атындағы орта мектеп» КММ – нің тарих пәнінің мұғалімі

Аннотация. Сарайшық ірі сауда орталығы болғаны туралы Ә.Х. Марғұлан былай дейді: «Феодализм туып, көркею заманында және осыған байланысты халықаралық сауда мен айырбастық жануына сәйкес, сауда жолдарының бойынан елді мекендер пайда болып отырған. Бұлар тіпті, географиялық қолайлы орналасу жағдайларына байланысты экономикалық жағынан іріленіп, көрікті қалаларға да айналып, тарихи дамуымызда елеулі із қалдырған. Сондай жолмен Қазақстан территориясында пайда болған «Ортағасырлық қалалардың бірі – Сарайшық». Ә.Х. Марғұлан 1951 жылы Бүкіл Одақтық археологтардың кеңесінде жасаған «Сарайшық қазбалары» атты баяндамасында: «Сарайшық қаласы XIII ғасырдың II-жартысынан бастап, XV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды және Шығыс Европа мен Орта Азияны, Қытайды өзара байланыстыратын керуен жолының өте маңызды түйініне айналды» - деп баяндады.

Тарихшы ғалым А.Ю. Якубовский: «XIII және XIV ғасырлардағыдай, Орта Азия ешуақытта да Шығыс Европамен бүкіл феодализм дәуірлерінде қарқынды да, жүйелі сауда жасап көрген жоқ. Сарай Бату мен Сарай Берке қалалары ірі қол өнер өндірісі мен сауда орталығы бола отыра XIV ғасырда Қытай, Орта Азия, Кавказ және Персиямен сауда жасауда орасан зор шешуші рөл атқарады, - деп, тұжырым жасайды. Сарайшықтың XIII –XV ғасырлардағы халықаралық және құрылық аралық саудадағы орны барынша нығайған кезеңі. Сондықтан да бұл мәселені айрықша зерттеп, арнайы әңгіме жасауға тұрарлық жай, өйткені «Ұлы Жібек жолын» зерттеген көптеген тарихшы-зиялылар В.К. Бартольд, А.Н. Зеленский, С.П. Толстов тағы басқалар оның тарихы біздің жыл санауымыздан бұрын басталғанын дәйектеумен қатар, X ғасырлар сауда ұлғайып, Хазар мен Хорезм саудасы Сарайшық, Ақтөбе, Тас кешу, Ақмешіт, Ұшқан, Қарашүңгіл, Бейнеу, Құсшы, Білеулі және Қоңырат арқылы Үргенішке жететінін жазады. Сарайшық - орта ғасырдағы Европа мен Азияны жалғастырудағы бірден-бір екі құрлықты бөліп жатқан Ақ Жайықтың үстіндегі – алтын көпір іспеттес.

Түйін сөздер: Ұлы Жібек Жолы, қолөнер, керамика, сәндік қолданбалы, мәдениет, халықаралық сауда.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы - мәдениеті мен қолөнері дамыған білім мен ғылым ордасы болды. Азия мен Европа мәдениеті мен өнерін қоса қабылдаған қалада мәдениет

жылдам өркендеген. Мұнда сәулетті құрылыстар салынып, қала қорымы адамдар тәуіп ететін қасиетті әулиелі орынға айналған. Әсіресе, қолөнер бұйымдары дамып, қыштан ыдыстар мен түрлі бұйымдар жасау өркендеген. Соның нәтижесінде жергілікті маман-қолөнершілер өзінің сапалы әрі сәнді қыш ыдыстарын тауар ретінде сатумен де айналысқан. Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалардағы қыш өндірісі моңғол шапқыншылығынан соң тоқырауда болса, ал Сарайшық көзешілері халық сұранысын қанағаттандырып отырған. XIII ғасырда Европа мен Азия арасындағы керуен саудасы кең құлашын жайды. Қытайға теңіз жолы ашылғанға дейін керуен жолдарының мәдени маңызы зор болды. Осы керуен жолындағы ең басты тораптарының бірі – Сарайшық қаласы болатын. Сарайшық қаласының орнын алғаш зерттеген академик Ә.Х.Марғұлан Бүкіл Одақтық археологтар кеңесіндегі баяндамасында ерекше атап өткен болатын. Қазба нәтижесінде табылған заттардың барлығы да Сарайшықтың өзінде дайындалған, себебі ірі шеберханаларды айтпағанның өзінде, қалада керамикалық ыдыстарды жасау кезіндегі өндірістік қалдықтар өте жиі кездесетін. Ғалымның негіздеуінше, көп қызықтыратын заттардың бірі ірі құрылыстардың қабырғаларын әшекейлейтін плиталардың табылуы. Бұл плиталар басқа керамикалық жәдігерлер сияқты өндірістік қалдықтар өте мол кездеседі деп көрсетеді. Ғұлама ғалым бұл заттарды жасаған жергілікті шеберлер екенін атапкөрсеткен және қыш ыдыстардың атауыныңқазақша баламасын жазған. Бүгінгі күндерде бұл атауларды археологтар сөздік ретінде пайдалануда. Алтын Орда – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс хан иелігіндегі Жошының үлесіне тиген аса үлкен территориялық аумақ. Жошы Ұлысы қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы құраған екен. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 млн шаршы шақырымға жеткен. Ұлық Ұлыс дәуірі шамамен екі жарым ғасырға созылды.

Жошы әлем тарихында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда атты ұлы империяның негізін қалап кетті. Алып аймақты қамтып жатқан империя мәдениеті де өз дәуірінің ерекше көрінісі болды. Алтын Орданың экономикасында қолөнер өндірісі маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Жошы ұлысының көшпенділері үшін табиғи шаруашылыққа қажетті керек-жарақты құрайтын үй кәсібі тән болды. Мемлекеттің қалыптасуының осы кезеңінде Плано Карпини ұлыстың әйелдері қысқа пальто, көйлек, аяқ киім, етік және былғарыдан бұйымдар жасайтындығын, сонымен қатар, арбаларды басқарып, оларды жөндейтінін айтады. В. Рубруктың айтуынша, ер адамдар садақтар мен жебелер, үзеңгі, жүген, ер - тоқымдар жасап, үйлер салады. И.Барбаро көшпенділердің шұға өндірісі, ұсталық және қару-жарақ қолөнері дамығанын хабарлайды. Қолөнершілер тек хан қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысты және хан сарайында тұрған. Жошы ұлысының қалаларында қолөнер өндірісі мүлдем өзгеше болды, өйткені, хандар жаулап алу соғыстары аяқталғаннан кейін қалалық қолөнер өндірісі мен сауданың маңыздылығын түсініп, ескі қалалардың жандануына және жаңа орталықтардың құрылуына және сауда жолдарының қауіпсіздігіне ықпал ете бастады [1, б.25].

Сарайшықта қыш ыдыстарын зерттеген археолог Агеева Е.И. олардың сапасы мен сәнділігіне ерекше баға берген. Орта Азияда керамика өндірісі тоқырауға ұшырағанда, қалада көзе жасау ісі өркендеді. Бұның өзі қалада көзелерді сыртқа сату саудасын жандандырды. Қыш ыдыстарының көркемдігі мен сапасының айрықша екенін И. Тасмағамбетов пен З. Самашевтың «Сарайшық» атты кітабынан көруге болады. Онда керамикалық көзелердің жүздеген үлгісі жарияланған. Сарайлар мен үйлер, мешіттер, кеспелер, т.б. құрылыстар салу үшін құрылыс заттары, қыш кірпіш өндірісі дамыған. Оларды безендіру үшін қаптама, сырлы қыш тақталар, оюлы қыш тақталар т.б. құрылыс материалдары қажет болды. Бұл үшін цехтік кірпіш шеберханалы салынған. Сапалы саз қажет болды. Шикізат үшін, сапалы қыш кеніштері ашылып, саз өндірілген. Бұл өндіріс көп қаража пен адам күшін қажет етті. Цехтік жүйе қалыптасты, өндірісте көлемі ұлғайды. Бұндай ұйымдарда жүздеген адамдар қызмет істеді. Қаладан кірпіш күйдіру ошақ (құмандары) ашылуы осыны көрсетті. Сарайшықтан табылған

жазуы бар құмыра ерекше. Оның биіктігі 80 см, ернеуі, көлемі 28,5 см, түбінің көлемі 23 см, қызыл қоңыр түсті белінде 5, шығында 1 қатар толық өрнегі бар. Орта ғасырлардағы керамикалық ыдыстардағы жазу негізінен, Құраннан үзінді, адам аты, шеңбердің таңбасы және өрнек ретінде мағынасыз «араб жазуы» сән ретінде сырлы ыдыстың ернеуіне жазылған [2, б.40].

Ескі Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде бояулы қыш бұйымдардың көптеген сынықтары табылды. Бедерленген, көк және жасыл бояумен боялып, мөлдір сырмен әрленген әсем ыдыстардың музейде тұрған сынықтарының өзі көздің жауын алады. Белгілі бір кәсіпорынның көптеп шығарып жатқан өнімі емес, әрқайсысына шебердің қолы тиген, дайын әдемі ыдысқа айналғанша қанша тер төгілген теңдесі жоқ әсем бұйымдар Сарайшыққа жан жақтан әкелініп қана қоймай, жергілікті жерде де дайындалған. Сырлы бұйымдарға негіз болған кашин балшығының ақ түсіне түрлі бояуларды қосу арқылы бізге тарих болып жеткен бұйымдар дайындалды. Бояулар Ұлы Жібек жолы керуендерімен Үндістаннан, Ираннан, Еуропадан жеткізілген. Сан ғасырға төтеп беріп, жер астында жүздеген жылдар жатса да өңін бермеген бояулардың қасиеті табиғилығында болса керек. Себебі, көк бояуды Үндістанда өсетін бұршақтұқымдас индигофера өсімдігінен, қызыл түсті балшықтан алған. Қазба материалдарына назар салсақ, бұл бұйымдар тек бояуымен ерекшеленіп қоймайды, бұйымның маңызды бөлшектері бедерленген. Осы бедерлерді көк, жасыл бояулармен айқындап, ноқаттар салып, жалпылама төсегі болған сұр, қоңыр негізгі түсі шығарылған. Кейбір бұйымдарда құстың бейнесі, арабша жазулар кездеседі. Көптеген бұйымдар алтын түстес сырмен әрленген [3, б.15].

Алтын Орда кезеңіндегі Еділ Болгариясының ауылдарындағы айналардың табылуы олардың қалалардан және ауылдық жерлерде сатылғанын көрсетеді. Еділдің ірі қалаларында металл айналарды өндірудің технологиялық және көркемдік мүмкіндіктері болды және осы өнімнің қажеттілігін ескере отырып, импортталған айналардан басқа, олардың өндірісі де болды, олар ішкі сауданың ассортиментіне қосылды. Сонымен қатар, оның тікелей мақсатына қосымша, металл айналар тұмар ретінде пайдаланылып сиқыр мен астрологияда ерекше рөл атқарды, бұл олардың пайдалану құнын одан әрі арттырды. Сыртқы сауда байланыстары нәтижесінде Шығыс елдерінен келген металл айналар тұрмыстық заттар ретінде кеңінен таратылды,айналардың эстетикалық қасиеттерін ескере отырып, сәндік қолданбалы өнер туындылары болды. Г.А. Федоров-Давыдов айналар туралы былай деп жазды: «синкретизм мен көркем талғамның эклектикасы Алтын Орда қалаларының тұрғындары арасында кейбір тұрмыстық заттардың дизайнында, мысалы, дөңгелек металл айналарында айқын көрінеді». Айналар бірнеше рет зерттеу объектісіне айналды. Айна туралы XX ғасыр зерттеушілері А.П.Смирнов, Т.А.Хлебникова, Г.Ф.Полякова еңбектерінде кең қамтылған.Л.Ф. Недашковский еңбектерінде Орда Увек айналары талданды. Болгария аумағындағы қалалық емес елді мекендер Полянский, Малиновский, VI Старокуйбышевский, III және V Семеновскийде табылған айналар туралы ақпараттар бар. Алтын Орданың көркем мәдениеті өзінің этникалық дәстүрлері мен шығу тегі бойынша әр түрлі заттарды ғана емес, сонымен бірге бір шығу тегі бір, бірақ мүлдем өзгеше, әр түрлі дәуірлердегі заттарды да өзінің құрамдас элементі ретінде қабылдады және сіңірді. Дегенмен, көптеген өнімдерде біз ою-өрнектің мотивтерімен бөлінген пішінді біріктірудің айқын немесе жасырын тенденциясын байқаймыз – бұл дәуірдің сәндік стилінің ерекшелігі. Ең қызықты және маңызды мәселе осы айналардың пайда болуы. Бұл мәселе бойынша негізгі көзқарастар Б.А.Литвинскийдің зерттеуінде баяндалды. А.Ф.Лихачев, Н.Ф.Катанов, М.П.Лавровтан басталған ғалымдардың көпшілігі айналарды Иран мен Қытай өндірісі және тиісінше, сыртқы сауда нәтижесінде Алтын Ордада импорт объектілері деп санады. Төменгі және орта Еділдің Алтын Ордалық қалаларында, соның ішінде Болгар, Биляр, Жукетау, Қазан, Елабуға қалаларында металл айналар тұрмыстық заттар ретінде кеңінен таралды және олардың эстетикалық қасиеттерін ескере отырып, сәндік қолданбалы өнер туындылары болды. Олар айна деп аталатын мыс пен қалайының арнайы қорытпасынан жасалған және шағылысу үшін қызмет ететін беткі жағы әрқашан жақсы жылтыратылған. Бұл айналардың көпшілігінде Алтын Ордаға сыртқы сауда байланыстары

немесе әскери жорықтар нәтижесінде Иран, Орта Азия және Қытайдан әкелінген айналар кездеседі. Айналарда ең қарапайым және кең таралған ою-өрнегі жоқ немесе қарапайым геометриялық ою-өрнегі болды. Шығыс еуропалық дала көшпенділері ортасындағы прототиптерде ою-өрнегі жоқ және геометриялық өрнекті айналар бар: шеңберлерден жасалған, жиегі қалыңдатылған шеңберлер арасында ромб және бүйір тұтқасы бар жиек бойымен қоюлатылған немесе шеңберлер арасында «толқын» типті стильдендірілген өсімдік өрнектері. Алтын Орда айналарының ою-өрнегіндегі өсімдік мотивтері Жошы мемлекетінің қалалық қолөнер орталықтарында қалыптасты және бірыңғай прототипі болмады. Бұл айналар көп жапырақшалы топ түрінде өрнектелген, жиегі мен бүйір тұтқасы қалыңдатылған төрт жапырақшалы ою-өрнекпен сипатталған. Айналардың жиегінде ойықтары бар, жапырақшалардың арасында өсімдік тектес ою-өрнек бар. Негізгі суреттің ішінде әр жапырақшасында нүктесі бар кішкентай сегіз жапырақшалы топтар құрамы бейнеленген. Алтын Орда ою-өрнегі ретінде қызғалдақтардың немесе лотостардың суреттерін қарастыруға болады, дегенмен, олардың шығыстық тегі айқын. XIVғасыр мұсылман елдерінен ою-өрнектерге арабескалы сюжеттер келді. Бұл орталық ою – өрнекті топтың айналасында «насх» жазуы бар, жиегі бойынша қалыңдатылған және екі жолақтан тұратын өрнегі бар сыртқы эпиграфиялық ою-өрнек, ортасында-екі сфинкстің симметриялы бейнесі суреттелген [4, б.65].

Сарайшықтың батыс пен шығысты байланыстырушы аса маңызды мәнін саяхатшылар: Плано Карпини, Вилгельм Рубрук, Ибн Батутта, Джованни Мариньоло, Бальдуччи Пеголотти, Юль және Дженкинсон жан-жақты, бірін-бірі толықтыра сипаттаса, дуалы ауыз тарихшылар: А. Левшин, В.В. Вельяминов Зернов, П. Небольсин, В.В. Бартольд, Б.А. Греков, А.Ю. Якубовский, А. Чулошников және М. Вяткин тағы басқалар Ұлы Жібек жолының Алтын Орда дәуірінде Сарайшық арқылы өтуінің экономикалық, саяси-стратегиялық мәндерін толық ашқан, яғни, XIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ, Ұлы Жібек жолының жаңа бір тармағы Каспий теңізінің терістігі арқылы жүргізіліп, халықаралық байланыстың ең ірі, ең тиімді құралына айналуына Алтын Орда хандары Батудан бастап көрегенділікпен зор көңіл бөлген. XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырда Алтын Орда дербес қуатты мемлекетке айналып, оның халықаралық беделі өсіп, нығайып шет елдер мен қарым-қатынасы күшейді. Мысалы, Алтын Орданың Қытаймен, Индиямен, Мысырмен, Кіші Азиямен және Батыс Европамен саудасаттық байланыстары өркендеді. Көшпелі тайпаларды хандар мен ханзадалар және тайпалардың басқа да белгілі көсемдері мен ауқаттылары қысқы тұрақты мекендері ретінде сарайларда тұратын болды. Олар қалаларды қиратушылар емес, қайта қалаларды көркейтуші, қорғаушы және қала мәдениетімен сәулетінің қамқорларына айнала бастады. Алайда, орта ғасырдағы ірі қалалардың қоғамдық өмірдегі рөлдерінің өсе түскендігін сол дәуірдегі тарихшылар да сүйсіне жазады. Мысалы, Ибн-Арабшах Сарай қаласын суреттей келе, - «өте қысқа мезгілде Алтын Орда хандарының арқасында гүлденіп, даңқты ғалымдардың, шешендердің, шеберлердің қаласына айналды. Бұндай атақты адамдардың бір жерге жиналуы Мысырда да болған жоқ» - дейді [5, б.70].

Қорытынды. Сарайшық қаласы қалыптасуын және көрікті де салтанатты шаһарға айналуына: біріншіден, оның ірге көтерген орнының жағрапиялық жағынан аса маңыздылығы болса; екіншіден, қаланың Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, оған шаһар мен тұрғындардың кәсіби жағынан бейімделіп, қызмет көрсетуі; Үшіншіден, қаланың көркейіп, маңызының арытуына Алтын Орданың Мәңгі Темір тұсында моңғол империясынан дербестігін біржолата алуы; Төртіншіден, Алтын Орда тарихында елеулі із қалдырған Мәңгі Темір хан бастаған хандардың жерленуі; Бесіншіден, шаһар салтанатының артып, сәулеттене түсуіне Сарайшықтың Шығыс Дешті-Қыпшақтағы рухани орталыққа айналуы негіз болған.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Давыдов Г. А. Исторические особенности городов в монгольских государствах Азии в XII– XIV вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983. - с 217.

2. Валеева, Д. К. Проблемы возникновения и развития татарского ювелирного искусства в контексте «Запад Восток» // Очерки по истории татарской культуры. Казань, 2001. – с 515
3. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. Алматы, 1993 жыл. – 400 бет
4. Жұмаханов Т. Алтын Орда. - Алматы: Мектеп, 1990. - 224 бет
5. М. Г. Сафарғалиев. Алтын Орданың ыдырауы . - Алматы: Дайк-Пресс, 2014. - 326 бет

УДК 94(574)

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР МӘРТЕБЕСІ МЕН С.ДАТҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІ (М.П.ВЯТКИН ЗЕРТТЕУЛЕРІ БОЙЫНША)

Асанова Ақбота - «Тарих» ББББ 2-курс магистранты,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Кеңес дәуірінде Қазақстан тарихын зерттеуге зор үлесін қосқан тарихшы ғалым М.П.Вяткиннің еңбектеріндегі қазақ батырлары мен «Сырым батыр» монографиясындағы тарихи тұлғалар, олардың жанқияр батырлығы, Ресей отарлауына қарсы көтерілістердің барысы талданады. Сонымен қатар М.П.Вяткин еңбектерінің құндылығы жөнінде мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: батыр, Сырым батыр, қозғалыс, қазақ қоғамы, Кіші жүз.

Аннотация. В данной статье анализируются казахские герои в трудах ученого-историка М.П.Вяткина, внесшего большой вклад в изучение истории Казахстана в советское время, исторические личности в монографии «Сырым батыр», их самоотверженность, ход восстаний против русской колонизации. Также приведены сведения о ценности трудов М.П.Вяткина.

Ключевые слова: батыр, Сырым батыр, движение, казахское общество, Малый жуз.

Annotation. This article analyzes the Kazakh heroes in the works of the historian M.P.Vyatkin, who made a great contribution to the study of the history of Kazakhstan in Soviet times, historical figures in the monograph "Syrym Batyr", their dedication, the course of uprisings against Russian colonization. Information on the value of M.P.Vyatkin's works is also provided.

Key words: batyr, Syrym batyr, movement, Kazakh society, Small zhuz.

Б.з.д. II мың жылдай бұрынғы көне замандар мен ортағасырларда Жерорта теңізі мен Қытайдың арасындағы Еуразия құрлығын басып өтетін, әлемнің әр түкпіріне тараған, яғни Шығысты Батыспен байланыстырып келген көне керуен жолдарының желісі. Ұлы Жібек жолы арқылы халықтар мен елдер арасындағы мәдени және сауда байланыстар қалыптасып, әлемдік өркениеттер бір-біріне жақындады, бірін-бірі толықтырып, байыта түсті. Демек, керуен жолы тарихи сол кезеңдерде бүгінгі жаһандану үрдісінің бастауы болған тәрізді. Біздің жыл санауымыздың басында Ұлы Жібек жолының халықаралық сауда жолы ретіндегі маңызы артып, оның гүлденген кезеңі басталады. Қытайдан жібек, Үндістаннан түрлі дәмдік заттар мен асыл тастар, Иранан күміс бұйымдар, византиялық маталар, афрасиабтық қыштан жасалған ыдыстар және басқа да толып жатқан бұйымдар тиеген керуендер Қарақұм мен Қызылқұм арқылы Мерв пен Хорезм оазистерінен Сары Арқа даласын кесіп өтіп, Памир мен Тяньшанды, Алтай мен Қаратаудың асуларынан өтіп, Мургаб, Әмудария, Сырдария және Шу бойымен әрі қарай бет алатын. Сондай-ақ Ұлы Жібек жолы алыстағы Қара теңіз жағалауына Қашқар мен Ферғана аңғары арқылы баратын, ал Y –YI ғасырларда жаңа тармақ пайда болып, сауда керуені Хами арқылы Ыстықкөлді жағалай Талас даласына одан әрі Әмудария мен Жайыққа жететін болған.

Жазба және заттық деректер керуен жолының Қазақстан аймағы арқылы дәлірек айтсақ, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан арқылы өтуі YI –YII ғасырларда мейлінше жандана түскенін көрсетеді. Оны біріншіден, осы кезеңде Хинган жоталарынан бастап Қара теңіз жағалауына дейінгі алып аймақты бағындырған далалық империя қағандарының Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарының қауіпсіздігін өз бақылауына алуы, бұл туралы Қытайдың ұлы саяхатшысы Суань Цзанның: «... Суябтың батысында бірнеше ондаған қалалар бар. Ол қалалардың өз басшылары, билешілері бар. Олар бір-біріне тәуелді болғанымен барлығы Түрік қағандығын бағынышты» [1, 168 б.] деген дерегі дәлел. Екіншіден, түріктердің бай қағандары мен олардың төңірегіндегілердің ірі мөлшердегі тауар тұтынушыларына айналуы, үшіншіден, В.В.Бартольдтың мәліметіне сүйенсек, YII ғасырда Ферғана аңғары арқылы өтетін жолдың өз ара қырқыс салдарынан қауіпті болуы [2, С.31]6-деп түсіндіріледі. Міне, осындай дәйекті себептерге байланысты YII-XIY ғасырлар аралығында Жібек жолының негізгі бөлігі оңтүстік Қазақстан аймағы арқылы жүргендігін аңғартады. Ендеше сауда жолының Қазақстан аймағы арқылы шығыстан батысқа көктей өтуі қандай қажеттіліктен туды?

Дамыған орта ғасыр кезеңінде жібектің ірі мөлшердегі тұтынушысы –Византия елі болды. Өйткені жібек византиялық сарай ақсүйектерінің қажеті үшін ғана емес,

жалдамалы әскерлер жасақтауда да, маңызды валюта рөлін атқарған. Демек, Византиядағы жалдамалы әскер санының көбеюіне мемлекеттік қауіпсіздік мүдде тұрғысынан қараған Иран өз территориясы арқылы батысқа жібек жолының өтуіне барынша кедергі жасап бағады. Сондықтан Жетісудан өте келе жатқан керуен Оңтүстік бағытқа бұрылатын сауда жолы енді Сырдария бойымен Арал өңіріне, Маңғыстау арқылы Каспий ойпатына, Солтүстік Кавказға, Каваз жотасы арқылы Константинопольге бағыт ұстайтын болған [3, 494 б.].

Керуен жолының аты айтып тұрғандай, Қытайдан келетін негізгі тауар жібек болған. Бертін келе жібек өндіру технологиясын өзгелер де меңгеріп, нәтижесінде Шығыс Түрік қалалары мен Соғдының өзінде сапасы жағынан қытайдан кем емес жібек өндірісіне қол жеткізеді. Сөйтіп батысқа бет алған керуендегі жібек тауарының негізгі бөлігі Қытайдан болса, келесі бөлігі түріктер мен соғдылық болды. Осылайша жібек өндірісінің дамуымен бірге оны өткізу де өткір проблемалық іске айналып отырған .

Енді мақала тақырыбына қарай ойысып, Ұлы Жібек жолы бойындағы Азияға кірер қақпа іспеттес ортағасырлық Сарайшық қаласының қалыптасу, өркендеу, құлдырау тарихы жөніндегі деректерге жүгіне отырып, ой сабақтасақ. Жалпы қаланың ірге көтеру мезгілі жөнінде зерттеушілер бірыңғай пікірге келе алмаған. Мәселен, Сарайшық қаласы монғол шапқыншылығына дейінгі дәуірде, X-XII ғасырларда өмір сүрген деген пікірді, белгілі археолог С.П.Толстов бұл жерде X-XII ғасырларда Әмудария жағалауларынан келген көпестер «Хорезм колониясының» негізін қалаған [4, 227 б.],-деп түйеді. Ал Сарайшық қаласы орнына тікелей қазба жұмыстарын жүргізіп, нақты зерттеген археолог Н.Арзютов, Е.Г.Агеева, академик Ә.Х. Марғұланның қазба деректер негізіндегі тұжырымы бойынша Сарайшық қаласы Алтын Орда астанасы Бату Сарайы салынған шамада XIII ғасырдың ортасында тұрғызылған [5, 11 б.]. Сонымен қатар бұл айтылған пікірді археолог ғалым К.Байпақов: «Сарайшықтың қала ретінде қалыптасуы Алтын Орданың нығаю кезеңіне сәйкес келеді. ... Оның ақша сарайында құны әр түрлі мыс ақшалар құйылды. Олардың бір бетінде «Сарайшық қаласының құймасы» деген сөз, ал екінші бетіндегүл мен жыртқыш аңның мүмкін арыстанның бейнесі басылған... Қаланың дамуына Сарайшықтың Алтын Ордаға, содан кейін Қазақ хандығына ислам дінін тарату орталығы болуы да әсер етті» [6, С.444],-деп нақтылай түседі.

Ал Сарайшықтың мәдени сауда орталығына айналып, гүлденіп көркеюінің негізін әйгілі ғалымдар В.В. Бартольд пен Ә.Х.Марғұлан –қаланың Ұлы Жібек жолының бойында ірге бекітумен байланыстырады [7, 19 б.].

Демек, Алтын Орда мемлекетінің құрылып күшейген тұсында Ұлы Жібек жолының Солтүстік Каспий тармағы қайта жанданып, Жайық өзені арқылы өтетін сауда керуенінің мейлінше ұлғаюы Сарайшық шаһарының жедел өркендеуіне, мәдени сауда орталығы ретінде келешекте Хан Ордасына айналуына ықпалын тигізген. Жайық өзенін орта ғасырларда батыс европалық көпестер, миссионерлер, елшілер әлденеше рет кесіп өтіп, бұл туралы өз жолжазбаларына түсіріп отырған. Орал арқылы ортағасырлық Сарайшық қаласына әуелі Рим папсы IY Иннокентийдің елшісі Плано Карпини (1249ж.), ал сәл кейінірек француз елшісі Гильом де Рубрук (1253 ж.) жол тартқан.

Саудагерлер керуенінің Қырымнан Жайық арқылы шығысқа бағыт алатынын Франческо Бальдучи Пегалотти «Сауда тәжірибесі» атты шығармасында жазып қалдырды. Ол Танадан Сарайшыққа баратын жолдың ерекшеліктерін атай отырып, өтімді тауарлар, сондай-ақ жергілікті халықпен айырысуға қолайлы ақша түрлері жайында сипаттап жазады [8,15 б.]. Сондай-ақ өмірінің жиырма сегіз жылын саяхатпен өткізіп, 100 мың шақырымнан астам жол жүрген араб саяхатшысы ибн Баттута XIY ғасырда Сарайшықта болғаны туралы: «Сарайдан шығып бірнеше күннен соң біз Сарайшық қаласына келдік... Бұл қала Ұлысу деген кең арналы өзеннің жағасында орналасқан. Өзенге Бағдаттағыдай қайықтарды жалғастырып жасаған қалқымалы көпір салынған» [4, 225 б.], -деп баяндайды. Саяхатшы жазбасында айтылғандай Сарайшықты орай ағатын (терістік, шығыс, оңтүстік жақтарын) Жайық өзеніндегі Бату хан салдырған жүзбелі көпір алғашқы кезде батысқа жорық кезінде

олжаланған байлықты моңғол жеріндегі Қарақорымға –Шыңғыс хан ордасына жеткізуге пайдаланылса, кейін Алтын Орданың астанасы арқылы өтетін Жібек Жолы керуені осы жүзбелі көпір арқылы шығысқа жол тартқан [5, 11 б.].

Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталықтарының бірі болған Сарайшыққа сауда керуені арқылы Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған құмыралар, құтылар, көздің жауын алатын түрлі-түсті әсемделіп, жиектеріне алтын жалатылған шыны ыдыстары, Қытайдың құлпырған жібегі, айнасы мен лакталған ыдыстары, Иранның әсемдік бұйымдары, Парсы кілемдері, Ферғананың асыл тұқымды жылқылары, Араб арғымақтары келетін болған. Сондай-ақ Византия, Рим, Үндістан, Иран, Араб және Еуропа елдерінен сирек кездесетін жоғары сапалы қымбат бұйымдар: жасмин суы, мүскат жаңғағы, женьщен, айдаһардың өті, алмас, янтарь, маржан, піл сүйегі құйма күміспен сом алтын, бағалы аң терілері, соғыс құралдары т.б. әкелініп саудаланатын болған [9.59 б.].

Осылайша ортағасырлық мәдениеті дамыған шаһар тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап тұратын құмғандар, кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасындағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселері Сарайшық халқының күнделікті өмірінде көп пайдаланылған. Шыны, ақық, маржан тастардан оймышталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылған гауһарлар Иран мен орта Азиядан әкелінетін, болмаса жергілікті жерде жасалынған. Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қолынан да шыққан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеу қаласының Қызыл алаңындағы мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған [5, 24 б.].

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған заттық мұраларға зерттеу жүргізген ғалымдар Сарайшық қаласы өз дәуірінде Шығыс Дешт Қыпшақ даласындағы бірден -бір қол өнер өндірісі орталығы болғандығы туралы пікірге тоқтам жасайды [10, С.112].

Қала қолөнершілері сату үшін құстардың суреттерімен өрнектелген ыдыстар өндірген. Алтын мен күмістен әшекейлер, түрлі-түсті және асыл тастардан көз салынған сырғалар, жүзіктер соққан. Сүйектен тарақ, түйме, қапсырма, күнделікті тұрмысқа қажетті тағы басқа заттар жасаған. Әсіресе, Сарайшықтың көркем керамикасы ерекше көзтартарлық. Көркем керамиканың екінші тобын кашин (саз балшықтың ерекше түрі) бұйымдар түрі құрайды... Көк сырмен салынған суреттер әдетте күрделі өсімдік өрнектерін құрайды. Мұндай керамика XIY ғасырдың аяғында пайда болып, XY ғасыр бойы тұтастай өндіріліп келген [4, 231-233 бб.].

Сарайшық қаласының жергілікті шеберлері алыс елдерден әкелінген тауарларды тұтынып қана қоймай, олардың жасалу құпиясына көңіл аударып, сапалы өнім жасаудың әлемдік озық әдіс-тәсілдерін меңгеру жолында іздене отырып, нәтижесінде өздері де Жібек Жолы саудасы талғамына сәйкес деңгейде тауар өндіруге қол жеткізеді [9, 59 б]. Міне, бұл орайда археолог ғалымдар монғолдар жаулап алған Хорезм, Соғды, Сырдария қалаларындағы қолөнерші шеберлерді Алтын Орда қалаларына әкеліп қоныстандыруы жергілікті қолөнер кәсібінің жоғары деңгейде дамуына ықпалын тигізген [6, С. 445-446],-деп пайымдайды.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық қалалар тарихынан қазақ даласындағы көшпелі мен отырықшының, малшы мен диқаншының арасындағы тығыз сауда экономикалық байланысты,яғни, дала мен қала өркениеті қатар үрдіс алып отырғанын анық аңғаруға болады. Осы орайда көрнекті археолог ежелгі Хорезмді зерттеуші С.П. Толстовтың: «Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» деген түйінді пікірі орынды деп санаймыз. Ғалым тұжырымына ірі сауда, мәдени-әкімшілік орталық Сарайшық мысал бола алады. Өйткені Шығыс Дешт Қыпшақ даласының Сарайшық маңында мал өнімдерімен ғана күнелтіп отырған тұрғындары шаһарға келген

керуенді қабылдап шығарып салғанғадейінгі көрсетілетін мәселен, аспазшы, қасапшы, егінші, малшы, күзетші, жүкші, тазалық сақтаушы, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуші сияқты сан түрлі қызмет түрлеріне ие болады. Адал мінсіз қызмет көрсету олардың дағдысына айналып, қаланың сән-салтанаты күн сайын артып, сәнді ғимараттар бой түзейді [9, 57 б.].

Деректерге сүйенесек, 1950 жылы 22 қыркүйек күні Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институты ғылыми кеңесінің мәжілісінде Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ә.Х. Марғұланның есебі тыңдалады. Кеңесте «Қала халқы жартылай көшпелі өмір сүрді ме? Демек, егіншілер мен қолөнершілер жоғары пайызболды деп айтқан дұрыс па? деген сауалға Ә.Х. Марғұлан: «Мен жергілікті халықтың ішінде қолөнершілер болды деп есептеймін және оны нақты фактілер арқылы дәлелдеуге болады. Олар жергілікті халықтан 12-13 ғасырларда бөлініп шықты, тұрмыстық заттарды жасады және жоғарыдағы феодалдарға салтанатты бұйымдар жасады, бұлар қала халқы-ның негізгі құрамы еді, сонымен қатар қаланың әкімшілік бөлігі, бұл жерде көпестер де көп болды», –деп жауап береді.

Сөйтіп, орта ғасырлар дәуірінде Бату, Берке қалаларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасына айналып, XY-XYI ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғаны белгілі.Бұл жөнінде қазіргі «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының» директоры белгілі ғалым тарих ғылымдарының докторы Ә.Мұқтар : «Қалай болғанда да, Қозыбастағы алғашқы Жәнібек пен Керейдің тұрған жері Қазақ хандығының алғашқы астанасы болды деп айта аламыз. Енді осы төңіректен Керей мен Жәнібек Өзбек хандығымен соғыса отырып, Қазақстанның батысына қарай жылжиды. Ал Сарайшықты Қазақ хандығының астанасы еткен Керей ханның баласы Бұрындық хан. Бұл туралы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінде Бұрындық сол жердегі ноғайларды өзіне бағыныдырып, Сарайшықты қазақ хандығының астанасы етті деп жазады. Ноғайлы дәуірін мұрағаттан зерттеген екі ғалымды білемін, оның бірі –қазақстандық Амантай Исин деген зерттеуші, екіншісі –ресейлік В.В. Трепавлов. Екеуі де көне аңыз шежірелерімен емес, Мәскеудің көне мұрағатымен жұмыс жасаған ғалымдар. Олар Сарайшықтың астана болғанын дәлелдеді. В.В. Трепавловтың еңбегінде 1471 жылы Бұрындық хан Сарайшықты бағындырып, Қазақ хандығының астанасы етті деген дерек бар»[12, 32 б.], –деген тұжырым жасайды.

Сонымен бірде гүлдену, бірде құлдырауды басынан өткерген Сарайшық қаласының XYI ғасырдың II жартысынан бастап одан әрі әлсіреуіне орыс патшалығының экспансиялық саясатының күшеюі және Дешт Қыпшақ аймақтарындағы геосаяси ахуалдың ушығымен қатар, ежелден мәдениет ошағына айналаған Ұлы Жібек жолының маңызын жоғалтуы әсер етеді. Ақыр аяғында, тоқырай бастаған Сарайшық қаласының ғасырларға созылған даңқы казак-орыс қарақшыларының тонаушылық әрекеттеріне негіз болып, шаһарды біржолата тұралатуға ұшыратады [7, 22 б.].

Сарайшық қаласының талқандалуы жөнінде Ә.Марғұланның зерттеу еңбектеріне қарағанда, 1586 жылы Дон казактары гүлденген бай қала Сарайшыққа тұтқиылдан шабуыл жасап қиратады, халқын қырады... ең соңында қала маңындағы адамдар жерленген молаларды (пантеонды) қазып тонайды [12].

Сарайшық қаласында қазақ хандығының пантеоны болды деген пікірді жоғарыда айтылған тарихшы ғалым Ә.Мұқтар: «Бүгінде Жошы ұлысы –Алтын Орданың тарихындағы шешімін таппаған мәселенің бірі Сарайшықтағы пантеон және ондағы ел билеген тұлғалар тарихы болып отыр. Сарайшық пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында Жайықтың оң жағалауына салынған. Италиялық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп көрсетеді. Фра Мауро картасындағы деректі XVIII ғасырдағы П.И.Рычков, П.С.Паллас XIX ғасырдағы А.И. Левшин, 1861 жылы топограф А.С.Алексеевтің еңбектері кеңірек тарқатады. Оларды саралап, Сарайшықта алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н.Арзютов болды»[13], –деп нақтылайды.

Сондай-ақ ол: «Бұл қазақ хандарының аталары жатқан пантеон. Мұнда Алтын орданың хандары мен Қазақ хандығының аталары жатыр. Біз бұл туралы Шынияз ақынның «Сарайшықта бар дейді, жеті ханның моласы» деген жыр жолдарынан білеміз. Қазір Сарайшыққа келсеңіз, жеті ханның моласы дейді де, төрт хан мен үш ноғайлы билеріне қойылған құлыптастарды көрсетеді. Ноғайлының билері ешқашан хан болған жоқ. Тарихшы Әбілғазы bahадүрдің шежіресіндегі Алтын Орданы билеген Мөңке Темір, Тоқтағу және әз Жәнібек Сарайшықта дамылдап жатыр. Бұл шежіре 1600 жылдың ортасында дүниеге келген, сондықтан шежірешінің қателесуі мүмкін емес. Бұған қосымша Әбілғазы Қасым хан Сарайшықта жерленді деп жазады. Басқа да түрлі деректерде Сарайшықта Алтын Орданың ханы Тоқтамыс ханның басы жатыр дейді. Оны өлтірілгеннен кейін басын көрсету үшін осы Сарайшыққа алып келген. Енді бұдан басқа мұнда Жәнібек ханның баласы, Алтын Орданың тағы бір ханы Бердібек хан жатыр деген де дерек бар. Сонымен қатар Ақ Орданың ханы, қазақ хандарының атасы Барақ хан да осында жерленгендей. Мұнда жерленген жетінші хан, ол Қасым хан. Әнес Сарай бұл жерде Қасым ханның баласы Мамаш хан өлтірілген екен деп айтты. Бұл сегізінші хан. Сондықтан бұл деректер нақтыланып, дәлелдену үшін, зерттеу жұмыстары әлі де жүргізілуі керек. Мұнда тікелей Жошы ханның ұрпақтары, қазақхандығының аталары жатыр»[14],–деп ой түйіндейді.

Бүгінгі күні Сарайшық Жайық өзенінің сағасынан 60 шақырым жоғары, Жайық өзенінің оң жағалауы мен оның Сарайчинск сағасының арасында орналасқан. Қалашықтың жартысын Сарайшық ауылы басып жатыр. Жыл сайын Жайық өзені оң жағасын шайып, қала бөліктерін жарқабақтармен бірге суға алып кетуде. Сөйтіп, бір кездері Бақшасарай, Қазан, Қажы-Тархан (Астрахан) сияқты қалалармен тең тұрған аса үлкен қаланың жұрнағы қалды деп айтуға болады. Көне қала орнының жанынан 1999 жылы ел зиялыларының қолдауымен «Хан Ордасы –Сарайшық» мемориалдық кешені бой көтеріп, биіктігі 17 метр шамасында кесене тұрғызылған. 2018 жылғы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, бүгінде Сарайшық мемлекеттік мекеме саналады.

Демек, өз дәуірінде Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық бүгінде тәуелсіз Қазақ елінде көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Осы орайда, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев туған елдің қадір-қасиетін насихаттаудың маңыздылығын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл –рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз –ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» [15],-деген еді.

Осылайша ғасырлар көшінде сан сырлы сипатымен құбылған Сарайшық қаласы бірте-бірте тарихымыздың терең қойнауына еніп, құпиялы қазыналарын бүгінге дейін толық ашпай келеді. Халқымыздың ел болып ұйысуына дем берген, сол дәуірдегі болмысымыздың сан қырлы көріністерін бойына жиып, тұтастай төрт дәуірді басынан кешіп, тарихымызда өшпестей із қалдырған Сарайшықтың шежірелі шақтарын «ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету парыз»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. –Москва: Соч. 2 т. 1963. –С. 104.

2.Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселелері. Монографиялық зерттеу. – Павлодар: «Brand Print», 2010 –311 б.
3.Қазақстантарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (бес томдық) Т. 1. –Алматы: Атамұра. 2010. –541б.
4.К.Байпақов Қазақстанның ежелгі қалалары. –Алматы: «Аруна Ltd», 2005. –316 б.
5.Тасмағамбетов И. Самашев З. Сарайшық. –Алматы: ОФ «Берел», 2001. –320 б.
6.К.М.Байпаков, Д.А.Воякин Выдающиеся археологические памятники Казахстана . –Алматы: 2014. –504 с.,.
7.Мұстафин Ж. Сарайшық қаласыныңтарихы мен тағдыры. Тарих ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Автореферaты. Орал. 2004. –32 б.
8.Байпақов К.М., Танабаева С.И., Сдыков М.Н. Батыс Қазақстанның археологиялық қазыналары. –Алматы: Credo. 2001. –160 с.
9.ҒизатовЖ. Сарайшық-Астана қала–Ақтөбе: «А-Полиграпфия» ЖШС, 2004. -192 б.
10.Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата. 1951. –292 с.
11.ӨтениязовС. Сарайшық // Ана тілі, 2019. 6 маусым.
12.Мұқтар Ә.Диярова А. Сарайшық музей қорығы. Монография -Алматы: Арыс.2019.-192 б.
13.Мұқтар Ә. Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық // Егемен Қазақстан 2020. 5 мамыр.
14.Мұқтар Ә. Сарайшықта бар дейді, тоғыз ханның моласы: Сарайшық –қазақ хандарының аталары жатқан пантеон // Қазақ әдебиеті, 2018. 16 қараша.

САРАЙШЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕНІНІҢ ҚОРҒАЛУЫ МЕН НАСИХАТТАЛУЫ

Баданова Назира Амановна - Атырау облысы Жылыой ауданы Жаңа Қаратон кенті "№22 жалпы орта білім беретін мектеп"КММ
І санатты тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Аңдатпа: Сарайшық - Қазақстанның батыс өңіріндегі маңызды тарихи-мәдени мұра, ортағасырлық қалалық мәдениеттің көрнекті ескерткіші болып табылады. Сарайшық тарихи-мәдени кешенінің қазіргі жағдайы, оның қорғалуы мен насихатталуындағы негізгі мәселелер мен бағыттар қарастырылады. Сарайшық тарихи кешені ортағасырлық Ұлы Жібек жолының маңызды торабында орналасқан және оның тарихы XY-XYII ғасырларға тән. Қазіргі таңда кешеннің басты мәселесі-оның физикалық және экологиялық жағдайын сақтау болып табылады. Жергілікті климаттық ерекшеліктер мен табиғи құбылыстар кешенінің құрылымына кері әсерін тигізуде, сондықтан оны сақтау мен заманауи консервация әдістері мен технологияларын қолдану қажет. Кешеннің насихатталуы тұрғысынан, Сарайшықтың тарихи мәнін кеңінен түсіндіру және мәдениетімізді таныстыру үшін ақпараттық білім беру бағдарламалары көрмелер ұйымдастыру маңызды. Туризм мен мәдениет саласындағы мамандардың қатысуымен кешеннің шетелдік және ішкі туристер арасында танымалдылығын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру ұсынылады.

Аннотация:Сарайшық- является важным историко-культурным наследием Западного региона Казахстана, выдающимся памятником средневековой городской культуры. Рассматривается современное состояние историко-культурного комплекса Сарайшық, основные вопросы и направления его охраны и пропаганды. Исторический комплекс Сарайшық расположен на важном перекрестке великого средневекового Шелкового пути, и его история характерна для XY-XYII веков. В настоящее время главной проблемой комплекса является сохранение его физического и экологического состояния. Оказывает негативное

влияние на структуру комплекса локальных климатических особенностей и природных явлений, поэтому необходимо применять современные методы и технологии его сохранения и консервации. С точки зрения пропаганды комплекса, для широкого разъяснения исторического значения Сарайшыка и представления нашей культуры важно организовать информационные образовательные программы. Повышение популярности комплекса среди иностранных и внутренних туристов с участием специалистов в области туризма и культуры

Abstract: Sarayshyk is an important historical and cultural heritage of the western region of Kazakhstan, an outstanding monument of medieval urban culture. The current state of the sarayshyk historical and cultural complex, the main issues and directions of its protection and promotion are considered. The sarayshyk historical complex is located at an important junction of the medieval Great Silk Road and its history is typical for the XVI-XVIII centuries. Currently, the main problem of the complex is the preservation of its physical and environmental condition. Local climatic features and natural phenomena are negatively affecting the structure of the complex, therefore, it is necessary to preserve it and use modern conservation methods and technologies. From the point of view of the promotion of the complex, it is important to organize exhibitions of information and educational programs for a broad explanation of the historical essence of Saraishyk and the presentation of our culture. To increase the popularity of the complex among foreign and domestic tourists with the participation of specialists in the field of Tourism and culture.

Сарайшық

Авторы:Тарих пәні мұғалімі Шонгариев Марат Куандыкович

Тарихын ғасырлардың толғантқанын,
Зерттейтін, бағалайтын қолда бәрін.
Қалайша ұмытамыз Сарайшықты?
Еуропа, Азия арасында
Заманында Алтын көпір орнатқанын.
Ұлан қайыр Атырау даласында,
Айтайық Сарайшықтай қаласында
Күллі әлемге жайылған атақ даңқын,
Жинаған қазақ деген батыр халқын
Шалқыған Ақ Жайықтың жағасына.
Атырау аймағының мақтанышы,
Қараймыз Сарайшыққа ұлағатпен
Орта ғасыр кезінде өркендеген
Теңейміз Сарайшықты Отырармен,
Таразбен, Түркістанмен, Сығанақпен.
Сарайшықтан еседі қоңыр самал,
Естілгендей бабалардың лағыл үнін
Ұрпақтарға жалғасып жыр етейік
Қалдырған Інжу-Маржан тағылымын.

Сарайшық-Қазақстанның батыс өңіріндегі маңызды тарихи-мәдени мұра, ортағасырлық Ұлы Жібек жолының негізгі торабында орналасқан қала. Сарайшық қаласы XIII ғасырдан бастап Орта Азия мен Қазақстанның маңызды сауда оталығы болған. Қала XY-XYII ғасырларда гүлденіп, Қазақ хандығы мен көршілес мемлекеттер арасындағы сауда мен мәдениет алмасудың маңызды орталығы болды. Сарайшық ортағасырлық қалалық мәдениеттің маңызды ескеркіші болып табылады. Қала тұжырымдамасы мен археологиялық қазбалар арқылы оның архитектурасы, әлеуметтік -экономикалық жағдайы мен мәдени өмірі жөнінде мол мәліметтер алуға болады. Сарайшықтың тарихи мәні тек ұлттық емес, халықаралық деңгейде де танылады, себебі ол Ұлы Жібек жолының маңызды бөліктерінің бірі болған.

Сарайшық айбынды Алтын Орданың сауда орталығы болған, ғылым мен мәдениеттің ошағы, батыс өлкедегі исламның алғашқы діини орталығы болған әулиелі орын. XYI ғасырдың басында Қазақ хандығының астанасы болған. Бұл жерде Қасым хан және басқа да хандар, беделді тұлғалар, Мұхаммед Пайғамбарддың ұрпақтары деп саналатын сейидтер, шейхтер, молдалар, қажылар, хафиздер, суфийлер, дәуріштер өмір сүріп жерленген. Сарайшық пантеоны билеушілер мен атақты адамдарды жерлейтін орын болған. Сондықтан да қазақ халқының тағдырында маңызды орын алады.

Тарихшылырдың пікірінше, Сарайшық қазаққа жарты ғасыр яғни 50 жыл астана болды. Бұл хандықтың экономикалық, әлеуметтік кемеліне толысып, шаруашылығын дөңгелетіп, құлашын кеңге сермеуге зор мүмкіндік туғызды. Тарих парақтары жаугершілік заманға байланысты Сарайшықтың құлдырау кезеңдері болғанын көрсетеді. Аумалы-төкпелі кезеңде астана біресе Созаққа біресе батысқа кері қайтқаны тағы бар. Билік тізгінін Тәуекел хан қолына алған тұста қайта өрлеген Қазақ хандығында тұрақтылық орнап, қайта көркейгені жазылады. Десе де тоқыраудың торына түспей, қарқынды өркендеу үшін рухани серпіліс те керек болды. Сол үшін астана Сарайшықтан Түркістанға көшірілсе керек.

Сарайшық тарихи-мәдени кешенінің қорғалуы мен насихатталуы

Қорғау мәселелеріне келетін болсақ, кешенді қорғау басты міндет екені белгілі. Оның қорғауындағы негізгі мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

Экологиялық қауіптер: Табиғи факторлар, мысалы су деңгейінің өзгеруі және ауа-райының қолайсыз жағдайлары, археологиялық обьектілердің бүлінуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Кеңестік және посткеңестік кезеңдегі зиян: Қаланың кейбір бөліктері кеңестік кезеңде толық немесе жартылай жойылған. Бұл зиянды қалпына келтіру мен қорғау жұмыстарын қажет етеді.

Әлеуметтік факторлар: Жергілікті халықтың тарихи мұраға деген қарым-қатынасы мен қоршаған ортаның әсері де назарға алынуы керек. Қоғамдық білім беру мен насихаттау арқылы халықтың сана-сезімін көтеру маңызды.

Насихаттау және туризм: Сарайшықтың мәдени құндылығын насихаттау үшін бірнеше бағытты дамыту қажет. Атап айтқанда, білім беру бағдарламалары бойынша, мұражайлар, тарихи орталықтар мен оқу орындары арқылы жастар мен жалпы халыққа Сарайшықтың тарихи маңызы мен мәдениеті туралы ақпараттар беру. Бұл бағдарламалар экскурияләр, лекциялар, көрмелерді қамтуы мүмкін.

Туризмді дамыту бағыты: Сарайшықты туристік бағыт ретінде дамыту маңызды. Бұл үшін инфрақұрылымды жетілдіру, туристер үшін ақпараттық-анықтамалық материалдар дайындау, арнайы маршруттар мен экскурсиялар ұйымдастыру қажет. Ақпарат жағынан насихаттауға келсек, Медиа мен интернет арқылы веб-сайттар, арнайы басылымдарды қолдану тиімді болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, Сарайшық тарихи-мәдени кешені – Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Оның қорғалуы мен насихатталуы мемлекеттік және қоғамдық деңгейде белсенді шараларды талап етеді. Тарихи ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ету және оның құндылығын таныту мақсатында кешенді қорғау, консервациялау және насихаттау жұмыстарын кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Бұл жұмыс тек ғылыми-зерттеу, мәдениеттану және туризм саласындағы емес, барлық қоғамның күш-жігерін талап етеді.

Өз ұсынысымды айта кетсем:

Археологиялық зерттеулер мен консервация жұмыстарының сапасын арттыру;

Қоғамдық білім беру мен асихаттау бағдарламаларын дамыту;

Туризм инфрақұрылымын жетілдіру және халықаралық деңгейде танымалдылықты арттыру.

Осы ұсыныстардың жүзеге асырылуы Сарайшықтың тарихи-мәдени мұра ретінде сақталуын және оның мәдени құндылығын ұрпақтан-ұрпаққа сақталуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. К.М.Байпақов, Ж.Қ.Таймағамбетов "Қазақстанның археологиясы" Алматы. 2009

2.«Отан тарихы» журналы сайты https://otan.history.iie.kz
3.https://youtu.be/-8vtt4geYYU?si=ofZvl3nTfmThZgkd
4. https://el.kz/sarayshy-_-_babalar_m-rasy_40153/

САРАЙШЫҚТЫ ЗЕРТТЕГЕН ӨЛКЕТАНУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

А.Шеркешбаева -«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,экскурсия жетекшісі

Сарайшық қаласы – XIII-XVI ғасырларда Шығыс пен Батысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының үстінде орналасқан білім-ғылымы, қолөнері мен саудасы дамыған, Ұлысу деп аталатын ағысы қатты өзеннің оң жағалауында орналасқан өркениетті қалалардың бірі. Ортағасырлық Сарайшық тарихын зерттеген еңбек еткен өлкетанушылар М.Намазғалиев, Ж.Ғизатов, Т.Наурызәлі болып табылады.

Сарайшық музейінің негізін қалаушы, өлкетанушы Мұстажап Намазғалиев 1928 жылы Новобогат (қазіргі Исатай) ауданындағы Забурын ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1943 жылы екі айлық мұғалімдер курсын тәмамдап, еңбек жолын ауданда мұғалімдіктен бастайды. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтты бітіреді. М. Намазғалиев өлке тарихын оның ішінде Сарайшық қаласы жайлы қызығушылығын танытып, оның тарихы жайлы көбірек білуге әрекет етеді. Мысалы, «Мұражай – жазылмаған кітап» атты мақаласында тарихшы Сарайшық қаласы туралы ертеден естіп жүргендігі жайлы, бірақ қаланы тек қана 1961 жылы көргендігін баяндайды. Сол жылы Сарайшық мектебіне жұмысқа кіріскен күннен бастап көне Сарайшықты зерттеу ісімен айналасып, қала орнынан табылған «көненің көзі» деген нәрселердің барлығын тірнектеп жинай бастаған. «Сөйтіп мектептен музей бұрышын аштым. Экспонаттар жинақтала келе ол мектеп музейіне айналды», деп жазады.[1, 159]. Кейін, оқушылар арасынан 1964 жылы жас өлкетанушылар үйірмесін ұйымдастырады. Үйірмеде 2-3 жылдың ішінде біраз экспонат жиналды. Осы жылы М.Намазғалиев «Мектеп музейі» атты мақаласында мектепте құрылған өлкетану музейінің бөлімдері туралы былай дейді: «Мектептегі бұл музей бір бөлмеге орналасқан. Оның ішінде алты түрлі бағытта жинақталған экспонаттар бар». Ал сол бөлімдерге жеке-жеке тоқталсақ.

1. Археологиялық бөлім
2. Нумизматика бөлімі
3. Этнографиялық бөлім
4. Табиғи бөлім
5. Топономикалық бөлім
6. «Азамат соғысына» арналған [2].

Жыл сайын қор көбейе, тыңбай ізденістер мен еңбекқор ұстаздың еңбегінің нәтижесінде мектеп музейі облыстық музейдің филиалына айналды. Көп жылдар бойы жинақталған жәдігерлерді толықтырып, 1999 жылы Атырау облысы әкімі И.Тасмағамбетовтің қолдауымен 3 қыркүйекте көне Сарайшық қаласының тарихын, жалпы XI-XVI қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы-Сарайшық» музей-қорығы ашылды. Осы жылы музей-қорықтың ашылғанына 25 жыл толды. Өлкетанушының көне қалаға қатысты «Сарайшықтың сыры көп», «Өскен ауыл», «Тағы да көне Сарайшық жөнінде», «Көне Сарайшық жөнінде не білеміз?» атты мақалалары әр жылдары халықтың назарына ұсынылды.

Қазіргі уақытта «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жас маманы, ғылыми қызметкер – Мұстажап Айкөркем ата жолын қуып осы салада жұмыс атқаруда.

Өлке тарихын зерттеуге үлес қосқан өлкетанушылардың бірі – «Сарайшық» музей-қорығының ардагері – Жанұзақ Ғизатов.

Ол 1939 жылы 14 шілдеде Атырау облысы, Исатай ауданы, Зинеден (Забурын) ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Гурьев (Атырау) педагогикалық институтының физика-математика факультетін аяқтаған. Еңбек жолын Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Байқоңыр орта мектебінде мұғалім болып бастайды. Кейін өз өлкесіне оралып, Исатай ауданы Новобогат селосындағы кәсіптік-техникалық училищеде қызмет атқарады. Сол кездегі облыстық басқарма Ж.Ғизатовты бірнеше жыл жұмыс атқарған тәжірибелі маман ретінде 1971 жылы Сарайшық селосында орналасқан кәсіптік-техникалық училищеге ауыстырады. Сол білім мекемесі қабырғасында 30 жылға жуық әртүрлі лауазымда қызмет атқарды. Білім берудегі жаңашылдық, шәкірт жүрегіне жол таба білу, білім мен тәрбиені тиімді ұштастырудағы озық тәжірибелері үшін оған 1975 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы берілді.

Бүкіл өмірін ұстаздыққа арнаумен қатар, ел жұртшылығына қарымды қаламгер, өлкетанушы ретінде де танылды. Жанұзақ ағай ғылымға бетбұрыс жасап, 1999 жылы «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығына аға ғылыми қызметкер болып орналасып, музейдің ғылыми жұмыстарын жүргізді. 16 жыл ішінде музей жұмысының дамуына үлесін қосады. Сол кезеңде өлке тарихына қатысты түрлі дөңгелек үстел, тақырыптық конференциялар, қызықты кездесулер өткізді. Сарайшықтың тарихын көпшілікке насихаттау жөніндегі еңбектері: «Атырау өлкесі Алтын Ордаға дейін», «Ұлы Жібек жолы – дүниежүзілік өркениет жолы», «Бабамның жұрты – Ноғайлы», «Аңызға толы Сарайшық», «Сарайшықтың екінші өмірі, Алтын Орда хандары» көне қала туралы сыр шертеді.

Өлкетанушының қай еңбегін, мақаласын алсақ та бүгінгі жастарға арналып отыр. Оны Ж.Ғизатовтың «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» еңбегіндегі алғы сөзінен көруге болады: «Жастардың еліне, туған жері – Атамекеніне деген сүйіспеншілігін ояту, еліміздің кемел келешегіне сенімін қалыптыстырып, отаншылдық сезімін тәрбиелеу үшін олардың санасына ұлтымыздың тамырлы тарихы мен адамзат өркениетінде елеулі орны бар өнегелі мәдениетін сіңіруге көмектессек деген ағалық оймен бұл кішкене еңбек сіздерге арналады, XXI ғасыр жастары!»[3].

Мәуелі бәйтеректей ұрпағымен жайқалған Жанұзақ аға жұбайы Нағима апаймен 5 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда ұл-қыздарынан 9 немере, 4 жиен, 3 жиеншар сүйіп отыр. Ағайдың қолында Нұрлан деген баласы, Гулнафиз атты келіні бар.

Тарас Манапұлы Наурызәлі 1965 жылдың 2 қаңтарында Атырау облысы Исатай ауданының Тұщықұдық ауылында туған. Осы облыстың Махамбет ауданындағы Сарайшық орта мектебін 1982 жылы және Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетін 1992 жылы бітірген. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Алғаш еңбек жолын 1982 жылы Сарайшық орта мектебінде жылу жүйесінің операторы болып бастайды. 1983-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1984-1986 жылдары Гурьев мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында жылқы шаруашылығы секторының лаборанты, станциясының сауын кешенінде бұзау бақташысы, 1986-1995 жылдары Махамбет аудандық «Жайық

шұғыласы» газетінде әдеби қызметкер, тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, 1995-1999 жылдары облыстық «Атырау» газетінің Махамбет, Индер, Қызылқоға аудандары бойыншы меншікті тілшісі. 1999-2004 жылдары облыстық тәуелсіз «Ақ Жайық» газетінде аудармашы, тілші, 2004-2005 жылдары аймақтық «Сахара» газетінде әдеби қызметкер, шолушы болып жұмыс жасады. 2005-2012 жылдары тәуелсіз «Ақ Жайық» газетінде аудармашы, газетінің қазақ редакциясының редакторы болып қызмет етті.

Бүгінде жеке шығармашылық жұмыста. Т.Наурызәлі «Сарайшық саздары», «Алтын бесік – Сарайшық», «Ақберен», «Қалдырған ізің мәңгілік», «Құс жолы», «Анамның өмір белестері», «Ыстық ұя, ұмытылмас жылдар», «Даланың асыл дәнегі», «Ақ Жайықтың Айгүлі» атты кітаптардың авторы. Өлеңдері «Қазақ поэзиясының антологиясына» енді. Ақынның «Туған жер, табиғат дәптерінен: Сарайшық» атты өленінде көне қала турады былай:

Қауым ел қайда кешегі,
Астана жұртын құраған.
Қоп-қоңыр бір мұң еседі,
Томпайып жатқан обадан.
Басыңнан ұшты қанша бақ,
Куә ғой тарих дерегі.
Қайғыңды жатыр тұмшалап,
Жайықтың қара тереңі.
Нәр алып Жайық-Анадан,
Шаһар боп мұнда бекіп ең.
Құрлықты екі жалғаған,
Жібек жолының көпірі ең.
Жаранды уақыт байқатпай,
Обанды қанша күн сүйді.
Қасіретін бүгіп тіл қатпай,
Жер-бесік үнсіз мүлгиді.
Өзіңде жатыр бабаның,
Өкініш,арман,күйігі.
Осынау ұлы даланың,
Сарайшық сенсің биігі, деп жазылған [4, 8б].

Т.Наурызәлі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен және «Қазақстан Журналистер Одағына 50 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Отбасында зайыбы Нығметова Сәуле Қонайқызы екеуі Диас, Мирас есімді ұлдар тәрбиелеп, өсірді. Ұлы Диас пен келіні Әсемнен Мұса, Мариям, Шаттық атты немерелер сүйіп отыр.

Қорыта айтқанда туған өлкесінің игілігіне арнап, өзіндік іздерін қалдырған ата-ағаларымыздың өмір жолы әрбір азаматқа үлгі боларлық деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Намазғалиев. «Сарайшық туралы не білеміз?» / 1988 жыл 11 март;
2. М.Намазғалиев. «Ғасырлар сырын сақтаған», мақала // Жайық шұғыласы газеті, 1991 жыл, 31 қазан;
3. Жанұзақ Ғизатов. «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі», 2009 жыл.
4. Тарас Наурызәлі. «Сарайшық саздары», Атырау, 2004 жыл.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Әбжанов Х.
Ұлттық тарих және тарихи тұлға: методологиялық көзқарас..... 3
Кәрібаев Б.Б.
Алтын Орда тарихының алғашқы кезеңі: Египетпен саяси қарым-қатынастардың орнатылуы және оның себептері..... 9
Крупа Т.
Археологический текстиль из раскопок памятников Сарайшика: изучение и сохранение..... 16
Петров П.Н
Вопросы нумизматики Сарайчика и его округи (проблемы и перспективы)..... 23
Плахов В.В.
Баклага с мотивами исламского Райского сада из Сарайшыка..... 29
Кожа М.Б.
Сооружения Сарайчика периода Золотой Орды (по данным легенд, письменных и археологических источников)..... 36
Ускенбай К.
Сарайчик и Западный Казахстан в эпоху хана Барака..... 44
Атығаев Н.Ә.
Хақназар хан және оның батыстағы саясаты..... 53
Сабыр М.Б.
Алтын Орда тұсындағы хан жарлықтарының тілдік сипаты..... 59
Мұқтар Ә.Қ.
Ортағасырлық Сарайшық: қалыптасуы, дамуы және жойылуы (археологиялық деректер бойынша)..... 63

1, 2 СЕКЦИЯ. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТАРИХНАМАСЫ ПРИЗМАСЫНДА: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ ІЗБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖАҢА НӘТИЖЕЛЕРІ

Ахметова У.Т.
Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа зерттеулер («Сарайшық» музей-қорығының материалдары бойынша)..... 72
Ахмет А.Қ.
Жайық бойын отарлауға қарсылық: Махамбет пен Мұрат шығармаларында көрініс табуы..... 78
Сапанов С.Ж.
Торговля и культурные обмены на территории Казахстана в период позднего средневековье (XY-XYIII вв.)..... 84
Қуаныш С.О., Досетова А.А.
Каспий аймағы халықтарының түркілену процесінің ерте кезеңі..... 86
Касенов М.С.
Караван - сарай Таскешу периода Золотой Орды..... 90

Пушкарев А.А.
Магнитная разведка на поселениях золотоордынского времени в окрестностях средневекового города Сарайшык..... 98
Нығметов Б.С.
Жошы Ұлысы (Алтын Орда) Ұлы Дала тарихында..... 109
Доспанов О.Т.
Урбанизационные связи средневековых городов и поселении правобережья Амударьи (сведения к изучению городов Южного Приаралья)..... 113
Байбулсинова А.С.
Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихы және маңызы..... 123
Боранбаева Б.С.
Ұлы Жібек жолының Сарайшық қаласының дамуындағы алатын орны..... 130
Тұраруұлы А.
Сарайшықтағы №2 қазбада жүргізілген жұмыстар..... 136
Сеғуатов Д.
Экожүйенің Алтын Орданың дамуына ықпалы..... 144
Шығанбаева М.
Жошы ұлысының құрылу кезеңі, оның саяси жүйесі мен экономикалық жағдайы. Тарихи ізбасарларының рөлі..... 148
Ахтамгалиева Г.Х.
Ортағасырлық Сарайшық Тәуелсіз Қазақстан және шетел тарихнамасы призмасындағы зерттеулер..... 151
Асанова А.
Ж.Ж. Мұстафинның Сарайшық зерттеулері..... 156

3 СЕКЦИЯ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕНДЕР, ОЛАРДЫ САҚТАУ, ҚОРҒАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАНЫМАЛ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Исмағұлов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М.
Ақтөбе өңіріндегі туристік маңызды тарихи – ескерткіштер орындары..... 161
Мұстафин Ж.Ж.
Ислам діні және Сарайшық..... 168
Хамидуллина Д., Әлжанов Ғ., Куандыков Д., Насипулаев Е.
Заманауи этнодизайн негізінде ортағасырлық Сарайшық қаласының қолөнер бұйымдары мен мотивтерін жаңғырту..... 170
Молдашева С.Қ.
Көшпелі халықтардың қолөнер туындыларында зооморфтық сюжеттердің бейнеленуі..... 177
Куандыков Д.Т.
Атырау облысы Тарихи мәдени мұраны зерттеу орталығының Алтын Орда мұраларын зерттеулері..... 182
Диярова Ж.К.
Сарайшықтан табылған Хорезм типтес сырланған қыш бұйымдар өрнектері..... 187
Жумабаев А.Ж., Батырханова А.С.
Шетел музейлеріндегі алтынордалық жәдігерлер және Сарайшық..... 192

Сағынбаева О.Қ., Шауденова А.К.
Сарайшық музей қорындағы жәдігерлерді зерттеу жұмыстары..... 199
Байғалиев Ж.Р.
Ортағасырлық Сарайшық қаласы керамикасы: майшамдар..... 207
Мұстажап А.
Mustazhap Namazgaliyev – The researcher of ancient Saraishyq, local historian..... 213
Аманбаева Ж.К.
Ортағасырлық тарихи- мәдени кешендерді насихаттау: рухы мықты, жауапкершілігі жоғары, білімді ұлт тәрбиелеу кепілі..... 219
Ризduанова А.А.
Алтын орда мемлекетінде қолөнер мен сауданың дамуы..... 222
Асанова А.
Қазақ тарихындағы батырлар мәртебесі мен С.Датұлы көтерілісі (М.П.Вяткин зерттеулері бойынша)..... 226
Калиева Ш.А.
Сары айшықты Сарайшық: өткені мен келешегі..... 235
Ермекбаев Қ.Т.
Ұлы даланың шаһары Сарайшық..... 237
Баданова Н.А.
Сарайшық тарихи-мәдени кешенінің қорғалуы мен насихатталуы..... 243
Шеркешбаева Ә.
Сарайшықты зерттеген өлкетанушылар және олардың еңбектері..... 246

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ

«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МНИСТРЛІГІ

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

Жошы Ұлысының 800 жылдығына орай

САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӘЛЕМІ

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

СБОРНИК
МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«САРАЙШЫК И СРЕДНЕВЕКОВЫЙ МИР ЕВРАЗИИ» ПОСВЯЩЕННОЙ 800-ЛЕТИЮ УЛУСА ДЖУЧИ

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 30 б.т.
Таралымы 50 дана
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.
Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Батыров Ғалымжан
Түптеген: Жамбылов Маркс